

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Б.С.Мырзалиев
М.Ж.Дюсегалиев
Б.М.Дюсегалиева

Инновациялық экономика негіздері

Оқу құралы

Атырау, 2019

УДК 330(075.8)
ББК 65.01.873
М-94

Пікір жазғандар: **Толысбаев Б.С.** - экономика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті

Баймукашева М.К. - экономика ғылымдарының докторы, профессор, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті

Сабирова Р.К. – экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Мырзалиев Б.С. Дюсегалиев М.Ж. Дюсегалиева Б.М. Инновациялық экономика негіздері. Оқу құралы-Атырау, 2019. – 284 б.

ISBN 978-601-7876-65-4

Оқу құралы ел экономикасын индустриалды-инновациялық негізде дамыту жағдайында инновациялық қызметті жетілдірудің ғылыми және оқу-әдістемелік шешімдерін қалыптастыру мен тәжірибелік ұсыныстар жасауға бағытталған.

Оқу құралында инновациялық үрдістердің қалыптасуы мен дамуының ғылыми-теориялық негіздері жүйеге келтіріліп, инновациялық қызмет аясының негіздері айқындалып, экономиканың салаларын дамытудың тәсілдері мен үлгілері анықталды.

Сонымен қатар оқу құралында Қазақстан Республикасындағы инновациялық үрдістерге экономикалық талдау жасалынып, инновациялық қызметті қаржыландырудың ішкі және сыртқы көздерінің қалыптасу ерекшеліктерін есепке алатын инновациялық ортаның әдістемелік негіздері нақтыланып, аймақтың инвестициялық тартымдылығын бағалауға қажетті әдістемелік шешімдер ұсынылды.

Ұсынылып отырған оқу құралында жоғары оқу орындарында экономикалық білім алып жатқан студенттер, магистранттар мен докторанттар, сонымен қатар инновациялық қызметпен айналысатын мамандарға арналған.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Ғылыми Кеңесінде бекітілген (20.12.2019 ж. № 4 хаттама)

© Б.С Мырзалиев

© М.Ж Дюсегалиев

© Б.М. Дюсегалиева

© Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2019

КІРІСПЕ

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан мемлекеті бірқатар әлеуметтік-экономикалық табыстарға қол жеткізді. Минералды-шикізаттық ресурстар байлығы ұлттық экономикаға қайта құру кезеңінің дағдарысына төтеп беруге және экономикалық өсудің жоғарғы қарқынын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Бірақ қазіргі өсім сапасы қанағаттандырырлық емес, себебі ол жоғарғы технологиялар есебінен жүзеге асырылмай жатыр. Жағымды шикізатты экспорттау ондаған жыл сақтала бермейді.

Соңғы жылдардағы көрсеткіштер бойынша, Қазақстан технологиялық артта қалушылығын байқатуда, стратегиялық маңызы бар ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс нәтижелері және жалпы алғанда зияткерлік меншік елдің ұлттық байлығы ретінде тиімді қолданылмай жатыр.

Әлемдік экономиканың түрленуі және қазақстандық экономиканың ашық жағдайында отандық компаниялардың ел ішіндегі және шетелдегі тауарлар мен капитал нарықтарындағы бәсекелік күреске дайын еместігі анық байқалуда. Сондықтан Қазақстан Республикасының әрі қарай дамуында тек өндірістің тұрақтануы мен өсімі ғана емес, оның құрылымдық жағынан қайта құрылуы, отандық экономиканың ұдайы өндіріс үрдісін қайта құру мен оның бәсеке қабілеттілігін арттыру үлкен маңызға ие.

«Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020- 2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 846 қаулысы және «Қазақстан-2050» Стратегияларында өңдеуші және ғылыми сыйымды жоғары технологиялық индустрияға аса зор көңіл бөлініп жатыр. Елдің экономикалық тәуелсіздігі технологиялық даму деңгейінен ажыратылмай қарастырылады. Әлемдік экономикадағы мемлекеттің рөлі мен оның мәні, инновация мен өзгерістердің негізгі қозғаушы күші - жоғарғы технологиялармен қаншалықты қамтамасыз етілетіндігімен анықталады. Қазіргі заманғы техника өндіріс технологиясынан бөлек ажыратылып қарастырылмайды. Ол тек нақты технологиямен қатар қолданылады және сол арқылы көрініс табады, яғни технология ғылыми-техникалық прогресстің қозғаушы күші болып саналады.

Ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуде ерекше өнімнің ғылыми-техникалық жобалары, озық технологияларды басқарудың қазіргі заманғы жүйесін жасаумен шұғылданатын ғылыми-зерттеу, конструкторлық және жобалық ұйымдары ерекше рөл атқарады. Қазақстан табиғи ресурстарды ғана пайдалана отырып дамитын емес, сондай-ақ өзінің зияткерлік капиталын да пайдаланып даму мүмкіншілігі бар елге айналатыны белгілі болып отыр. Мұның өзі дүниежүзілік бәсеке ғылыми-техникалық жобалардың өте жедел жүзеге асуын талап етеді. Сыртқы әлемдік ортада үздіксіз жүріп жатқан өзгерістер дүниежүзілік экономикадағы біздің елімізде орнын белгілейді, сондықтан инновациялық қызмет өмір сүрудің және дамудың маңызды факторына айналуда. Осыған байланысты туындайтын аса маңызды жайт -

инновациялық қызметтің елдің экономикасының өсуін және экономиканың құрылымдық қайта құрылуын қамтамасыз ететін қуатты тұтқаға айналуы болып табылады.

Қазіргі таңда әлемдік экономиканың көшбасшыларына айналып, жоғары технологиялар саласы мен инновациялық жүйені дамытудың озық үлгісін көрсете білген бірқатар елдер бар. Бұл елдер шикізатты алу мен оны алғашқы өңдеу үрдісін қамтитын индустриалдануға дейінгі, сондай-ақ шикізатты толық өңдей отырып, одан дайын өнім жасауға дейінгі үрдістерді қамтитын индустриалды кезеңдердің барлығынан өтіп, енді жоғары технологиялар мен инновацияларға негізделген постиндустриалды экономиканы жасақтаумен, оның басым бағыттарын жетілдірумен айналысуда. Басқаша айтқанда, олар қосылған құн тізбегін толық қалыптастырып, ғылыми сыйымды, әрі инновациялық сипаты бар өнімдер мен қызметтерді нарыққа ұсынып келеді.

Міне мұның барлығы да отандық инновациялық инфрақұрылымды дамытудың тиімді тетіктерін қалыптастыруды қажет етеді. Өйткені, тек дамыған инновациялық инфрақұрылымы қалыптасқан ел ғана инновациялық ортаның толыққанды қатысушысы бола алады. Бұған қоса, инновациялық әлеуеті дамыған елдер болашақтың бағдарын елдегі табиғи ресурстарға қарап емес, адам капиталының, оның зияткерлік қуатының шамасына, инновациялық өнім, қызмет, сапалы жұмыс жасай алатын өнеркәсіптік, өндірістік инфрақұрылымның мүмкіндіктеріне, ғылыми-зерттеу, ғылыми-ізденушілік орталықтарының шамасына қарап айқындайды.

Бәсекелік ортада ұлттық экономиканың қуатты болуын қамтамасыз ету еліміздің негізгі ұстанымдарының біріне жатады. Ашық нарықтың басты талабының бірі әрбір тұтынушының нақты қажеттілігін қанағаттандыру деп білсек, онда осы талапқа сай экономика құрылымын жасақтау басты міндет болып қала бермек. Нарықтың үдемелі және өзгермелі сұранысын тез қанағаттандыру инновациялық әдістерді пайдаланумен ғана жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан да, ұлттық экономиканың жедел және тұрақты дамуы еліміздегі инновациялық орта мен инновациялық инфрақұрылымның нәтижелі жұмыс істеуіне тікелей тәуелді деуге толық негіз бар.

Индустриялық-инновациялық дамуды қалыптастыру аясында мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан саясаттың алғашқы нәтижелері де көрініс бере бастады. Мәселен, еліміздің индустриялық-инновациялық стратегиясының алғашқы кезеңі аяқталып, нәтижесінде даму институттары және инновациялық инфрақұрылым элементтері, яғни, инновациялық қызметті жүзеге асыруға қажетті алғышарттар қалыптасты.

Инновациялық инфрақұрылымды дамыту бағытында инновациялық әлеуеті мен өзіндік даму үлгісі қалыптасқан елдердің қолдануға тиімді тәжірибелері мен озық үлгілерін, олардың ғылыми сыйымды әрі жоғары технологиялы инновациялық өнімдерді шығарудағы жетістіктерін пайымдай отырып, еліміздің ұлттық инновациялық инфрақұрылымын дамытудың экономикалық механизміндегі негізгі тетіктер ретінде жағымды экономикалық ортаны қалыптастыру, инфрақұрылым шеңберіндегі элементтердің

белсенділігін арттыру, оларды мемлекеттің қоғамдық, өндірістік, әлеуметтік, ғылыми және басқа да істеріне тығыз араластыру, бір-бірімен өзара үйлесімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ғылыми-техникалық әлеуеттің мүмкіндіктерін пайдалану және оларды елдің барлық салаларында сынауға және қолданысқа енгізуге мүмкіндік жасау қажеттілігі туындайды.

Экономиканың жаңа, сапалы жағдайға көшуі барысында инновациялық мүмкіндіктері маңызды деңгейі көтерілді. Инновациялық экономиканы қайта ұйымдастыруға ғылыми сыйымдылықты өндірісті тек дамытуға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіштер экономикалық өсуді қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады.

Біздің еліміз үшін экономикада инновациялық процесті мүмкіндік қолдау бойынша дамыған елдердің тәжірибелерін шығармашылық түрде қолдану маңызды болып табылады. Ол инновациялық қызметтің отандық даму жүйесін іске асыруға мүмкіндік береді.

Инновациялық қызмет мәселелерін теориялық және тәжірибелік зерттеуге үлкен назар аудару, Қазақстан экономикасының әлемдік шаруашылыққа мәртебелі енуі бойынша маңызды жұмыстар атқарылу қажеттілігіне тікелей байланысты. Көптеген салалардың артта қалуы инновациялық сипаттағы кәсіпкерлік қызметтің артта қалып дамымауына байланысты болып табылады. Сонымен қатар осы инновациялық қызмет саласын дамытуда инвестициялық тарту маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Оқу құралының мақсаты – инновацияның және еліміздегі инновациялық үрдістердің қалыптасуы мен дамуын теориялық, тәжірибелік және аналитикалық тұрғыда талдау, сондай-ақ зерттеу нәтижелері негізінде нақты ғылыми негізделген ұсыныстар жасау.

Жоғарыда айтылғанның бәрі Қазақстан Республикасының инновациялық-инвестициялық мәселенің теориялық және практикалық мәнін, яғни бұл білім беру жүйесінде оның маңыздылығын анықтайды. Қазіргі таңда көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде инновациялық қызмет өнімін тиімді пайдалану маңызды болып табылады. Бұл жалпы елдің инновациялық мүмкіндіктердің дамуын қамтамасыз етеді.

1. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Инновацияның экономикалық мәні, түрлері, инфрақұрылымы

«Инновация» ұғымын экономикалық теорияға өткен ғасырдың 30-жылдарында И. Шумпетер енгізді. Қазіргі кезде көптеген әдебиеттерде инновацияға әртүрлі анықтамалар берілген:

- инновация дегеніміз - жаңаға идеяларды түрлендіруге байланысты қызмет түрі немесе нарыққа енгізілген жетілдірілген өнім;

- инновация - практикалық қызметте пайдаланылған жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесс;

- инновация - әлеуметтік қызметтерге жаңа тәсіл.

Жалпы алғанда инновация дегеніміз - әкелетін ғылыми-техникалық, ұйымдастырушылық, қаржылық және коммерциялық іс-шаралар кешенін болжайды.

Шет елдік зерттеушілер Э.Дж.Долан, Я.Корани, П.Хейне, П.Ф.Друкер, Н.Г.Менкью, Г.Хоскинг, Й.Шумпетер, В.Леонтьев және т.б. өндірістік сферадағы кәсіпкерліктің инновациялық сипатын бейнелейтін экономикалық қатынастардың қазіргі заманғы теориясын дамытты.

Алайда бұл ғалымдардың еңбектерінің басым бөлігі жалпы ғылымдық сипатта жазылған немесе мәселенің жеке тұстарын ғана шешуге арналған. Қазіргі уақытта инновациялық өнім ді тиімді жасап, ұтымды пайдалану қатынастарын сапалы түрде қарастырылмайынша елдегі аса маңызды әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу мүмкін еместігін түсіну енді жеткілікті емес. Ал бұл өзіне тән арнайы мамандырылған қызмет субъектілері, инфрақұрылым институттары, өзіндік нарықтық қатынастары бар елдің барлық инновациялық потенциалының дамуын талап етеді.

Индустриалды-инновациялық қызметтердің өндірістің тиімділігі мен өнімнің бәсеке қабілеттілігін арттырудың пәрменді тәсіліне айналуы инновация сферасындағы меншік қатынастарын жүзеге асыру, инновациялық үрдістерді мемлекеттік реттеуде жетілдіру мәселелерін үйрету маңызды мәселелердің қатарына жатады.

Инновациялық қызметтің дамуы ең алдымен, ғылыми-техникалық ақпараттанумен өзара байланысты, сондықтан кез – келген мекемеде , оқу орындарында ақпараттық-технологиялық орталықтар жұмыс істеуі керек. Инновациялық қызмет негізінде ғылыми-техникалық прогресс жатыр. Ғылым мен техника адам өмірінің дамуымен қатар жүреді. Елімізде осы мәселені өркендету мен дамыту барысында көптеген заңдық-құқықтық актілерге қол қойылды, алайда бұл қабылданған құжаттар оны жүзеге асыру және орындау талаптарымен үндеспей жатыр, осы олқылықтың орнын толтыру шарт. Ол үшін жаңа инновациялық технология осы саясатты әрі қарай дамыту мақсатында жүзеге асырылуы тиіс.

Қазіргі таңда кез-келген бір кәсіпорынның немесе фирманың инновацияға деген көзқарасы өте маңызды болып табылады. Сондықтан да нарықтық

экономика жағдайындағы бәсекелестік көптеген жағдайда инновациялық қызметтерді талап етеді. Жалпы инновациялық қызмет ролінің маңыздылығын талдау мақсатында инвестицияның берген анықтамасы мен оның механизмін зерттеу болып табылады. Мұның ішінде келесі талдау бағыттары қарастырылады:

- мәселелердің негізделген құрылымдық идеясын талдау;
- ұйымның рационалды құрылымын талдау;
- ұйым басшысының инновациялық жоба басшылығын, олардың командаларының кәсіби шеберлігін талдау;
- ұйымның ақпараттық қамтамасыз сапасын талдау;
- ғылыми тұрғыда келу және қазіргі менеджмент әдістерін жобалауда қолданылатын сәйкестікті талдау;
- ұйымның бәсекелестік мүмкіндігін қолдануды талдау;
- инновация және жаңалық портфелі құрылымын талдау (сатып алынатын жаңалық, ұйымға ендіруге арналған жаңалық, жинақтауға арналған жаңалық, жеке жасалған жаңалық, сатуға арналған жаңалық);
- жоба экспертизасының сапасын талдау;
- ұйымның инновациялық қызмет тиімділігінің есеп көрсеткішінің сапасын талдау;
- инновациялық қызметтің ынталандыру жүйесін талдау;

Ұйымның инновациялық қызмет тиімділігін, ролін талдауды келесі принциптерді сақтай отырып іс-жүзіне асыру керек:

- диалектика (жүйелікпен келу, динамикалықпен келу). Қажеттілік және кездейсоқтық ашу принципі, бірлік және қарама-қарсылықты күрес принципі, өту принципі, жоқты жоққа шығару принципі;
- талдау мен жинақтау бірлігі;
- ранжирлеу;
- баламалы нұсқаулардың сәйкестігін қамтамасыз ету;
- оперативтілік;
- сандық анықтамалылығы және т.б.

Талдау әдістері: салыстыру, балансты, индексті, факторлық және т.б.

Инновация бұл – экономикалық категория. Категория бойынша инновация жаңа енгізудің жалпы және маңызды қасиеттерін, себептерін, қатынасын көрсетеді. Категорияның маңызы оның функцияларында көрінеді. Экономикалық категорияның функциясы оның ішкі құбылысын нақты түрде енгізеді. Инновацияның функциялары оның экономикалық жүйедегі көрінісін және де шаруашылық үрдісіндегі ролін көрсетеді.

Инновация жаңа өнім немесе операцияға (технология, үрдіс) салынған капиталдың пайда болған нарық көрсеткіші болып табылады. Сатуға дайын инновацияны іске қосарда, «ақша-инновация» айырбасы жүзеге асырылады. Осындай айырбастың нәтижесінде кәсіпкермен алынған ақша мүліктері, біріншіден, инновацияны құру және сату шығынын жабады; екіншіден, инновацияны жүзеге асырудың нәтижесінде пайда түседі; үшіншіден, жаңа инновацияларды құруға үлкен бір ынта (стимул) береді; төртіншіден, жаңа

инновациялық үрдістің қаржыландыру қайнар көзі болып табылады. Осыларды қарастыра отырып, инновацияның үш функциясын көрсетуге болады:

- өндірістік;
- инвестициялық;
- ынталандырушы;

Өндірістік функция мынаны білдіреді: яғни, инновация кең өрістің маңызды қайнар көзі болып табылатынын көрсетеді.

Нарықта сатылған инновациялардан түсетін ақшалай түсім қаржылық ресурстардың қайнар көзі және де инновациялық үрдістің эффектілік мөлшеріндегі қызметін жасайтын қызметкерлік пайданы құрайды. Қызметкерлік пайда сауда-өндірістік, инвестициялық, инновациялық және қаржылық істердің көлемін кеңейтуге бағытталуы мүмкін. Пайданың қолдану бағыттары «Шаруашылық субъект ақша ағымының жоспарында» көрсетіледі. Осылайша, инновациядан пайда көру және оны қаржылық ресурстардың қайнар көзі ретінде қолдану өндірістік функцияның инновациясын құрайды.

Инновацияны өткізу нәтижесінде түскен пайда әрбір бағытта қолдануы мүмкін, соның ішінде капиталдың қызметінде. Капитал пайда көру үшін жұмылдырылған қаржы алынатын ақша түрінде болуы керек. Бұл капитал бүкіл инвестициялардың қаржыландыруы немесе белгілі бір инновацияның жаңа түрлері үшін қолданылатын инновация пайдасы инновацияның инвестициялық қызметін құрайды.

Инновацияны енгізу нәтижесінде кәсіпкердің алатын пайдасы кез-келген коммерциялық шаруашылық субъект мақсатының қызметіне тікелей сәйкес келеді. Бұл құбылыс кәсіпкердің жаңа инновацияларға ынталандырма ретінде қызмет атқарады; әрқашанда оған сұранысты үйренуге, маркетингтік істерді жүргізуді ынталандыруға, қаржылық басқарудың жаңа қасиеттерін қолдануға (реинжиниринг, брэнд-стратегия, бенчмаркинг және т.б.) қызуғышылық тудырады.

Кәсіпкерліктің инновациялық қызметі – бұл жаңа немесе өнімнің жақсаруы, не қызмет көрсетуі, оларды өндірудің жаңа әдістерін қолдану мақсатындағы ғылыми-техникалық және зияткерлік әлеуеттік шаралар жүйесі. Бұл жеке сұранысты, сонымен қатар жалпы пайдалы жаңалықтарға қоғамның мұқтажын қанағаттандыруы үшін пайдаланылады. Инновацияның екі түрпаты ажыратылады: өнімділік және үрдістік.

Жаңа өнімді өндіріске енгізу инновацияның түбегейлі өнімділігі ретінде анықталады. Мұндай жаңалықтар негізінде жаңа технологияға негізделеді, не тіршілікте қолданылып жүрген технологияның жаңа түрінде пайдалануын ұштастырады.

Үдерістік инновация – бұл жаңалықты енгізу немесе өндіріс тәсілін және технологияны едәуір жетілдіру, жабдықтарды және өндірісті ұйымдастыруды өзгерту. Жаңалық дәрежедегі инновация негізінде жаңа, яғни өткен, отандық және шетелдік тәжірибеде ұқсастығы жоқ және жаңа нәрсенің салыстырмалы жаңалығы болып ұсақталады. Негізінде өнімнің жаңа түрлері, технологиясы және қызмет көрсетуі басымдық, абсолюттік жаңалықтарға ие болады және

үлгінің түп нұсқасы болып табылады. Инновацияның өмірлік кезеңі өзара байланысты процестердің және жаңалықтарды енгізу сатысының жиынтығын көрсетеді. Инновацияның өмірлік кезеңі уақыт аралығы ретінде идеяның дүниеге келуінен өндірістік өткізуден алып тастағанға дейінгі инновациялық өнімнің негізінде анықталады.

Кәсіпкерліктің инновациялық қызметін әзірлеуде, енгізуде, жаңалықтарды пайдалануда қосылатындары:

- жаңалық идеяны әзірлеу, зертханалық ғылыми жұмыстар, өнімнің жаңа зертханалық үлгілерін, техниканың жаңа түрлерін, жаңа конструкцияны және бұйымдарды дайындауда ғылыми-зерттеу және конструкциялық жұмыстарды жүргізу;

- өнімнің жаңа түрлерін дайындау үшін шикізаттар мен материалдардың қажетті түрлерін таңдап алу;

- жаңа өнімді дайындауда технологиялық процесті әзірлеу;

- қажетті өнімдерді дайындау үшін жобалау, жасау, сынақтан өткізу және жаңа техниканың үлгілерін енгізу;

- жаңалықтарды іс жүзіне асыруға бағытталған ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерді әзірлеу және енгізу;

- қажетті ақпараттық ресурстарды және инновацияны ақпаратпен қамтамасыз етуді зерттеу және әзірлеу;

- қажетті ғылыми – зерттеу және конструкторлық жұмыстарды жүргізу үшін дайындау, оқыту, жаңа мамандық беру және қызметкерлерді арнайы әдіспен іріктеу;

- лицензиялау, патенттеу, ноу-хау жұмыстарын жүргізу немесе қажетті құжаттарды алу;

- инновацияны жетілдіруді ұйымдастыру және маркетингтік зерттеулерді жүргізу .

Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық потенциалының орнын, рөлін, қызметін ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан талдау инновациялық қызметтің сан қырлы мәселелерін зерттеудің танымдық маңызын арттырып қана қоймайды, сондай-ақ дәстүрлі салалық талдауды жалпыұлттық және аймақтық тұрғыдан толықтыра түседі.

Шағын инновациялық бизнес мәселелері жақсы зерттелген шет елдерде оны қолдаудың бірқатар тиімді бағдарламалары бар. Алайда шетелдік тәжірибені қазақстандық болмысқа дәлме-дәл тікелей көшіру мүмкін емес және ол шет елдегідей тез және оң нәтиже бере алмайды. Осы мақсатта экономикалық құралдарды отандық жағдайға бейімдеу үшін өтпелі ғылыми-зерттеу жүйесінің қалыптасу кезеңінде шағын инновациялық кәсіпкерліктің айрықша секторын жан-жақты зерттеу қажет.

Экономикалық әдебиеттерде инновацияның көптеген түрлерінен технологиялық және технологиялық емес инновацияларға айрықша көңіл бөлінеді. Әлеуметтік жаңалықтар, басқару формалары мен әдістерінде болатын өзгерістер мен тағы басқаларды техникалық емес инновацияға жатқызамыз. Ал

технологиялық инновация - жаңа немесе жақсартылған тауарлар мен техникалық процестерді әзірлеу мен енгізу болып табылады.

Инновацияны жаңалықтардан айыра білу тиіс, өйткені бұл екеуі мүлдем әртүрлі ұғым. Жаңалық - бұл тек идея немесе жаңа технологиялық процесс пен жаңа өнімнің жобасы. Алайда ол нарыққа жетпегенше инновация болмайды. Нарықтық экономикада ғылыми зерттеулердің тек 6-8%-ы жаңа тауарға немесе процеске айналады.

Ч.Фридменнің жіктеуінше, технологиялық инновациялар өнімдік және процестік инновацияларға айналуы мүмкін. Өнімдік инновация дегеніміз- жаңа материалдар мен жартылай фабрикаттарды пайдалана отырып, жаңа өнім алу немесе технологиялық жаңа және технологиялық жетілдірілген өнімдерді әзірлеу және енгізу болып табылады. Ал процестік инновацияға технологиялық жаңа немесе өнімдерді табыстау әдістерін қоса технологиялық едәуір жетілдірілген өндірістік әдістерді әзірлеу және енгізу кіреді. Мұндай инновациялар жаңа өндірістік жабдықты, өндірістік процесті ұйымдастырудың жаңа әдістерін немесе олардың жиынтықтарын пайдалануда, сондай-ақ зерттеулер мен әзірлемелер нәтижелерін пайдалануда негізделуі мүмкін. Әдетте мұндай инновациялар өндірістің тиімділігін арттыруға немесе кәсіпорындарда бар өнімдерді табыстауға бағытталған, бірақ сондай-ақ кәдімгі өндірістік тәсілдерді пайдалана отырып өндіруге немесе жеткізуге келмейтін технологиялық жаңа немесе жетілдірілген өнімдерді өндіруге немесе жеткізуге арналуы мүмкін. Өнеркәсіпте технологиялық инновацияға мынадай өзгерістер жатпайды: өнімдердегі (түсінде, сәнінде және т.б.) эстетикалық өзгерістер; оның конструкциялық орындалуын өзгеріссіз қалдыратын, осы немесе басқа өнімнің параметріне, құрамына, құнына жеткілікті елеулі әсер етпейтін елеусіз техникалық немесе өнімнің сыртқы өзгерісі, сондай-ақ оған енетін материалдар мен компоненттер.

Сонымен қатар инновациялар өнімнің маңыздылығы мен қызмет ету сфераларына байланысты: салааралық, салаішілік, кәсіпорын ішіндегі инновация деп бөлінеді.

Салааралық ішіндегі инновация- екі немесе одан да көп сала арасындағы байланыстың нәтижесінен пайда болған инновация. Салаішілік инновация- белгілі бір сала ішінде ашылған жаңалық. Кәсіпорын ішіндегі инновация- кәсіпорын ішіндегі инновациялық жаңалық, яғни кәсіпорын жұмысының сапасына тиімді әсер ететін фактор.

Атақты экономист Г.Менш инновациялардың 4 категориясын көрсетеді:

1) Базистік инновациялар. Мұндай инновациялар көмегімен нарыққа бұрын болмаған жаңа тауарлар, қызметтер, машиналар, технологиялар келеді. Олар күрделі ғылыми зерттеулерді және аса ірі сомадағы капитал салымдарын қажет етеді.

2) Жақсартылған инновациялар. Мұндай инновациялар нарықта бір тауарлар мен қызметтердің белгілі бір қасиеттерін немесе параметрлерін жетілдіруге бағытталған.

3) Кешенді инновациялар. Мұндай инновациялар әлемдік тәжірибеден өткен және екі немесе одан да көп саланың жиынтығынан немесе бірлесуінен қалыптасатын өнімдер мен қызметтерден құралады.

4) Радикалды инновация. Мұндай инновациялар қоғамда жаңа салалардың немесе ғылыми бағыттардың қалыптасуына алып келеді.

Инновацияның дамуына қозғаушы күш нарықтық бәсекелестік болып табылады. Бұл жердегі инновациялық өнім дегеніміз-түрлі дәрежеде технологиялық өзгерістерге ұшыраған өнім. Ол мына бұйымдарды қамтиды:

- 1) жаңа (қайта енгізілген)- радикалдық өнімдік инновация;
- 2) жетілдірілген бұйымдар;
- 3) жаңа немесе өндірістің елеулі жетілдірілген әдістерінде құрылған бұйымдар- өзге де инновациялық өнімдер.

Инновацияны зерттеушілер жаңа өнімнің «өмірге келу» процесін 7 элементке жіктеп көрсетеді:

1. Инновациялық идеяның тууы.
2. Жаңа өнімді шығару.
3. Өнімді өткізу нарығын анықтау.
4. Сұранысты анықтау.
5. Өнімді жарнамалау.
6. Сату процесін ұйымдастыру.
7. Өнімді өткізу.

Сонымен қатар, инновациялық өнімді нарықтық жағдайда өткізу көлемін арттыру, оған деген сұранысты жоғарылату мақсатында тауарлардың бағасын төмендету, тұтынушыларға қосымша сыйлықтар ұсыну сияқты жанама тәсілдерді қолданылады. Белгілі бір мерзімді аяқтап, өзін-өзі өтеген инновациялық өнім ескіріп кетпеу үшін оны келесі нарыққа немесе аймаққа ауыстыру қажеттілігі туындайды.

Инновацияның құрылымы келесідей: технопарктер, технологиялық инкубаторлар және инновациялық орталықтар.

Технопарктер дегеніміз – ғылымды, білімді және өндірісті территориялық жағынан біріктірудің капиталистік елдердегі жаңа, бірақ қазірдің өзінде кеңінен таралған тиімді нысаны, ол ғылыми-техникалық талдамалардың және жаңа технологияның өндірісіне жедел енгізілуіне септігін тигізеді. Жақсы жарақтандырылған ақпараттық-эксперименттік базасы құрылған және білікті кадрлар жоғары дәрежеде шоғырланған жағдайда жұмыс істейтін ғылыми, конструкторлық және өндірістік бөлімшелердің бірлестігі болып табылады.

Технологиялық инкубатор - ғылыми ұйымдардың, инновациялық кәсіпорындардың, жоғары оқу орындары және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуетін бір ортаға біріктіруге мүмкіндік береді.

Инновациялық орталық-конструкторлық – технологиялық жаңалықтарды жетілдіру мен өндірістерді дайындауға, бәсекеге қабілетті ғылымды қажетсінетін өнімдерді және жоғары технологияларды әзірлеу кезінде инновациялық кәсіпорындарды өндірістік- технологиялық қолдауға және бұл құрылымдардың ғылыми- техникалық әзірленімдерді және маркетингті,

жарнамалық және көрме қызметін, патенттік-лицензиялық жұмысты және интеллектуалдық меншікті қорғауды қоса алғанда, жергілікті және шетелдік нарықтарға ғылымды қажетсінетін өнімдерді жылжыту үшін құрылған инфрақұрылымдар .

Сонымен инновация – инновациялық үрдістерді ғана емес, тауарларды өткізу нарықтарын маркетингтік зерттеу, сонымен қатар ақпараттық, консалтингтік, әлеуметтік және басқа қызметтерге деген жаңа зерттеудің нәтижелерін енгізетін техникалық, технологиялық және ұйымдық жаңалықтарды құрастыру мен тәжірибелік меңгеру сферасы.

Инновациялар бірігіп инновациялық жүйені құрайды. Инновациялық жүйе әр алуан қатынастардың - фирмалардың, жаңа білім жасаушылардың технологиялық және аналитикалық орталықтардың кешенді үлгісі.

Осы орайда зерттеудің негізін қалаушы ретінде өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңында жаңа заманға сай білімдерді жасауға, сақтауға, таратуға, оларды халық тұтынатын жаңа технологияларға, өнімдерге, қызметтерге түрлендіруге қатысушы экономикалық субъектілер мен қоғамдық ұйымдардың күрделі жүйесі ретінде инновациялық жүйе ұғымын енгізуші ретінде К.Фридменды айтуға болады. Лундвал мен Нельсонның классикалық анықтамаларына сәйкес инновациялар дегеніміз - бір-бірімен көптеген күрделі байланыстар арқылы біріккен жүйе болып табылады.

Инновациялық қызметті басқару жүйелерін, тиімді құрылымдар мен институционалдық формаларды әзірлеу мен дамыту, оларды мемлекеттік қолдау Қазақстанның әлемдік нарыққа өту, ғылымды қажетсінетін тауарларды өндіру мен өткізудің негізгі шарты болып табылады. Алайда Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жырдарға арналған стратегиясында қазіргі кезде инновациялық инфрақұрылым субъектілері қажетті деңгейде жұмыстарын атқармайтыны және Ұлттық инновациялық жүйенің (ҰИЖ) қатысушылары үшін керекті қызметті көрсетпейтініне баса назар аударылып отыр.

Бұл жерде ең негізгі кемшілік - инновациялық инфрақұрылымда жүйеліліктің және негізгі элементтерінің құрылымдығының болмауы.

Отандық ғылымда инновациялық инфрақұрылымның экономиканың дамуына әсер ету деңгейін зерттеу жөніндегі материалдар тапшы. Негізінен көптеген зерттеушілер келесі жағдайларды тісіндіре алмайды: ҰИЖ-нің құрылуына және тұрақтануына қандай факторлар жағымды әсер етеді, ал қандайлары жағымсыз әсер етеді. Қазақстан Республикасының 2006 жылдың 23 наурызындағы №135-ІІІ-ҚРЗ «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңының 15 бабына сәйкес «инновациялық инфрақұрылым» дегеніміз - Қазақстан Республикасының инновациялық қызметінің маманданған субъектілерінің өзара іс-әрекет жүйесі. «Инфрақұрылым» ұғымын (латынның *infra* - асты, *structura* – құрылым) ғалымдар өткен ғасырдың 40-шы жылдарында қолданыла бастады, яғни ол нарық субъектілерінің тиімді жұмыс жасауына қолайлы орта

туғызу дегенді білдіреді. Заңда көрсетілгендей, инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілері-технологиялық бизнес-инкубатор, технологиялық парк, инновациялық қор.

Инновациялық жүйені қалыптастырудың бастапқы сатысында инновациялық кәсіпкерлікті дамытуда мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі елімізде технологиялық бизнес-инкубаторлар жүйесін құру болып табылады. Технологиялық бизнес-инкубатор өз бетінше дербес бірлік ретінде, сондай-ақ технопарктің бөлігі ретінде жұмыс істей алады. Яғни технологиялық бизнес-инкубатор дегеніміз - инновацияларды құру, қорғау құжаттарын алуға өтініштерді рәсімдеу және инновациялық жобаны дайындау үшін жеке және заңды тұлғаларға ұйымдық-құқықтық ақпараттың және өзге де қызметтерді ұсынуды жүзеге асыратын заңды тұлға.

Инновациялық қор – инновациялық жобалар мен инфрақұрылымдарды және инновацияның қызмет көрсету сферасында қаржыландыру арқылы инновациялық қызметтің дамуына көмектесетін заңды тұлға.

Құқықтық құжаттарда инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілеріне мынадай анықтамалар берілген:

Технопарк дегеніміз - негізгі қызметі инновациялық жобаларды іске асыру үшін қажетті жұмыстар мен қызметтерді ұсыну болып табылатын біртұтас материалдық –техникалық кешенге меншік құқығы бар заңды тұлға. Технопарктер әлемдік тәжірибеге сәйкес 3 түрге бөлінеді: 1) американдық; 2) жапондық ; 3) аралас.

Технополис - бұл қаланың немесе аймақтың өмірін қамтамасыз ететін технопарктер, инкубаторлар және құрылымдар кешені. Яғни, басқаша айтқанда, технополис жекелеген аймақ немесе қала негізінде құрылған және сол аймақтың өмірлік қызметін қамтамасыз ететін дамыған инфрақұрылымы бар ғылыми өндірістік кешенді білдіреді.

Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық стратегиясында мамандандырылған субъектілердің өзгеше тізімі берілген:

- ұлттық технологиялық парктер;
- аймақтық технологиялық парктер;
- технологиялық бизнес-инкубаторлар;
- ғылыми қалашықтар.

Инновациялық инфрақұрылым 8 элементтен тұрады. Олардың ең маңыздысы қаржы инфрақұрылымы болып табылады. Өз алдына қаржы инфрақұрылымы келесі элементтерден тұрады:

- мемлекеттік даму институттары;
- венчурлық қорлар;
- кәсіпорындар;
- жеке кәсіпкерлер;
- екінші деңгейдегі банктер.

Инновациялық инфрақұрылым элементтері:

- өндірістік инфрақұрылым;
- қаржы инфрақұрылымы;

- консалтингтік инфрақұрылым;
- ақпараттық инфрақұрылым;
- өткізу инфрақұрылымы;
- технологиялық инфрақұрылым;
- мамандар даярлау инфрақұрылымы;
- ғылыми-зерттеу инфрақұрылымы.

Технологиялар трансферті орталығының негізгі міндеті - ғылыми-техникалық нәтижелерді тездету, шағын инновациялық кәсіпорындарды құруға көмектесу.

Технологиялар трансферті орталығына Республикадағы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл Ауқат Қоры негізінде құрылған «Инжиниринг және технологиялар трансферті» акционерлік қоғамының қызметі мысал бола алады. Оның мақсаты- Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызмет пен белсенділікті арттыру. Ол Қазақстан Республикасының экономикасының 23 саласын қамтиды. Олардың ішінде:

- 1) ақпараттық технологиялар (ICT);
- 2) өмір туралы ғылымдардың технологиясы (Life Sciences Technology);
- 3) нанотехнологиялар мен жаңа материалдар;
- 4) көмірсутек саласының технологиялары;
- 5) энергияның жаңартылған жолдарының технологиясы.

Қазіргі кезеңде әлемдік экономикалық жүйенің қарқынды дамуы ғылымды қажетсінетін өнімдер мен оны өндіретін технологияларды тиімді құру және пайдалануға байланысты. Ол үшін негізделген ғылыми-зерттеулер жүргізу қажет және олардың нәтижелерін шұғыл түрде өндіріске енгізу үлкен жетістік. Сонымен, ғылымда жаңа технологиялық бағыттар пайда болады. Осылардың бәрін дұрыс бағытқа салу, тиімді пайдаланып нақтылы нәтижеге жету үшін арнайы инфрақұрылым қажет.

Әдетте инновациялық инфрақұрылымның мынадай жүйелік буындарын бөліп көрсетуге болады:

- технологиялық: технопарктер, инновациялы-технологиялық орталықтар, бизнес-инкубаторлар және т.б.;
- қаржылық: қорлардың әртүрлі типтері-бюджеттік, венчурлік, камсыздандыру, инвестициялық;
- ақпараттық: орталық-талдау, статистикалық, ақпараттық және т.б.;
- кадрлық: дайындау, қайта дайындау, оқу мекемелері (әсіресе инновациялық менеджмент саласынан), технологиялық аудит, маркетинг және т.б.

Бәсекеге қабілеттілік мәселелерін шешу үшін Қазақстанда көп деңгейлі инновациялық инфрақұрылымның қалыптасуы қарастырылған. Оған мыналар жатады:

- білім-инновациялық кешендер – жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми орталықтар, оқытатын компаниялар. Бұлардың бәрі білікті кадрлар дайындау мен жаңа ой-пікірлер ұсынады;

- бизнес-технологиялық кешендер – жаңа ғылыми пікірлерді өндіріске енгізу мен жаңа тауарларды әзірлеумен айналысады;

- қолдаушы кешендер.

Инновациялық қызметті қолдау және қаржыландыру, маркетинг, көрме жұмыстары, интеллектуалды меншіктерді қорғау мәселелерімен шұғылданатын құрылымдар кіреді.

Инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру үшін жоғарыда келтірілген жағдайлар міндетті түрде қажет. Олардың барлығының жиынтығы аймақтық инновация жүйесін құрайды.

Инновациялық үрдістерге мынадай ерекшеліктер тән:

- әрденгейдегі қатысушылардың болуы;

- қатысушылардың қызығушылықтарының жүйелілігі және келісімділігі;

- шығындар мен нәтиже арасында уақыттық, кеңістік, құндылық бөлшек болуы;

- болжамдық сипат;

- экономикалық және әлеуметтік мән.

Инновациялық үрдістерде қатысушылар ретінде макро-, мезо- және микродеңгейлерде әртүрлі экономикалық субъектілер бар: мемлекет; корпоративтік құрылымдар; кәсіпорындар; академиялық; салалық; ғылыми зерттеу орындары.

Инновациялық инфрақұрылымның субъектілерінің жұмысы бас кезінде инновациялық кәсіпорындардың қызметіне тиісті жағдай жасау, жоғары технологиялар және оларды өндіріс аясында іс жүзінде пайдалану.

Қазақстан республикасының экономикасына байланысты технопарктердің үш үлгісін пайдалану орынды: ұлттық технопарктер; аймақтық инновациялық орталықтар; жоғары технологиялық аумақтар.

Ұлттық технопарктер республикалық бюджеттің қаржысына құрылады. Олардың ерекшеліктері болып мыналар саналады:

- ғылыми–зерттеу мекеменің негізінде белгілі мамандандыруды құру;

- нақтылы ғылыми бағыттарды дамыту;

- отандық ғылыми жетістіктерді пайдалану;

- жаңадан өндірілген өнімдердің күрделі дәрежелігі.

Ұлттық технопарктерді құру мақсаты отандық ғылыми–техникалық әуелетті толық пайдаланып өз аясына тарту.

Аймақтық инновациялық орталықтардың инфрақұрылымның элементі ретінде ерекшеліктері төмендегідей:

- бір инновациялық орталықтың шеңберінде әртүрлі ғылыми бағыттарды дамыту;

- орталықтарды жеке аймақтық ғылыми–зерттеу кешенінің негізінде құру;

- қызмет нысанасы жеке аймақтық ресурстары мен қажеттілігіне сүйенеді.

Қазақстанда жоғары технологиялық аумақтарды құрудың алдыңғы себептері:

- ұтымды географиялық орналасуы;
- өндірістік инфрақұрылымының жеткілікті деңгейде дамуы;
- бай минералдық ресурстардың барлығы;
- экономикалық және саясаттық тұрақтылық.

Ұлттық инновациялық жүйенің дамуы барлық компоненттердің болғанын қажет етеді.

Инновациялық жүйеге бірнеше инфрақұрылымдар кіреді:

- мемлекеттік ғылыми ұйымдар – ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары, жобалау институттары;
- ұлттық компаниялар, күрделі кәсіпорындар жанындағы ғылыми ұйымдар;
- меншік ғылыми-зерттеу және жобалау институттары;
- ғылыми зерттеулермен айналысатын шағын және орта кәсіпкерлік;
- ғылыми кадрлар және жеке өнертапқыштар;
- материалдық-техникалық база.

Тиімді инновациялық жұмыстың мүмкіндіктеріне мынадай функциялар жатады:

- көпдеңгейлі инновациялық инфрақұрылым (өндірістік, ақпараттық, білім беру) инновациялық қызметті іске асыру үшін тиісті жағдай жасалғанда;
- қаржылық инфрақұрылым инновациялық жүйенің негізгі элементтерін қаржыландырумен қамтамасыз етілгенде.

Сонымен инновация өндірісті және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді және әлеуметтік, экологиялық жағынан маңызды болып табылатын, сондай-ақ зияткерлік меншік объектісі ретінде танылған ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі.

Экономиканың үнемі қарқынды дамуын қамтамасыз етуге өндірістің техникалық және технологиялық базасының ұдайы жаңаруын, жаңа бәсекеге қабілетті өнімдерді игеріп, оларды шығаруды, әлемдік тауарлар мен қызметтер нарықтарына тиімді кіруді қамтамасыз етуге қабілетті инновацияларды дамытудың маңызының артып отырғаны мәлім. Бұл үшін қоғам өмірінің барлық салаларын және ең алдымен экономика саласын реформалау қажет. Яғни бұл кәсіпорын жағдайына тікелей байланысты болғандықтан ондағы инновациялық процесстерді тиімді ұйымдастыра білу қажет.

Инновациялық процесстерді ұйымдастырудың 3 түрі белгілі:

1. Дәйектілікпен ұйымдастыру. Бұның мақсаты инновациялық әрекеттер кезекпен түрлі бөлімдерде іске асырылады. Артықшылығы: кәсіпорынның қаржылық тәуекелін төмендетеді, зерттеу жұмыстарын бақылауды оңайлатады. Кемшілігі: жаңа өнімдер жасауды және инновациялық процесстерді созып жібереді.

2. Қатар ұйымдастыру. Инновацияның кезеңдерінің бір бөлімінде аяқталуын талап етпейді, себебі ол бір уақытта бірнеше бөлімде іске асуы мүмкін. Артықшылығы: кәсіпорында инновациялық үрдістің іске асу уақытын қысқартады. Кемшілігі: қаржылық тәуекел деңгейі жоғарылайды.

3. Интегралды ұйымдастыру. Бұл уақыт бойында жаңа тауар мен қызметтерді жасауға байланысты жұмыстарды біріктіріп, қатар жүргізуге негізделген. Мұнда белгілі жұмыс бағдарламалары бар мамандандырылған адамдар топтары құрылады. Артықшылығы: кәсіпорында инновациялық процестің іске асу уақытын қысқартады; инновациялық шаралардың біртұтас тізбегі құрылады; өзгерістерге оперативті жауап беру мүмкіндігі артады; инновациялық процестердің барлық қатысушыларының белсенді әрекеттерге жағдай жасай отырып, олардың іс-әрекеттерін үйлестіруге мүмкіндік береді.

Pricewaterhouse Coopers (PWC) жүргізген ауқымды статистикалық зерттеу бойынша 355 ірі компанияның экономикалық қызметіне талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижелері инновацияларды қолданатын компаниялар өз бәсекелестеріне қарағанда жылдамырақ жұмыс істейтіндігі әрі пайданың жоғары көрсеткіштеріне ие екендігі туралы дәйекті бекітті. Басшылардың айтуынша, инновациялар олардың компания қызметінің басымды бағыты болып табылады және бизнеске елеулі оң әсерін тигізеді екен. Сонымен қатар, PWC зерттеулері келесі заңдылықтардың анықталуына мүмкіндік берді:

- инновациялық қызметті жүзеге асырушы компаниялардың (инновациялық компаниялардың) капитал акционерлері үшін жиынтық табыстың орташа мөлшерден асып кетуі (жылына 37%–дан жоғары) инновациялық компанияларға инвестициялардың құйылуы сала бойынша түсетін орташа пайдадан да едәуір жоғары пайда әкелетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді;

- инновациялық компаниялардың айналымының 75%–дан астам бөлігі соңғы бес жылда олардың нарыққа енгізген тауарлары мен қызметі есебінен болған екен. Басқаша айтқанда, озық инновациялық компаниялардың пайдасы инновациялар есебінен қалыптасады.

Инновациялар әмбебап бәсекелестік жетістік болып табылады – олар ұйымдарға әлем бойынша бәсекелестік күресте жеңіп шығуға және өте жоғары пайда әкелуге көмектеседі.

Ірі халықаралық компаниялары топ-менеджерлерінің басым көпшілігі инновациялардың пайда көрсеткіштерінің өсуін қамтудағы негізгі рөлімен келіссе, өздерінің инновациялық қызмет нәтижелеріне қанағаттанатындары да көп емес. Boston Consulting Group компаниясының 1070 ірі корпорацияларға жүргізген жаһандық зерттеуінде компаниялардың басым көпшілігі инновацияларды өздерінің жетістікке жетуінің, тіпті нарықта орнын сақтап қалуы үшін аса маңызды факторы деп санап, және ол үшін ақша төлеуге де дайын екендіктері анықталған. Десек те, олардың көпшілігі инновациялардан жеткілікті мөлшердегі инвестициялық қайтарым алатындығына күмәнді деп айтылғанды.

Бұл құбылысқа себептердің көп болуы мүмкін. Мүмкін, менеджерлер инновациялық қызметте дұрыс емес әдістерді қолданатын шығар. Келесі бір себеп мақсаттардың қате қойылуы немесе инновациялық қызметті бағалау үшін көрсеткіштер жүйесінің дұрыс емес таңдалуында болуы мүмкін.

Компания инновациялардан қайтарым алуы тиіс, ал ол үшін компанияда нақты инновациялық орта құру және осы ортаны дұрыс басқару қажет. Бұл жағдайда фирманың технологиялық саясаты мен оның қызметінің басқа да жақтары арасындағы өзара тәуелділіктері ескерілуі тиіс: меншік байланыстары, құрылымдық саясат, қаржылық жүйе және т.б.

Қазіргі заманғы ортада компаниялардың технологиялық жаңалықтарды енгізу қабілеті олардың бәсеке қабілеттілігінің негізгі көзі болып табылады. Жалпы, технология дегеніміз ғылыми-техникалық, өндірістік, басқарушылық және коммерциялық білім мен тәжірибе.

Біріншіден – еліміздің шикізат ресурстарын толығымен пайдалану, ол кейінгі жылдары республиканың маңызды саласына айналып, ұлттық экономиканың өсуіне ықпал жасайтын сектор болып табылады. Бірақ біз сыртқы нарықтардағы сыртқы экономикалық қызмет сценарилеріне жаңа тәсілдерді таппайтын болсақ, онда оның даму болашағы мынадай болады: еліміз барлық әлем шаруашылығы үшін шикізат базасы болып қала береді. Бұл өз кезегінде қазақстандық тауарлар тек қана әлемдік нарыққа шикізат күйінде шығып, тауардың бәсекелестік қабілеттілігі болмайды, елімізде ғылымды көп қажет ететін тауарлар өндірісі артта қалып қояды және елімізге импорттық тауарлар саны артып кетеді.

Екіншіден – технологиялық артықшылық қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, ол қазақстандық экспорттың ресурстық артықшылықтарын жүзеге асырудағы тиімді бағыт болып табылады. Бұл жағдайда қазақстандық кейбір тауарлардың рентабелділік нормасы жоғары емес, эффект сала капиталының мобилділігімен қамтамасыз етілетін тек өндіріс масштабын ұлғайтқанда ғана алынады. Ұлттық нарықтың тарлығы экспорт көлемінің өсуі кезінде көп әсер етпейтін фактор болып табылмайды. Сондықтан да Республика өндіріс масштабын экономдап ұтатын жақтары бар, өз территориясында біріккен кәсіпорындар құрып, бәсекелік қабілеттілігі жоғары тауарлар өндірісін ұйымдастырады. Қазақстан шетелден капиталмен бірге прогрессивті технологияларды инновацияларды өз өндірісіне енгізіп тез дамып, әлемдік нарықта өз орнын табатын тауарлар шығаруға өз ықпалын тигізеді. Бұл өз кезегінде елімізге кәсіби квалификацияланған мамандар мен жұмысшы күшін қайта даярлау немесе шетелден жақсы мамандарды шақырып, жерлігікті мамандарды осы технологияларды игеруге көмектеседі. Мұның нәтижесінде елімізде ғылымды көп қажет ететін тауарлар өндірісіне ғылыми-техникалық жаңа жобаларды кеңінен пайдалану керектігін растайды.

Үшіншіден – отандық өнімнің бәсекелестік ерекшеліктерін жүзеге асыру варианттары кезінде оның инновациялық артықшылықтарын ескеріп, дамыту жолдары қарастырылады. Нәтижесінде импортты алмастыратын өндіріс біртіндеп экспортқа бағытталған өндіріске айналады. Республикада өндірістік саясатты жүзеге асыруда халықаралық маркетинг қағидаларын ескерген дұрыс, ал кейін шығарылған өнімді өткізу үшін оны жарнамалау қажет. Сондықтан еліміз кәсіпорындары үшін өткізу моделінен инвестициялық-инновациялық тәсілді пайдалануға көшу заман талабы. Сондықтан, қазіргі жағдайда бизнестің

дамуы тікелей автоматтандыру, жаңа техникалық құралдарды және тауарды нарыққа жылжытудың озық технологияларын енгізумен, сонымен бірге инновацияны жүзеге асырудың құралдарын іздеумен байланысты. Ал, бұл орайда осы үрдіске инновациялық маркетинг елеулі дәрежеде ықпал етеді.

Қорытындылай келе, келешекте шетелдің технологиясына тәуелді болмай, ендігі жерде өзіміздің отандық өндірісімізді жүйелі дамыта отырып, жаңа технологияларға қол жеткізудің қажеттілігі туындайды.

1.2 Инновациялық инфрақұрылымның экономикалық маңызы

Әлемдік экономиканың қарқындап дамуы – адами және интеллектуалдық ресурстардың нәтижелі еңбегінің жемісі екені белгілі. Қазіргі заман талабына сай дамыған елдерде тиімді әзірлемелер жүйесі және түрлі қызмет сфераларына жаңа технологиялық шешімдерді енгізуге негізделген инновациялық экономикаға өту үрдісі байқалады. Сонымен бірге, табиғи ресурстардың молдығын пайдалану маңызды болған дәуір өтіп барады, оның орнына экономиканың технологиялық тұрғыдан дамуын тездету, үдету мақсатында тиімді тетіктерді қолдану мүмкіншілігі үлкен мәнге ие болып отыр. Арзан, сапасы төмен еңбекке негізделген өндіріс кезеңі аяқталуда. Дәл қазіргі қоғам – адамның интеллектуалдық ресурстарына, оның инновацияларды қабылдауы мен жүзеге асыру қабілетіне негізделген қоғам болып қалыптасуда.

Қазақстан экономикасы жаңа сатылық және сапалық биікке қадам басты. Әлемдік экономиканың жаһандану жағдайында азуы алты қарыс алпауыттардың аузында жұтылып кетпеу үшін де бізге бәсекелестікке қабілетті экономика құру қажет. Ұзақ уақыт тек шикізат шылауы болып келген біздің мемлекетіміз үшін алдағы жақсы күндерге аршынды адым жасау міндеті алға қойылды. Осы мақсаттағы бірінші нақты қадам Қазақстанның 2003-2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму Стратегиясының қабылдануынан басталды. Біз өзімізді жаңа технологиялар мен жаңа экономика әлеміне енгізетін экономикалық басқарудың түбегейлі жаңа жүйесі – Ұлттық инновациялық жүйе жасауды қолға алдық. Біздің стратегиялық міндетіміз – бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу, - деп Елбасымыз Н.Назарбаев өз жолдауында инновацияның еліміз үшін маңыздылығын баса айтып кеткен болатын.

Нарықтық экономикада бизнесті басқару көптеген белгілермен ерекшелінеді. Біріншіден, кәсіпорынның жиынтық ресурстарының ішінде ең маңызды ресурс ретінде қаржылық ресурстар қолданылады. Екіншіден, қаржылық бейнедегі басқарушылық шешімдерді қабылдау белгісіздік жағдайында жүргізіледі. Үшіншіден, кәсіпорынның нақтылы тәуелсіздігі нәтижесінде негізгі мәселе ретінде қаржылық ресурстарды анықтау және инвестициялық саясатты ықтималды жүргізу болып табылады. Төртіншіден айналым капиталын тиімді пайдалану арқылы қаржылық жағдайды жақсарту қажет болады, ақшалай қаражаттардың ролі де жоғары мәнге ие. Кәсіпорында міндетті түрде ақшалай қаражаттар мен олардың эквиваленттерінің болуы

шарт. Ақшалай қаражаттарды тиімді басқару жүйесі қаржы менеджментінде қаржылық циклды есептеумен, ақшалай қаражаттардың қозғалысын талдаудан, ақшалай қаражаттарды болжамдаудан құралады. Осы себептерге байланысты нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынды басқаруда ақшалай қаражаттарды басқару мен инновациялық мәселелері өзекті болады.

Сонымен кәсіпорындағы инновацияның негізгі кезеңдеріне тоқтала кетсек:

1. Келіп түсетін идеяларды бір жүйеге келтіру.
2. Идеяларды сұрыптау және жаңа өнім туралы идеяны өңдеу.
3. Жаңа өнімнің экономикалық тиімділігін талдау.
4. Жаңа өнімді құру.
5. Нарықта тестілеу.
6. Өнім жөнінде маркетинг бағдарламасы негізінде өндіріске жаңа өнімді енгізу туралы шешімді қабылдау.

Жаңартылған жағдайдағы экономиканың озық технологияларға, өндірістің жоғарғы ғылыми-техникалық деңгейіне, шикізат өндіруге ғана емес, ғылыми негіздегі инновациялық жүйелер құруға бағытталуы – әлеуметтік инфрақұрылым мен оның атқаратын қызметтерін қайта қарауды талап етуде. Адам құндылықтарын айқындайтын әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі құраушылары: тәрбие, денсаулық сақтау, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, қоғамдық қызмет көрсету мекемелері, білім, ғылым және технология салаларындағы жаңа инновацияларды республикамыздың әлеуметтік салаларында дамытудың механизмін анықтау өзекті мәселенің біріне айналды.

Инфрақұрылым – өндіріс пен адам өмірінің тіршілігін қамтамасыз ететін және қоғам дамуының жаңа талаптарына сәйкес бейімделе отырып, құрылымын кеңейте алатын өзара байланысты объектілердің жиынтығы. Ол өндіріс пен қоғам дамуының жедел, әрі жаңа мүмкіндіктеріне жол ашатын серпінді күш, өндіріс дамуының алғышарттарын қалыптасытырушы элементтерден тұрады. Оның маңыздылығы жаһандану үрдісіне сәйкес өндіріс пен адам өмірінің қызметін жеңілдетіп, сапалы өмір сүрудің шарттарын ұсынатын, үнемі дамып отыратын қасиеттерімен сипатталады.

Инфрақұрылым түсінігінің мәні мен оның экономикалық сипатын толық ұғыну үшін оны әр түрлі белгілері: 1) нарыққа қатынасы; 2) өндірістік үрдіске әсер ету деңгейі; 3) территориялық белгісі; 4) материалдық сипаты; 5) салалық сипаты; 6) қызмет сипаты бойынша жіктеп қарастырған жөн.

Инфрақұрылым объектілерін әр түрлі белгілері бойынша топтастыру мен жіктеу бағытында жүргізілген зерттеулер нәтижесі қалыптасқан инфрақұрылым объектілері мен оның даму жағдайының барлық салалардың экономикалық дамуына ықпалы маңызды екендігін көрсетті.

Дегенмен, адам ресурстарының әлеуметтік-экономикалық, рухани, мәдени қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік инфрақұрылымды өндірістік үдеріске әсер етуші құрылымдық элемент ретінде дамытуға баса назар аударудың қажеттілігі анықталып отыр.

Әлеуметтік инфрақұрылым – қоғамдық сана мен адамдардың әлеуметтік-экономикалық және рухани, мәдени қажеттіліктерінен туындаған, сапалы өмір сүруді қамтамасыз ететін инфрақұрылым объектілері. Олардың қызметтік бағыты бойынша келесідей түрлерін ажыратып көрсетуге болады: тұрғын үй және тұрмыстық коммуналдық кешен; тұрғындарға қызмет көрсету мекемелері; жол қатынасы, энергетикалық қамтамасыз ету және байланыс желілері; ғылыми дүниетаным және қоғамдық сананы қалыптастыру мекемелері; денсаулық сақтау; қаржы-құқықтық қызметтер; басқару және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету; интеллектуалды өнімдерді қалыптастыру орындары.

Қазіргі жаһандану мен инновациялық үдерістердің жеделдеуі аясында ақпараттық, электрондық, сымсыз байланыстардың басқа да түрлеріне қажеттіліктердің артуымен байланысты әлеуметтік инфрақұрылымның жаңа элементтерімен құрылымы кеңейіп отыр.

Жалпы инфрақұрылыммен салыстырғанда ауыл инфрақұрылымының өзіндік ерекшеліктері бар және республика халқының 46%-дан астамы қоныстанған ауылдық елді мекендерде қазіргі заман талаптарына сәйкес инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз етудің аса қажеттілігі айқын. Ол келесідей объективті және субъективті себептермен байланысты: 1) инфрақұрылым объектілерінің санының шектеулілігі, қызмет үдерісіндегі баламаның жоқтығы; 2) инфрақұрылым объектілерінің қызмет көрсету аясының сұраныстың мерзімдік және күнделікті қажеттілігімен шектелуі; 3) ауыл тұрғындарының әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің қызметіне сұранысының толық қанағаттандырылмауы; 4) ауыл мектептері үлгілерінің әр түрлілігі; 5) елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің орналасқан табиғи-географиялық жеріне байланыстылығы; 6) еңбекпен тәрбиелеудің үлкен маңызы; 7) қоршаған табиғи ортамен біртұтастығы; 8) халықтық дәстүрлермен тығыз байланыс; 9) әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін қаржыландыру деңгейінің әр түрлілігі; 10) ауыл тұрғындарының қалалық инфрақұрылым объектілерін пайдалану мүмкіндігінің болуы.

Сондықтан, аталған ерекшеліктерді есепке ала отырып, ауыл тұрғындарының экономикалық, әлеуметтік-мәдени жағдайын жақсартуға қажетті әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жүйелі түрде дамытудың механизмін қарастыруда оның қазіргі жағдайына талдау жасау маңызды. Нарықтық экономикаға өтудің бастапқы кезеңінде әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің саны күрт төмендеп, көпшілігі жаппай жекешелендіру барысында талан-таражға ұшырады, сақталып қалғандарының өзінің қызмет сапасы төмендеді. Кәсіпкерлер халық үшін емес, тек өндіріс тиімділігін арттыру мақсатында қызмет етті, ауыл тұрғындарының қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыратын әлеуметтік инфрақұрылымның жай-күйі тіптен құлдырады.

Қазіргі жаһандану мен инновациялық үрдістердің жеделдеуі аясында әлеуметтік инфрақұрылымның ақпараттық, электрондық, сымсыз байланыс, т.б. қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланысты жаңа элементтері пайда болды. Сол себепті инфрақұрылымды өндіріс пен адам өмірінің тіршілігін

камтамасыз ететін және қоғам дамуының жаңа талаптарына сәйкес бейімделе отырып, құрылымын кеңейте алатын өзара байланысты объектілердің жиынтығы ретінде қарастырған жөн.

Әлемдік экономиканың қарқындап дамуы – адами және интеллектуалдық ресурстардың нәтижелі еңбегінің жемісі екені белгілі. Қазіргі заман талабына сай дамыған елдерде тиімді әзірлемелер жүйесі және түрлі қызмет сфераларына жаңа технологиялық шешімдерді енгізуге негізделген инновациялық экономикаға өту үрдісі байқалады. Сонымен бірге, табиғи ресурстардың молдығын пайдалану маңызды болған дәуір өтіп барады, оның орнына экономиканың технологиялық тұрғыдан дамуын тездету, үдету мақсатында тиімді тетіктерді қолдану мүмкіншілігі үлкен мәнге ие болып отыр. Арзан, сапасы төмен еңбекке негізделген өндіріс кезеңі аяқталуда. Дәл қазіргі қоғам – адамның интеллектуалдық ресурстарына, оның инновацияларды қабылдауы мен жүзеге асыру қабілетіне негізделген қоғам болып қалыптасуда.



1 сурет – Инновациялық инфрақұрылым элементтері

Инновациялық инфрақұрылым – ғылыми идеяның өндірісте қолдау тауып, нақты өнім, қызмет, жұмыс түрінде көрініс табуына дейінгі барлық кезеңдерді қамтитын іс-шаралардың жүруіне ыңғайлы жағдай жасайтын, қажетті жұмыстар мен қызметтерді орындайтын ұйымдар жиынтығынан тұрады (1 сурет).


Өнеркәсібі жан-жақты дамыған елдер индустриалдық әлеуеті қалыптасқан топқа кіреді. Дәл осы топ құрамына кірудің арнайы ережемен белгілемеген шарттары да бар. Солардың қатарына, өнеркәсіптік өнімнің жылдан-жылға артуы, тек оның көлемінің ғана емес, сапалық және ассортименттік құрамының да көбейуі, шикізаттық сектордың жалпы экономикадағы үлесінің қысқаруы сияқты және басқа да көрсеткіштер бойынша нәтижелі болу жатады. Мұның барлығы да инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру мәселесіне жете мән беріп, оны мемлекеттің арнайы стратегиялық мақсаттарының бірі етіп белгілеуді міндеттейді

Инновациялық инфрақұрылымның негізгі міндеті инновациялық өнім өндірумен (қызмет көрсетумен, жұмыс орындаумен) айналысатын кәсіпорындарға қолдау көрсету деп топшыласақ, онда инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру мемлекеттің техникалық, технологиялық, экономикалық, қаржы, әлеуметтік жағдайын жақсартып қана қоймай, сонымен бірге оның әлемдік экономикадағы тұғырын көтеруге де, сыртқы нарықтарға шығып, ондағы өзінің орнын табуға немесе иеленуге де мүмкіндік жасайды деген байламға келуге болады.

Инновациялық инфрақұрылымның экономикалық маңызы елдің экономикалық даму стратегиясын айқындаумен, қосылған құны жоғары өнімдер өндірумен, шағын инновациялық кәсіпкерлікті жандандырумен және басқалармен анықталады (2 сурет).

Қазақстанның ұлттық инновациялық инфрақұрылымының қазіргі жағдайы әрине республиканың экономикалық дамуының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Олардың қатарына әлемдік нарықтағы көмірсутек шикізатына бағаның күрт өсуі, қара және түсті металл өнімдеріне деген жоғары сұраныс, осыған байланысты қаржылық және коммерциялық кәсіпкерліктің қанат жаюы, еліміздегі табиғи ресурстарды игеруге қатысы бар халықаралық байланыстардың нығаюы сынды факторларды жатқызуға болады. Әйтсе де, бұл ерекшеліктер әлі де болса ұлттық экономиканың біржақты дамып отырғанын көрсетеді. Өйткені тек шикізатқа ғана бағытталған экономиканың белгілі бір кезеңде құлдырау қаупі жоғары болатыны белгілі. Бұның салдарын қазіргі кезде орын алған әлемдік қаржы дағдарысынан да байқау қиын емес.

Зерттеу барысында біз елдегі инновациялық инфрақұрылым оның субъектілерінің өзара байланысқан түрде тиімді жұмыс жасауына және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізушілерге кешенді қызмет көрсететін ұйым ретінде қалыптасуына жеткілікті деңгейде ықпал ете алмай отырғандығын анықтадық. Атап айтқанда - инновациялық инфрақұрылым элементтерінің жұмысындағы тәжірибенің аздығы. Бәрімізге белгілі – тәжірибе тек іс барысында шыңдалады, ал инновациялық орта мен инновациялық нарықтың қалыптаспауы инфрақұрылым элементтерінің жетілуіне қол байлау болып отыр. Олар мыналар:



2 сурет – Иновациялық инфрақұрылымның экономикалық маңызы

- иновациялық әлеуеті бар аймақтардың географиялық алшақтығы, осыған сәйкес оларды түгел қамту мүмкіндігінің болмауы. Қазақстан Республикасы территориясында орналасқан елді-мекендердің бір-бірінен қашық орналасуы олардың арасындағы экономикалық, шаруашылық, ғылыми, өндірістік байланыстарды қарқынды түрде жүруіне қолайлы жағдай туғыза бермейді. Сондай-ақ, еліміздегі өңірлер мен өнеркәсіп салаларының біркелкі дамымауы да иновациялық инфрақұрылым элементтерін кешенді дамытуға мүмкіндік бермеуде;

- жеке сипаттағы иновациялық белсенділіктің тым төмендігі және өндірістік сипаты жоқ салалардағы (сауда–саттық, қызмет көрсету, қаржылық сектор, т.б.) табыстылықтың жоғары болуы. Бұл құбылысты экономистер «экономиканың біржақты дамуы» деп атап жүр. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, көптеген иновациялардың пайда болуы мемлекеттік емес ұйымдар мен орталықтардың, өндірістердің ықпалынан және белсенділігінен туындайды. Яғни, иновацияның пайда болуына мүдделі



3 сурет – Қазақстанның ұлттық инновациялық инфрақұрылым элементтері

топтар белсенділік танытуы тиіс. Ал ұлттық экономикада мұнай–газ, металлургия, отын-энергетика, құрылыс сынды салалардың шектен тыс жоғары табыстылықты қамтамасыз етуі басқа салалардың дамуына үлкен тосқауыл болып отырғаны жасырын емес;

- инновацияға бейімді салалар туралы ақпараттың мемлекет инновациялық сипаттағы ақпараттарды таратып, олар үшін жасалған қолайлы жағдайларды туралы кеңестер беру орталықтарын құрады.

Әйтсе де, бұл қордың қазіргі кезде инновация саласының шын жанашыры болып отырғаны шамалы. Көбіне инновациялық жобаларды қаржыландырумен айналысып отырған бұл қор инновацияларға қатысты басқа да ақпараттарды таратуға, олар туралы кеңестер беруге, ғалымдардың қызығушылығын оятуға деген талпыныстары әлі күнге байқалмайды. Оның негізгі себептері елімізде

инновациялық нарықтың әлі толық қалыптаспауы. Басқаша айтқанда, ішкі нарықта инновацияларды дайындайтын және оларды тұтынатын мүдделі топтардың және осы бағытта қызмет көрсететін ұйымдар мен орталықтар жүйесінің дамымауы. Қазіргі кезде еліміздегі инновациялық инфрақұрылым элементтері нақты өндіріспен байланыс жасамай-ақ өздерінің қызметтерін жетілдіргісі келеді. Ал өндіріске икемі жоқ инновациялардың сұранысқа ие болуы да екіталай.

Осы айтылғандарды ескеретін болсақ, онда инновациялық инфрақұрылымның ұлттық экономика үшін тиімділігін қалыптастыратын және нәтижелі жұмыс жасайтын тетігін қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Соңғы кездері Қазақстан Республикасының инновациялық даму моделінің өміршеңдігіне қатысты әртүрлі пікірлер айтылып жүр. Солардың ішінде ұлттық инновациялық даму моделінің басқа елдердің модельдерінен көшірілгені, сондықтан да оның еліміздің экономикалық, әлеуметтік, шаруашылық ерекшеліктеріне дөп келмейтіні жиі алға тартылады.

Қазақстан Республикасында уақыт талабына сай, біздің экономикамыздың ерекшеліктеріне жауап беретін, ұлттық әл-ауқатымызды өркендетуге мықты серпін беретін өзіндік инновациялық даму моделі әлі де қалыптаспаған. Біз көбіне Сингапур, Малайзия, Оңтүстік Корея, Финляндия, Жапония сынды мемлекеттердің инновациялық даму үлгілерін алып, сол мемлекеттерге тән ерекшеліктерді еліміздің дамуына пайдалануға ұмтылудамыз. Ал мұндай тәжірибенің жемісті және нәтижелі болуы екіталай. Ғылыми тұжырымдаманы нақтырақ сипаттау үшін әлемнің озық көптеген елдеріне тән инновациялық даму моделі мен оның Қазақстандағы қалыптасу алғышарттарын зерттеу қажет.

Инновациялық инфрақұрылымның ұлттық экономикадағы орны мен маңызын анықтау үшін оның мамандандырылған субъектілерінің қазіргі жағдайы мен инновациялық белсенділіктері ғылыми тұрғыда бағаланды.

Технологиялық парктер - өнертапқыштарға арнайы маманданған қызмет түрлерін көрсету аясында инновацияларды ойлап табуға және оларды ендіруге арналған сервистік және өндірістік база болып есептеледі. Технопарктерде жаңа әзірлемелерді және қазіргі құрал-жабдықтар өндірісін құру мен игеру бойынша тапсырыстарды орындайтын серпінді технологиялары бар кәсіпорындар орналасуы тиіс.

Елімізде 2009 жылға дейінгі кезеңде ұлттық және өңірлік үлгідегі оннан астам технопарктер құрылып, тіркеуден өткен. Соңғы жылдары өңірлік технопарктерден «Алматы аймақтық технопаркі», Орал қаласындағы «Алгоритм» технопаркі, «UniScienTech» Қарағанды аймақтық технопаркі, Өскемен қаласындағы «Алтай» аймақтық ғылыми-технологиялық паркі, Ақтөбе қаласындағы «Ақтөбе» аймақтық индустриалды-технологиялық паркі, Қызылорда қаласындағы «Қызылорда» технологиялық паркі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері құрылды. Бұл қатарға жоғары оқу орындарының аумағында ұйымдастырылған технопарктерді де (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық

университеті, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті) жатқызуға болады. Ал ұлттық технопарктердің қатарына Алматыдағы «Alatau IT City Management» ақпараттық технологиялар паркі, Ұлттық индустриалды мұнай-химия технопаркі (Атырау қаласы), «Тоқамақ» ядролық технологиялар технопаркі (Курчатов қаласы), Ғарыштық мониторинг технопаркі (Приозерск қаласы), «Прогресс» биотехнология технопаркі (Степногорск қаласы) кіреді.

Әйтсе де, еліміздегі инновациялық белсенділіктің төмен болуы технопарктердің санының өспеуіне және құрылғандарының жұмыс белсенділіктерінің қарқын алмауына себеп болып отыр.

Мәселен, көптеген аймақтық технопарктер инновациялық жобалардың болмауынан осы бағыттағы жұмыстарды жүзеге асырумен емес, қарапайым дәстүрлі өндірістік жобаларды орындаумен шектеліп жүр. Оған ғылыммен айналысуға талпынысы жоғары білікті маман кадрлардың тапшылығы, технопарктерді дамытуға жеке сектор тарапынан жұмсалатын қаражаттың жеткіліксіз деңгейі, венчурлық қорлардың белсенділігінің төмендігі, отандық жоғары оқу орындарының жанында ғылыми–зерттеулермен айналысатын технопарктер санының тым аз болуы, жаңа технологиялық әзірлемелер нарығының конъюнктурасы жайлы ақпараттың болмауы, қызметі шикізатты өңдеуге бағытталған технопарктердің қалыптаспауы сияқты мәселелер кері ықпал етуде. Қазіргі уақытта бұл мәселелердің барлығы да өзінің ғылыми шешімдерін табуды қажет етіп отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 50-ден астам бизнес–инкубатор қызмет етуде. Алайда, олардың көбі инновациялық сипаты жоқ, тек кәсіпкерлік ортаға икемді шағын кәсіпорындарды дайындаумен және оларға қызмет көрсетумен айналысуда, яғни еліміздегі технологиялық бизнес–инкубаторлар өзінің мақсатты жұмыстарымен шұғылдана алмай отыр. Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңына сәйкес, олар – инновацияны құру, қорғау құжаттарын алуға өтінімдерді рәсімдеу және инновациялық жобаны дайындау үшін жеке және заңды тұлғаларға құқықтық, ұйымдық, ақпараттық және өзге де қызметтер ұсыну жөніндегі іс–шараны жүзеге асырушы заңды тұлға болып табылады:

- технологиялық бизнес–инкубаторларды қалыптастыратын және дамытатын бірден-бір орта – еліміздегі технопарктердің аздығы;
- бизнес-инкубаторлармен көрсетілетін қызметтердің шектеулі болуы;
- технологиялық бизнес–инкубаторлардың тиімді дамуына жағдай жасайтын инновациялық кәсіпкерлік ортасының болмауы;
- қаржыландырудың жеткіліксіздігі және осы аталған мәселелерді шешудің ғылыми негізделген тетіктерінің қалыптаспауы, т.б.

Инновациялық инфрақұрылымның құрылымы келесідей:

- инновациялық дамудың мемлекеттік институттары;
- технологиялық бизнес–инкубаторлар;
- ғылыми қалашықтар;
- технологиялық қалашықтар;

- технологиялар трансферті орталығы (жоғарғы оқу орындары, салалық ғылыми-зерттеу институттары, оқу орталықтары, мамандандырылған консалтингтік кәсіпорындар);

- инновациялық кәсіпорындар;
- инновациялық қызметпен айналысатын жеке кәсіпкерлер;
- венчурлық қорлар;
- инновациялық жобаларды қаржыландыратын банктер;
- ақпараттық инфрақұрылым;
- мамандандырылған көрмелер.

Дүние жүзінде жаһандану үрдісінің күрделенуіне байланысты бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруда әрбір мемлекет өзінің ұлттық инновациялық жүйесі мен инновациялық инфрақұрылымының дамытуға басымдық беріп отыр. Өйткені ұлттық экономикасы қалыптасқан және дамыған елдердің тәжірибелеріне сүйенсек, олардың жеткен жоғары жетістіктеріне инновациялық инфрақұрылымның оңды әсер еткенін байқаймыз. Олардың әлемдік нарықтағы үлесі де қомақты. Сондықтан да, дамыған елдердің қатарына кіруге талпыныс білдіріп отырған Қазақстанның өзінің мүмкіндіктері мен стратегиялық мақсаттарына сай ұлттық инновациялық жүйесі мен инфрақұрылымын дамыту өзекті мәселе болып отыр.

Атап айтқанда технологиялар трансферті орталығының негізгі міндеті – ғылыми-техникалық нәтижелерді тездету, шағын инновациялық кәсіпорындарды құруға көмектесу.

Технологиялар трансферті орталығына Республикадағы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат Қоры негізінде құрылған «Инжиниринг және технологиялар трансферті» акционерлік қоғамының қызметі мысал бола алады. Оның мақсаты – Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызмет пен белсенділікті арттыру. Ол экономиканың 23 саласын қамтиды. Олардың ішінде:

- ақпараттық технологиялар (ICT);
- өмір туралы ғылымдардың технологиясы (Life Sciences Technology);
- нанотехнологиялар мен жаңа материалдар;
- көмірсутек саласының технологиялары;
- энергияның жаңартылған жолдарының технологиясы.

Сонымен инновация өндірісті және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді және әлеуметтік, экологиялық жағынан маңызды болып табылатын, сондай-ақ зияткерлік меншік объектісі ретінде танылған ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі.

Өнеркәсіп пен экономиканың басқа да салаларының бәсекеге қабілетті көп жағдайда өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым жағдайына тәуелді.

Ақпарат, телекоммуникация және көлік инфрақұрылымының барабар сапасы болмайынша тиімді экономикалық даму мүмкін емес. Инфрақұрылымның осы элементтерінің әлемдік деңгейге сәйкестігінің өзі-ақ қазіргі заманғы әлемдегі елдердің бәсекелестік қабілетінің маңызды факторы болып табылады. Ғаламдандудың үдей түсуі мен ғаламдық бәсекелестіктің

күшейе түсуі жағдайында шаруашылық субъектілердің әлемдік нарықтың тегеурініне дер кезінде әрі тәсменді жауап әрекеті қабілеті іскерлік табыстың негізі болып табылады.

Елде дамыған ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымның болуы ұлттық экономиканың өсуінің, қоғамның іскерлік және зияткерлік белсенділігінің артуының басты факторларының бірі болып табылады, ол халықаралық қоғамдастықтағы елдің беделін айғақтайды. Бүгінгі күні бизнестің бірде-бір түрі өздерінің құрылымдық бөлімшелері арасында да сондай-ақ сыртқы әлеммен де байланыстың сапалы жүйесі болмайынша дами алмайды.

Көлік-коммуникация кешені салаларын дамыту оларды дамытудың бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Электр энергетикасында өткізілген реформалардың нәтижесінде тұтынушылардың, электр энергиясын жеткізушілерді еркін таңдауы, субъектілердің электр желілеріне еркін және кем қойылмай қол жеткізуіне негізделген электр энергиясы мен қуаттың бәсекелес көтерме нарығы ойдағыдай жұмыс істеуде.

Электр энергетикасын одан әрі реформалау нарықтағы өзгерістерді тереңдетуге, электр қуатының биржа саудасын жасау мен дамытуға, электр қуаты саласындағы қызмет көрсетулер арнасын кеңейтуге бағытталады.

Өткізілетін реформаларды қолдау мен саланың одан әрі дамуы үшін, қуатты өндіретін және тасымалдайтын кәсіпорындардың құрал-жабдықтарын жаңарту үшін инвестициялардың өсуін қамтамасыз ету қажет.

Электр желілері компаниялары үшін инвестицияларды тартуды ынталандыру мақсатында табиғи монополия субъектілерінің орташа кезеңдегі мерзімге қызмет көрсетулеріне, инвестициялардың қорғалуы мен нормативтерден тыс шығындарды қысқартуға олардың бағытталуын қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін жаңадан прогрессивті тәсілдерін енгізу қажет. Тарифтерді белгілеудің жаңа тәсілдерін іске асыру тарифтердің өсуіне әкеледі, осыған байланысты, халықтың табысы аз бөлігін қолдау шараларын бір мезгілде қолдану қажет.

Бұдан өзге, электр қуатын тарату көлемінің өсуінің негізгі өлшемінің, бірі болып табылатын электр энергиясын тарату жөніндегі қызметтеріне белгіленген тарифтерге азайту коэффициенттерін беру арқылы тарифтерді белгілеудің икемді әдістерін енгізу қажет.

Азайту коэффициенттерін енгізу отандық тауар өндірушілер мен республиканың экспортқа бағытталған кәсіпорындары өнімінің бәсекеге қабілетін қолдауға мүмкіндік береді.

Электр және жылу энергиясына тарифтерді реттеу саясатын жүргізу кезінде мынадай факторлар ескерілетін болады:

- электр энергиясының төмен тарифтері экономиканың маңызды міндеттерінің бірі - дамыған елдерден 3-4 есе жоғары болып тұрған өнімнің энергияны қажетсінуін азайтуға ықпал етпейді. Арзан ресурстарды ешкім үнемдемейді;

- бүгін бюджет бір жағынан төмен тарифтер есебінен табиғи монополистердің қызмет көрсетулеріне бюджеттік ұйымдардың жұмсайтын шығыстарын арзандатудан пайда көріп отырғанын, сонымен қатар ол салықтарды толығымен алмайтынын талдау көрсетіп отыр. Сол себептен, электр қуатына тарифтерді едәуір көтеру қажет. Бұл қадам кәсіпорындарды өнімге энергияның жұмсалуды төмендету жолымен жүруге мәжбүрлейді, оларды жаңартылуына қозғау болады.

Тарифтердің өсуі бірқатар тұтыну тауарларының бағаларын және тұрғын-үй коммуналдық қызмет көрсетулерге тарифтердің өсуіне, халықтың соған орай шығыстарының өсуіне әкелетіні сөзсіз. Сондықтан халықтың табысы төмен бөлігін қолдау шараларын бір мезгілде қолдану қажеттілігі туындайды. Мұны күнкөрістің төменгі деңгейін, ең төменгі жалақы мен зейнетақыны көтеру арқылы немесе халықтың ең кедей бөлігіне атаулы қаржылай көмек көрсету арқылы жасауға болады.

Сонымен, табиғи монополистердің қызмет көрсетулеріне, атап айтқанда электрқуатына тарифтердің өсуі табиғи монополистердің ғана емес, бүкіл ұлттық экономика тұрғысынан алғанда болмай қоймайды әрі өзін-өзі ақтайды. Осымен бір мезгілде бұл компаниялардың өндіріс шығындарының құрамы мен көлемінің негізділігіне де мониторинг қажет.

Ақпараттық технологиялар (АТ) саласындағы негізгі міндет ашық жүйелердің тұжырымдамасы негізінде әлемдік қоғамдастық іске асыратын ғаламдық ақпараттық инфрақұрылымның бірбөлігі (Global Information Infrastructure - Gil) ретінде ҰАИ-ды (ұлттық ақпараттық инфрақұрылым) біртіндеп дамыту, сондай-ақ бағдарламалық өнімдерді және софт-технологияларды дамытуды ынталандыру болып табылады.

АТ-ны дамыту кезінде компьютер жабдықтарына бағаның төмендетілуіне орай негізгі пайда компьютер жабдығының өндірісінде емес, пайдаланушылар шығындарының тұрақты есімі болатын – бағдарламалық құралдар, қызметтер мен консультациялар секторында шоғырланатынын ескеру қажет.

АТ саласындағы қызметтерге ғаламдық сұраным болжаммен 1997 жылғы 327млрд. АҚШ долларына қарағанда 2008 жылға қарай 1 трлн. АҚШ долларына жетеді. Қазақстанда қолдануға болатын АТ секторы экономиканың аса маңызды салаларында нығаюы тиіс. Бұлай болмаған жағдайда осы саланың өнімі импорттың маңызды бөлігі болып қала беруі мүмкін. Бұдан басқа, тұтас алғанда ұлттық экономика салаларында сапалы өзгерістердің қозғаушысы бола отырып, АТ елдің телекоммуникацияларын дамытуда айқындаушы рөл атқарады. АТ саласындағы мемлекеттік саясат:

- ҰАИ-ды дамытуға ықпал ететін ашық және тұрақты нормативтік-құқықтық базалар мен стандарттарды жасауға;

- халықтың, шаруашылық субъектілерінің, қоғамдық ұйымдардың және Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарының, ҰАИ-ға жан-жақты қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

- мемлекеттік органдар порталдарын жасауды, мемлекеттік деректер базасы мен құжат айналымы рәсімдерін қоса алғанда, «электрондық үкіметті» әзірлеп, енгізуге;

- ақпараттандырудың мемлекеттік құралдары мен жүйелерін стандарттауға, сәйкестендіруге және сертификаттауға;

- ішкі және сыртқы әлемдік нарықтардың жаңа мүмкіндіктерін барынша пайдалануға мүмкіндік беретін электрондық сауда-саттықты толық ауқымда енгізуге жәрдемдесуге;

- мемлекеттік сатып алу саласында электрондық аукциондар мен тендерлер тетігін енгізуге;

- халықтың білім деңгейін электрондық оқу мекемелері мен кітапханаларды құруды қолдау есебінен көтеруге;

- бағдарламалық құралдар мен софт-технологиялардың ұлттық индустриясын дамытуды жан-жақты қолдауға бағытталуы тиіс.

Бәскелес ірі перспективалы салалардың бірі ретінде телекоммуникациялар саласында индустриялық-инновациялық саясат отандық бизнес пен халықтың барынша қол жеткізуіне және неғұрлым алдыңғы қатардағы байланыс құралдарының дамуына жәрдемдесуге бағытталуы тиіс.

Қазақстан әлемде болып жатқан телекоммуникациялар өзгерістерінен тыс қала алмайды. Қазіргі кезде әлемде жаңа телекоммуникациялық технологияларды: мобильді телефондар үшін жаңа, көп дүркінді кеңейтілген мүмкіндіктер беретін кең диапазонды байланыстары сияқты, Интернет пен мәліметтер беру, сондай-ақ, мобильді телефондардың үшінші буын технологиясын жеделдете дамыту мен енгізу жүріп жатыр.

Қазіргі кезде қазақстандық телекоммуникациялық компаниялар шетелдік және халықаралық спутник компанияларынан спутник ресурстарын жалға алуға мәжбүр. Сондықтан елдің күллі аумағында теледидар хабарларын тарату үшін жағдай жасауға, шалғай және аз қоныстанған аудандармен байланыс мүмкіндігін жасауға, байланыс арналарының қуаттылығын әртараптандыру мен кеңейтуге кемеңдететін ғарыштық байланыс әлеуетін пайдалану қажет.

Сондай-ақ жер үсті телефон желілерін цифрлауды және жылдам дамытуды, талшықтық оптикалық байланыс желісінің құрылысын жалғастыру қажет. Ұлттық телекоммуникациялық желінің тиімділігін арттыру бәсекелестікті ынталандыру мен сектордың нарықтық жағдайға толығымен өтуіне жәрдемдесетін болады.

Көлік саласындағы басты міндет көлік инфрақұрылымын дамыту факторын шектейтін жағдайларды болдырмау мақсатында елдің жедел экономикалық дамуына сәйкес жүктер мен жолаушылар ағынын кеңейту мен жетілдіруді қамтамасыз ету болып табылады. Елдің көлік әлеуетін барынша дамыту басқа да маңызды міндет болып табылады.

Қазақстанның аумағы арқылы транзиттік тасымалдауларды дамытудың басты артықшылығы - бұл арақашықтықты айтарлықтай қысқарту. Тасымалдаудың ең жақсы жағдайларында теңіз жолымен жүктерді жеткізу

мерзімі Берлиннен қытай порты Ляньюнгаға дейін 20 күнді құрайды, ал темір жол бұл уақытты 11 тәулікке дейін қысқартады, тасымалдау арақашықтығын екі есеге азайтады.

Экономикалық процестердің ғаламдануы барлық мемлекеттердің, субъектілердің әлемдік көлік коммуникацияларына қол жеткізуіне қамтамасыз ету, ел арасындағы өзара тиімді сауда үшін халықаралық көлік дәліздерін ұйымдастыру қажетігін негіздейді. Қазақстанның тасымалдың қалыптасқан әрі түзілген жүйесіне өзіндік орны бар буын ретінде кіру айрықша маңызды. Қазақстан арқылы өтетін халықаралық көлік дәліздері желісін дамытудың қазіргі тұжырымдамасы үш басым бағытқа негізделеді:

- Ресей, Еуропа және Балтық елдері;
- Қытай, Жапония және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері;
- Орта Азия және Кавказ, Иран және Түркия республикалары.

Әрбір аталған бағыттың жер үсті және су магистралі кешенін қамтитын халықаралық көлік дәліздері бар. Олар қазіргі заманғы техникамен жарақталған және халықаралық транзиттік тасымалдаулардың шоғырлануына арналған.

Қазақстанның аумағы арқылы 6 темір жол, 6 автомобиль және 72 әуе дәліздері өтеді. Елді Тынық мұхит жағалауынан бастау алып, Еуропаның түпкіріне кететін Транс-Азия-Еуропалық талшықты-оптикалық желілер байланысы кесіп өтеді. Оңтүстіктен солтүстікке бағытталған цифрлық магистраль оны Транссібір оптикалық желілеріне қосып отыр.

Елдің көлік-коммуникация жүйесіндегі ерекше орын алатын халықаралық көлік дәліздерінде орналасқан екі торабы: елдің шығысындағы - «Достық» темір жол өткелі мен батысындағы - «Ақтау» теңіз сауда порты.

Көлік кешенін дамытудың мақсаты сыртқы нарыққа отандық экспорттық тауарларды тиімді жеткізу мен оны пайдаланушыларға кең ауқымдағы көлік қызметтерінің жиынтығын керсету.

Саланы дамытудың басым бағыттары тиімді әрі технологиялық жаңартылған көлік кешенін құру, транзиттік әлеуетті іске асыру болып табылады.

2015 жылға дейінгі кезеңде көлік жүйесін елдің қажетіне сай келетін жағдайға келтіру жөнінде жұмыс жалғастырылуы тиіс. Ол өзіне:

- жаңа темір жол желілерінің құрылысын қоса алғанда, темір жол тораптарының конфигурациясын жетілдіруді, жылжымалы құрамның өндірісіне және жөндеуге арналған өнеркәсіп базасын дамытуды, темір жол тарифтік жүйесін жетілдіруді;

- мұнай мен газды тасымалдайтын жаңа экспорттық құбыр жолдары жобаларымен жұмысты, жұмыс істеп тұрған құбыр жүйесін кеңейтуді, пайдалануға беру 2010 жылдан кейінгі кезеңге жоспарланған жаңа магистральдық экспорттық мұнай жолдарын тартуды;

- автожолдар желісін салу, кеңейту және қайта жаңарту;

Бәсекелес ортаны ынталандыруды қоса алғанда, авиациялық тасымалдауларды және шетелдік инвестицияларды белсенді тартуды; шетелдік мемлекеттермен көліктік ынтымақтастық туралы келісімдер жасасуды қоса

алғанда, көліктік тасымалдауларды тарту және халықаралық көлік дәліздерін; мультимодальды көлік жүйелерін; Каспий теңізіндегі теңіз көлігі мен өзен көлігін дамытуды қамтиды.

Темір жолының ұлттық желісі елдің барлық аумағын дерлік қамти отырып, дамыту мен оңтайландыруды қажет етеді. Сол себептен де елдің солтүстігі мен батысын жалғастырап Алтынсарин-Хромтау тармағының құрылысы басталды. Қазақстандағы «Достық» станциясы Қытайдағы «Алашанькоу» станциясы сияқты Трансазия және Еуроазия магистральдарының өзекті буыны болып табылады. Осыны ескере отырып, Қазақстан оны қайта жаңартуға және дамытуға үлкен мән беріп отыр. Таяудағы жылдары станциялардың қуатын ұлғайту жөніндегі кешенді шаралар өткізу жоспарланып отыр.

Республиканың автожол кешені елдің өңірлері арасындағы, сондай-ақ мемлекетаралық қатынастардағы түрлі көлік түрлері мен тауар қозғалысы құралдары арасындағы байланыстырушы буын бола отырып, мемлекеттің өмір-тіршілігінде маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасы үшін жүктер мен жолаушылардың басым бөлігін тасымалдауда автомобиль жолдары үлкен маңызға ие. Сондықтан транзиттік жүктерді тарту мақсатын халықаралық жүктерді және жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыруда жаңа технологияларды енгізу, халықаралық автомобиль дәліздерінің сервистік инфрақұрылымын дамыту және жол қатынастары желісін жетілдіру қажет.

Республиканың әуе кеңістігі арқылы бағыттардың трансазия жүйесі әуе трассаларың желісі өтеді. Республика арқылы өтетін транзиттік ағындардың негізгі бағыттары Еуропадан Оңтүстік- Шығыс Азия елдеріне өтетін болып табылады. Қазақстанның әуе кеңістігін пайдалануға деген сұраныс әуе қозғалысы басқарудың техникалық құралдарың, навигацияны және байланысты жетілдіруді қажет етеді.

Су көлігінде Ақтау порты маңызды құрылымдық элемент болып табылады. Ол қазіргі заманғы жаңартылған мынадай инфрақұрылымға ие: темір жолдар, авто жолдар, жер асты коммуникациялары, айлақтық және мобильдік крандар және басқалары. Басқа жобаларды іске асыру кешенінде Ақтау портын дамыту, оның ішінде арнайы экономикалық аймақ- Қазақстан арқылы өтетін транзитті дамытудың перспективалы бағыттарының бірі. Жүк ағыны әуенің арқасында портты табысты дамыту, инвестициялар тартуда ынталандыру қызметін атқарады. Теңізде тасымалдауды дамыту үшін «Қазтеңізтрансфлот» теңіз кеме жолы ұлттық компаниясы құрылды, сол арқылы Қазақстанда өзінің теңіз сауда флотын құрудың негізі қаланады.

Жаһандану жағдайында Қазақстанның кеңбайтақ аумағын ескере отырып, экономиканың және мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі көбіне көлік-коммуникация кешенінің тиімді қызметіне байланысты болады. Мемлекеттік көлік және транзиттік саясатқа сәйкес келетін жоғары технологиялы көлік инфрақұрылымы отандық тауарлардың, қызмет көрсетулердің және тұтас экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің кепілдігі болып табылады.

1.3 Қазақстан Республикасында инновациялық қызметті дамыту ерекшеліктері

Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде мемлекет инновациялық қызметке құқықтық, ұйымдастырушылық және қаржылық жағынан көмек көрсетуде. Бұл елдердің ішінде Қазақстан да бар. Мемлекеттік инновациялық саясатты Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлейді және жүзеге асырады. Қазақстандағы инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың келесі бағыттары бар:

- ұйымдастырушылық және экономикалық шарттарын құру, соның ішінде мемлекеттік инновациялық қызметті ынталандыру;
- инновациялық дамудың негізгі басымдықтарын анықтау;
- инновациялық инфрақұрылымды құру және дамыту;
- инновацияларды құру мен енгізуде мемлекеттің қатысуы;
- сыртқы нарықтарға отандық инновацияларды шығару мен өткізу;
- технологиялар трансфертін қоса алғанда, инновациялық қызмет сферасында халықаралық қарым-қатынасты орнату.

Стратегияны іске асыру оны өнеркәсіптік өндірісті инновациялық, даму талабына сай барабар әрекет ететін жоғарғы білікті кәсіби мамандармен қамтамасыз етуге тікелей тәуелді. Бұл ғылыми, инженерлік-техникалық, ғалым-конструктор мамандарға да, ұйымдастыру-басқару мамандарына (менеджерлерге) да бірдей қатысты болады.

Бұл міндетті шешу үшін өнеркәсіпті қарқынды дамыту және жоғарғы технологиялар жағдайындағы жұмысқа қажетті түрлі кәсіптердің мамандарын даярлаудың арнаулы стратегиясы әзірленеді.

Стратегияда тікелей қозғалатын басқа да маңызды әлеуметтік-экономикалық проблема жұмыспен қамтамасыз ету болып табылады. Қосылған құны жоғары өңдеуші өнеркәсіп салаларын жеделдете дамыту, бір жағынан жұмыспен қамтудың өсуіне және жұмыс күшінің салааралық қайта айналуына алып келеді, ал екінші жағынан инновациялық даму жекеленген салаларда, әсіресе біліктілігі төмен жұмысшыларды жұмыспен қамтудың төмендеуіне әкеп соғады.

Соңғы проблема жұмыс күшінің салааралық, қайта айналуы мен өңіраралық ауысуы, оны жұмылдыруды арттыру есебінен жеңілдейтін болады. Бұл кадрларды, оның ішінде жұмысшы мамандарын кәсіби даярлау және қайта даярлауды мемлекет арқылы да, өңірлердегі еңбек нарығы мен тұрғын үй, әлеуметтік-тұрмыстық блок, өндірістік инфрақұрылымды және т.б. дамытудың жекеше жүйесі арқылы да жүзеге асыруды талап етеді.

Бүгінде Қазақстанның еңбек және жұмыспен қамту нарығына Қазақстанда жұмыс істейтін шетел компанияларындағы шетел мамандары мен жұмысшыларының ағылып келуі айтарлықтай салмақ түсіріп отыр.

Компанияларда мынадай таңдау мүмкіндіктері бар:

- Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген квота шеңберінде шетел мамандарын тарту немесе;

- сондай біліктілігі бар жергілікті кадрларды, біршама жоғарғы деңгейдегі еңбекақыға тарту.

Стратегияны іске асырудың екінші кезеңінде Қазақстан Республикасының Үкіметі шетел жұмысшы күшін тартудың тетіктерін жетілдіру туралы мәселені қарайды.

Сапалы адам капиталының болуы индустриялық-инновациялық стратегияны ойдағы іске асырудың ажырамас шарты болып табылады.

Білім беру секторы барлық елдер экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін басты бағыттардың бірі болып отыр.

Ғаламдану жағдайында экономикасы дамыған елдер неғұрлым перспективалы ғалымдар мен жоғарғы білікті мамандарды шоғырландыруды өзінің басты басым саясаты етіп алды.

«Ақыл-ойдың сыртқа кетуі» бұрынғы коммунистік елдердің экономикасын дамытуды баяулататын басты фактордың бірі болды. Бұл ахуалды тұрақтандырмай әрі елдегі білім берудің жалпы деңгейін кетермей, Қазақстан әлемде лайықты орын ала алмайды.

Қазіргі жағдайда экономикалық өсу ғылыми-техникалық прогреспен, бірінші кезекте, еңбек ресурстарының кәсіби сапасымен теңестіріледі.

Қазақстандағы білім беру жүйесі ырғақты дамитын ғаламдану мен ақпараттанудың қарқынды әлемдік процестеріне барабар әрекет етуге қабілетті болуы тиіс. Білім беруді реформалау және еңбек ресурстарын дайындау саласындағы нақты мемлекеттік саясат кәсіптік техникалық білім беру және инновациялық менеджмент бөлігінде де қажет.

Осы саладағы жұмысты жүйелеу дамыған елдердің тәжірибесін жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынас негізінде жүзеге асырылатын болады. Кейбір елдерде, мысалы Германияда бизнестің барлық субъектілері жұмыс күшіне сұранысқа сәйкес жұмысшы кадрларды даярлауды және қайта даярлауды қамтамасыз ететін ұйымдардың мүшелері болуға міндетті. Мұндай ұйымдардың әр мүшесі өзінің жарнасын төлеуі тиіс әрі өзіне қажет жұмысшы кадрлардың кәсіптеріне өтінім бере алады.

Білім беру процесін реформалау өтпелі және кәсіптік кадрларды даярлаудың барлық деңгейі мен бағытын қамтуы тиіс.

Білім беру мен кәсіби мамандарды даярлау саласындағы мемлекеттік саясат мына міндеттерді шешуі тиіс:

- білім беруді дамыту басымдықтарының бірі ретінде инновациялық қызмет үшін кадрлар даярлауды айқындау;

- мемлекеттің және жеке сектордың қатысуымен жұмысшы және техникалық мамандықтарды мамандарын кәсіптік даярлау, аттестаттау және қайта даярлау мәселелерімен айналысатын институттарды құру;

- білім берудің барлық түрлерінің материалдық-техникалық және әдістемелік базасын ұлғайту;

- халықаралық стандарттаға сай келетін білім беру стандарттарын әзірлеу мен енгізу;

- құрылатын жаңа өндірістер мен басқалары үшін жоғарғы білікті мамандарды Қазақстанда құрылатын жаңа өндірістеріндегі жұмыс үшін даярлау және тарту саласындағы халықаралық, ынтымақтастық;

- жоғары технологиялы өндірістер саласында кадрларды даярлау үшін жаңа жоғары оқу орындарын (халықаралық тәжірибе негізінде) құру немесе жұмыс істеп тұрған жоғары оқу орындарын мамандандырылған институттарға (университеттерге) қайта бейімдеу;

- республикада инновациялық қызметті дамыту үшін: инновациялық жобалардың менеджерлері мен сарапшылары; халықаралық маркетинг пен патент құқығы, инновациялық жобалардың ықтимал тәуекелін бағалау және оны азайту тәсілдері бойынша, венчурлік қаржыландыруды ұйымдастыру және басқалары бойынша мамандарды қажетті мамандықтар бойынша даярлау.

Халықтың денсаулық жағдайы кез келген елдің әлеуметтік-экономикалық мәдени және индустриялық даму деңгейін айқындайды.

Денсаулық сақтау саласы халықтың әл-ауқатының тұрлаулы да тұрақты өсу тұрғысынан елдегі негізгі және басым сала болып табылады.

Стратегия аясында денсаулық сақтау саласының негізгі міндеті өзіндік ғылыми және инновациялық әлеуетті құру және дамыту болып айқындалады.

Осыған орай деңгейлерге жету жаңа және қол жеткен деңгейлерді бекемдеу үшін отандық және әлемдік тәжірибені ескере отырып, денсаулық сақтау жүйесін серпінді дамыту үшін жағдай жасау қажет.

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат оның мемлекеттік медициналық -әлеуметтік және құқықтық қолдау кешенді шараларын әзірлеу мен жүзеге асыру денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту сияқты дәстүрлі бағыттармен қатар, денсаулық сақтау халықтың медициналық көмекке қол жеткізуін арттыра түсетін, ресурстарды сақтайтын, экономикалық тиімді әдістерге баса назар аудара отырып, диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамасын қолдануды қоса алғанда, қазіргі заманғы медициналық технологияны енгізуге бағдарланатын болады.

Денсаулық сақтау саласын дамытудың басқа бағыттары мыналар:

- денсаулық сақтаудың қызметтерінің бәсекеге қабілетін арттыру, отандық ғылыми зерттеулерінің негізінде дәрі-дәрмектер өндірісі дамуының басымдығын қамтамасыз ету;

- жаңа дәрі-дәрмектер, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу мен емдеудің отандық әзірлемелеріне қолдау керсету;

- денсаулық сақтауда қазіргі заманғы ақпараттық және инновациялық технологияларды дамыту;

- денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

Қазақстандағы инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың келесі бағыттары бар:

- ұйымдастырушылық және экономикалық шарттарын құру, соның ішінде мемлекеттік инновациялық қызметті ынталандыру;

- инновациялық дамудың негізгі басымдықтарын анықтау;

- инновациялық инфрақұрылымды құру және дамыту;

- инновацияларды құру мен енгізуде мемлекеттің қатысуы;
- сыртқы нарықтарға отандық инновацияларды шығару мен өткізу;
- технологиялар трансфертін қоса алғанда, инновациялық қызмет сферасында халықаралық қарым-қатынасты орнату.

Мемлекет қолдауымен ҚР-да ұлттық инновациялық жүйенің белсенді құрылуы байқалып отыр. Оның құрамды элементтері:

- ғылыми әлеует;
- инновациялық кәсіпкерлік;
- инновациялық және қаржылық инфрақұрылым.

Мемлекет қолдауымен Қазақстан Республикасында ұлттық инновациялық жүйенің белсенді құрылуы байқалып отыр. Оның құрамды элементтері: ғылыми әлеует, инновациялық кәсіпкерлік, инновациялық және қаржылық инфрақұрылым. Мемлекеттің инновациялық дамуын тиімді басқару үшін уәкілетті органдар, яғни инновациялық қызметті дамыту мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын индустрия және жаңа технологиялар министрлігі және ғылым мен ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын білім және ғылым министрлігі бірігіп, келесі функцияларды жүзеге асыруда:

- мемлекет экономикасының инновациялық дамуын ғылыми-техникалық жағынан қамтамасыз ету үшін ғылымның басымды бағыттарын анықтау, ғылыми-техникалық өнім нарығын құру, іргелі және қолданбалы ҒЗТКЖ-ларды қаржыландыратын бюджеттік бағдарламаларға бақылау орнату;

- басқару, ғылыми, инженерлік, кәсіптік дайындау мен біліктілігін көтеретін орта және жоғары оқу орындарын қоса алғанда, инновациялық қызмет үшін кадрларды дайындау және біліктілігін көтеру жүйесін құру;

- инновациялық өнімді өндіретін кәсіпорындар, инновациялық кәсіпорындар мен өндірістерді құруға көмектесетін мекемелер, технологиялық парктер, бизнес-инкубаторлар, арнайы конструкторлық технологиялық бюролар және тағы басқа инфрақұрылым субъектілерін тізбектеп құру;

- отандық жоғары технологиялы өнімдерді ішкі және сыртқы нарықтарға шығару жүйесін құру және осындай өнімдерді өндіруші кәсіпорындар үшін жеңілдіктер мен жұмыс жасау үшін қолайлы жағдайлар туғызу;

- инновациялық жобалар мен бағдарламаларды жасайтын әзірлеушілер мен жаңалық ашушылардың зияткерлік және интеллектуалдық меншігін қорғайтын заң жүйесін құру.

Қазақстанда экономикалық қызмет субъектілерінің инновациялық белсенділігін арттыру үшін заңдық және нормативтік-құқықтық негізі құрылған және жетілдіріліп келеді.

Республикамызда Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру үшін даму институттары құрылды. Олар «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл Ауқат Қоры құрамына кіреді. Оған «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Ұлттық инновациялық қоры» АҚ, «Орта кәсіпкерлікті даму қоры» АҚ, «Маркетингтік-талдамалық зерттеу орталығы» АҚ, «Экспортты және инвестицияларды сақтандыру жөнідегі мемлекеттік сақтандыру ұйымы» АҚ, «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ,

«ҚазИнвест», «Қазақстанның ипотекалық компаниясы», «Өмірді сақтандыру жөніндегі компания» сынды даму институттары кіреді. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ы, «Ұлттық инновациялық қор» АҚ-ы сияқты даму институттары алғашқы тұрақтану кезеңінен өтіп, инновациялық жобаларды кешенді қолдау тәртібіне көшті.

Нәтижесінде банк арқылы қаржыландырылған жобалардың ішінен келесі объектілерде жұмыстар іске асырыла бастады:

- Кентау қаласындағы реновация мен жүйелік аударымдарды жасайтын өндіріс;

- Шымкент қаласындағы мақта талшықтарынан тоқыма жасау өндірісі;

- Ақтөбе қаласындағы полиэфирлік шыны талшығынан құбыр жасау зауыты;

- Астана қаласындағы пластикалық шаныдан құбыр жасау зауыты.

Германия технологиясы бойынша құрылыс материалдарын өндірудің трансферті, өйткені «Schlosser-Pfeiffer» зауыттары сапалы бетондық бұйымдарды өндіру үшін қажетті буындар, машиналар мен механизмдерін өндіреді. Сонымен қатар қор «Геоскан» жаңа заманғы әмбебапты каротажды тіркеуіштерді өндіруді ұйымдастыру жобасын жүзеге асыруда. Жобаның мақсаты- каротаждың берілген көрсеткіштерін тіркейтін, оның скважинада қажетті аспаптар топтамасымен бірге экспресс-өңделуі және Қазақстан мен шетелдегі геофизикалық кәсіпорындардың өндіріс жағдайларына бейімделуге көмектесетін «Геоскан» жаңа заманғы каротажды әмбебап тіркеуіштерді өндіріске енгізуді ұйымдастыру. Жобаның бағасы-685 млн. теңге немесе «ГИС Компаниясының 25% акциясы + «Алтын акциясына» айырбас ретінде қордың жобадағы 100%-дық қатысуы. Жобаны іске асыру мерзімі – 5 жыл.

Сонымен қатар осы жылы «Мониторлар мен теледидарлар өндірісі»; «GLOTUR DS Multimedia» АҚ-ның ғылыми-зерттеу лабораториясын құру жобасы бойынша міндеттемелерді қор өз қол астына алды. Жобаны іске асыру нәтижесінде тұрмыстық техниканы өндіру үшін база құрылады, технологиялар трансферті орындалып, R and P лабораториясын құру нәтижесінде кәсіпорынның технологиялық тәуелсіздігіне қол жетеді.

Қордың қатысу үлесі 40%, сонымен қатар екі жеке компанияның (оның біреуі шетелдік) жалпы сомасы 604 млн теңгені құрайтын қаражаттары тартылмақ.

Қор 11 венчурлық қордың жарғылық капиталына қатысып отыр, олардың алтауы-отандық және бесеуі-шетелдік. Қор қатысуының жалпы үлесі 10,9 млрд теңгені құрайды. Қордың қатысуымен алты венчурлық қор құрылды, оларға жұмсалатын жалпы қаражат 13,9 млрд теңгені құрап отыр. Қордың қатысу үлесі - 6,8 млрд теңге немесе жоғарыда аталған соманың 49%-ды құрап отыр. Олар:

1. Жеке инвесторлармен бірігіп, «Әрекет» жоғары технологиялар қорын құрды. Жеке инвесторлар ішінде «Тұран Әлем Секьюритис» те бар. Қаржыландыруға бір жоба мақұлданды, төртеуі қарастырылуда.

2. «Lancaster Group» АҚ-мен біріге отырып, «Адвант» венчурлық қорын құрылды. Қаржыландыруға екі жоба мақұлданды.

3. «Сентрас Капитал» ЖШС-імен бірігіп, «Сентрас венчурлық қор» тәуекелді акционерлік инвестициялық қорын құрылды. Қаржыландыруға он үш жоба мақұлданды, бесеуі қаржыландырылуда.

4. «Қазақстанның Халық жинақтау банкі» АҚ-мен біріге отырып, «Halyk Private Equity» АҚ-мын құрды.

5. «GLOTUR» АҚ-мен бірігіп, «GLOTUR Technology Fund» АҚ-мын құрды.

6. «ЦентрКредитБанкі» АҚ-мен біріге отырып, «АИФРИ Center Capital» АҚ-мы құрды.

Құрылған венчурлық қорларға 7,1 млрд теңгені құрайтын жеке капитал жұмылдырылған.

Қордың басшылар кеңесімен АҚШ, Орталық Азия, Қытай, Азия-Тынық мұхит аймағында орналасқан бес шетелдік венчурлық қорларға инвестициялар жасау жөнінде шешім қабылданды. Біріккен венчурлық қорларды құрудың мақсаты- әлемнің жетекші технологиялық компанияларымен бірге қарым-қатынас орнатып, білім, тәжірибе және технологиялармен алмасудың ашық жүйесін құру. Қор осындай компаниялармен жұмыс істей отырып, тек қана шетелдік инвесторлардың қаржысын тартып қана қоймай, жоғары технологиялы компаниялармен бірегей глобалді қатынас жүйесін құрады, Қазақстанның ғылымы мен техникасының дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер алады.

«Ұлттық инновациялық қор» АҚ-ы келесі шетелдік венчурлық қорлардың акционері болып келеді:

1. «Wellington Partners Ventures III Technology Fund L.P» Еуропалық технологиялық венчурлық қоры(тіркелу орны-АҚШ, инвестициялардың географиясы- Германия,Еуропа), жарғылық капиталы 150 млн еуроны құрайды. Қордың қатысу сомасы- 7,7 млн теңге. Қордың ірі серіктестері: European Investment Fund, Stichting Pensioenfonds vor de Gezondheid, Stichting Pensioenfonds ABP, The Wellcome Trust Ltd., Access Capital Technology және тағы басқалары. 2006 жылдың 1 шілдесіне «Ұлттық инновациялық қор» АҚ-ы «Wellington Partners Ventures III Technology Fund L.P» венчурлық қорына 2,09 млн. еуро көлеміндегі міндеттемелері бойынша аударымдар жасады. «Wellington Partners Ventures III Technology Fund L.P» венчурлық қоры 7 компанияға жалпы сомасы 24,84 млн. еуроны құрайтын инвестицияларды жасады.

2. «Caset» шағын кәсіпкерлікті қолдаудың Орталық-Азиялық қор(тіркелу орны-АҚШ, инвестициялар географиясы- Орталық Азия), жарғылық қоры-4,2 млн доллар. Қордың қатысу үлесі-2,058 млн доллар.

3. «Flagship Venture Fund 2004, L.P.» венчурлық қоры(тіркелу орны- АҚШ, инвестициялар географиясы- АҚШ-тың Шығыс жағалауы), жарғылық капиталы-180 млн доллар, қор қатысуы-10 млн доллар.

4. «JAIC-Maayan ASEAN Fund»(тіркелу орны-Малайзия, инвестициялар географиясы-АСЕАН мемлекеттері) жарғылық қоры-50млн доллар. Қордың қатысу үлесі-5 млн доллар.

5. «UOB STIC Asia Technology Fund» (тіркелу орны-Сингапур, инвестициялар географиясы-Оңтүстік Корея, АҚШ, Азия) жарғылық капиталы-100-200 млн доллар.

Қордың Басшылар кеңесінің шешімімен патенттеу мен жоба гранттарын жеңіп алу үшін қажетті құжаттар тізімі бекітілген. Қордың қарауына жалпы сомасы 22 3235 млн теңгені құрайтын 284 ҒЗТКЖ жобалары ұсынылған. Ал бөлінген гранттар сомасы-2366 млн теңгені құрады. Осының нәтижесінде қор 29 ҒЗТКЖ жобалары бойынша гранттық міндеттемелерді алды, оның ішіндегі қор үлесі 218,6 млн теңгені құрайды. Жалпы сомасы 21,3 млн теңгені құрайтын 3 жоба бойынша келісім-шарт жасалды. Қор ҒЗТКЖ жобаларын келесі бағыттар бойынша қаржыландырады:

- биотехнология және фармацевтика-жалпы сомасы 89,9 млн теңгені құрайтын 9 жоба;
- ақпараттық және коммуникациялық технологиялар-жалпы сомасы 41,1 млн теңгені құрайтын 6 жоба;
- жаңа материалдар мен нанотехнологиялар- жалпы сомасы 11,6 млн теңгені құрайтын 2 жоба;
- көмірсутектік технологиялар-жалпы сомасы 20,9 млн теңгені құрайтын 3 жоба;
- баламалы (альтернативная) энергетика- жалпы сомасы 17,2 млн теңгені құрайтын 3 жоба;
- басқа бағыттар бойынша (химия, машина және құралдарды жинау; құрылыс материалдары) - жалпы сомасы 38 млн теңгені құрайтын 6 жоба.

Қор Қ.И.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ-мен бірігіп, технологиялық бизнес-инкубаторларды қаржыландыра бастады, сонымен қатар «Алатау» ақпараттық технологиялар паркінің құрылысы жалғасуда. Қор өз міндеттерін тиімді жүзеге асыру үшін «Ақпараттық технологиялар паркін басқару жөніндегі Компания»ЖШС-ін құрды.

Осы бөлімді қорыта келе отандық және шетелдік тәжірибені ескере отырып, Қазақстандағы инновациялық қызметтің негізгі бағыттарын келесі кешендерде жүргізу тиімді болып келеді:

- отын-шикізаттық кешенде-минералды шикізаттардың стратегиялық және тапшы түрлері қорларының мониторингі мен іздестірудің әдістерін әзірлеу мен енгізу, оларды жер қойнауынан шығару мен өңдеу деңгейін көтеру және тасымалдаудың жоғары сапалы және экологиялық қауіпсіз жүйелерді құру;
- электр энергетика кешенінде - экономикалық жағынан тиімді энергоқондырғыларды әзірлеу және жасап шығару;
- транспорттық кешенде - тасымалдау машиналары паркін жаңарту және дамыту, инфрақұрылымның жаңғыртылуы, прогрессивтік технологияларды қолдану және су, әуе, теміржол, автокөлік машиналарының техникалық деңгейін көтеру;
- химиялық және мұнай химиясы өндірісінде - шикізат пен энергияны үнемдейтін технологияларды қолданып, синтетикалық және композициондық

өнімдерді өндіру, сонымен қатар экологиялық таза полимерлерді, химиялық талшықтарды, синтетикалық каучуктерді, тыңайтқыштарды және тағы басқаларын өндіру;

- микробиологиялық өндірісте - ауылшаруашылық шикізатты өндіру мен өңдеудің биотехнологиялық процестерін қолдану, жаңа, бәсекеге қабілетті өнімдер технологиясын құру;

- агроөндірістік кешенде - биотехнологияның жетістіктерін пайдалана отырып, ауылшаруашылық үрдістердің деңгейін көтеру, ауылшаруашылық өнімдерінің сапасын көтеретін технологияларды енгізу және т.б.

Шикізат өндірісі секторының экспорттық түсімі көлемдерінің төмендеуімен айқындалған Қазақстанның экономикасына жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың ықпалы, елдің индустриалды дамыту және экономиканың дәстүрлі секторларының бірінші кезекте әртараптандыруды қажет етеді.

Бас басымдылықтар - өнімдердің әртараптандыруы мен олардың терең өңделуіне дейінгі технологиялық тіркестің жалғасы арқылы дәстүрлі экспорттық секторларды дамыту; жоғары қосылған құны бар өнімнің және еңбек өнімділігінің биік деңгейі көмегімен инновациялық өндірістерді дамыту болып табылады.

Партия съезінде мемлекет басшысы үкіметке аймақтардың ресурстық базасымен және инфрақұрылымның дамуымен байланыстырылған өндірістік қуаттардың тиімді орналастыру схемасы қосылатын жаңа бағдарламаның іске асыруына қажетті Қазақстанның индустрияландыру картасын әзірлеуді тапсырды.

Инновациялы индустрияландырудың негізгі мақсаттары: кәсіпкерлік пен мемлекеттің күштерін біріктіру және елдің резервтерін экономиканың басты секторларын дамытуға шоғырландыру; қолайлы кәсіпкерлік орта мен инвестициялық климатты қалыптастыру; ұлттық экономиканың қарқындылығы мен өнімділігін арттыру.

Индустриалды-инновациялық жедел даму жалпы ішкі өнімді 7 триллион теңгеге дейін жеткізуді көздейді. Және экономиканың басты салаларының ешбірінің кенжелеп қалмай, төрт аяғынан тең дамуын қамтамасыз етуге тиіс. Бағдарламаға артылып отырған жүк ауыр: мемлекет пен бизнестің күшін тек экономикалық өрлеулер үшін шоғырландыру, елдегі ресурстардың барлығын басым бағыттарды дамытуға тиімді жұмсау, аса қолайлы инвестициялық және макроэкономикалық орта қалыптастыру, ұлттық экономиканың өнімділігі мен тиімділігін арттыру, тағысын тағылар...

Бағдарлама мынадай екі мәселеге барынша басымырақ назар аударуды көздейді: біріншісі – дәстүрлі экспорттық секторды өнімдердің алуан түрлілігімен қамтамасыз ете отырып дамыту. Екіншісі – инновациялық өнеркәсіпті дамытуға ден қою.

Ел экономикасының алдағы бесжылдықтағы жедел индустриалды даму кезінде негізге алынатын жеті басым бағытын атап кетуге болады:

1. Агроөнеркәсіп кешені;

2. Құрылыс саласы;
3. Мұнай өңдеу;
4. Металлургия;
5. Химия өнеркәсібі және фармацевтика;
6. Энергетика;
7. Көлік және телекоммуникация инфрақұрылымын дамыту.

Мемлекет үдетілген индустриалды-инновациялық дамытудың негізгі бағыттарын белгілеп берді. Олар агроөнеркәсіптік кешен және ауыл шаруашылық өнімдерді өңдеу; құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарының өндірісін дамыту; мұнай өңдеу және мұнай-газ секторы инфрақұрылымын дамыту; металлургия және дайын метал өнімдерінің өндірісін дамыту; химия, фармацевтикалық және қорғаныс өнеркәсібін дамыту; көлік және телекоммуникациялық инфрақұрылымдарды дамыту.

Осы уақытта алғашқы бес жылға арналған үдетілген индустриалды-инновациялық даму жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаның жобасы әзірленді. Мемлекеттік бағдарлама және салалық жаңа 10 бағдарламалар индустриалды-инновациялық даму стратегиясының, «Қазақстанның 30 корпоративті көшбасшылары» бағдарламасының Көлік стратегиясының және индустрияландыру саласындағы басқа да бағдарламалық құжаттардың негізгі ережелерін біріктіретін болады. Жоғары қосылған құны бар қазіргі және перспективті өндірістер тіркелімін көрсететін құжаттар сияқты 23 мастер-план әзірленді. Мастер-план өнім өндірісінің ұтымды технологияларын, оны сатып өткізудің әлеуетті нарықтарын және оның бәсекелестік деңгейін, инновациялық жобалардың іске асырылуына шағын және орта кәсіпкерліктің қатысу мүмкіндігін, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу қажеттілігін айқындайды.

Инновациялық индустрияландырудың бірінші кезектегі мақсаты, жоғарыда атап өткендей, кәсіпкерлік пен мемлекеттің күштерін біріктіру болып табылатынды, демек елдің үдетілген индустрияландыруы туралы мембағдарлама кәсіпкерлікке не бере алады және не беруге тиіс деген сұрақтар пайда болады.

Біздің елдегі, әсіресе оның нақты секторындағы, кәсіпкерліктің негізгі проблемасы әрдайым қаражаттың тапшылығы болғандықтан, мембағдарламада жобаларды жеңілдете қаржыландыру ескерілді. Жаңа өндірістерді қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуін мемлекет өзіне алады. Салықтық және кедендік ынталандырудың арнайы шаралары қолға алынады. Алдымен лицензиялау саласынан бастап, мемлекет көп әкімшілік бөгеттерді жояды және мемлекеттік органдардың рұқсат беру қызметін оңтайландырады. Парламент палаталарының бірлескен мәжілісінде, Президент атап өткендей, кәсіпкерлік субъектілерді тексеру бойынша мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерін ретіне келтіру қажет – мемлекеттік органдардың дәл осы функциясы күні бүгінге дейін Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуына кедергі ететін факторлардың бірі болған.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету шаралары қатарында, кәсіпорындарды дайын инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін АЭЗ аумақтарында, индустриалдық зоналар мен технопарктерде жаңа өндірістер орналастырылады.

Жаңа өндірістердің табысты қалыптасуы мен дамуы үшін мемлекеттік сатып алулар арқылы нақты сұранысқа кепілдік беру маңызды. Үкімет биылғы жылы отандық өндірушілерге мемлекеттік тапсырыстар алуға мүмкіндік беретін құжаттар топтамасын қабылдады. Атап айтқанда, бағалық ұсынысы шетелдік жабдықтаушыға қарағанда жоғары болған жағдайда да, қазақстандық жабдықтаушы қолдауға ие болады. Асып кету шегі 30 пайызбен шектелген, осы баға кәсіпорын ұсынатын тауарлар мен қызметтердегі қазақстандық мазмұнды үлестеме мөлшері деңгейіне байланысты өзгере алады.

Мемлекеттік бағдарлама ең алдымен экономиканың басты салаларындағы жоғары технологиялы және бәсекелестікке лайықты өндірістік бизнес-бастамалар үшін тиісті жағдай жасап, мемлекеттік ресурстық және қаржылық қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін болады.

2010-2014 жылдардағы бесжылдықты қамтитын экономикалық бас бағдарлама осы тұрпаттағы жетістіктерге қол жеткізуді көздейді. Тұрпаты бөлектеу. Он бірдей басымдық беріліп отырған саланы жалғыз өзі бес жыл бойына сүйреуге тиіс. Бәлкім, бұрынғы нәтижесі белгісіз боп қала беретін сансыз бағдарламалардың тағдырын қайталай қоймас.

Қорытындылай келіп, бизнесті нақты жобалардың айналасына шоғырландырып, жұмылдырып қана қоймай, жұмыспен қамтудың, қылмыспен күрестің, халықтың шығармашылық әлеуетін дамытудың проблемасын шешу қажет. Үдемелі индустриаландыру – бұл дамудың, және ең алдымен, сана-сезім өзгерісінің сапалы жаңа кезеңі. Міне сондықтан да мен үдемелі индустриалық-инновациялық даму (ҮИИД) Бағдарламасы – көп мақсатты үрдіс. Бұл ұлттық экономикалық даму идеясының өзіндік материалдық іске асуы болып табылады.

1.4 Инновациялық экономика – Қазақстан дамуының стратегиялық бағыты

Экономиканың үнемі қарқынды дамуын қамтамасыз етуде өндірістің техникалық және технологиялық базасының ұдайы жаңаруын, жаңа бәсекеге қабілетті өнімдерді игеріп, оларды шығаруды, әлемдік тауарлар мен қызметтер нарықтарына тиімді кіруді қамтамасыз етуге қабілетті инновацияларды дамытудың маңызының артып отырғаны мәлім. Бұл үшін қоғам өмірінің барлық салаларын және ең алдымен экономика саласын реформалау қажет.

Әрбір әлеуметтік-экономикалық революцияның негізі айрықша технологиялардан, өндірістік-технологиялық жүйелер мен өндірістік қатынастардан қаланады. Постиндустриялық қоғамда осы рөлді ең алдымен жаңа физикалық-техникалық және химия-биологиялық қағидалардың нәтижелері болып табылатын ақпараттық технологиялар мен

компьютерлендірілген жүйелер мен оларға негізделген адам қызметінің әр түрлі салаларының инновациялық технологиялары, инновациялық жүйелері мен инновациялық ұйымдар атқарады. Біздің ойымызша, осының нәтижесінде экономиканы ұйымдастырудың жаңа нысаны – инновациялық экономика құрылады. Біздің зерттеулеріміздің нәтижелері, отандық және шетел ғалымдарының осы проблеманы зерттеулерін талдау инновациялық экономика құру – еліміздің дамуының стратегиялық бағыты екеніне көз жеткізді.

Жетекші батыс елдерінің экономикасының дамуының қазіргі кезеңдегі үрдістерін талдау инновациялық экономиканың білімге, инновацияға, жаңа идеяларды, жаңа машиналарды, жүйелер мен технологияларды жақсы қабылдауға, оларды адам қызметінің түрлі салаларында тәжірибе түрінде жүзеге асыруға дайындыққа негізделген қоғам экономикасы екендігін білдіреді. Ол білімдер мен инновациялардың, әсіресе ғылыми білімдердің ерекше рөлін баса көрсетеді. Ғылыми және технологиялық білімдердің ықпалымен инновациялық экономикада материалдық өндірістің дәстүрлі салалары жаңа сапаға айланып, өзінің технологиялық негізін немесе өндірісін түбегейлі өзгертеді, ал жаңа білімдер мен инновацияларға негізделмегендер инновациялық экономикада тіршілікке қабілетсіз болып табылады.

Ақпараттық технологиялар, компьютерлендірілген жүйелер және жоғары өндірістік технологиялар инновациялық экономиканың негізгі жүйелері болып табылады. Олар өздерінің дамуында ақпарат алу, өңдеу, беру және өндірудің барлық әдістерін түбегейлі өзгертіп, зияткерлік қызметті (мысалы, жобалауды және өндірістің технологиялық дайындығын автоматтандыру, өндіріс барысын автоматты бақылау, қаржы-бухгалтерлік есеп-қисапты және ұйымдық-өкімдік қызметті жүргізуді автоматтандыру, көптілді автоматтандырылған аударма, диагностика және бейнелерді тану және т.б.) түбірімен технологияландырады.

Қоғамдағы инновациялық экономиканың келесі негізгі белгілерін атап өтуге болады:

- кәсіпорынның кез келген индивидуумы, адамдар тобы, кез келген елде және кез келген уақытта телекоммуникацияның қолжетімдігі автоматтандырылған жүйесі негізінде жаңа немесе белгілі білімдер, инновациялар (жаңа технологиялар, материалдар, машиналар, өндірісті ұйымдастыру және басқару және т.б.), инновациялық қызмет, инновациялық үдерістер туралы кез келген қажет ақпаратты ала алатын болса;

- алдыңғы пункттердің жүзеге асуын қамтамасыз ететін қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен компьютерлендірілген жүйелер өндірілсе, қалыптасса және олар кез келген индивидуум, тұлғалар тобы және ұйымдар үшін қолжетімді болса;

- үнемі дамып отыратын ғылыми–техникалық прогресті және инновациялық дамуды қолдау үшін қажет ұлттық ақпараттық ресурстарды жасауды қамтамасыз ететін дамыған инфрақұрылымдар, сондай–ақ қоғамның тұрақты қарқынды әлеуметтік–экономикалық, ең алдымен ғылыми–ақпараттық дамуын қамтамасыз ету үшін қажет барлық көпжоспарлы ақпарат жасай алатын қоғам болса;

- өндіріс пен басқарудың барлық тармақтары мен салаларында жылдам автоматтандыру және компьютерлендіру үдерісі жүретін; салдары адам қызметінің түрлі салаларында инновациялық қызметті ұлғайту және жандандыру болып табылатын әлеуметтік құрылымдардың түбегейлі өзгеруі жүзеге асатын болса;

- жаңа идеялар, білімдер мен технологиялар жақсы қабылданып, әр түрлі функционалдық қолданыстағы инновациялар кез келген уақытта кең тәжірибеде қолданылуға және енгізілуге дайын болса;

- уақыттың осы сәтінде жоғары өндірістік технологияларға негізделген инновацияға қажеттерді тез әрі икемді жүзеге асыратын және инновациялық қызметті өрістететін, кез келген инновацияларды және кез келген өндірісті бәсекеге қабілетті етіп жасап, дамытатын әмбебап дамыған инновациялық инфрақұрылымдар болса;

- инноватика және инновациялық қызмет салаларында маман-кадрларды дайындау және қайта дайындауды басып озатын, отандық өндірістер мен аумақтарды қайта қалпына келтіру және дамытудың кешенді жобаларын тиімді жүзеге асыратын нақтылы тәртіпке салынған икемді жүйе болса, онда қоғамдағы экономика біз үшін инновациялық болып табылады.

Инновация, инновациялық қызмет, инновациялық инфрақұрылым инновациялық экономиканың негізгі түсінігі болып табылады. Бұл түсініктер нені білдіреді, олардың мазмұны мен көлемі қандай? Бұл түсініктермен қысқаша танысамыз, себебі елдегі тиімді инновациялық экономиканың қалыптасу әдісі мен стратегиясы көбіне оларды дұрыс түсінуге байланысты болады.

Инновациялар, инновациялық қызмет, инновациялық үдерістер – бұл қазіргі кезде сан түрлі және кең түсіндірілетін түсініктер. Бұл түсініктердің дамуы мен жаңа идеялар мен өнертабыстар, жаңа ғылыми жетістіктер, жаңа білімдер мен технологиялар, іргелі және іздену ғылыми–зерттеу жұмыстарының жаңа нәтижелері мен т.б. сияқты жаңалыққа жататын барлық жаңа үдерістерге таралуы инновациялық және жаңа деген екі түсініктің тұрмыстық көрінісі мен араласуынан пайда болады. Инновациялық қызметті жаңа қызмет ретінде кеңінен түсіндіру ғылыми–техникалық прогресс деп түсінілетіндердің барлығын қамтып әрі ғылыми және инновациялық басымдықтарды араластырып, ғылыми немесе инновациялық дамуды қамтамасыз ететін инфрақұрылымдарға қойылатын талаптардың бірдейлігі туралы жалған түсініктерді туындатады. Ғылыми–техникалық прогрестің келесідей түсінілуіне байланысты аталмыш тезисті негіздейміз: ғылыми–техникалық прогресті мақсатқа сәйкес шартты түрде екі негізгі өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын құрамдастарға – ғылыми–техникалық жетістіктердің құрамдасы мен өндірістік–техникалық жетістіктердің құрамдасына бөлеміз.

Бірінші жағдайда, ғылыми жетістіктер – жаңа білімдер, жаңа ғылыми–техникалық идеялар, ашылымдар мен өнертабыстар, жаңа физикалық–химиялық–биологиялық принциптерге негізделген жаңа технологиялар

ғылыми–техникалық прогрестің нәтижелері болып табылады. Екінші жағдайда, өндірістік–техникалық жетістіктер – инновациялар ғылыми-техникалық прогрестің нәтижелері болып табылады.

Инновацияларды жасау келесілерді болжайды:

- мақсатқа лайық кәсіби даму және ғылыми–техникалық жетістіктердің нәтижелерін жаңа технологиялар, жаңа жүйелер, машиналар, құрал-жабдықтар, өндірісті және т.б. ұйымдастыру мен жоспарлаудың жаңа әдістерін жасауға дейін жеткізу;

- өндірістік-техникалық жетістіктердің жасалған нәтижелерін тұтынушылар немесе нарық, не болмаса «тапсырыс–орындау» механизмі арқылы тәжірибе жүзінде жүзеге асыру;

- жасалған инновациялық өнімді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

- нарықтың немесе тапсырыс берушінің сұранысына ие инновацияларды (оларды ғылыми–техникалық жетістіктердің инновациялық бағыттары деп атайтын боламыз) жасау және жүзеге асыру үшін қажет жаңа ғылыми–техникалық жетістіктерді зерттеу және оларға қол жеткізу (егер ондай болмаса).

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, біз инновациялық қызмет деп қоғамдық тәжірибеде қолда бар барлық үдемелі технологияларды, жүйелерді, машиналар мен құрал–жабдықтарды отандық және әлемдік ғылым мен техниканың ғылыми–техникалық жетістіктеріне енгізу және пайдалану негізінде қолдана отырып, «дайын» өндірістік–техникалық жетістіктерді – инновацияларды жүзеге асыруға бағытталған адамдар ұжымының қызметін түсіну керектігін қорытындылаймыз. Ол алынған және тексерілген ғылыми–техникалық жетістіктердің қолда бар көлемі мен жетістіктері арасындағы қабыспайтын алшақтықтың алдын алуды және олардың дамып келе жатқан (құрылып жатқан) кәсіпорындарда қолданылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Инновациялық белсенділіктің молықтырылуы – тиімді инновациялық экономиканың қалыптасуының маңызды шарты екенін осыдан білуге болады.

Инновациялық қызметтің тиімділігі көбіне инновациялық инфрақұрылыммен анықталады. Сондықтан инновациялық инфрақұрылым инновациялық экономиканың, қоғамдағы инновациялық әлеуеттің негізгі құрамдасы болып табылады.

Инновациялық инфрақұрылым инновациялық экономиканың негізгі нұсқаулығы және механизмі болып табылады. Ол «архимед тұтқасы және сүйеніш шегі» сияқты елдің экономикасын өте жоғары деңгейге көтере алады. Осындай түсінікке байланысты, біз инновациялық инфрақұрылымды өзара байланысты, бірін-бірі толықтыратын өндірістік–техникалық жүйелер, ұйымдар, фирмалар және инновациялар мен инновациялық қызметтерді тиімді жүзеге асыру қажет тиісті ұйымдастырушылық-техникалық жүйелер ретінде көреміз. Инновациялық инфрақұрылым ел экономикасының даму қарқынын (жылдамдығын) және оның тұрғындарының әл-ауқатының өскенін алдын ала анықтайды. Әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесі әлемдік нарықтағы ғаламдық бәсеке жағдайында инновацияларды жасайтын және жүзеге асыратын

дамыған инфрақұрылымы, инновациялық қызметтің біршама тиімді механизмі бар ел экономикасының ұтатындығын көрсетті. Сондықтан елдің инновациялық экономикасы тиімді жұмыс жасау үшін инновациялық инфрақұрылым функционалды толық болуы тиіс.

Жоғарыда аталған факторлар - бұл өңір және тұтас ел аумағында инновацияларды жасау және жүзеге асыру жөніндегі инжинирингтік технологияларды толық іске асыруға мүмкіндік беретін ерекшеліктердің жиынтығын иелену дегенді білдіреді. Біздің сеніміміз бойынша, аталған жиынтық келесі ерекшеліктердің жиынтығын қамтуы тиіс:

- инновациялық қызметтің «дайын» объектілерін тапсыруды қамтитын толық инновациялық циклдің міндеттерін сол орнында шеше алатын инновациялық–технологиялық орталықтар немесе инжинирингтік фирмалар түрінде барлық өңірлерге таралуын;

- экономиканың өндірістік немесе қызмет көрсететін секторларының кез келген саласындағы «дайын» инновациялық жобаны жүзеге асыруды бәсекеге қабілетті түрде қамтамасыз ете алатын әмбебаптықты;

- тапсырыс берушіге немесе тұтынушыға адал және сапалы қызмет көрсетуге негізделген кәсібилікті;

- соңғы нәтижеге бағдарлануды қамтамасыз ететін конструктивтілікті.

Инновациялық жобаның дамуы соңғы нәтижелерді үздіксіз талдаумен қатар жүруі тиіс. Қол жеткізілген соңғы нәтижелер бойынша сенімді ақпараттардың болуы инновациялық қызметтің даму үдерісінде тікелей конструкциялық басымдықтарды дайындап, инновациялар – инвестициялар – соңғы нәтижелердің мониторингі – инвестициялар және т.б. схемасы бойынша инновацияларды басқарудың тұйық жүйесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

- ғылыми-техникалық әлеуеттің жоғары деңгейін;

- мамандармен бірінші кезекте, инновациялық жобалардың жетекшілерімен және инновациялық инфрақұрылымның персоналын үнемі жаңарту және жетілдіру мүмкіндігін қамтамасыз етуді;

- қаржымен қамтамасыз етілу (айналым капиталының болуы);

- соңғы нәтижені алуды жылдамдататын нұсқаулық әдістердің жоғары деңгейін;

- инновациялық инфрақұрылымдардың нарық пен ішкі жағдай талаптарының өзгеруіне бейімделуін қамтамасыз ететін икемділікті.

Біз жасаған зерттеулердің нәтижелері, сондай-ақ әлемнің дамыған елдерінің тәжірибелері көрсеткендей, инновациялық инжинирингтік орталықтардың (фирмалар, кәсіпорындар) инфрақұрылымы инновациялық инфрақұрылымның басты негізі, ғылыми-техникалық жаңа енгізілімдерді – инновацияларды жүзеге асырудың біршама барабар механизмі болып табылады. Инновациялық инжинирингтік орталықтардың инфрақұрылымы ең үздік отандық және шетелдік білімдер мен технологияларды шоғырландырып, тапсырыс берушіге инновациялық жобаны табысты жүзеге асырудың кепілі және жүйелі бірлестігі ретінде қызмет көрсетуді: соңғы инновациялық өнім

нарығының жағдайын, инновациялық жобаның техникалық–экономикалық негіздерін және оны дайындауды зерттеуден бастап кадрлық қамтамасыз ететін «дайын» жабдықтарды жиынтықты жеткізуге, оны жүйелі енгізуге дейін қарастыруы тиіс.

Инновациялық инфрақұрылымның жоғарыда аталып өткен бірқатар ерекшеліктерінің мазмұнын ашып көрсетуге болады. Нарық қажеттіліктерін зерттеу және оның мониторингі, шығарылып жатқан инновациялық өнімдерді үнемі және жылдам жаңартып отыру қажеттігі инновациялық экономикаға икемді автоматтандыруды енгізуге аса қатты мән беруді талап етеді.

Ақпараттық технологиялар мен компьютерлендірілген жүйелерді кеңінен қолдана отырып кешенді икемді автоматтандыру инновациялық экономиканың өзегі болып табылады. Сондықтан өңір экономикасының барлық құрылымдық қайта құруларының негіздерінде, оның өңірлік инновациялық инфрақұрылымының негізінде автоматтандырылған жоғары технологиялар мен компьютерлендірілген жүйелердің «жобалау – өндіру – бақылау – жүзеге асыру» толассыз кезең болуы тиіс. Осыдан барып, толассыз «қағассыз» циклді автоматтандырылған режимде жүзеге асыратын және бір жүйеге инновацияға бағытталған ғылыми–зерттеу, тәжірибелік–конструкторлық жұмыстарды, соңында инновациялық өнімдерді жасауға бағытталған өндірісті жоспарлау мен технологиялық дайындау үдерістерін біріктіретін автоматтандырылған біріккен жобалық-өндірістік жүйелерді дайындаумен және игерумен байланысты ғылыми–әдістемелік және ұйымдастырушылық–технологиялық мәселелерді шешу инновациялық экономиканың қалыптасу және дамуының маңызды өңірлік проблемасы болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар, мұндай жүйелерде ғылымды қажетсінетін жаңа жүйелерді жасауға: инновацияларды жобалау; ғылымды қажетсінетін жаңа жүйелердің басты үлгілерін дайындау және жинақтау; іске қосатын–реттеуші жұмыстар және ғылымды қажетсінетін жаңа жүйелерді сынауға тән негізгі үш кезеңнің толассыз байланысы автоматтандырылуы тиіс.

Өңірлерде инновациялық қызметті ақпараттық қамтамасыз етудің тиімді механизмін жасау инновациялық экономика жағдайында өзінің өзекті шешілуін талап ететін маңызды проблема болып табылады. Бұл механизмнің нәтижелілігі өңірлердің үздіксіз әлеуметтік-экономикалық мониторингінің сапасына айтарлықтай тәуелді. Мұндай мониторинг, біздің көзқарасымыз бойынша, инновациялық қызметті жақсарту және дамытуға бағытталған басқарушылық шешімдер мен ұсыныстарды дайындау мақсатында өңірдегі экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, ғылыми және инновациялық жағдайларды бақылау, бағалау, талдау және болжауды қамтуы тиіс. Мониторинг инновациялық үдерістер, сондай-ақ өңірдегі экономиканың құрылымдық қайта құруларының жалпы үдерістері сияқты өңірлерді осы үдерістерді тиімді басқаруға бағыттайды. Сондықтан өңірдегі құрылымдық қайта құрулардың автоматтандырылған мониторингінің функциясы инновациялық экономиканы ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы негізгі функциялардың бірі болуы тиіс. Осыған байланысты мәліметтер мен білімдердің инновациялық банктерін

пайдалану мен жаңартуды үнемі қолдап отыру үшін өңірлерде инновациялық–ақпараттық қамтамасыз етудің автоматтандырылған орталықтарын (ИААО) құру мақсатқа лайық болып отыр. Келесі ережеге байланысты мынаны айту керек: инновациялық қызметтің субъектілеріне, бірінші кезекте, сәйкесінше реттелген техникалық–экономикалық, конъюнктуралық–коммерциялық, статистикалық ақпаратты, өнеркәсіптік өнімдердің, технологиялардың, машиналар мен құрал-жабдықтардың, материалдардың, қызмет түрлерінің және т.б. сипаттары туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат қажет. Бұл жерде инновациялық экономиканы ақпараттық қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі ретіндегі өңірлік кәсіпорындардағы инновациялық қызмет пен инновациялардың маркетингіне маңызды рөл беріледі.

Инновациялық маркетинг кәсіпорынның инновациялық өнімдерін жүзеге асыру үдерісімен, дәлірек айтсақ:

- тұтынушы мен оның нарықтағы мінез-құлқының себептерін зерттеумен; инновациялық өнімдерді және оны сату арналарын зерттеумен;

- бәсекелестерді зерттеумен және олардың инновациялық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін анықтаумен;

- ИААО-ның жетекші құрылымдарының бірі болуы тиіс кәсіпорынға өзінің артықшылықтарын жүзеге асыруға ыңғайлы мүмкіндіктер беретін нарықтың «тауашасын» зерттеумен байланысты барлық мәселелерді зерттеу жөніндегі шаралар кешені болып табылады.

Өңір деңгейінде инновациялық экономиканы кешенді ақпараттық қамтамасыз етуге бағытталған жаңа ақпараттық құрылым – автоматтандырылған біріккен ақпараттық жүйе сияқты салалар мен кәсіпорындар құру мемлекеттің инновациялық экономикасының маңызды мәселелерінің табысты шешілуіне: кәсіпорындардың, салалардың, өңірлердің және тұтас елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Инновациялық экономиканың қалыптасуы өңірлердегі күрделі инновациялық жобалардың іс жүзінде жүзеге асуын басқарудың тиімді механизмін қалыптастыруға айтарлықтай байланысты. Бұл жерде де мемлекеттің қолдауынсыз инновациялық үдерістер жүзеге аса қоймайды. Ғылым мен инновацияға қаржылай және құқықтық қолдау көрсету, инновациялық қызметті жандандыру, инновациялық проблемаларға тән өңірлердің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемаларын шешудің жаңа формаларына өту қажеттігі өңірлік басқару органдарынан өңірдегі инновациялық қызметті басқару мен дамуына қатысты жауапты саясат дайындауды, аталмыш проблемалар бойынша өңірлік басқару органдарының федералдық органдармен өзара әрекеттерін жандандыруды талап етеді. Біздің ойымызша, мұндай өзара әрекет етудің негізгі формасы ғылыми–техникалық бағдарламалар: халық шаруашылығының басым проблемалары өңірлердің ғылыми–инновациялық әлеуетінің негізінде, ал өңірлік проблемалар мемлекет пен өңірдің үлескерлік қаржыландыруымен шешілетін, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік болуы тиіс.

Инновациялық экономиканы қалыптастыру жөніндегі өңірлік инновациялық саясатты сәтті жүзеге асыру үшін, автордың пікірі бойынша, олардың негізгілері төмендегілер болып табылатын ғылыми және ұйымдастырушылық-техникалық шаралар кешені орындалуы тиіс:

1. Ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттар мен инновациялық экономиканың қалыптасуы аясында оларға қол жеткізу үшін қажет қаражатты анықтай отырып, өңірдегі инновациялық қызметті және инновациялық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасын дайындау.

2. Өңірдің инновациялық даму мақсатына қол жеткізуге бағытталған ресурстар, атқарушылар және мерзімі бойынша шаралар жиынтығын көрсететін адрестік құжат болуы тиіс өңірдің инновациялық даму бағдарламасын дайындау.

3. Өңірді инновациялық дамыту бағдарламасының негізгі ережелерін оның әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасына енгізу.

4. Жергілікті және өңірлік басқару органдарының өңірлік маңызы бар тиісті нормативтік актілерді қабылдау және жүзеге асыру жөніндегі, сондай-ақ олардың аталмыш бағдарламаны ұйымдастырушылық және ақпараттық жүзеге асыру бойынша практикалық қызметін ұйымдастыру.

Келесі ережелерді ерекше атап өту қажет деп санаймыз. Инновациялық қызметтің дамуы жағдайында (инновациялық экономикасы бар қоғамда) қоғамның негізгі өндіруші күші, жоғары өнімді еңбектің иесі – жоғары интеллектуалды адамға деген қатынас мүлдем өзгеруі тиіс.

Инновациялық экономикада жоғары білікті мамандардың рөлі өте жоғары және үнемі өсіп отырады. Сондықтан, біздің артқан «үлкен сеніміміз» бойынша, инновациялық үдерістерді тиімді басқара алатын, инновациялық жобаларды дайындап, енгізе алатын кадрларды дайындау өңірлік және федералдық басым проблема болып табылады. Осыған байланысты инновациялық дамуға деген объективті қажеттілік, инновациялық экономиканың қалыптасуы мамандарды дайындаудың жаңа тұжырымдамасын дайындауды қажет ететіндігін айта кеткен жөн. Оның негізінде мынадай принциптер болуы тиіс:

- шығармашылық тұлғаның қалыптасуы, дамуы және өзін-өзі қалыптастыруы;

- келешекті ғылыми–техникалық жаңа енгізілімдерді іздестіруге және инновацияда жүзеге асыру жолдары мен әдістерін табуға үнемі бағытталу;

- инновациялық қызметтің жоғары білікті және жоғары интеллектуалды мамандарын, жүйе менеджерлерін дайындауға бағытталу;

- мамандарды өндірістік үдерістің құрамдас бөлігі ретінде оқытуды және дайындауды, ал кадрларды дайындауға кететін шығыстарды жұмысшыларға кететін шығындар емес, өңірлердің, салалар мен кәсіпорындардың гүлденуі үшін қажет ұзақ мерзімді инвестициялар ретінде қарастыру;

- ғылымды қажетсінетін жаңа енгізілімдерді жасау үдерісіндегі әлеуметтік және психологиялық аспектілерді басқаруға, ұжымның

шығармашылық әлеуетін инновациялық әзірленімдердің тәжірибеге тез арада кең ауқымды енгізілуінде пайдалануға үйрету;

- инновациялық өнімдер өндіру жүйесіне интеграцияланған үздіксіз білім беру және кадрлардың біліктілігін арттыру жүйелерін жасау;

- өңірдегі университеттер мен басқа жоғарғы оқу орындарының инновациялық жобаларды және оқу бағдарламаларын дайындау, инновациялық технологиялар, машина және құрал-жабдық жүйелері бойынша оқулықтар мен монографияларды жарыққа шығару, жаңа мамандықтар мен келешекті ғылыми-инновациялық бағыттар бойынша жоғары білікті мамандар дайындау ісінде олардың біріккен қызметтерін жүзеге асыратын өңірдің алдыңғы қатарлы кәсіпорындарымен ынтымақтастық жасасу.

Инновациялық тәжірибе (кең мағынасында ғылымды қажетсінетін инновациялық қызметтерді өндіру) айналым капиталын қажет етеді. Бұл айналым капиталын қазіргі жағдайда (мысалы, несиеге) қолдау көрсетудің арнайы шараларысыз мүлдем мүмкін емес. Сондықтан, қазіргі таңда қолында айналым капиталы жоқ инновациялық қызметтердің отандық өндірісі елдегі ең жақсы (ғылымды қажетсінетін) жобаларды қажетті айналым капиталын алу үшін теңгерімді шетелдік нарықты пайдаланатын шетелдік фирмаларға беруге мәжбүр болып отыр. Біз жүргізген зерттеулер, сондай-ақ алдыңғы қатарлы отандық және шетелдік тәжірибелерге жасалған талдау жоғарыда айтылған кемшілікті жою үшін инновациялық экономикада инновациялық және инвестициялық функцияларды бірыңғай басқаруға біріктіру қажет екендігін көрсетеді. Мұндай біріктіру барлық атқарушылардың соңғы нәтижеге: инновациялық өнімді «дайындап» өткізуге, жасалған инновациялық тауарлар мен қызметтерді алып жүруге және сатуға баса назар аударуларында қол жеткізілуі мүмкін бірыңғай инновациялық-инвестициялық циклдің барлық кезеңдерінің табысты жүзеге асуына атқарушылардың қызығушылықтарын арттыра түседі. Инновациялық-инжинирингтік-инвестициялық орталықтар (ИИИО) (фирмалар, кәсіпорындар) бірыңғай инновациялық-инвестициялық циклді жүзеге асырудың тиімді механизмі болып табылады. Мұндай ИИИО жаңа жобаларға және т.б. салатын кейінгі инвестицияларының меншікті айналым капиталы (алынған нәтижелер негізінде) есебінен ғылымды қажетсінетін инновациялық-инвестициялық қызметтердің тиімді өндірісін қамтамасыз етуге қабілетті болады. Жоғарыдағыдан мынаны түсінуге болады: инновациялық экономиканы қалыптастыруды жандандыру барлық өңірлерге таратылған желілік инфрақұрылымның отандық инновациялық-инжинирингтік-инвестициялық жедел жасалуымен байланысты

Отандық өндірістер мен аумақтарды олардың әлемдегі бәсекеге қабілеттілік деңгейіне дейін кешенді дамыту таяу жылдардағы біздің еліміздегі инновациялық экономиканы қалыптастыру мен инновациялық қызметті дамытудың стратегиялық мақсаты болуы тиіс.

Жоғары мектеп қойылған мақсатқа қол жеткізуі үшін негізгі ресурс болуы тиіс. Дамудың негізгі құрамдасы – кадрлық құрамдасты қамтамасыз ететін жоғары білім беру жүйесі тез арада инновациялық құрамдаспен

толықтырылуы қажет. Жоғары білім беру жүйесі ел аумағы мен кәсіпорындарын қайта қалпына келтіру және дамыту жөніндегі жүйелі үйлестіруші қызметтерін атқара алады және атқаруы тиіс.

Стратегиялық мақсаттарға тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Жоғары мектебінің инфрақұрылымдары басқа жоғарғы оқу орындарының оқу-ғылыми-инновациялық кешендер құратындай етіп, инновациялық-инвестициялық құрылымдармен (орталықтармен, кешендермен, компаниялармен, институттармен) толықтырылуы керек. Дәл осы жоғары білім беру жүйесі оның негізінде барлық өңірлер мен салаларда ғылым мен өндірісті жалғастырып тұратын көпірдің рөлін атқаруы тиіс қазақстандық инновациялық-инвестициялық желілерді қалыптастыру үшін келешегі мол болып табылады. Бұл отандық жоғары мектептің келесі ерекшеліктерімен түсіндіріледі: жоғары мектептің барлық өңірлерге таралуымен; жоғары мектептің жоғары ғылыми–техникалық әлеуетімен; жоғары білім беру жүйесінің әмбебаптығымен, оның салааралық сипатымен; басқа жоғарғы оқу орындарының ғылыми мектептері ел экономикасының барлық салаларын басып озады; жоғары мектептің өз түлектері арқылы барлық өңірлік және салалық құрылымдармен өзара әрекет етуімен; жоғары мектептің ақпараттық қамтамасыз ету жүйесінің бір жүйеге біріктірілген ғаламдық және жергілікті есептеу ақпараттық желілерін қосқанда, салыстырмалы түрде жоғары деңгейімен; жоғары мектептің жоғары мектепке жұртшылықтың жоғары қолдау көрсетуімен; жоғары мектеп жүйесінің икемділігімен.

Ұсынылып отырған әдістің негізгі артықшылығы мынада: жоғары білімнің жүйесін осылай дамыту арқылы Қазақстанның жоғары оқу орындарының, академиялық және салалық ғылымдарының нәтижелерін, сондай-ақ әлемдік қауымдастық ғылымдарының алдыңғы қатарлы нәтижелерін инновациялық жобаларды жасауда, жүзеге асыруда және инновациялық қызметтерді дамытуда тиімді біріктіруге болады, ал бұл елде тиімді инновациялық экономиканы қалыптастырудың алғышарты болып табылады.

2.ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

2.1 Қазақстан Республикасында инновациялық үрдістердің даму тенденциясы

Еліміздің деңгейін орта және арғы кезеңдерде жаңа белеске шығарудың Елбасы белгілеп берген келесі басым бағыты - бұл дамудың индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудағы түпкі мақсат – мемлекеттімізді шикізаттық кіріптарлықтан арылту. Бұдан туындайтын негізгі міндеттер: экономикадағы құрылымдық өзгерістерді байсалды жүргізу, өнім сапасын халықаралық стандарттар деңгейіне көтеру, оларды өндіруді, әсіресе ұқсатуды әлемдік жаңа технологиялық әдістерге негіздеу. Қазақстанда соңғы бес жылда ғылымды қаржыландыру көлемі жалпы ішкі өнімнің 0,2 %-ін құрап отыр, бұл жеткіліксіз болып табылады. Қазақстанның стратегиялық мүдделерін көздей отырып, 2020 жылға ғылымды қаржыландыруды жалпы ішкі өнімнің 2 % және 2025 жылы 2,5-3 % деңгейіне дейін жеткізуге кезең-кезеңмен өтуді жүзеге асыру жұмыстары қарастырылған.

Бірқатар ғылыми тақырыптарды қаржыландырудың жеткіліксіз болуы мен тоқтатылуы жас ғылыми кадрлардың ғылым саласынан кетуіне, ғылымның материалдық-техникалық базасының моральдық және табиғи тозуына әкелді. Ғылымды реформалаудың мемлекеттік саясатын басымдықпен жүргізу қажет.

Ғылымды дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттары:

- әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде ғылымды айқындау;
- жоғары технологиялар өнімінің экспортына бағдарланған ғылымды көп қажетсінетін әрі ресурстарды үнемдейтін және экологиялық таза өндірісті құруға бағытталған зерттеулерді дамыту;
- ғылыми жетістіктерді нақты іске асыруға ықпал ететін тетіктер мен ынталандыру жүйесін құру;
- жаңа жетістіктерді экономиканың қабылдауын жан-жақты ынталандыру (сұранысты ынталандыру) және оларды отандық ғылыми-техникалық әлеуеттің пайдалануы үшін жағдайлар жасау (ұсыныстарды ынталандыру);
- ғылыми зерттеулер жүргізу үшін материалдық базаны нығайту;
- мамандар әлеуетін сақтау мен дамыту, ғылыми-технологиялық дамудың басым бағыттары бойынша жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау мен аттестаттау;
- ғылыми зерттеулердің тиімділігі мен сапасын жоғарылату үшін ғылыми ұйымдарды аттестаттау және тіркеу жүйесін дамыту;
- ғылымның мемлекеттік емес секторын қалыптастыру мен дамыту, оны қолдаудың мемлекеттік тетіктерін жасау;
- талантты жас ғалымдарды қолдау;
- мамандарды әлемнің ең үздік ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өткізу;

- грант негізінде ғылыми зерттеулерді қаржыландыру тетіктерін жасау мен жетілдіру;

- қазақстандық ғылымның халықаралық ғылыми-технологиялық қауымдастыққа интеграциялануын қамтамасыз ету .

Ұсынылған шараларды іске асыру индустриялық-инновациялық қызметті ғылыми қамтамасыз етуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің негізгі инновациялық қызметі келесі шараларды қамтуы тиіс:

- инновациялық шаралардың экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін қалау;

- өндіріс тиімділігі мен ішкі нарықтағы тауар өндірушілердің өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін технологиялық жаңалықтар енгізу негізінде арттыру;

- кәсіпкерлердің инновациялық белсенділігін көтеру және инновациялық іс-әрекеттерді асыруға бөлінген мемлекеттік қаржыларды тиімді қолдану;

- отандық инновациялық өнімді халық аралық нарықта өткізуде қолдау және Республикадағы өнімнің осы түрі бойынша экспорттық әлеуетті арттыру.

Жаңа инновациялық саясат іске асқаннан кейін келесі нәтижелерді күтуге болады:

- өндірістік жүйедегі ресурстарды қолданудың тиімділігін арттыра отырып, бәсекелік артықшылықтың ерекше түрімен ұлттық экономиканы жетілдіруде құрылымдық өзгерістер енгізу;

- халықтың әл-ауқатын, өмір сүру деңгейінің жақсаруы.

Ғылыми-техникалық өнімдер нарығын зерттеу нәтижелері бойынша өнеркәсіп, құрылыс, көлік, байланыс және ауыл шаруашылық салаларындағы сұрастырылған мекемелердің тек 16,5 % ғана болашақта инновациялық процесс негізінде жаңа өнім түрлерін шығаруды жоспарлап отыр. Егер отандық өндірушілер тарапынан инновациялық селқостық жалғаса беретін болса, онда өнімнің шығындары, сапа, қызмет көрсету параметрлері бойынша ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті өнім өндіру мүмкіншіліктері шектеледі. Өйткені нарықтағы жаңа өнімнің сапасы мен бағасы, технико-технологиялық параметрлері бәсекеге қабілеттіліктің басты анықтауышы.

Инновациялық саясаттың іске асуының белсенділігі негізі қаржы мәселесіне, оларға деген экономикалық қажеттілікті анықтайтын нарықтық сұранымға, бәсекелік ортаның дамуына, ғылыми-техникалық әлеуеттің артуы, тұрғындардың білімі мен мәдени деңгейі және сыртқы экономикалық байланыстарға тәуелді. Бұлардың әрқайсысы инновациялық процесстерге тікелей немесе жанама түрде әсер етіп отырады.

Индустриалдық дамыған елдерде экономиканың нақтылы секторы кәсіпкерлікті мемлекеттік деңгейде дамыту мақсатымен индустриялық-инновациялық іс-әрекеттерді жандандыру мәселелеріне үлкен көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, кез-келген елдегі индустриялық-инновациялық белсенділіктің негізгі қозғаушы күші жоғары технологиялармен қаншалықты қамтамасыз етілетіндігімен анықталады. Қазіргі уақытта елімізде бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіруге негізделген жаңа ақпараттық технологияларды игеру,

республикамыздың индустрия және ғылыми техникадағы әлеуетін дамыту міндеті тұр.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы:

- 1) бизнес-бастамаларды қолдау;
- 2) кәсіпкерлік секторды сауықтыру;
- 3) экспортқа бағытталған өндірісті;
- 4) кәсіпкерліктің әлеуетті арттыру бағыттарында іске асырылуда.

Жол картасы шеңберінде жұмыс орындарын сақтау және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің арнайы шараларын әзірлеу және іске асыру әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың әсерімен байланысты уақытша экономикалық қиындықтар кезеңінде де жұмыспен қамтудың жоғары деңгейін сақтауға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан үдемелі индустриялық-инновациялық дамуға көшу, бір жағынан, жұмыспен қамтудың одан әрі өсу мүмкіндіктерін кеңейтеді, екінші жағынан – еңбек нарығына жұмыс күшінің ішкі резервін тартудың, еңбек ресурстарының сапасы мен экономикалық белсенділігін арттырудың жаңа тәсілдерін әзірлеуді және іске асыруды талап етеді.

Қорыта келгенде, экономикалық тұрғыда дамыған мемлекеттер қатарына жоғарғы технологиялы өнімдер нарығында бәсекеге түсе алатын елдерді жатқызуға болады. Ал тиімді ұлттық инновациялық жүйе бәсекеге қабілетті ұлттық экономиканы құру мен қалыптастырудың басты механизмі. Дұрыс өңделген инновациялық саясат индустриалды-инновациялық дамудың жетекші тізгіні ретінде отандық ғылыми сыймды өндірісті дамыту мен бәсекеге қабілетті ұлттық экономиканың негізгі құралы бола алады.

Әрине бүгінгі күнге дейін республикамызда инновациялық қызметтің дамуына қажетті жағдайлар жеткіліксіз түрде жасалынып отыр. Әйтсе де, инновациялық қор мемлекеттік қаржыландырудың арқасында көптеген инновациялық жобалар жасап, оларды іске асырып отыр.

Инновациялық өнімдердің құрылымында ең үлкен үлесті жетілдіруге тиісті өнімдер алып отыр. Яғни бұл белгілі бір өнімдердің сапалық сипаттамаларын жақсартуға, ең жоғары тиімді компоненттерді немесе материалдарды, бір немесе одан да көп техникалық қосалқы жүйелерді жартылай өзгертуді (кешенді өнім үшін) пайдалану арқылы өндірістің экономикалық тиімділігін арттыруға арналған қолда бар өнім болып табылады. Бұл әрине инновациялық қызметті белсенді жүргізуге, сондай-ақ сыйымды өндірісті жедел дамытуға, кәсіпкерлік қызметтің инновациялық сипатын күшейтуге мүмкіндік береді. Ал бұл өз алдына мемлекеттің экономикалық саясатын дамытып, экономика салаларын әртараптандыру арқылы дамудың шикізаттық бағытынан қол үзу арқылы елдің тұрақты дамуына қол жеткізуге өз үлесін қоса алады. Бұндай тауарлар Қазақстанда барлық инновациялық өнімдердің 64,3%-ын алып отыр.

Ал қайтадан немесе елеулі технологиялық өзгерістерге ұшыраған өнімдер инновациялық өнімдердің 28,6 %-ын алып отыр. Яғни бұл технологиялық сипаттамалары ескірген немесе шамаланған пайдалануда болған тауарларға

жаңа, не осыған ұқсас бұрын бұрын шығарылған өнімдерден елеулі айырмашылығы бар өнім. Қазақстанда көбінесе мұндай инновациялар негізіндегі жаңа технологияларда немесе бар технологиялардың жаңа пайдалануға сәйкес келуі немесе зерттеулер мен әзірлемелер нәтижесін пайдалануда негізделді.

Осылардың ішінде ең аз үлесті (7,1%) өзге де инновациялық өнімдер алып отыр. Бұл біздің республикамызда өндірістің күрделі салалары бойынша инновацияның даму деңгейінің әлі төмен екендігін көрсетеді.

Осыдан шығатын нәтиже: инновацияларды дамытудағы негізгі мәселенің бірі – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) кететін шығындар мен олардың қайтымдылығы арасында тұрақты байланыс орнату және ресурстардың тиімді пайдалануын қадағалау болып отыр. Ғылыми мекемелердің ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің негізгі бөлігін өз ресурстары есебінен қаржыландырылатыны және кәсіпорындардың технологиялық инновацияларды өндіріске енгізуге өз қаржыларын жұмсайтыны баса назар аударарлық мәселе болып келеді. Яғни ғылыми мекемелердің бағдарламалары мен кәсіпорындардың инновациялық жобалары байланыспаған деп те айтуға болады.

Кәсіпорынның инновациялық қызметі - бұрыннан осы кәсіпорында пайдаланылып келген өнімнің, қызметтің сапалық көрсеткіштерін жетілдіру немесе кәсіпорынның табысын арттырып, жұмысшылардың еңбегін жеңілдету үшін енгізілген ғылыми-техникалық жаңалық.

Қазіргі кезде республикамыздың экономикалық дамуында жоғары табысты ауылшаруашылығы облысына инновацияларды енгізу, өңдеуші тиімді кәсіпорындар құру мен осындай кәсіпорындармен жұмыс жасайтын субъектілерге қолдау көрсетуге баса назар аударылуда. Осының нәтижесінде, өңдеу өнеркәсібі өндірушіден тұтынушыға дейінгі баға саясатын дамыту керек. Ол үшін қажетті деңгейде маркетингті дамыту, кәсіпорынның қосылған құны жоғары тағам өнімдерінің қауіпсіздік жүйелерін құру және шетелдік нарықтарға жаңа жоғары сапалы өнімдерді шығару қажет. Алайда осындай кәсіпорындарды құруға не бөгет болып отыр? Осы сұраққа жауап беру үшін өндірісті инновациялық дамытудың ажырамас бөлігі болып табылатын отандық инновациялық кәсіпорындардың жағдайын қарастырып, талдау қажет.

Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігі аймақтық органдармен біріге отырып, инновация сферасында әр жылы конъюктуралық зерттеулер жүргізді. Бұл зерттеу инновациялық қызметтің негізгі мақсаттары мен нәтижелерін, қаржыландыру көздерін, жаңа заманғы ғылыми-техникалық жетістіктерді әзірлеу мен енгізуді тежейтін факторларды анықтауға бағытталды.

Инновациялық белсенді кәсіпорындардың біршама бөлігі үшін негізгі бағыт ретінде қолда бар технологияларды жетілдіруді қарастырады. Зерттелген кәсіпорындардың басшыларының көзқарастары бойынша, инновациялық қызметтің негізгі түрлері келесідей:

- ғылыми-зерттеу жұмыстары (бұл жайлы кәсіпорындардың 83%-ы мәлімдеді);

- ғылыми-техникалық қызметтер (47%);
- жаңашылдықты енгізу (35%);
- конструкторлық жобалау жұмыстары (29%);
- «ноу-хау», технологиялар және өндірістік меншіктің басқа түрлерін сатып алу (66%);
- инновациялардың басқа түрлері (9%).

Инновациялық-белсенді кәсіпорындардың басым бөлігі (90%) инновациялық өнімдеріне деген сұраныстың қысқармағаны, ал 45%-ы осы көрсеткіштің өскендігін мәлім етті.

Инновациялық қызметке кететін шығындарды бағалау өте маңызды. Ғылыми мекемелердің технологиялық даму деңгейі көбінесе ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге бөлінетін шығындармен анықталады. 2019 жылы зерттелген кәсіпорындардың жартысына жуығы (48%) зерттеулер мен әзірлемелерге инвестицияларды бөлгендігі туралы, соның ішінде 55%-ы оларды ұлғайтты, ал 3%-ы қысқартты. Қарастырылып отырған жылы инновациялық-белсенді кәсіпорындардың 31%-ы сатылған өнімнен түскен табыстың 5%-ын, 40%-ы -5%-дан 25%-ға дейін және 29%-ы- 25%-дан көп бөлігін инновацияға бөлді.

Инновациялық-белсенді ғылыми кәсіпорындардың жартысынан көбі (66%) мәлімдегендей, инновациялық қызметті қаржыландыру көзін мемлекеттік және жергілікті бюджеттен, 37 %-ы өз қаражаттарынан, 11%, 14%, 21% сәйкесінше инновациялық қор, мемлекеттік гранттар және тағы басқа қаржыландыру көздерінен қаражаттар алды.

2019 жылды жылы инновациялық-белсенді кәсіпорындардың көп бөлігі қаржылық жағдайының өзгермегендігін көрсетті. Бұл көрсеткіші өзгерген кәсіпорындар арасында меншікті қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуін бағалау балансы қарастырып отырған жылы 20%-ды құрады (алдыңғы жылмен салыстырғанды 1%-ға төмендеді). Кәсіпорындардың 49%-ы бюджеттік қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілді, ал 14%-ы займдар мен несиелер алды.

Инновациялық-белсенді кәсіпорындардың көпшілігінде (68%) табыстары 2088 жылдың II жарты жылдығы деңгейінде сақталды, 23%-да бұл көрсеткіш өсті, ал 9%-да керісінше қысқарды. Қарастырып отырған кезеңде зерттелген кәсіпорындардың инновациялық қызметінің нәтижесі ретінде келесілерді атап өтті:

- инновациялық өнімнің сапасының артуы (инновациялық-белсенді кәсіпорындардың 67%-ы);
- өнімнің бәсекеқабілетілігінің артуы (59%);
- инновациялық өнімге үнемі тапсырыс берушілер санының өсуі (44%);
- нақты жалақының өсуі (34%);
- өнімнің өзіндік құнының төмендеуі (31%);
- рентабельділіктің өсуі (29%);
- жұмыскерлердің жұмыс жасау жағдайының жақсаруы (28%);
- еңбек өнімділігінің артуы (24%);

- басқалары (12%).

Зерттелген ғылыми кәсіпорындардың инновациялық қызметін шектейтін факторларға келесілер жатады:

- бюджеттік және меншікті қаражаттардың жетіспеушілігі (53% және 52% сәйкесінше);

- инновациялық қызметті дамытатын заңнамалық базаның болмауы (20%);

- білікті мамандардың жетіспеушілігі, мемлекеттік қолдаудың жоқтығы, тапсырыс берушінің төлемқабілетсіздігі және жоғары коммерциялық тәуекел (15%).

Осы анализ бойынша келесі қорытындылар жасауға болады:

- республикадағы инновациялық өндірістің болашақтағы дамуы ғылыми кәсіпорындардың дамуы мен жағдайына байланысты;

- ғылыми кәсіпорындардың инновациялық даму жағдайы инновациялық бизнеске деген ерекше көзқарасты қажет етеді;

- кадрлармен қамтамасыз етудің жағдайы ғылыми кадрлардың күнделікті мәселелерін шешуге байланысты;

- республикада ғылыми кәсіпорындарға бөгеттерді алып тастайтын шаралар кешенін құру қажет.

Жоғарыда жасалынған талдаулар көрсеткендей, Қазақстан экономикасының инновациялық даму жолына жедел ауысуы мемлекет тарапынан құқықтық, ұйымдастырушылық және қаржылық көмекке ие болып отыр. Қазақстандағы инновациялық үрдістер жағдайын талдағанда 2018 жылы жалпы ішкі өнімдегі инновациялық өнімнің үлесі тек 1,6% –ды құрады, ал кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 3,4% –ды құрағанын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл мемлекеттегі инновациялық қызметтің төмендігін сипатайды. 2019 жылдағы қазақстандық кәсіпорындардың технологиялық зерттеулер мен әзірлемелерге шығарған шығындары 19,2%-ды құрап, экономикалық жағынан дамыған мемлекеттерден инновациялық тәуелділік тенденциясын күшейтіп отыр. 2019 жылы Қазақстандағы зерттеулер мен әзірлемелерге шығындардың жалпы ішкі өнімдегі үлесі - 0,29%. Ал дамыған мемлекеттерде бұл көрсеткіш 2,5-3,9%-ды құрайды. Қазіргі кездегі мемлекетіміздің ғылымды шектеулі қаржыландыруы инновацияларды дамыту облысында жүргізіліп жатқан зерттеулердің сапасына да теріс әсерін тигізіп келеді.

Осы аталған мәселелерді шешу үшін отандық кәсіпорындар келесі шараларды жүзеге асыруы тиіс:

- инновациялық өнімнің сапасын арттыру мен жетілдіру;

- инновациялық зерттеулер мен әзірлемелерге жеткілікті қаржы бөлу;

- инвесторларды тарту;

- өндіріске жоғары білікті мамандарды тарту;

- мемлекет тарапынан бөлінетін жеңілдіктерді толығымен пайдалану;

- тауар қозғалысын және өнімді өткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін экономикалық талдауды Түркістан облысының мысалында қарастырып көрейік.

Түркістан облысының индустриалды-инновациялық даму стратегиясы ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктерін ендіру, аймақтағы инновациялық қызметті қалыптастыру және оны қолдау, ғылыми ауқымды және ресурс жинақтаушы өндірістерді құруға жәрдемдесу және оларды құруға облыс экономикасының дамуына қажетті жағдайлар мен қолайлы ортаны құруға негізіне бағытталған.

Түркістан облысы экономикасының тиімділігін арттыру және шығарылатын өнімдердің бәсекеқабілеттілігін жоғарылату үшін бүгінгі күні инвестиция тартуға мына төмендегі салалар мен секторлардың құрылуы қажет:

1. Минералды ресурстарды өндіру және қайта өңдеу.
2. Энергетика саласы.
3. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру саласы.
4. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласы.
5. Құрылыс материалдарын дайындау саласы.
6. Логистика саласы.
7. «Түркістан» арнайы экономикалық аймағын дамыту.

Түркістан облысы аграрлық аймаққа жататындықтан, осы салаларды индустриалды-инновациялық негізде дамытуға және экономикалық тиімділігін көтеруге тікелей әсер ететін құрылымдар құрылуы қажет.

2.2 Инновациялық экономиканың ғылыми-технологиялық әлеуеті

Ғылым өрісі бұрыннан дәстүрлі түрде мемлекеттік саясаттың қызу саласы болып есептелінген. Қазіргі жағдайда мемлекет бизнесті ең алдымен қажет ресурстардың бірі – білім және идеялармен қамтамасыз етуді – өз міндетіне алып отыр. Сондықтан алдыңғы қатарлы дамыған елдерде ғылыми–техникалық саясат бірыңғай мақсат ретінде қаралады, және ол төменгідей салаларды қамтиды:

- ғылыми идеялар мен оларды жетілдіру;
- инновациялық бизнес;
- кең көлемде ғылымды пайдалану.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік ғылыми–техникалық саясаттың мақсаттары болып төменгілер табылады:

- ғылым мен техниканың республика экономикасының дамуына қосатын үлесін арттыру;
- материалды өндіріс өрісін прогресті, алдыңғы қатарлы өзгерістермен қамтамасыз ету;
- жаңа өнімнің әлемдік нарықта бәсекелестік деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз ету;
- республикамыздың қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін нығайту;
- экологиялық жағдайды дұрыстау;

- қалыптасқан ғылыми–техникалық мектептерді сақтап қалу және оларды дамыту.

Мемлекет өз саясатының мақсаттарын анықтай отырып, ғылыми және инновациялық өрістегі осы саясатты жүзеге асыру механизмдеріне қажет қағидаларды да жасап шығарады.

Ғылыми зерттеулер мен жасап шығарудың стратегиясы мынадай түрлерге бөлінеді:

- шабуылды бұл нарықтың жаңа облыстарына және нарықтық болашаққа бағытталуымен сипатталады;

- қорғанысты – нарыққа тек бәсекелестен кейін, оның нәтижесін талдап бағаланғаннан кейін шығу;

- ұтымды – лицензиялау, басқа компаниялардан жаңалықтар ендіруді сатып алу;

- нарықты қалыптастыру – жаңа өнім беретін жаңа технологияға негізделген нарықтың жаға түрін қалыптастыру;

- қарақшылық – нарықтың көлемін едәуір азайтатын жаңалықтар ендіруді пайдалану;

- мамандарды тарту – зерттеулер мен жасп дайындаудағы жоғарғы білімді мамандар тарту.

Жалпы ұйым стратегиясы 3 деңгейге бөлінеді:

- корпоративті – ұзақ мерзімді мақсаттарға және басымдылықтарды белгілеуге байланысты мәселелерді қамтиды;

- бизнес-стратегия, бәсекелік мүмкіндік арттыру, басымдылықтарды белгілеу;

- функционалды – жалпы стратегияны орындаудағы түрлі қызметтерге бөліп көрсеткендегі шешімдер.

Жаңалықты енгізуді стратегиялық таңдау төменгі критерийлер арқылы жүргізіледі: мақсатты, нарықтық, ғылыми–техникалық, қаржылық.

Жоспарланған инновациялық әрекетті ұйымдастырғанда одан пайда тауып, тиімділікке қол жеткізуге болады. Сол себепті де кез–келген қызметті ұтымды ұйымдастырғанның маңызы зор.

Жалпы алғанда инновацияны ұйымдастыру көзделген мақсаттарға жетуде экономикалық, әлеуметтік, ғылыми–техникалық саладағы жеке тұлғалар мен ұйымдар тобының қызметін реттеу мен үйлестіруге болады. Басқа қызметтерге қарағанда инновациялық үрдістерде айқынсыздық, тәуекелдік қызметкерлер ынтасы мен шығармашылықты қолдану, жаңа идеяларды іздестіру сияқты көріністер кең етек алған. Инновацияларды ұйымдастыруға еңбек бөлінісі мен кооперация, қоғамдық даму мен табиғат заңдарына сүйену, алдыңғы қатарлы технологияларды кеңінен қолдану үлкен ықпал етеді. Инновациялық үрдістерді жүзеге асыру ақпараттық, ғылыми-ізденушілік, жобалау конструкторлық, басқарушылық қызметтерін бір салаға үйлестіре бағыттауды білдіреді.

Инновацияларды ұйымдастыру орындалу кезеңдері, ресурстар құрылымы, уақытылы орындалу мен тоқтатылуы, ұйымдастырушылық байланыстары бойынша топтауға болады. Бұл шарттық топтау аталған

қызметтің дәйекті, бағытталған, шығындарды талап етуші, жан–жақтылық сипаттарда негізделеді. Инновациялық үрдістердің ерекшелігі болып ғылыми–зерттеу саласындағы бейресми байланыстар, шығармашылық ізденістер адамдардың ғылыми жинақталуларға сүйенулері болып табылады.

Ұйымдастыру нысандары ретінде өзіндік құрылымы, қажетті ресурстар, басқару тетіктері мен технологиясы бар жекелеген кәсіпорындар мен арнаулы бөлімдер, олардың бірлестіктері инновация процесін жүргізеді. Ғылым мен техниканы дамыту тәжірибесінде, оларды өндіріспен байланыстыруға қатысты қызметтерде инновацияларды ұйымдастыру төмендегідей ерекшеленуі мүмкін:

- жасалынатын инновация сипатына орай (жаңа техника, жаңа технология, жаңа материалдарды өндіру, экономикалық ұйымдастырушылық шешімдер және т.б.);

- инновациялық процестің қамту дәрежесіне орай (түбегейлі зерттеулер, қолданбалы ғылыми зерттеулер, тәжірибелік өндіріс т.б.);

- қатысушылардың иерархиялық байланыстарына орай (тігінен, көлденеңнен, араластыра еңбек бөлінісі);

- ұйымдық нысандарға жіктеуге орай (мемлекеттік ғылыми орталықтар, ғылыми кеңестер мен қорлар, бірлестіктер, технопарктер, бизнес инкубаторлар, технополистер және т.б.).

Инновациялық үрдістерді ұйымдастыру «ғылым – өндіріс», «шығындар – нәтиже» байланыстарына, ірі өндірістің қуаттылығы мен шағын бизнестің икемділігіне негізделеді. Құрылымдық сипаты жағынан инновацияларды орындау сызықтық, функционалдық, бейімділік, икемділік қағидаларына сүйенеді. Сыртқы орта факторлары әсері мен ішкі байланыстар негізінде инновацияларды ұйымдастыру зерттеулер мен жасап шығарулардың мақсат бағыттарының өзгерісін, ғылыми–техникалық прогресс нәтижелерін мамандарға деген талаптардың жетілдіре түсуін жан- жақты ескереді.

Инновациялық процестерді ұйымдастырудың 3 түрі белгілі:

1. Дәйектілікпен ұйымдастыру. Бұның мақсаты инновациялық әрекеттер кезекпен түрлі бөлімдерде іске асырылады. Артықшылығы: қаржылық тәуекелді төмендетеді, зерттеу жұмыстарын бақылауды оңайлатады. Кемшілігі: жаңа өнімдер жасауды және инновациялық процестерді созып жібереді.

2. Қатар ұйымдастыру. Инновацияның кезеңдерінің бір бөлімінде аяқталуын талап етпейді, себебі ол бір уақытта бірнеше бөлімде іске асуы мүмкін. Артықшылығы: инновациялық үрдістің іске асу уақытын қысқартады. Кемшілігі: қаржылық тәуекел деңгейі жоғарылайды.

3. Интегралды ұйымдастыру. Бұл уақыт бойында жаңа тауар мен қызметтерді жасауға байланысты жұмыстарды біріктіріп, қатар жүргізуге негізделген. Мұнда белгілі жұмыс бағдарламалары бар мамандандырылған адамдар топтары құрылады. Артықшылығы: инновациялық процестің іске асу уақытын қысқартады; инновациялық шаралардың біртұтас тізбегі құрылады; өзгерістерге оперативті жауап беру мүмкіндігі артады; инновациялық процестердің барлық қатысушыларының белсенді әрекеттерге жағдай жасай отырып, олардың іс–әрекеттерін үйлестіруге мүмкіндік береді.

Осы көрсетілген инновациялық әрекетті ұйымдастырудың формаларын таңдау және оны іске асыру инновациялық шаралардың мақсаттарына, міндеттеріне және көлеміне байланысты.

Қазіргі таңдағы нарықтық орта технологиялардың үзіліссіз дами отырып, жаңа қажеттіліктерді қалыптастыра және байланысқан технологиялық тізбекті түрлендіре отырып, нарықты өзгертуімен сипатталады. Бұл орайда өзгерістер жылдамдығы дәстүрлі басқару әдістеріне де ықпал еткендігі сөзсіз. Бүгінгі таңда сұраныс пен эволюциялық дамуға байланысты әрекет ету жеткіліксіз – жаңа ғана туындап отырған қажеттіліктерді елеп үлгеріп отыру қажет, өйткені қаржылық және өндірістік тұрғыдан ең күшті деген компаниялардың өзі бір жылға кешіккен жағдайда, көшбасшылық үшін, немесе тіпті нарықтағы өз үлесін де сақтап қалуға үлгермей жатады. Бұл жағдайда озық компаниялар ретінде барлық нарықтық және технологиялық тенденцияларды мұқият зерделейтін, осы өзгерістердің бойындағы мүмкіндіктер мен қатерлерге шығармашылық тұрғыдан жауап бере алатын, үнемі жаңа идеялар мен өнімдерді қолдайтын және оларды жаһандық ауқымды ескеру негізінде жылдам әрі тиімді қолданатын компаниялар табылады. Ал технологиялық өзгерістерге селк етпейтін немесе оларды баяу қолдайтын компаниялар ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарына (ҒЗТҚЖ) байланысты өспелі шығындардың құрбаны болып қала береді.

Pricewaterhouse Coopers (PWC) жүргізген ауқымды статистикалық зерттеу бойынша 355 ірі компанияның экономикалық қызметіне талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижелері инновацияларды қолданатын компаниялар өз бәсекелестеріне қарағанда жылдамырақ жұмыс істейтіндігі әрі пайданың жоғары көрсеткіштеріне ие екендігі туралы дәйекті бекітті. Басшылардың айтуынша, инновациялар олардың компания қызметінің басымды бағыты болып табылады және бизнеске елеулі оң әсерін тигізеді екен. Сонымен қатар, PWC зерттеулері келесі заңдылықтардың анықталуына мүмкіндік берді:

- инновациялық қызметті жүзеге асырушы компаниялардың (инновациялық компаниялардың) капитал акционерлері үшін жиынтық табыстың орташа мөлшерден асып кетуі (жылына 37%–дан жоғары) инновациялық компанияларға инвестициялардың құйылуы сала бойынша түсетін орташа пайдадан да едәуір жоғары пайда әкелетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді;

- инновациялық компаниялардың айналымының 75%–дан астам бөлігі соңғы бес жылда олардың нарыққа енгізген тауарлары мен қызметі есебінен болған екен. Басқаша айтқанда, озық инновациялық компаниялардың пайдасы инновациялар есебінен қалыптасады.

Инновациялар әмбебап бәсекелестік жетістік болып табылады – олар ұйымдарға әлем бойынша бәсекелестік күресте жеңіп шығуға және өте жоғары пайда әкелуге көмектеседі.

Бір қызығарлығы, ірі халықаралық компаниялары топ-менеджерлерінің басым көпшілігі инновациялардың пайда көрсеткіштерінің өсуін қамтудағы негізгі рөлімен келіссе, дегенмен де өздерінің инновациялық қызмет

нәтижелеріне қанағаттанатындары да көп емес. Boston Consulting Group компаниясының 1070 ірі корпорацияларға жүргізген жаһандық зерттеуінде компаниялардың басым көпшілігі инновацияларды өздерінің жетістікке жетуінің, тіпті нарықта орнын сақтап қалуы үшін аса маңызды факторы деп санап, және ол үшін ақша төлеуге де дайын. Десек те, олардың көпшілігі инновациялардан жеткілікті мөлшердегі инвестициялық қайтарым алатындығына күмәнді деп айтылғанды. Бұл құбылысқа себептердің көп болуы мүмкін. Мүмкін, менеджерлер инновациялық қызметте дұрыс емес әдістерді қолданатын шығар. Келесі бір себеп мақсаттардың қате қойылуы немесе инновациялық қызметті бағалау үшін көрсеткіштер жүйесінің дұрыс емес таңдалуында болуы мүмкін.

Компания инновациялардан қайтарым алуы тиіс, ал ол үшін компанияда нақты инновациялық орта құру және осы ортаны дұрыс басқару қажет. Бұл жағдайда фирманың технологиялық саясаты мен оның қызметінің басқа да жақтары арасындағы өзара тәуелділіктері ескерілуі тиіс: меншік байланыстары, құрылымдық саясат, қаржылық жүйе және т.б.

Қазіргі заманғы ортада компаниялардың технологиялық жаңалықтарды енгізу қабілеті олардың бәсекеқабілеттілігінің негізгі көзі болып табылады. Жалпы түрде технология дегеніміз ғылыми–техникалық, өндірістік, басқарушылық және коммерциялық білім мен тәжірибе.

Ұйымның немесе кәсіпорынның технологиялық саясаты – бұл қағидалар мен әрекеттер (қызмет әдісі) жиынтығы негізінде жаңа өнімдер мен технологиялық процесстердің таңдалуы, өндірілуі және енгізілуі. Фирманың технологиялық саясатының негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

- елдегі және әлемдегі, сонымен қатар жалпы технологиялық даму бағыттарындағы ғылыми-зерттеу жетістіктерінің мониторингі;
- компания персоналының білім алу және біліктілік деңгейін үнемі жоғарылатуды ынталандыру;
- инновацияларға қолайлы жағдай туғызушы факторларды анықтау;
- үздіксіз инновациялық үрдісті жүзеге асыруға ыңғайлы ұйымдық құрылымды қалыптастыру, персонал уәждемесін қамтамасыз ету;
- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысты жүргізу бойынша компанияның әртүрлі бөлімдерінің әрекеттерінің өзара келісіліп жүргізілуіне қол жеткізу және реттеу.

Технологиялық саясат фирманың екіжақты жаһандық мақсатына қызмет етеді – біріншіден, тәуекелділіктерді төмендету және нарықтық үлесте аман қалу, екіншіден, өз қызметінің тиімділігін жоғарылату, көбірек пайда табу.

Технологиялардың дамуы – фирманың экономикалық өсуінің негізгі қозғаушы күші. Соңғы он жыл ішінде технологиялық дамудың келесі заңдылықтары пайда болды:

- жаңа технология бір өзі ғана емес, өзгелермен байланыста пайда болады;
- технологиялардың әрбір бумасы (жиынтығы) бірін–бірі өзара толықтырушы базалық технологиялардан тұрады;

- әрбір базалық технология – көптеген қолданбалы технологиялардың ядросы;

- қолданбалы технологиялар қолданыстағы өндірісті модернизациялау үшін қолданылады, және ескеретін жәйт, фирмадағы жаңа технологияларды қолданбау ерте ме, кеш пе басшылықтың ауысуына әкелетіні сөзсіз.

20 ғасырдың 50-60–шы жылдардағы экономикалық төңкеріс мұнайдың қайта өңделуіне негізделген технологиялардың жиынтығымен байланысты еді және кең қолданылыс тапқан пластмасса, жасанды талшық, пестицидтер және басқа да айрықша өнімдер өмірге келді. 70–ші жылдары жаңа технологиялық қадам жасауға көптеген уақыт және күш жұмсалды және 80–ші жылдардың басында технологиялық революцияның алғашы жемісі болған жаңа өнімдер пайда болды.

Жаңа кезеңнің ерекшелігі 50-60–шы жылдардағыдай технологияның бір жинағы ғана емес, ақпараттық- коммуникациялық, биотехнологиялық және жаңа материалдармен байланысты өнімдер сияқты үш технологиялық жинақтардың пайда болуымен сипатталады. Мұның нәтижесі ретінде кәсіпкерлер жаңа технологиялармен жылына бірнеше мәрте кезігіп жатады.

Қазіргі заманғы технологиялық даму үлкен тарихи бесінші циклдың орта шеніне жақындап келеді (оның уақыт аралығы 1990–2040 жж.) және ол келесі сипатқа ие:

- компьютерлік революция;
- жаһандық телекоммуникациялық тораптардың қалыптасуы;
- интернет – технологиялардың экономикалық қолданысының өсімі.

Бұл цикл болжау кезеңінен кейінгі мерзімде аяқталмақ. Осы орайда нано-, био- және ақпараттық технологиялардың конвергенциясы басталды десек, бұл үрдістермен әртүрлі технологиялардың өзара енуі шектелмейтіндігі сөзсіз.

Соңғы уақытта жаңа әрі келешегі зор технологиялардың ішінде биоинформатиканы атап өтуге болады. Биоинформатиканың молекулярлық биология, генетика, физиология, математика, информатика, физика және химия синтезі негізінде құрылуы оның конвергенттік табиғатын айқындайды және болашақтағы ірі жетістіктердің пайда болуының болжамын жасауға мүмкіндік береді. Бұл саладағы жетістіктер денсаулық сақтау, ветеринария, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік технологиялар саласында едәуір алға жылжуға, табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қайта қалпына келтіруге ықпал етеді.

Биоинформатика әдістері түрлі деңгейдегі: геном, жасуша, организм жасушалары арасындағы өзара байланыстар, жалпы популяция сияқты биологиялық ақпараттарды сақтау, беру және жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар, әдетте кәдімгі сынақта үнемі ескеруге мүмкін емес заңдылықтарды анықтауға, гендер мен ондағы жасырынған ақуыздар атқарымдарын алдын-ала білуге, жасушадағы гендердің өзара әрекет етуінің үлгісін құруға, дәрі-дәрмектер ойлап табуға мүмкіндік береді. Дәлірек айтқанда, Өмір туралы ғылым ақпараттық технологиялар үшін массалық сұранысты жасау және ынталандыруға арналған жаңа әрі келешегі зор бағыт

ашып берді. Интернэшнл Дейт Корп. бағалау нәтижелері бойынша 2018 жылдың өзінде–ақ «биофарм» саласына негізделген әлемдік ақпараттық технологиялар нарығы 14,6 млрд. долл. құраған екен. Эксперттердің пайымдауынша, бұл нарық жыл сайын кем дегенде 19–25%–ға дейін өсіп отырады.

Нанотехнологиялардың болашағы. Қазіргі таңда көптеген Қазақстандық және шетелдік мамандардың пайымдауынша алдағы 10–20 жыл ішінде ірі технологиялық жаңалықтар нанотехнологиялардың қолданылуына сүйенетін пәнаралық бағытпен байланыстырылады. Бұл бағыт экономика және басқа да қоғамның өмір сүру саласына әсер ету ауқымы бойынша уақыт өте ақпараттық және биотехнологиялармен қатар жүреді деп күтілуде.

Ең алғаш рет «нанотехнология» термині молекулярлық технологиялардың жалпы сипаты ретінде 1986 жылы Массачусеттік технологиялық институтында пайда болған.

«Нанотехнология» термині өзара әрекет етуші нысандардың көлемі мен олардың ара қашықтығын айқындайды. Нанометр (нм) – бұл метрдің миллиардтан бір бөлігі, яғни бір миллиметрден миллион есе кіші қашықтық.

Нанотехнологиялардың өнеркәсіпте тәжірибелік қолданылуы ХХ ғасырдың 90-шы жылдарының ортасынан басталды. Бүгінгі күні оларға негізделген беткі сапаны бақылау әдісі DVD – дискілері мен көру линзалары өндірісінде қоланылады. Мамандар нанотехнологиялардың қолданылу ауқымдылығының күннен-күнге кеңеюі келешекте экономика мен басқа да салалардың дамуына күшті әсерін тигізу мүмкіндігі аясында өте кең ауқымды талқылаулар жүргізуде. Эксперттердің пайымдауынша, келесі бағыттар аса қызығушылық тудыруда :

Өңдеу өнеркәсібінде нанодиапазонда молекулалардан бақыланатын көлемдегі конструкциялық блоктарды синтездеу және олардан алдын ала берілген атқарымдары мен қасиеттерімен сай әлдеқайда ірі құрылымдар жинақтау мүмкіндігі күтілуде. Бұл әлбетте, материал өндірісінде, соның ішінде табиғатта аналогы жоқ материалдардың пайда болу революциясына әкелері сөзсіз. Мысалы, кеспелі құралдарға арналған аса төзімді жабулардың ойлап табылуы және электроника мен химия өнеркәсібінде түрлі технологиялық қосымшалардың құрылуы күтілуде.

Нанотехнологиялардың дамуының тағы бір келешегі зор бағыттарының біріне молекулярлық ассемблердің құрылуын жатқызуымызға болады. Молекулярлық ассемблер – бұл дайындалған молекулярлық қоспадан тапсырылған қасиеттерімен жаңа құрылымдарды жинақтау бойынша атқарымдарды орындай алатын құрылғы. Мұндай ассемблер полимерлі органикалық молекулалардан дайындалады. Ассемблер жұмысын бақылау құрылғы ішіндегі инертті газдардың қысымын туындататын және соның негізінде оның әрекеттерін бағыттайтын компьютерді басқаратын қозғаушы акустикалық сигналдардың көмегімен жүзеге асырылады. Келешекте осындай ассемблерлерді басқару мақсаты үшін арнайы молекулярлық компьютерлердің қолданылуы қарастырылуда.

Наноэлектроника мен компьютерлік технология саласында миниатюризациялаудағы елеулі прогресске қол жеткізілуі мүмкін, яғни кірістегі белгі берушілер (мәлімет айқындағыштар), логикалық және есте сақтағыш құрылғылар, дисплейлер және мәліметті тасымалдағыш құрылғылар сияқты мәліметтерді өңдеу бойынша құралдар мен құрылғылардың жылдамдығы мен өнімділігін жоғарылату. Нанотехнологиялардың көмегімен олардың белсенді жартылай өткізгіш элементтерін одан әрі миниатюризациялау, сонымен қатар соңғыларын үш өлшемді (көпқабатты) құрылымдарға біріктіру негізінде жоғарғы деңгейдегі күрделі атқарымдылығы бар интегралды сұлбалардың жинастырылу бағыттары талқылануда. Алтынның беткі қабатына енділігі бірнеше ондық молекулалардан тұратын сызықтарды жүргізуге болатын аса дәлді литографияның жаңа әдістерінің пайда болуы мүмкін.

Нанотехнологияларды қолданудағы келесі бір болжамдық бағыттарға мыналарды жатқызуға болады:

- энергияны тұтынуды және микропроцессорлық құрылғылардың құнын төмендетумен байланысты болуы мүмкін, бұл, әрине, компьютерлердің өнімділігін миллион есе арттыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз;

- қазіргі таңдағы есептеуіш техникалардың ең керемет деген үлгілерінен де өзінің сипаттары бойынша асып түсетін нейрокомпьютерлердің пайда болуы;

- байланыстың жоғары жиілікті құрылымдарының пайда болуы;

- ақпараттарды сақтау құрылымдарының массалық өндірісі;

- өте үлкен көлемдегі мәліметтерді кішігірім сыйымдылық пен салмақта әрі энергияны аз көлемде тұтыну негізінде жинақтау, өңдеу және тасымалдау үшін наносенсорлық жүйелердің пайда болуы;

- жоғары өнімді компьютерлер көмегімен басқарылатын жаңа пилотсыз көлік пен әскери техника құралдарының пайда болуы;

- өнеркәсіптің әртүрлі салалары мен көліктегі зиянды тастамдарды (өндірістің зиянды қалдықтарын, соның ішінде өңделген ядролық отынды жоятын роботтарды ойлап табу) төмендету үшін нанотехнологиялардың қолданылуы.

Жалпы мамандар бұдан да басқа нанотехнологиялардың ауыл шаруашылығында, қоршаған ортаны қорғауда және т.с.с. көптеген қолданылуға келешегі зор бағыттарына да ерекше көңіл бөлуде.

Альтернативті энергия. Халықаралық энергетикалық агенттігі эксперттерінің болжамы бойынша, энергияның қайта қалпына келетін көздерін қолдану (гидроэлектр станцияларын есепке алмағанда) алдыңғы 30 жылда энергияның басқа бірінші ретгі көздеріне қарағанда жылдамырақ өседі: орташа есеппен алғанда жылына 3,3%-ға өседі. Әсіресе, жел және биомасса энергиясының қолданылуы экономикалық қызметтестік және даму ұйымына кіруші индустриялы дамушы елдерде жоғары қарқынмен өседі.

Бір қатар елдерде сутекті энергетиканың дамуы бойынша ауқымды ұлттық бағдарламалар басталған болатын. Қазіргі таңда сутекті энергетиканың

дамуы бойынша жұмыстарды әлемнің барлық алдыңғы қатарлы индустриялық елдері, соның ішінде Еуроодақ елдері, АҚШ, Канада, Жапония және жаңа индустриялық елдері жүргізуде.

Экономика дамуында технологиялар маңызының артуы ұйымдар мен кәсіпорындар тиімділігіне жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді.

Осы тұрғыда дәйектердің басым көпшілігі ірі компаниялардың пайдасына шешіле бермейді. Қазіргі кезде капитал және ақпарат сияқты ресурстардың өзі орта және шағын фирмаларға қол жетімді болған. Ірі корпорациялардың жетістігі ретінде мыналарды атап өтуімізге болады: масштаб экономиясы, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысты (ҒЗТКЖ) қарқынды түрде жүргізу қабілеті, өндірісті диверсификациялау, пайданы максимизациялау, халықаралық жобаларды басқару. Дегенмен де, олар жаңа технологиялар саласында жаңа идеяларды дер кезінде дайындауға жеткілікті деңгейде икемді әрі шапшаң емес. Жалпы, массалық өндіріске негізделген ірі корпорация механизмі технологиялық жаңалықтарды тез игерудегі өте бір дұрыс таңдалған жол болып табылмайды, ал өндіріс және капитал концентрациясының объективті үрдісі ғылыми-техникалық прогреске кәдімгідей кедергі туындатады. Ірі корпорациялар құрылымы жаңалықтарды енгізу ізденісіне бейімделмеген, ал көп жағдайда олардың өндіріске енгізілуіне де бейімділігі өте баяу.


Бөлімдердің іріленуі бюрократизацияның күшеюі және шешім қабылдау үрдісінің бәсеңдеуіне ықпал етеді. Корпорация неғұрлым ірі болған сайын, соғұрлым оның «алғашқы технологиялық жарып өткіштер» сипаты жоғала беретіндігі сөзсіз. Мысалы, General Electric корпорациясы кезінде компьютерлік революцияның басталып кеткендігін байқамай да қалған.

Бұл тұрғыда технологиялық дамуда жеке ғалымдар, ойлап тапқыштар және ұсақ инновациялық компаниялардың рөлі ерекше болып қала бермек, әсіресе, идеяның туындау кезеңі мен оның тұжырымдалуында орны ерекше. Шағын фирма бизнесті ұйымдастырудың мобильді түрі бола отырып жаңа идеялардың генератор рөлін атқарады, өйткені бұл идеялар беделділік пен өкілеттілік орын алатын, технологияның меңгерілуі анықталмағандық пен тәуекелділіктің өте жоғары деңгейімен байланысты ғылыми-зерттеу ұжымдарында туындай алмайды.

Дегенмен де, қазіргі заманғы өнеркәсіптік өндіріске өнеркәсіптік технологияны жасап шығару немесе жаңа өнімді енгізу үшін өнеркәсіптік зертханалар, конструкторлық бюролар, технологиялық бөлімшелер қажет. Осыған байланысты дәстүрлі емес идеяларды ұсынушы жеке ойлап тапқыштар, осы идеяларды тәжірибелік қолдану кезеңіне дейін жеткізуші ұсақ және орта инновациялық компаниялар мен жаңа технологияның массалық өндірісте қолданылуын қамтамасыз ететін ірі корпорациялар арасындағы еңбек бөлінісінің маңызы тереңдей түсуде. Технологияның құрылу үрдісі мен оны меңгерудің әлдеқайда кең тараған сызбасы б суретте көрсетілген.

Ұсақ инновациялық компаниялар көбінесе ұсынысты қазіргі заманғы технологиялар нарығында анықтайды. Тәуелсіз ойлап табушы немесе ұсақ

бизнес үшін өз өнімін өткізудің ең көп тараған әдісі ретінде өндірісте жаңалықты игеруге мүдделі өнеркәсіптік компанияға жаңа ойлап табылған өнімді сату болып табылады.



4 сурет – Технологияның құрылу және меңгерілу үрдісі

Осылайша технологиялық бизнес құрылымы бір жағынан жаңа техникалық идеяларды ұсынушы және өздерінің ғылыми–техникалық нәтижелерін сатуға ұмтылушы ұсақ инновациялық фирмалар мен жеке ойлап тапқыштардың көптеген санымен сипатталса, екінші жағынынан осы ұсынылған жаңа идеялар мен өнімдердің ішінен өздерінің өндірісіне ең тиімдісін патенттер мен лицензиялар, шағын фирмалармен мердігерлік келісім-шартқа отыру, сол технологияны меңгеретін маманды жалдау немесе кәсіпорынды сатып алу сияқты жолдар арқылы ие болуға дайын көптеген ірі өнеркәсіптік компаниялармен сипатталады. Бұл үрдісте делдал фирмалардың да маңызы зор. Брокерлер мен делдал фирмалар технологиялар саудасында өткен ғасырдың 60-70–ші жылдары пайда болды. Олардың келуі ғылыми зерттеулердің үнемі кеңеюі шартында ғылыми–техникалық жетістіктерді құрушылар мен олардың өндірісте қолданылу мүмкіндігі арасында едәуір алшақтық байқалған ғылыми білімдердің қайта өндірісі проблемаларымен байланысты болды. Нәтижесінде әлеуетті пайдалы технологиялардың едәуір көп бөлігінің қолданыс таппай отырған себебі тек экономикалық тиімсіздіктен ғана емес, көбінесе әлеуетті тұтынушылардың олардың бар екендігінен бейхабар болуы маңызды себеп болып табылады. Бұл орайда делдал фирмалар барлық технологияларға (бұрыннан бар және жаңадан шығарылған) байланысты мәліметтер базасын құрайды, қандай да бір технология түрін сату/сатып алуға мүдделі серіктестерді іздестіру проблемасын шешуге көмектеседі, компьютерлік байланыс арқылы сатушы мен сатып алушының әңгімелесуі үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Делдал фирмалар дамыған технологиялық нарықтардың қажетті атрибуты болып табылады. Олардың мәні келесі атқаратын жұмыстармен сипатталады:

- ғылыми–техникалық айырбасқа қызмет ету;
- экономикадағы жаңалықтардың енгізілуінің таралу жылдамдығының жоғарылауына ықпал етеді;
- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарына кеткен капитал құйылымдары қайтарым мөлшерінің ұлғаюына ықпал етеді.

Делдал фирмалармен қатар жаңа технологиялардың таралуына ықпал етуші элементтерге барынша мүмкінді жәрменкелер көрмесін өткізу тәжірибесінің кеңеюі жатады, мұндай жәрменкелерде құрастырушылар мен ұсақ инновациялық бизнес ғылымның әртүрлі салаларында өздерінің жетістіктерін паш ете алады.

Ғылым мен ғылыми саясаттың мақсаты – елімізді инновациялық-индустриалық тұрғыдан қарқынды дамытумен бірге ғылымды жаңа үлгіде дамыту күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналып отыр.

Соңғы бес жылда ғылымға бөлінген шығыс 3,5 есе өскен. Ғылыми–технологиялық даму басымдықтары анықталынған және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы да бекітілген. Оны орындау барысында нанотехнология және биотехнология жөніндегі 5 ірі ұлттық зертхана құрылды. Еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының жанынан инженерлік мамандыққа бейімдейтін 15 зертхана құрылды.

Қазақстанның жеделдетілген индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асырудың басталуымен ғылыми саланы дамыту мәселесі негізгі мәнге ие болып отыр. Яғни, негізгі мақсат – ғылымның дамуына жаңа қарқын беру, оның дамуы үшін дұрыс бағыттар беру және қазақстандық бизнестің ғылыммен тығыз байланыста болуына ықпал ету қажет.

Еліміздің ғылыми инновациялық бағытта дамуын негізгі нысан етіп ұстау күн тәртібіне шығарылып жалпы, отандық ғылымды әлемдік деңгейде табиғи жолмен дамыту жөнінде нақты міндеттер алға қойылды. Сондай-ақ, ғылым сапасын заманауи талапқа сай арттыру қажеттігін назарға салып, әрбір ғылыми жұмыс ел дамуына, экономиканың өсуіне өз үлесін қосуы керектігін, ғылыми–инновациялық жұмыстарға ерекше көңіл бөлу қажеттігі атап өтілді.

Қазір инновациялық саясат мыналарды талап етіп отыр. Ең бірінші адами ресурстардың ғылыми–техникалық әлеуетін ғылым дамуының басым бағыттарына жұмылдыруды тездету, ғылым нәтижелерін осы заманғы өндірісте тиімді пайдалану. Ал ғылыми-технологиялық жаһанданудың негізгі бағыттары – мемлекетаралық ақпараттық алмасуды қамтамасыз ететін технологияларды игеру, технологиялық және әлеуметтік инновацияларды интеграциялайтын метатехнологияларды жасап шығару, әлемдік ғылыми–технологиялық дамуда халықаралық реттеу тетіктерін қалыптастыру, әр түрлі мемлекеттердің санаткерлік ресурстарын жинақтайтын интернет-технологиялар мен компанияларды дамыту және трансұлттық корпорациялар мен мемлекеттік құрылымдардың жұмысын жандандыру. Кез–келген ұлы мақсат пен ауқымды

ғылыми жоспарды жүзеге асыру тетіктері дұрыс жасалмаса, еткен еңбек, төккен тер далаға кетеді. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, технологиялық трансферт пен санаткерлік меншікті коммерциялаудың тиімді механизмдерінің бірі технопарктер болып табылады. Технопарктердің қызметі ғалымдардың, өнертапқыштардың, жаңашылдардың, инженерлердің жаңа идеяларды игеру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталады.

Елімізде мазмұнды инновациялық ғылыми–техникалық жобалар жетерлік. Мәселен, «Қазақстанда сирекметалды саланың дамуын ғылыми-технологиялық қамтамасыз ету» инновациялық жобасы үлкен қызығушылық тудырды. Қазақстан қазіргі техникада көп қолданыс табатын, олардың өндірісін өзекті және жоғары рентабельді ететін сирек металдың үлкен қорына ие. Осы жобаны іске асыру нәтижесінде Қазақстанда сирек металдар мен сирек жер элементтері жылына 150 млн. АҚШ долларына өндіріліп, мың жарымнан астам адамды жұмыспен қамтуға болады. «Жылына 500 мың тонна қуатпен ферросиликоалюминий өндіру бойынша ферроқорытпалы зауыттың құрылысы» («Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді өңдеу бойынша Ұлттық орталығы» РМК) жобасын орындау нәтижесінде еліміздің ғалымдары әзірлеген технология бойынша ферросиликоалюминий және «Қазақстандық» отандық кешенді қорытпалар өндірілетін болады. Үлкен мультипликациялық әсерге ие «Қазақстанда күн энергиясы кластерін жасау» инновациялық жобасы, сондай-ақ, биотехнология саласында «Диагностика, алдын алу және тұмау терапиясы амалдарын әзірлеу, мониторинг жүргізу, зерттеу», «Шошқа тұмауына: эпизоотологиялық бақылау жүргізу, ерекше алдын алу амалдарын және диагностикасын өңдеу», «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігін ғылыми–техникалық қамтамасыз ету» және нанотехнология бағыты бойынша «Қазақстан Республикасында наноғылым және нанотехнологияны дамыту», ақпараттандыру бағыты бойынша «Қазақстан Республикасында микроэлектрониканың ақпараттандыру-технологиялық базасын және робототехникасын құру» инновациялық жобалары өзекті болып табылады.

Бұл ғылыми-техникалық бағдарламалар елдің ғылыми-технологиялық дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді.

Келешекте шетелдің технологиясына тәуелді болмай, ендігі жерде одан құтылудың жолын қарастыру керектігі, өзіміздің отандық өндірісімізді жүйелі дамыта отырып, жаңа технологияларға қол жеткізудің қажеттілігі туындайды, мұндай кезеңдерден Финляндия, Оңтүстік Корея, Норвегия мемлекеттері қысқа мерзімде шыққан болатын.

Инновацияны дамытудың әлемдік тәжірибесіне сүйенсек, қандай да болсын мемлекеттердің қол жеткізген табыстары ғылым мен техникада жатқандығын көреміз. Мәселен, Америка мен Ұлыбритания жалпы ұлттық қаржының 12-14 пайызын ғылымның дамуына бөледі. Ал Франция мен Жапонияда бұл көрсеткіш 16-17 пайызды құрайды. Сондықтан да АҚШ, Германия, Жапония мен Ұлыбританияның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары әлемдегі аса ірі ғылыми орталықтар болып табылады.

Индустриаландыру бағытында жетістіктеріміз бар екендігін айтып кету қажет. Қазақстан қазірдің өзінде мәшине жасау, металлургия, мұнай өңдеу, фармацевтика және химия саласына жалпы құны 30 миллиард доллар болатын 25 индустриялық жобаны іріктеп алып отыр. Бұл жоба жүзеге асса, ол ел экономикасына 35 миллиард көлемінде тиімділік береді. Бұл жерде мемлекет үшін индустриялық саясат туралы заң ауадай қажет.

Әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында экономиканы көтеруге қоғамды басқару мен өндіріс салаларында экономикалық тиімді және озық инновациялардың дамуы негіз бола алады. Инновациялық процесс идеяның пайда болуынан оның нақты жүзеге асырылуына дейінгі циклді қамтиды. Ғылымның өндірістен алшақтауы – елдегі инновациялық индустрияның жеткіліксіз дамуының негізгі себебі.

Елде ғылыми зерттеулердің нақты іске асуын қамтамасыз ететін басымдылық, ынталылық, тәуекелдік зерттеулердің және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстардың дамуына қолдау жасау мақсатында «Ғылым қоры» акционерлік қоғамы құрылған болатын. «Ғылым қоры», «Парасат» ұлттық ғылыми–технологиялық холдингі» АҚ-ның еншілес компаниясы болып табылады, оның міндеті Қазақстанның тұрақты ғылыми–технологиялық және әлеуметтік–экономикалық дамуы үшін қажетті ғылыми әзірлемелер мен жобаларды іріктеп, оларды коммерциялауға, тікелей өндіріске енгізуге қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Сонымен, «Парасат» холдингінің қызметі Қазақстан экономикасына озық ғылыми–технологиялық әзірлемелерді енгізу үшін қажетті жағдайлар жасау, серпінді ғылыми және инвестициялық жобалар құруға бағытталған.

Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін қаржылық қолдау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі арқылы (іргелі және қолданбалы зерттеулер) және «Ғылым қоры» арқылы (қолданбалы сипаттағы бастамашылық және тәуекелді ғылыми зерттеулер) есебінен жүзеге асырылады, сондай–ақ ғылымның нақты сектормен бірігуіне қолдау жасауға тиіс даму институттары арқылы жүреді.

Инновациялық қызметті қолдау институттары арасындағы «Ғылым қорының» рөлі ғылыми жобаларды алғашқы деңгейлерде қолдау, дамыту және ғылыми зерттеулерді тәжірибелік–өндірістік деңгейге дейін жеткізумен ерекшеленеді. «Ғылым қоры» инновациялық процестер құрылымындағы ғылыми ұжымдар, ғалымдар және бизнес әзірлеген іргелі және қолданбалы зерттеулер арасындағы байланыстырушы буын болып табылады.

Алматы қаласында «Алатау» ақпараттық технологиялар паркінде өткен «Ғылым және инновациялар» көрмесінде «Парасат» холдингі ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған қазақстандық ғылыми–технологиялық әлеуетті жүзеге асыру механизмін көрсетті. Осы механизмді ұлттық деңгейде тарату ұсынылды, оның маңыздылығы мынада:

- бірінші кезең – өнеркәсіптік кәсіпорындарда технологиялық аудит өткізу арқылы өнеркәсіптің ғылыми–техникалық қажеттіліктерін айқындау;

- өнеркәсіптің ұсыныстары негізінде уәкілетті мемлекеттік органдар республикалық ғылыми-техникалық бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асыру аясында мемлекеттік тапсырмалар қалыптастырады;

- осыдан кейін «Парасат» холдингінің ғылыми ұйымдары және оның серіктестері ғылыми-зерттеу тәжірибелі-құрылымдық жұмыстар жүргізеді.

Сонымен бірге «Ғылым қоры» осы механизмде тәжірибелі-конструкторлық әзірлемелерден бастап соңғы ғылыми ауқымды өнімнің шығуына дейінгі жұмыстарды қаржыландыруға тартылған. Аталған механизмнің негізгі құралы – елдің экономикасындағы ғылыми ұйымдар мен нақты сектор кәсіпорындарының серіктестігі болып табылады.

Ғылымды тұрақты қаржыландыру жағдайындағы қызметінің өткізілу шарттары ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің қатарында 17 министрлік-әкімшіліктері ғылыми-техникалық қаржы бағдарламасын жүзеге асырушы болып табылады.

«Ғылым қоры» инвестициялық қызметтің басым бағыттары ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия белгілеп қаржыландырған жобалар көмірсутегі және кен-металлургия салаларына арналған технологиялар, нанотехнологиялар және жаңа материалдар, биотехнологиялар мен ақпараттық технологиялар салаларынан ұсынылған. Мемлекеттің жеке меншік капитал мен ғылыми-техникалық салалардағы серіктестігі ғылымның нақты сектормен интеграциялануына және салынған қаражаттардың нәтижелілігін арттыруға бағытталған.

Қазақстан қоғамының ырғақты дамуы мемлекеттің экономикалық бағытына елеулі өзгертулер енгізумен қоса-қабат жүруде. Ағымдағы модернизациялаудың үдерістеріне өзгерістер енгізіліп қана қоймай, сонымен бірге реформалау тұжырымдамасының мазмұнын сапалық тұрғыда жаңарту ісі де жүзеге асырылуда. Өндірісті қалпына келтіруге, нарықтық жағдайларға көшуге байланысты болған экономикалық құрылыстың бірінші сатысы әлемдік нарықта неғұрлым сұранысқа ие шикізат секторын іс жүзінде қайта түлетті. Таяу жылдарда әлемдік конъюнктурада міндетті түрде орын алатын тербелістің оның экономикадағы жетекші рөлін күшейте түсетініне еш күмән жоқ.

Шикізат секторының ұлттық экономиканың құрылымдарын прогрессивті түрде қайта жаңғыртуға қуатты әлуат болатын айтарлықтай қаржы ресурстарын жинақтаудағы өсе түсіп отырған оң ықпалы көзге көрініп-ақ тұр. Сонымен бірге, отандық шаруашылықтың минералдық-шикізаттық бағдарының күшейе түсуі таңдап алынған басымдықтарды әлсіретуге апарып соқтыруы да мүмкін. Шикізат секторы іс-әрекетінің уақытпен шектеулі екені ескеріліп, елде жаңа экономикалық бағыттың негізгі өзекті элементтерін қалыптастыру мен жүзеге асыру жөнінен кең көлемді жұмыстар жүргізілуде. Ол отандық индустрияның жетімсіз тұрған, әсіресе өңдеуші өндірістегі, қызмет көрсету саласын дамытудағы, жоғары технологиялы, инновациялық жаңа экономиканың іргетасын қалаудағы олқы буындарды толықтырудан тұрады. Осынау

тұжырымдамалық шешуші проблемалар 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған индустриялық–инновациялық даму стратегиясында нақты көрсетілген.

Ал, инновациялық бағдарлама болса осы ұстанымды нақты іс жүзіне асыруды көздеп отыр. Бағдарлама парақтарына үніле отырып, инновациялық индустрияландыру міндеттерін орындау үшін нақты мүмкіндіктерді негізге алу қажеттігін байқаймыз. Бұл үшін Үкімет өз күш-жігерін басым бағыттарға шоғырландыруы қажет. Оның алғашқысы – агроөнеркәсіптік кешен және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу. Азық-түлік тауарларына деген сұраныстың өсуін және бағаларының артуын ескере отырып, аграрлық сектор технологиялық қайта жарақтандыруға және кең ауқымды жаңғыртуға қайта бағдарланады. Өйткені, сектор экономиканы әртараптандыруға және экспортқа нақты үлес қосады. Басты міндет – 2025 жылға қарай ауылшаруашылық өнімдерінің үлесін экспорттың жалпы көлемінде 10-15 пайызға дейін жеткізу. Аталған және басқа жобалардың есебінен агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы қосылған құны ең таяудағы уақыттарда кем дегенде 16 пайызға ұлғайтылып, 10 мыңнан астам жұмыс орны құрылады.

Құрылыс индустриясын дамыту және материалдар өндіру екінші басым бағыт санатында. Бұған дейін елімізде құрылыс материалдарын шығаратын 45 жаңа зауыт іске қосылды. Мұның өзі 3,5 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Бағдарламаға сәйкес 2015 жылға қарай ішкі өндіріс есебінен нарық тұтынысының 80 пайыздан астамы қанағаттандырылуы тиіс. Құрылыс кешенінің жалпы қосылған құны кем дегенде 76 пайызға ұлғайтылады. Мұнай өңдеуді және мұнай-газ секторының инфрақұрылымын дамыту да маңызды. Металлургияны дамыту және дайын металл өнімдерін шығару саласында 2015 жылға қарай металлургия өнеркәсібінің өнімдерін өндіру мен экспорттау көлемін екі есе ұлғайтуды қамтамасыз ету міндеті тұр. Қайта өңдеуді тереңдету және жаңа бөліністі құру есебінен металлургияның жалпы қосылған құны кем дегенде 107 пайызға өсуі тиіс. Химия, фармацевтика және қорғаныс өнеркәсібін жедел дамытылады. Сайып келгенде, жоғарыда аталған басым бағыттар бойынша барлық ресурстарды теңдестіре жұмылдыру экономикаға 7 триллион теңгеден асатын жылдық қосылған құн құруға мүмкіндік береді. Алға қойылып отырған міндеттің бүгінгі бағамен есептесек, бұл іс жүзінде ұлттық өнімнің 50 пайызын құрайды. Ал мұның өзі алға қойылып отырған міндеттің Қазақстан экономикасы үшін қаншалық мән–маңызы бар екенін айқын көрсетсе керек.

Батыс елдерде ипотекалық несие саласынан бастау алып, әлемді шарпыған қаржы дағдарысы бізде де алдымен құрылыс индустриясын тұралатқаны белгілі. Дегенмен үкімет тарапынан дер кезінде жасалған қолдау шараларының нәтижесінде еліміздің құрылыс саласы құлдыраудан аман қалды. Кейінгі жылдары отандық құрылыс индустриясында даму ырғағы байқалды.

Еліміздің экономикасы ішкі нарыққа бағыт ұстай отырып, әртараптандырылу үстінде. Әртараптандырудың дамуына ішкі сұраныстың артуы жақсы негіз болуда. Технологиялар трансферті, копирайт (көшірме өндірісі), франчайзинг, лизинг, аутсорсинг қазіргі күні неғұрлым сұранысқа ие болып отыр. Жаңа индустриялық саясаттың проблемалары мен міндеттері –

мұқият талдау және қазақстандық өнімдерді әлемдік өндіріс тізбегіне қосудың нақты мүмкіндіктерін анықтау. Бүкіл әлем осындай бағытпен дамуда. Әрине, өнімді ақыр аяғына дейін, дайын күйіне дейін жеткізудің жолдарын қарастыруымыз керек.

Жаңа өнімдерді игеруге бейімділік танытуымыз, ескі өндірісті жеделдетіп жаңғыртуымыз қажет. Кәсіпорынның ыңғайлылығы мен икемділігі, еңбек ұжымының инновациялық дүниелерді игеруге деген әзірлігі өндірісті жеделдете дамытудың шешуші факторларының бірі болып табылады.

Экономиканы белсенді түрде әртараптандыру ұлттық экономиканың өзін-өзі ақтау, өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін көтеріп, оның көлемін ұлғайтады. Мұндай жағдайда сыртқы факторлар алдындағы мәжбүрлігіміз де төмендей түседі. Сондықтан бұл бағытты барынша қолдау қажет.

Келешекте ғылым мен білімнің университеттерде ұштасуына қолдау көрсетілмек. Бұрын базасы мықты, ғылыми әлеуеті жоғары жоғары оқу орындары негізгі саласы білім беру болса, ендігі жерде зерттеу жұмыстарымен де айналысуға мүмкіндік туып отыр. Әлемдегі өркениетті елдер - АҚШ-та, Германияда, Жапонияда, Ұлыбританияда мұндай классикалық университеттер бұрыннан қалыптасып қойған. Енді сондай үрдіс бізде де бірте-бірте орын ала беретін болады. Алдағы уақыттарда университетті бітіріп, магистр, доктор PhD атағын алғандар тікелей ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға толық мүмкіндік алатын болады. Бұрын әлемдегі озық жоғары оқу орындарының қатарына ену мәселесіне де еліміздегі университеттердің тек қана білім берумен айналысатыны кедергі болып келсе, ендігі жерде оған тосқауыл қойылмақ. Бұл ғылыми модель заман талабынан туып отыр.

Әсіресе, төрткүл дүниедегі университеттік ғылымның озық үрдісі, білімді интеграциялаудағы дағдылы дәстүр жаңа техника мен технологияның қолданысқа енуіне мол мүмкіндік туғызары сөзсіз. Бұл істе жан-жақты болу, кәсіптік оқуды ғылыми зерттеу жұмыстарымен ұштастыру істің тиянақты шешілуіне жол ашады. Ал, осы университеттік ғылымның үздіксіздігі зерттеу ауқымдарының көлемді болуына, тыңғылықты аяқталып, өз нәтижесін бертiнiне септiгiн тигiзерi күмәнсiз. Яғни, жоғары білім беруді ғылым, өндіріс пен нарықтың жылдам өзгеріп жатқан ахуалына бейімделген кәсіби мамандар даярлауға мүмкіндік беретін ұлттық моделін құруға негізделген стратегиялық басымдықтардың айқындалынуы туындайды.

Елімізде білім мен ғылым салаларын интеграциялауда іргелі университетер мен ғылыми-зерттеу институттарды байланыстыратын орта ғылымның қайнар көзі болып табылады. Алдағы уақытта ғылыми жобаларды қаржыландыру, халықаралық сараптау мен экономикалық талаптарға байланысты кезең-кезеңмен дамытылатын Қазақстандағы жаңа тиімді ғылыми жүйені жүзеге асыруда академияның ғылым саласын дамытуға қандай үлес қосып, қандай қызмет атқармақ, болашағымыз қандай болуы керектігі жөніндегі міндеттерімізді айқындап берері сөзсіз. Ал Ұлттық ғылым академиясы, Қазақстанның кәсіби ғалымдар қауымдастығы ретіндегі

құрылымы, ол ғылыми бағдарламалар мен жобаларды сараптауда, бұл еңбектердің әр қырынан бағаланылуына мүмкіндік береді.

Қазіргі экономикалық дамудың негізгі сипаттамаларының бірі озық ғылыми-технологиялық әзірлемелердің негізінде белгілі бір уақыт кезеңінде жасалған технологияларды кезең-кезеңімен ауыстыру процесімен байланысты оның әркелкі сипаты болып табылады. Технологиялық құрылымдардың ауысуы сәтінде алдындағы кезеңде кеш басында болған елдер капиталдың құнсыздануына және бұрынғы өндірістерде істеген қызметкерлердің біліктілігінен айырылуына тап болады. Жаңа өндірістік-технологиялық жүйені қалыптастыруда жетістіктерге қол жеткізіп үлгерген елдер дәстүрлі жұмсау салаларынан сырғып бара жатқан капиталды тарту орталықтарына айналады.

Стратегия индустриядан кейінгі дамудың перспективалы бағаттарында ғылыми-техникалық, инновациялық және өндірістік әлеуетті ұлғайтуға бағытталған, ол болашақта қағидатты бәсекелестік артықшылықтарды алуға жәрдемдесуге тиіс.

Негізгі бағыттар мыналар болуы тиіс:

1. Жоғары технологиялы өндіріс қалыптастыруға, оның ішінде шетелдік те, салааралық та технологиялар трансфертінің тиімді жүйесін жәрдемдесу.

2. Жоғары ғылыми-технологиялық әлеуеті бар ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік ұйымдар мен кәсіпорындар желісі бар қалаларда қазіргі заманғы ғылыми және инновациялық инфрақұрылым жасап, оның қазіргі заманғы элементтерінің қызметін (технопарктер, ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-технологиялық аймақтар және с.с.) қолдау.

3. Индустриядан кейінгі экономика тұрғысынан алғанда озық салаларды дамытуда қазіргі ғылыми-техникалық әлеует салаларын пайдалану.

Қазақстан қазірдің өзінде мына салаарадағы әзірлемелер негізінде ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамыту үшін бергілі бір ғылыми базаға ие, оның ішінде:

- биотехнологиялар (ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттары мен жануарлардың генотиптері, бактериялар штамдары және басқалары);

- ядролық технологиялар;

- ғарыштық технологиялар;

- жаңа материалдар, химиялық және басқаларды жасау.

4. Қазіргі заманғы ғылыми-технологиялық бағыттардың;

- жаңа материалдар мен химиялық технологиялар;

- ақпараттық технологиялар салаларына зерттеулер жүргізу үшін қажетті жағдай жасау.

5. Ғылыми-техникалық және өндірістік ұйымдар мен кәсіпорындардың инновациялық қызметін ынталандыруға, ғылым мен инновациялар салаларында инвестициялар тартуға, өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласына инновациялардың жылдамырақ енуіне бағытталған заң шығару базасын жетілдіру.

Ғылыми жобаларды жаңаша қаржыландыру механизмдері енгізілуіне байланысты бұған дейін басшылыққа алынып келген «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына өзгерістер енгізілуі тиіс. Ғылым саласының дамуына көптеген жағдайда нормативтік-құқықтық базадағы қайшылықтар кері әсер етіп отырғаны көпшілік қауымға аян. Ал, «Ғылым туралы» заңға да өзгерістер енгізілуі тиіс. Мұнда, мемлекет пен университеттер мен өндіріс арасындағы ықпалдастықты ретке келтіру аясында заңнамалық базаны толықтыру қажеттігі туындайды. Әсіресе, меншік формалары, зияткерлік құқық, ғылыми жобаларды коммерциялауға қатысты құқықтық тұрғыдан мәселелер де шешімін табуды керек етіп отырғаны рас. Сондай-ақ Қазақстанның жемісті жетістіктерін мақсатты түрде насихаттау, тәуелсіздіктің арқасында ие болған құндылықтарымызды бағалау, еліміздің әлемдік деңгейдегі рөлін асқақтату бағытында, экономикалық жағынан алған асуларымызды халықтың санасына ұялатудағы гуманитарлық институттардың алар орнын саралап тұып айтудың өзінде кәдімгідей міндеттердің жүгі жатыр. Бұл міндеттерді осы саланың мамандарының түсіністік тұрғысынан қабыл алары анық.

Еліміздің қазіргі даму кезеңінде ғалымдар алдына әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті, өтімділігі жоғары төл өнімдерді өндіруге, жаңа үлгідегі технологиялық өндірістерді құруға бағытталған міндеттер қойылғаны белгілі. Бұл ретте ғылымдағы зерттеулерді халықаралық стандарттар деңгейіне көтеруге және оларды өндіріспен байланыстырып іске асыруға қолдау - қамқорлығы осы саладағы іске тың серпін берумен бірге қазақстандық ғалымдарға жүктелген үлкен жауапкершілік деп білеміз. Яғни, ғылымы дамыған, озық технологиялармен қамтамасыз етілген мемлекет әлемдік ғылым-білім кеңістігіне еркін енетінін ескерсек, еліміздің ғылымын жан-жақты дамытуға үлес қосу – барша ғалымдардың ортақ ісі дегіміз келеді.

Қазіргі жаһандану жағдайында алдыңғы қатарлы іргелі ғылымы, озық технологиясы бар мемлекеттер ғана әлемдегі дамыған елдер қатарына кіре алады. Сондықтан ғылымның, техниканың дамуының басым бағыттарынан үлкен стратегиялық мәні бар ғылыми–техникалық кешендер іске асырылуы қажет.

2.3 Қазақстан экономикасының нақты секторына инвестицияны тарту механизмі мен мемлекеттік реттеу

Нарықтық қатынастарды қалыптастыру кезеңінде экономиканы инвестициялау процесін реттеуде басты рөл осы процесті ынталандыруға шақырылған өзінің мақсатты бағытталған саясатыменн мемлекетке беріледі. Меншіктік қатынастардың өзгеруімен, экономиканы нарықтық реформалау бойынша шараларды іске асырумен байланысты мемлекеттің рөлі жеткілікті белсенді болып қалуы керек және заңдылық пен тәртіптіліктің гаранты ретінде қызметін шектемеуі қажет. Сол уақытта серпінді қайта құрушылық қажеттіліктеріне жауап бере алатын мемлекеттік реттеу қоғамдық эксперименттеудің негізі және оның катализаторы бола тұрып, өзгермелі

жағдайларды есепке алуы керек.

Инвестициялық қызметті реттеу процесінде мемлекет бір уақытта бірнеше қызметтерді орындауы керек, әсіресе:

- ссудалық пайыз, ақша, несие және амортизациялық саясаттар арқылы іске асырылатын дамыған нарықтық экономикада инвестициялау процесін басқару бойынша басты макроэкономикалық қызметінде жеке бизнес капитал салымындағы жалпы көлемін реттеу (ынталандыру немесе шектеу);

- салықтық және несиелік жеңілдіктер, мысалы, инвестициялық ахуал арқылы белгілі бір кәсіпорын, сала және сфера қызметіне капитал салымын таңдамалы ынталандыру;


- ірі корпорациялардың қызметі мен жоспарларын келістіру жолымен белгілі бір өндірістік қуаттылықты кіргізу немесе шығару мақсатымен инвестициялық процеске тікелей әкімшілдік араласу.

Мемлекеттік инвестициялық реттеуді экономикалық өсу мен макроэкономикалық тұрақтандыру мақсатында инвестициялық нарық қатысушыларына тікелей және жанама әрекет ету әдістері мен формаларын мемлекеттің біртіндеп және мақсатты бағыттап қолдану процесі деп түсінуге болады (5 сурет).

Экономиканың нақты секторын дамыту және қалпына келтіру, бір жағынан, мемлекеттік органдардың инвесторлармен, екінші жағынан - экономикалық қатынастардың басқа да қатысушылары және шаруашылықтандыру субъектілерімен өзара қатынастары механизмдері мен қағидаларын реттейтін және инвестициялық қызметтің ұлттық құқықтық тәртіптемесін анықтайтын заңнамасыз іске асырылмайтын ұзақмерзімді инвестициясыз мүмкін емес.

Инвестициялық қызметті реттеу сферасындағы құқықтық база үшін қазақстандық нарықта отандық, сондай-ақ шетелдік инвесторлардың қызмет етуінің біркелкі режимі мінезді. Қазақстанда инвестициялық қызметті реттейтін, базалық нормативті акт 2003 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңы саналады. Ол инвесторларға келесідей кепілдіктердің түрлерін береді.

Біріншіден, Қазақстан территориясында кәсіпкерлік қызмет шарттары мен мүделерін және инвестицияға олардың құқықтарын толық және шартсыз қорғау; оның шегінен заңды түрде алған табыстарын, пайдаларын және басқада ақшалай табыстарын аудару және пайдалану (әрине, заңдамада қарастырылған салықтар мен алымдарын төлегеннен кейін).



5 сурет – Мемлекеттік инвестициялық реттеу әдістерінің құрылымдық схемасы

Екіншіден, инвесторға қозғалмайтын мүлікпен мәмілені тіркеу туралы, жарғылары туралы, заңды тұлғаларды тіркеу, сонымен қатар заңмен қорғалған коммерциялық және басқа да құпиялар қарастырылатын ақпараттан басқа, берілген лицензиялар туралы ақпараттарды еркін алуға құқық кепілденеді.

Үшіншіден, инвесторлар акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды сатып алуға, республикалық және коммуналдық меншіктегі объектілерді жекешелендіруге, қызмет етіп отырған заңға сәйкес құрылыстық үйлерді, ғимараттарды және қозғалмайтын мүліктің басқа да тірлерін сатып алуға құқығы бар. Инвестордың мүлкі және шетелдік капиталдың қатысуымен жұмыс істейтін кәсіпорындар күштеп тартып алуға жатпайды, соның ішінде ұлттандыру және реквизициялау кезінде де (Қазақстан Республикасының республикалық заңдар мен халықаралық келісімдермен бекітілген негіздемелермен байланысты жағдайларды есепке алмағанда). Бұл жағдайларда мүліктің нарықтық құны қайтарылады.

Төртіншіден, инвесторлар өз құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаларға

беруге құқылы.

Бесіншіден, инвесторларға келесідей жағдайларда салықтық жеңдіктер беріледі: қарастырылып отырған инвестициялық іс-әрекеттің басымдылықты қызмет түрлерінің тізіміне сәйкес болса; жаңа технологияны қолданумен қызмет етіп тұрған өндірістерді кеңейту және даңарту, жаңа кәсіпорындарды құру үшін республика кәсіпорындарының фиктивті активтеріне инвестиция салатын болса.

Алтыншыдан, приоритетті жобаларды іске асыратын инвесторлар үшін кедендік салықты төлеу бойынша жеңілдіктер қарастырылған.

Инвестициялық қызметті реттеу бойынша шаралар жүйесінде басымдылықты мәнді мемлекеттік инвестициялық стратегияны құру және мемлекеттік реттеудің барлық жүйесін оны өткізуге бейімдеу алады.

Әлеуметті-экономикалық дамудағы ұзақ мерзімді мақсаттар әрдайым қысқа мерзімді мақсаттарға сәйкес келе бермейді. Елдің әлеуметті-экономикалық дамуындағы түбегейлі өзгерістерге жетуде әлеуметтік параметрлерді қатаң сақтау кезінде ақша-несиелік, бюджетті-салықтық құралдарды белсенді қолдана отырып, елдің нақты секторында іскерлік белсенділікті ынталандырумен қатар, инвестицияның мәнді өсуін ғана қарастырып қоймайтын ұзақ мерзімді инвестициялық стратегияны жүргізу қажет. Мұның барлығы мемлекеттің реттеу қызметін мәнді күшейту кезінде ғана мүмкін болады.

Орта- және ұзақ мерзімді инвестициялық стратегия Қазақстанның ұлттық экономикалық мүддесін өткізуге бағытталуы, ел экономикасының бәсекеқабілеттілігін жоғарлату және тұрақты экономикалық өсуі негізінде халықтың өмір сүру деңгейін жоғарлатуды қамтамасыз ету керек. Осыдан басқа, барлық бар ұлттық инвестициялық ресурстарды мобилизациялауға, шетел капиталын тартуға және оларды рационалды бөлу мен қолдануға бағытталған шаралар кешенін жүргізу керек. Бұл шараларды іске асыруға мемлекеттің бюджеттік, салықтық, несиелік, валюталық, ақшалай саясаттарының барлық құралдары бағытталуы қажет. Қазақстан экономикасының әлі ресурстарды жинақтаудан алыс екенін есепке ала отырып, инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу механизмдері осы мақсаттарға жетуге бағытталуы қажет.

Мемлекеттік инвестициялар – қажетті әлеуметтік өзгерістер мен өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың нақты салаларын қолдау мен салыстырмалы дамытуды қамтамасыз ететін экономиканы реттеудің маңызды факторы. Мемлекеттік инвестициялардың мақсаты – кумулятивті процесті қалыптастыруда дамудың ішкі факторларына мүмкіндік беру.

Нақты секторда инвестициялық белсенділікті ынталандыру мақсатында мемлекет экономиканы қайта құру процесін белсендендіруді, сонымен қатар экономикадағы мемлекеттік меншікті басқару мен тиімді қызмет етуін жоғарлатуды қарастыратын «агрессивті» өнеркәсіптік саясатты жүргізуі қажет. Экономикалық реформалау жылдары Қазақстанның өнеркәсіптік құрылымы мәнді өзгеріске ұшырады. Мұнай, газ, қара және түсті металлургия өнімдерін

өндіру және өңдеумен байланысты салалардың үлес салмақтары өсті. Макроэкономикалық тұрақтылыққа жетуге байланысты, стратегиялық акценттер экономикалық өсуді қамтамасыз етуге ауыстырылуда. Бұл экономикалық реформалардың экономиканың нақты секторына ауысуын қарастырады. Қазақстанның өнеркәсібіндегі құрылымдық өзгерістер талап етеді: жаңа мемлекеттік өнеркәсіптік саясаттың жүргізілуін, шығарылған ұлттық өнімді өткізу нарығы мен оны қамтамасыз ету үшін ақшалай қаражаттарды іздестіру.

Мемлекеттік дотациялар мен субсидиялардың көмегімен мемлекеттік кәсіпорындардың, дамудың басымдылықты аудандарында меншіктің аралас түрлерін дамыту үшін нақты секторды қолдау көрсету мақсатты. Жекелеп алғанда, олар қосымша жұмыс орындарын құруға, қайта игеріліп отырған аймақтарды дамытуды ынталандыруға, ауыл шаруашылығындағы, көліктегі және өндіру өнеркәсіптерінің кейбір салаларындағы шығындардың бір бөлігін жабуға бағытталады.

Экономиканың нақты секторында инвестициялық қызметті жандандыру үшін монополияны шектеу, шаруашылықтандырудың баламалы формаларын дамыту жолымен өндірістік сферада бәсекені белсенді ынталандыру қажет. Бағаларды реттеу әртүрлі тарифтер белгілеу жолымен тауарлар мен қызметтердің белгілі бір түрлері бойынша мемлекетпен жүргізіледі. Бұл ең бірінші, экономиканың мемлекеттік секторының өнімдеріне тиесілі.

Мемлекеттік реттеудің маңызды әдісі мақсатты республикалық бағдарламаларды арнайы бюджеттік қорлар арқылы қаржыландыру болып табылады. Бұл қорлар қаржы жүйесінің икемділігі мен маневрлігін жоғарлатады.

Мақсатты қаржылық қорлар жеке және заңды тұлғалардың өзіндік аударымдары, займдар, сауда-саттық жүргізуден түсетін табыстар, салықтық емес мінездегі алымдар мен аударымдар, ерікін бюджеттік қаражаттардың және заңданамамен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен құрылады.

Қазіргі жағдайда экономиканың нақты секторын мемлекеттік қолдау жеңілдетілген салық салу, несиелеу, сақтандыру жүйелерін, сондай-ақ республикалық және жергілікті деңгейлерде қаражаттар бөлумен нақты тауар өндіруші мен нақты өндірістің баға белгілеуін мемлекеттік реттеу қарастырады.

Инвестицияны мемлекеттік реттеудің тікелей әдісін мемлекеттік контрактілі жүйе атқарады. Мемлекеттік тапсырыспен сәйкес экспортқа жеткізілетін тауарлар бойынша, мемлекеттік тапсырыс жасаған ұйымның бюджетінен кәсіпорынға экспорттық өнім өндіру бойынша шығындарды қайтару керек, залалды экспорт жағдайында дотация бөлінуі керек.

Мемлекеттік контрактілерді қаржыландыруға мемлекеттік бюджет қаражаттарынан бөлек, мақсатты қорлар қаражаттары мен банктік несиелерді тарту мақсатты. Келісім-шарт жүйесінің негізінде мердігерлік және субмердігерлік механизмдерін құру жолыменен сыртқы саудада, аймақтар арасындағы өзара қатынастар жүргізілуі мүмкін.

Қызмет үшін ресурстарды қалыптастыруды реттеудің маңызды әдісі

ретінде жергілікті бюджеттердің қаражаттарын қолдану шығады. Республикалық және жергілікті бюджеттердің өзара қатынастары әртүрлі жолдармен жүзеге асырылады. Мысалы, жергілікті деңгейлердің қарыздық міндеттемелерін кепілдеу, муниципалдық облигациялармен төленетін жергілікті әкімшіліктің пайыз сомаларын салықтан босату арқылы, жергілікті жобаларды тікелей мақсатты орталықтан қаржыландыру және жергілікті органдардың өздерімен іске асырылатын жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру үшін мақсатты дотациялар мен несиелер бөлу арқылы. Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік реттеудің тікелей әдісіне сыртқы сауданы квоталау мен лицензиялауды жатқызады.

Инвестициялық процестерді экономикалық реттеудегі мемлекеттің рөлінің күшеюі үкіметпен қарастырылатын инвестициялық бағдарламаларды өткізу мен капитал салымына кеткен шығындардың толық көлемінде қаржыландыруды қарастырады. Бұл сұрақты шешу бюджеттік жоспарлау сапасын жалпы жақсартумен, белгіленген бюджеттік тапшылық деңгейі шегінде шығындарды қаржыландыру мен мемлекеттік бюджет кірістерін қалыптастыру бойынша жобаламаларды орындаумен байланысты. Сонымен бірге бұл инфляцияны төмендету мақсатында инвестицияға мемлекеттік шығыстарды секвестрлеу (қаржыландыруды жеткізбеу) жолымен тапшылық мөлшерін қысқартудың қалыптасқан тәжірибесінен бас тартуды қарастырады. Бұл шараны өткізу, біздің ойымызша, мемлекеттік инвестициялық тапсырысты тұрақтандыруға, инвестициялық нарықтағы мемлекеттік сектордың қалпына келуі мен одан әрі кеңеюін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Капитал қозғалысын мемлекеттік реттеудің маңызды элементі және оны экономиканың нақты секторын дамытуға бағыттау қапиатл шоғырлануы мен оның икемді оперативті қозғалысын, инвестицияға жинақтарды трансформациялау механизмдерімен қамтамасыз ететін ақша–несие жүйесі болып табылады.

Ақша-несие жүйесінің негізгі қызметі материалдық және материалдық емес өндірісті және халықаралық қатынастарды үздіксіз және тиімді ақша ресурстарымен қамтамасыз ету болып табылады. Толығымен, ақша-несие жүйесі банктік және банктік емес, зейнеткерлік, сақтандыру және пошта-жинақтау жүйелемелері түрінде көрсетіледі.

Елдің банктік жүйесінің бірінші деңгейі - Ұлттық банк, оның аумақтық бөлімшелері мен екінші деңгейлі коммерциялық банктердің топтары, олардың бірлестіктері, биржалар және ақша ресурстарымен сауда жасайтын аудандар түрінде көрсетіледі, олардың іс-әрекеттері Ұлттық банк ережелерімен реттелінеді.

Банктік емес жүйесі іс-әрекеттері банктік заңдар және заңнамалармен реттелінетін институттар түрінде жұмыс істейді. Оларға жататындар: пошта-жинақтау жүйесінің институттары, ломбардтар, несиелік кооперациялар (несие серіктестіктері мен өзара несиелер қоғамының кеңестері), қаржылық компаниялар (факторингтік, венчурлық және т.с.с.) және т.б.

Сонымен қатар қаржылық нарықта сақтандыру және зейнеткерлік

жүйелер қызмет етеді. Олардың қызметтері заңдылық актілермен регламенттеледі. Оларға бірінші кезекте сақтандыру қорлары мен компанияларын, инвестициялық компанияларды және қорларды, зейнеткерлік қорларды жатқызуға болады. Ақша-несие жүйесінің аталып кеткен субъектілері ақша ағымдарын бөлу мен құруға қатысады. Мамандандырылған несие-қаржылық институттар несиелі-есептік қызметі бойынша Ұлттық банкке бағынышты, ал кәсіби қызметтерінің басқа тірлері бойынша – бағыныштылығына қарай сәйкестендірілген ведомстваларға бағынышты болып келеді.

Инвестицияның маңызды көзі банктік жүйеде шоғырландырылған қаржылық ресурстар болуы керек. Банктік жүйеде жинақталған қаражаттарды ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсіптеріне Ұлттық банктегі олардың активтерін залогқа қоя отырып, үлкен және сенімді банктер арқылы бағыттау қажет. Қаржылық және өнеркәсіптік капиталдардың бірігуі бойынша шараларды заңдылық қолдаумен жолдау қажет. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Банктер мен банктік қызмет туралы» заңына өзгерістер мен түзетулер енгізу, банктердің өнеркәсіптік кәсіпорындардың акцияларын сатып алуға қатысуына шектеуді алып тастайтын.

Мемлекеттің кең қатысуымен банктер қызметінің неғұрлым маңызды сфералары болып табылуы мүмкін: қайда жеке капитал бармайтын, экономиканың нақты секторын, ауыл шаруашылығын, инфрақұрылымдық салаларды несиелеу.

Банктік жүйенің экономиканың нақты секторына аудару коммерциялық банктердің келесідей позитивті өзгеуіне алып келеді және мәнді мүмкіндік береді:

- банктерді несиелеуге ғана емес, сонымен қатар инвестициялауға бағыттау;
- банктердің жаңа инвестициялық технологияларын пайдалану;
- нақтылау негізінде қаржылы–өнеркәсіптік топтарды жаңғырту;
- нақты секторда ақша айналымын көтеру;
- ссудалық пайызды Ұлттық банктің есептік ставкасына неғұрлым нақты бағыттау;
- тәжірибеге банктік тәуекелдерді төмендетудің тиімді механизмдерін енгізу;
- банкте барлық ұқсас қызметтерді бағыттау – несиелеу, инвестициялау, инвестициялық жобалардың қаржылық менеджменті;
- банк өкілдерін қаржыландыратын кәсіпорындардың менеджментіне енгізу;
- менеджментті түбегейлі жетілдіру.

Негізгі институционалды инвесторлардың бірі зейнетақы жинақтау қорлары (ЗЖҚ) болып табылады, олардың қаражаттарды экономиканың нақты секторын дамытуға бағытталуы мүмкін.

Инвестициялық ресурстарды реттеу үшін ойластырылған салық саясатына үлкен мән беріледі. Салықтық реформа өте өзекті, ең алдымен

кәсіпорындар үшін, фискалды саясаттан инвестициялық белсенділікті ынталандыру элементіне өту керек. Экономиканың нақты секторына инвестицияны жоғарылату мүддесінде іске асырылатын салықтық реформалардың негізгі принциптері болуы керек:

- салық салынатын объектілердің санын кеңейте отырып, салық салу деңгейін төмендету;

- салалық және уақытша мінездегі салықтар бойынша шартталмаған жеңілдіктердің санын минимумға дейін жеткізу;

- шетелдік инвесторлар үшін жеңілдетілген салық салудың ерекше тұрақты режимін белгілеу.

Инвестициялық процестерді мемлекеттік реттеудің маңызды жанама әдістерінің бірі салық алудан босатылған, пайданың бір бөлігін аудару жолымен қалыптасатын сәйкестендірілген қор есебінен өндіріс құралдарының рухани және табиға тозуларын қалпына келтіруді қамтамасыз ететін амортизациялық саясат болып табылады.

Инвестициялық белсенділіктің төмендеу әсерінен Қазақстан экономикасының нақты секторындағы негізгі капитал өте ескірген, экономиканың барлық секторында техникалық деградациялау жүріп жатыр.

Қазақстанның нақты секторын дамыту мен қайта қалпына келтіру үшін амортизациялық саясат ауданында әлемдік тәжірибені қолдану қажет. Тездетілген амортизация саясаты, яғни негізгі капиталдың құнын неғұрлым қысқа мерзімде жоғары ставкамен аударуға рұқсат беру саясаты көптеген елдерде қолданылады. Негізгі капиталды тездетіп амортизациялаудың екі тәсілі әйгілі.

Бірінші тәсілінде негізгі капиталдың нормативті мерзімі жасанды қысқарту және сәйкесінше амортизация нормасы өсіріледі. Негізгі капиталдың барлық түрі үшін амортизация мерзімі мәнді қысқартылды: ұзақ уақыт қызмет ететін ауыр жабдықтар үшін – 10 жыл; орташа жабдықтар үшін – 5 жыл, тез рухани тозуға ұшырайтын өндірістік және конторлық жабдықтар үшін – 3 жыл. Үкімет сәйкестендірілген жабдықтардың түрлері үшін 7-5-3 жылдық схема бойынша амортизациялық аударым мерзімдерін бекітті және көліктік құралдар мен персоналды ЭЕМ-ның ғылыми жабдықтары үшін ерекше жеңілдіктер берді.

Амортизацияны тездетудің екінші тәсілі жабдықтың қызмет ету нормативті мерзімін қысқартпай-ақ, жекеленген фирмаларға бірінші жылы амортизациялық аударымды жоғарлатылған мөлшерде жасауға, бірақ одан кейінгі жылдары сәйкесінше оларды төмендетуге рұқсат беру.

Республиканың қазіргі жағдайында, әсіресе оның басымдылықты салаларында тездетілген амортизациялық нормасын қолдану неғұрлым тиімді болып келеді. Негізгі қорларды қайта бағалау мен оларды әрі қарай индексациялау инвестицияның күрделі көзі болуы мүмкін.

Амортизациялық аударымды есептеудегі неғұрлым маңызды кезең амортизация нормасы болып табылады. Қазіргі уақытта олар мәнді емес – 3-5%, соның ішінде негізгі қорлардың активті бөлігі бойынша амортизациялық

аударым нормасы 10% шегінде болады. өнеркәсіпте машиналар мен жабдықтардың тозуы 43%-ға жетті, ал жекеленген салаларда, мысалы, металлургиялық кешенде - 50%-дан жоғары.

Техниканың 5-7 жыл қызмет ету мерзімімен негізгі өндірістік қорлардың активті бөлігі бойынша амортизациялық норма 15-20%-ға дейін көтерілу керек. қалыптасқан жағдайда кәсіпорындар өмір сүру үшін амортизациялық аударымдарды есептеуді негіздеу қажет. Амортизацияны өсірген кезде негізгі қорларды толық қалпына келтіруге әрбір келесі жылдардағы инфляция нормасын болжауды есепке ала отырып жыл сайын индексациялануы керек. Инфляция жағдайында амортизациялық аударымның нақты көлемдерін олардың нормативті деңгейіне жеткізуге мүмкіндік беретін механизм жеткілікті жақсы анық. Ол қарастыру керек:

- негізгі қорларды кезеңді қайта бағалау;
- амортизациялық аударымдарды мерзімді индексациялау;
- инвестициялық тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуімен сәйкес амортизация нормасын өсіру.

Осыған орай, инвестициялық белсенділікті жандандыру үшін енгізетін мемлекеттік реттеудің тездетілген шаралар жүйесі қажет:

- мемлекеттік және жеке инвестицияларды рационалды қолдану, мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды қалыптастыру механизмдерін жетілдіру;

- отандық тауарлардың бәсекеқабілеттілігін жоғарлату және экономикада ұдайы өндіру процестерін қалпына келтіру мақсатымен инвестициялық қызметтердің нақты бағыттарын анықтау;

- инвестицияға жинақтарды аударудың тиімді жүйелерін құру мен бағалы қағаздар нарығын дамытуға мемлекет жағынан көмек көрсетілу;

- экономиканың нақты секторына банктердің инвестициялық қызметтерін күшейту мақсатымен банктік сфераны қайта ұйымдастыру;

- өндірістік сфераға бағытталған инвестицияларға кепілдендірудің тиімді жүйесін құру бойынша жұмыстарын жалғастыру;

- инвестициялық салымға кәсіпорындардың өз қаражаттарын көбейту үшін амортизациялық саясатты жетілдіру.

Индустриалдық-инновациялық қызмет субъектілерінің мемлекеттік қолдау шараларына мыналар кіреді:

- 1) қайта қаржыландыру, индустриалдық-инновациялық жобаларды, лизингтік қаржыландыруды қоса қаржыландыру;

- 2) кепілдік міндеттемелер мен қарыздар бойынша тапсырмаларды беру;

- 3) қаржылық институттар арқылы несиелендіру;

- 4) облигациялар бойынша ірі сыйақылар мен қаржылық институттармен берілетін несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің қаражаттандыруы;

- 5) жарғылық капиталында инвестициялардың жүзеге асырылуы;

- 6) кепілдендірілген тапсырыс беру;

- 7) инновациялық гранттарды беру;

- 8) білікті кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету;

- 9) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;
- 10) жер учаскелері мен жер қойнауларын пайдалану құқығын беру;
- 11) ішкі нарықтағы қолдау көрсету, инвестицияларды қатыстыру;
- 12) өңделген отандық тауарлардың экспортын дамыту және арттыру.

Инвестициялық жобалардың негізгі көрсеткіштері және жүзеге асыру механизмдері келісуші жақтарға алдын-ала белгілі болуы шарт. Егер қағидалар инвестициялық қызметті дұрыс басқару үшін қажет болса, инвестицияларды тарту формалары нақты жағдайды ескере отырып, оладың қолайлысын таңдап алу қажет. Тікелей инвестициялау - шетел инвестицияларын тартудың тиімді және нәтижелі түрі болып есептеледі. Ол белгілі ресми жайы мен өндірістік салаға бағытталумен ерекшеленеді. Аталған үдеріс, халықаралық экономикалық және ғылыми-техникалық интеграция үрдісін жеделдетуге мүмкіндік береді, біріккен кәсіпорындар құру негізінде екіжақты зияткерлік әлуетін өзара байытады.

Жоғарыда атап өтілгендей, мемлекеттің отандық және шетелдік инвестициялық жобаларды бағалауы ғана емес, сонымен бірге, инвестицияларды тарту формаларын таңдауы да стратегиялық мақсаттар мен жоспарлардың шеңберінде жатыр.

3 ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКА ҚЫЗМЕТІНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ

3.1 Қазақстан Республикасына шетел инвестицияларын тартудың мәні

Ғылыми әдебиеттерде шетел инвестициясының түсінігін анықтауға өте көп көңіл бөлінген. «Шетел инвестициясының» түсінігін анықтау мақсаты шетел инвестицияларын мемлекетке тарту үшін және оған берілетін экономикалық жеңілдіктерді қолдану. Осы инвестицияларды басқа жеңілдіктер берілмейтін инвестициядан ажыратып көрсету. Мұндай нақты шекара мемлекеттердің мүддесін қорғайды. Ол шетелден келетін барлық капитал және кез-келген құралдарға қызықпайды.

Инвестиция түсінігінің әр түрлі анықтамаларын экономикалық және құқықтық әдебиеттерден кездестіруге болады. Дегенмен, авторлар ұсынған анықтамалар әлі де болса толық нақтылығымен сипатталмайды. Олар инвестицияның кейбір қасиеттерін ғана бөліп көрсетеді. Бұл инвестицияның қиындығы мен көпқырлы екендігіне дәлел.

Біріншіден, «инвестиция» сөзі ағылшын тілінен (investments) аударғанда «капитал құю» болып табылғандықтан, бұл екі сөз синонимдер болып келеді.

Екіншіден, «капитал құю» деген сөз терминологияда іс - әрекет және сол іс-әрекеттің нәтижесін білдіреді, яғни инвестициялау шешімі және инвестицияланып отырған нысан.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде инвестиция немесе капитал салу түсінігін екінші жағдайда қарастыру көзделеді, яғни оны инвестицияланатын нысан ретінде түсіну.

Экономикалық мағынада инвестициялар өндірістік қуаттар жасау үшін «тірі және затталған» еңбекті шығындау процесі. Оның көмегімен өндіріс процесінде тұтынуға қаралған «тірі еңбек» көбірек құнды құрайды деген анықтама беріледі. Ал капитал салуды жоғарылату мен жақсартуға бағытталған қаражаттарды шығындар деп анықтайды.

М.И.Кулагин инвестицияны экономикалық тұрғыдан табыс алу мақсатында өнеркәсіпке, көлік, ауыл шаруашылығы және ұлттық экономиканың т.б. салаларына салынған ұзақ мерзімді салымдар деген түсінікті ұсынады.

Дж.Кейнстің көзқарасы бойынша инвестициялар деп осы мерзімдегі өндіріс нәтижесіндегі «капиталдық мүліктің құнының ағымдағы өсімін» немесе «тұтыну үшін қолданбаған табыстың бір бөлігін» айтуға болады.

Капитал салуға берілетін жалпылама анықтама П.Массенің пікірінше келесідей: «Инвестициялау бүгінгі сұранысты қанағаттандырумен күтілген қанағаттандырылудың инвестициялық құралдар арқылы алмасу акті».

А.Г.Богатыревтің ойынша, келтірілген инвестицияға деген анықтамаларға жалпылама белгілер тән. Ғылым әдебиеттерінде инвестициялардың құқықтық аспектілері қарастырылады. 1966 жылғы конгресте халықаралық құқық

Ассоциацияның қатысушылары шетел инвестициясына келесі анықтама береді: «Инвестиция-бұл тұтынушы-мемлекетке инвестор-мемлекеттерден капиталдың қозғалысы», «Инвестициялар - бұл қызмет көрсету өндірісін немесе қандай да бір өндірістік кәсіпорын құру мақсатында тұтынушы-мемлекетке инвестор-мемлекеттен капиталдың қозғалысы».

Берілген анықтамалар шетел инвестицияларына сырттан келетін барлық қаржылардың жатпайтынын бейнелейді, Мысалы: егер алып келінетін тауарлар белгілі бір қажеттіліктер үшін арналған материалдар мен құрал жабдықтар болмаса, онда бұл тауарлы несиелер инвестиция категориясына жатады.

Қазақстанда валюта туралы құқықтық құжаттарды талдау барысында «инвестиция» түсінігін анықтауда дифференциялау әдісін қолданамыз. Қаржы несиелерін беру және алу мерзіміне қатысты капитал қозғалысына байланысты ағымдағы валюталық операциялар жатады. Осылайша бұл заң құралдарын беру мерзімін инвестициядан қаржы несиелерін шектеді.

Келісім бойынша капитал алу дегеніміз кез-келген мемлекеттің территориясындағы капитал салымы. Оларға акциялар, ұзақ мерзімді міндеттемелер, капитал салуды жүзеге асыру және қызмет бойынша келісім шарттар жатады.

Жоғарыда көрсетілгендей «Шетел инвестициясы» түсінігі «Шетел инвестициясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жалпы міндеттеме мен мақсаты Шетел авторларының бірқатар еңбектерінде инвестицияға «кез-келген шетел инвестициясының мүліктерін және оған байланысты құқықтар мен мүдделерін» жатқызуды ұсынады.

Г.Шварценбергер инвестиция тікелей және портфельді инвестицияларды, орташа айлық (2-5 жыл) және ұзық мерзімді сонымен қатар инвестициялар тікелей немесе жанама түрдегі кез-келген құқықтары мен мүдделерін жатқызуды ұсынды.

А.Г.Богатырев, Г.Шварценбергердің инвестицияны құқықтық анықтамасын қолдады. Онда шетел инвестициясы ең алдымен шетел меншігін оның барлық түрлерін, олардың басқа мемлекет территориясында берілген капиталды қолдану, жұмсау құқықтары ретінде қарастырылады.

«Шетел инвестициясы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес шетел инвесторлы келесі жеке тұлғалар жатқызылады: шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар, шетелде тұрақты тұрғын жайы бар ҚР азаматтары. Сонымен шетел инвесторлары болып табылмайтындар Қазақстан Республикасында тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетел азаматтары. Сәйкесінше Қазақстан Республикасының территориясында салынған инвестициялар шетел инвестициясына жатпайды. Қазақстан Республикасында тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетел азаматтарының инвестицияларын шетел инвестициясына жатқызбай, оны ұлттық деп есептеу дұрыс па?

Енді анықталмаған сұрақ мынау болып табылады: шетел инвестициясына ұлттық инвесторлардан, бірақ шетелден түсетін инвестицияны жатқызуға бола ма? Егер жалпы инвестор-мемлекеттен, тұтынушы-мемлекетке түсетін капитал қозғалысы ретінде қарастырсақ болады, ал қолданылып отырған заңға сай

қарастырсақ болмайды. Бұл сұрақтың заңды шешім болуы керек.

Мүлікті шетел жекеменшігі деп айту оны оған шетел инвестициясы деген статус беру деген сөз емес. Шварценбергердің айтуынша, «шетел мүлігі мен шетел инвестициясын нақты ажырату және мүлікті құрамына инвестиция кіретін кең көлемді термин ретінде қарастыру керек».

Осыған байланысты шетел инвестициясының анықтамасы қосымша белгілерді қажет етеді. Ғылыми әдебиеттерде берілетін тағы бір анықтама келіп түсетін шетел қаржыларды шетел инвестициясына жатқызу. Берілген сөйлем кейбір жағдайда қарама-қайшылық туғазады. Бұл белгі бойынша мемлекетке өтеусіз өндірістік, әлеуметтік немесе басқа да белгілерді құру үшін берілген қаржыларды инвестиция деп санауға болмайды.

Н.Н.Вознесенскаяның пікірінше, «Егер мемлекетке қаржылар көмек ретінде берілсе, онда екі жақ арасындағы қарым-қатынас инвестициялық проблеманы тудырмайды. Бұл жерде мемлекеттің шетел инвесторлар арасында міндетті қарым-қатынастар жайында комплексі туындамайды» .

Бұл белгі «шетел инвестициясы туралы» Заңда инвестиция-міндетті деп анықтайды. Сондықтан инвестиция деп шетел инвестицияларының берген қаржысы деп түсінеміз. Ол экономикалық белсенді міндеттемелерді және осы қаржылардың мақсаты орындалуына бағытталған. Шетелдік элементтің өндірістік іс-әрекеті болып табылады.

Экономикалық белсенділік шетел инвесторларының өндірістік іс-әрекеттері үлкен мағынаға ие. Дегенмен, бұл белгілерді шетел инвестициясының түсінігін анықтауға емес, берілген капиталды жұмсаудың тиімділігі жөнінде сұрақ деп айтуға болады. Бұл көзқарастар дәлелі ретінде «шетел инвестициясы» түсінігінің анықтамасы заңгер тікелей және портфельді деп бола отырып, оларға құқықтық режимде бірдей қызметтерді жүктейді. Мұндай бөлініс шетел және отандық ғылыми әдебиеттерде ұсынылған. Мысалы: құқықтық әдебиеттерде тікелей инвестиция деп белгілі бір объектіге салынған капитал деп түсінуді ұсынады. Яғни шетел кәсіпорынының табысының белгілі бір бөлігі капиталға немесе халықаралық қаржы ұйымдарының акциялары мен бағалы қағаздарының белгілі бір бөлігіне ие болу.

Егер осы айтылғандардың негізіне қарайтын болсақ, тікелей инвестициялар портфельді инвестицияға қарағанда экономикалық белсенділігі жоғары, өйткені олар заңды тұлғаларды бақылау құқығына ие болуға бағытталған. Сонымен қатар инвестициялық бөліністер құқық жүйесімен реттелетін инвестициялық қарым-қатынастарды тудырады; ең алдымен, мемлекеттің қабылдайтын мемлекеттің құқықтық системасы, халықаралық экономикалық құқық.

Инвестиция әрбір жүйеде, әрбір деңгейде, экономикада өте үлкен роль атқарады деп есептеймін. Нарықтық экономикаға көшу қарқыны, өндірісті технологиялық жағынан жетілдіру ісі Қазақстан Республикасының халық шаруашылығына жұмсалатын күрделі қаржының мөлшері мен тиімділігіне тікелей байланысты. Қазір еліміз микроэкономикалық көрсеткіштерді

салыстырмалы түрде болса да тұрақтандырған кезде, экономикалық дамуға қол жеткізу жөнінде шараларды жүзеге асыру аса маңызды міндетке айналып келеді. Ал, экономикалық даму тұжырымдамасы экономиканың әр түрлі салаларына шетелдік капиталды, отандық жекеменшік іскер топтардың капиталын көптеп тартуды қажет етеді. Ол үшін мемлекет жекеменшік кәсіпорындар инвестицияларының тап өз елімізде қолданыс табуы үшін экономикалық дамуға қажетті қолайлы жағдайлар туғызып отыруға міндетті. Инвестициялар - өндірістік потенциалды жаңа ғылыми - техника негізінде құрып, әлімдік нарыққа елдердің бәсекелестік позицияларын анықтайды. Сондағы көптеген мемлекет үшін, әсіресе экономикалық және әлеуметтік дағдарыстан шығуға ұмтылып жатқан елдер үшін тікелей, күрделі, қаржылық, портфельді инвестициямен басқа активтер түріндегі шетел капиталын тарту үлкен роль атқарады.

Нарықтық экономика - көптеген жақсы қасиеттеріне қарамастан өндірісті және инвестициялық қызметті автоматты түрде, сонымен қатар жалпы қоғам және әр азаматты қызықтыратын экономикалық және әлеуметтік процесті басқара алмайды. Нарықты экономика – көптеген маңызды мәселелерді шеше алмайды. Сондықтан мемлекет барлығын өз қамқорлығына алуы тиіс. Мемлекет ел ішіндегі құқық тәртібін және ұлыттық қауіпсіздікті сақтау инвестициялық қызметтің дамуының негізі болып табылады. Негізінен, шетел инвестицияларын бұрын тиімсіз пайдаланылған табиғи, өндірістік, еңбек потенциалдарын шаруашылық процеске енгізуге әсер ететін фактор ретінде қарастыру керек. Шетел инвестициясы ұлттық ресурстардың жағдайларымен қосылып, прогрессивті еңбек құралдарын қолдану, жұмыскерлердің квалификациясын жоғарылату және қолда бар өндірістік ресурстарды пайдалануын жақсарту негізінде жоғары интегралды нәтиже береді.

Әрбір ел экономикасының дамуы үшін қажетті шарт – жоғары инвестициялық белсенділік болып келеді. Бұған инвестициялық ресурстар көлемін өсіру мен бұл ресурстарды экономиканың маңызды салаларында тиімді пайдалану арқылы жетуге болады. Экономикада инвестициялар ролінің жоғары екенін дамыған елдермен жаңа индустриалды елдер тәжірибесі дәлелдеп отыр. Біздің еліміздің экономикасы өте үлкен қаржыларды қажет етеді. Сондықтан да ішкі қаржыландыру көзінің шектеулі болуы нәтижесінде шетел капиталына деген сұранысты арттырып отыр. Шетел инвестициялары, негізінен, жеделдетілген экономикалық және әлеуметтік дамудың катализаторы болып келеді. Алайда, шетел капиталының ролін тек жаңа өндірістің құрылуымен ғана шектеуге болмайды. Ол негізінен бұрын тиімсіз пайдаланылған табиғи, өндірістік, еңбек потенциалдарын шаруашылық процеске енгізуге әсер ететін фактор болып келеді. Шетел капиталы экономикалық дамудың приоритетті салаларына бағытталуы керек. Мұндай салаларда шетел инвестициясы ұлттық инвестициялармен қосылып, өзара тиімді экономикалық қатынастарды қамтамасыз етеді.

Инвестициялар – мүліктік қазыналардың және оларға құқықтардың, сондай-ақ пайда максатында инвесторлар кәсіпкерлік қызмет объектілеріне

салатын интеллектуалдық меншікке құқықтардың барлық түрлері. Инвестиция (ағылшынның investor - салымшы) – бұл өндірістік, кәсіпкерлік және басқа да қызметтерге өнім өндіруді, жұмысты және қызметті ұйымдастыру және пайданы алу немесе басқа да түпкі нәтижелерге (табиғатты қорғау, тұрмыстық өмірдің сапасын арттыруы және тағы басқаларға) жету мақсатында ұзақ мерзімді қаржылық салымдар. Олар материалдық және интеллектуалдық бағалықтар болуы мүмкін. Сонымен қатар инвестиция деп өндірісті дамытуға немесе өндірістік емес салаға күрделі қаржыны жұмсауды да айтамыз. Инвестицияның деңгейі қоғамның ұлттық табысының көлеміне маңызды әсер етеді. Инвестициялар елдің көлемінде кеңейтілген қайта өндірістік процесін анықтайды. Жаңа мекемелердің құрылысы, жаңа үйлердің салынуы, инвестициялау процесіне байланысты болып келеді.

Инвестиция - бұл кәсіпкерлік қызметінен кіріс табу көзделген салымның барлық мүлік түрі және интеллектуальдық бағалымдары, сонымен қатар:

- жылжымайтын және жылжымалы мүлік, импортқа шығарылатын, қайта өндірілмейтін тауардан басқа ұстау құқығы;

- акция және басқа да коммерциялық ұйымдарға қатысудың формалары;

- облигация және басқа да бағалы қағаздар;

- ақшалай сомаға қойылған талаптар, тауарлар, инвестицияға байланысты келісім- шарттар бойынша басқа да қызмет көрсету;

- интеллектуалды қызмет құқығы, авторлық құқық, патенттер, товарлық белгілер, өндіріс үлгілер, техникалық процесстер, ноу-хау, нормативті-техникалық архитектуралық конструкциясы және технологиялық жоба документі;

- мемлекеттік мүшелердің лицензия беру негізінде кез-келген қызмет көрсету құқығы.

Инвестициялау – қызметі шетелдік инвесторлардың бір кәсіпорын объектісіне қандайда бір пайда табу негізінде салынған салыммен байланысты. Инвестиция жалпы алғанда ақша құралы, мемлекеттің мүлік және интеллектуальдық бағалымдары, қандайда бір жаңа кәсіпорын ашудағы заңды және жеке тұлғалар қайта конструкциялау және техникалық жаңғыртулар акция, облигация және бағалы қағаздар және табыс табуды көздеген активтер. Инвестиция бұл капитал салымына қарағанда кең көлемдегі түсінік.

Инвестицияларға байланысты Қазақстан Республикасының заңдарында тиім салынбаған. Инвестицияның қайнар көзі болып жинақ табылады. Бірақ жинақ тек бір шаруашылықпен айналсатын субъектілерді іске асыра алады.

Инвестиция келесідей факторларға байланысты болады:

- пайда нормасының күтіміне немесе капиталды қаржы бөлудің тиімділігіне байланысты. Егер бұл тиімділік инвесторлардың пікірі бойынша, тым төмен болса, онда қаржы бөлу іске аспайды;

- капиталды қаржы бөлігі альтернативті мүмкіндігіне байланысты.

Инвестор өзінің ақшасын жаңа зауыттың немесе фабриканың құрылысына сала алады, жаңа технологиялық мүмкіндіктерге, инновацияға, ол сонымен қатар ресурстарын банкке де жайғастыра алады. Егер пайыз нормасы

пайда нормасының күтімінен жоғары болса онда инвестициялар іске асырылмайды, және керісінше, егер пайыз нормасы пайда нормасының күтімінен төмен болса, онда кәсіпкерлер капиталды қаржы бөлігінің жобасын іске асырады. Салық салудың тым жоғары деңгейі инвестицияға жағдай жасамайды. Егер бұл инвестордың көзқарасы бойынша төмен болса, салым іске асырылмайды. Сонымен қатар, инвестор осы мәселелерді шешу барысында альтернативті мүмкіндіктерді ескереді. Инвестициялық процесс ақшаның инфляциялық құнсыздануының қарқынына септігін тигізген.

Қазақстан экономикасының өзекті проблемаларының бірі ең алдымен материалды өндіріс саласында инвестициялық іс-әрекетті ынталандыру болып табылады. Материалдық өндіріс саласын дамыту үшін бұл саланың шығындарын азайтуға назар аударған жөн. Бұл мәселе негізінен елдің инновациялық қызметінің дамуына тікелей байланысты болып табылады. Қазақстан экономикасының құрылымын қайта құрудың негізгі мәселесі қаржыландыру көздері болып табылады. Қазақстанда инвестициялық іс-әрекетті қаржыландыру көздері болып:

1. Кәсіпорынның өз акцияларын сатудан түскен қаражаттары: акционерлік компаниялардың өнеркәсіптік қаржы топтарының қайтарымсыз негізінде бөлінетін қаражаттары.

2. Республикалы, аймақты, жергілікті, бюджетті ассигнациялау қайтарымсыз негізінде іскерлікті қолдау.

3. Шетел инвестициялары.

Экономистер үшін инвестиция - әрқашан күрделі қаржының нақтылы заттай түрі, ал халық тұрғындар инвестицияның өздеріне есептеріндегі өзгерістер, акцияны сатып алу, сақтық қассаларындағы есеп ашу деп түсінеді. Жалпы инвестицияны амортизациялық төлемдерді есепке алмай-ақ дәл анықтауға болады. Инвестиция макроэкономикада екі түрлі қызметті атқарады. Біріншіден, шығындардың компоненті болғандықтан инвестициядағы күрт өзгерістер жиынтық сұранысқа, сөйтіп өндірістің көлеміне, жұмыспен қамтуға әсер етеді. Екіншіден, инвестиция капиталдың қорлануына алып келеді. Өндірістік қуаттардың көп болмауы өндірістің көлемін ұлғайтуды және экономикалық ұзақ мерзімдік дамуын қамтамасыз етеді. Инвестицияның мәнін ашуға мына үш элемент қажет: табыс, шығындар, нәтиже күту.

Табыстар. Инвестиция өндіріс көлемінің жалпы дәрежесіне не болмаса жалпы ұлттық өнімге, яғни табыстың деңгейіне байланысты. Олар жалпы экономикалық белсенділіктің қайнар көзі.

Шығындар. Кәсіпкерлер мен үй сатып алушылар, әдетте инвестиция үшін зайымдық қорлар түрінде төлейді. Оның бағасы зайымдық қаржылардың пайыздық мөлшеріне қатысты. Экономикада пайыз ставкасы ерекше орын алады, инвестиция шығынына әсер етеді, сондықтан ол жиынтық ұсынысты анықтайды. Инвестицияның құрылымына белсенді ықпал етуші тағы бір нәрсе – салықтар. Үкімет инвестицияға салық арқылы бақылау жасайды. Кәсіпкерлер инвестицияны табыс алу мақсатымен жасайды, сондықтан инвестиция шешімі мыналарға байланысты:

- жаңа инвестиция арқылы өндірген өнімдерге сұраныс болуы керек;
- инвестицияға әсер ететін пайыз мөлшерімен салық және экономистер бағалануына негізделген өнеркәсіпшілердің үміті.

Еркін бәсеке экономикасында инвестицияның қажетті саны болуына кепілдік берілмейді, толық жұмыспен қамтамасыз ете алмайды. Жылдар бойы инвестицияның төмендеуі, шығындары болады, олар дефляцияға, банкротқа әкеліп соғады, не болмаса басқаша болады. Банктер мен басқа да қаржылық ресурстар мен берілетін несиелерді келесідей үлгіде топтастыруға болады:

- ағымдағы қызметтің іске асырылуы;
- инвестиция қызметтің іске асырылуы;

Ағымдағы қызмет:

- айнымалы қаржылардың толықтырылуы. Шикізат, материал және тауар сатып алу;

- қызмет және сату ұйымдарына шығындар;
- операциялық қызметке сабаққа да шығындардың түрлері.

Инвестициялық қызмет:

- құрал-жабдықтары, технологияны сатып алуға ұзақ мерзімді қаржы бөлу;

- материалды емес активтерге және тағы басқаларына шығындар

Инвесторлық қызметке инфляция маңызды әсер етеді, өз кезегінде ол экономика жағдайына байланысты – тұрақты және экономиканың көтерілгенде – инфляция төмендейді. Сонымен бірге инфляция процесі банк кредит ставкасымен тығыз байланыста.

Экономикалық категория сияқты инвестиция бір қатар функциялардан тұрады. Макро деңгейдегі инвестиция негізіне жататындар:

- өндірістегі керекті шикізат базасын жасау;
- азаматтық құрылыста, денсаулық сақтау, мәдениет, жоғары және орта мектеп, сонымен қатар басқада әлеуметтік проблемалар шешім;
- жұмыссыздық проблемалардың шешімі;
- табиғи органы қорғау;
- әскери-өндірістік комплекстік конверсиясы;
- мемлекеттің қорғаныс әрекеті мен т.б. көптеген проблемалар шешімі.

Қазақстан Республикасының экономикасы көп уақыт бойы экономикалық дағдарыста болуына байланысты инвестиция ең алдымен оны тұрақтандыруға, көтеруге керек. Өндірістегі инвестиция, жаңа технологиялар, қатаң бәсеке күреседі (ішкі және сыртқы нарықта), өз өнімдерінің бағасын реттеуге мүмкіндік береді және т.б. Инвестицияны заңды және жеке тұлғалар жүзеге асырады. Инвестор - салым иесі инвестицияларды жүзеге асыратын жеке адам, ұйым немесе мемлекет.

Негізгі инвесторлар және инвестициялық капиталдың негізгі қайнар көздері б суретте бейнеленген.


Талдауда инвестицияны жүзеге асырушы инвесторлар, ал инвесторларды жүзеге асырушы ұйымдар, яғни олар қандай органдармен, жүйелермен байланысты екені туралы көрсетілген.

Негізгі инвесторлардың қатарына жататын мемлекеттік орталық және жергілікті басқару органдары тек қана қаржыландыру ғана емес, үрдісті реттеу мәселелерімен де айналысады.

Инвестиция макродеңгейлік өте үлкен роль атқарады. Бұл деңгейде келесі мақсаттарға қол жеткізуі тиіс:

- өндірістік дамуы мен ұлғайуы;
- негізгі қордың маральді және физикалық тозып кетуіне жол бермеу;
- өндірістің техникалық деңгейін көтеру;
- нақты бір кәсіпорынның өнімін сапасын арттыру және өнімінің бәсекелесе алуын қамтамасыз ету;
- табиғатты қорғау шараларын жүргізу;
- бағалы қағаздарды басқа да кәсіпорындар активтеріне салу.

Қорыта айтқанда кәсіпорынның болашақтағы функциясы әдетегідей қаржылық жағдайы тұрақты және табыстылығы жоғары болуы керек.



6 сурет – Негізгі инвесторлар және инвестициялық капиталдың негізгі қайнар көздері

Осыған байланысты экономикалық категорияда инвестиция маңызды орын алады. Сонымен қатар өндірісті ұлғайту, құрылысын өзгерту, пайданың

максимальді болуымен қатар басқада көптеген әлеуметтік проблемаларды қарайды. Бірақ ортақ экономиканың тұрақсыздығынан, инфляцияның шапшаңдығынан, несие процентінің жоғары ставкасынан кәсіпорындардың кіріс деңгейінің шамадан асуы, соңғы жылдары капитал салымы және капитал құрылысының бірдей қысқаруы мүмкіндік туғызбады, ал керісінше республикамыздың экономикалық жағдайын ұлғайтты.

Республикадағы инвестицияның қызмет жағдайы келесі көрсеткіштердің серпінін сипаттайды:

- инвестицияның жалпы көлемі;
- ішкі жалпы өнімдегі инвестиция үлгісі;
- нақты инвестицияның жалпы мөлшері;
- негізгі капиталға бағытталған нақты инвестиция үлгісі.

Негізгі макроэкономика көрсеткіштерінің жылдамдығы инвестиция қызметінің жағдайымен байланысты сипатталады:

- ұлттық кіріс;
- жалпы ішкі өнім және жалпы ұлттық өнім;
- өндірістік кәсіпорынның көлемі;
- өнеркәсіп өнімінің маңызды жеке түрін шығаруы;
- ауылшаруашылық өндірісінің көлемі;
- қоғамдық еңбек өнімділігін арттыру;
- басқалар.

Бұл көрсеткіштердің объектілігі инвестиция қызметімен бағаланады, өйткені олардың өсуі инвестиция салымынсыз мүмкін емес. Сонымен бірге бұл көрсеткіштердің өсу жылдамдығы инвестицияны эффекті қолдануын көрсетеді. Егер бұл көрсеткіштердің өсу жылдамдығы инвестицияның өсу жылдамдығына қарағанда өссе, онда бұл инвестицияны эффекті қолдануының өсу белгісі және керісінше. Инвестиция деңгейі қоғамның ұлттық табысына елеулі әсер етеді, оның динамикасы ұлттық экономикадағы көптеген макро пропорцияларға байланысты.

Инвестиция көзі ретінде қаржы сақтау қорларында жатқызуға болады. Бірақ қаржы сақтау қорларының инвестиция ретіндегі қиындығы сол, сақтық қорын тек бір ғана шаруашылық субъектісі іске асырады, ал бірақ инвестицияны жүзеге асырушы мүлде басқа тап немесе шаруашылық субъектісі. Сонымен бірге көптеген тұрғындардың сақтау қорлары да инвестиция көзі болып табылады мысалы; (жұмысшының қаржы сақтау қоры, мұғалімнің, дәрігердің, және т.б.) бірақ бұлар капитал айналымын іске асырмайды, немесе қоғамның нақты капиталының өсуіне байланысты. Әрине сонымен қатар қоғамдағы өндіріс қорлары ауылшаруашылықтары және басқа да кәсіпорындар инвестиция көзі бола алады. Бұл жерде «Қор жинағы» мен «Инвестор» үйлеседі. Бірақ жалдамалы еңбектің қор жинаушы бір мезгілде кәсіпкер болмаса өте маңызды және қор жинағы мен инвестициялау арасындағы үйлесімсіздік пен алшақтық экономика жағдайын тепе-теңдік қалыптан ауытқуы мүмкін.

Сонымен «инвестициялар» түсінігі көп түрлі құбылыс оның бірнеше

мағыналы анықтамасы бар:

- ең алдымен, инвестициялар жөнінде сөз еткенде құрал жабдық, технологиялар жөнінде айтылады. Оларды енгізу арқылы өндірістік процесс жүзеге асырылады;

- бағалы қағаздарды, акцияларды сатып алу арқылы жүргізіледі;

- мұндай анықтама шектеуші сипатта болады, өйткені кең мағынада алғанда ол әр алуан текті операциялардың тізбектеп орындалуы бар белгілі бір процесс болып табылады.

Осы процестің әлеуметтік – экономикалық салдары бойынша оны экономиканың дамуын қамтамасыз ететін белгілі бір механизм ретінде бағалауға болады.

Қорыта айтқанда инвестиция – ақша қорын сатып алу және оны өсіру үшін қажетті шығын деп тұжырымдауға болады.

Бір сөзбен айтқанда, инвестиция - өз ақшанды бір іске сала тұрып, одан қайтарым бола ма, болмай ма, оған мемлекеттік кепілдік сұрамайтын ішкі есебінің дұрыстығынан шығатын нәрсе. Ақшаны саласың, пайда өзіңе байланысты. Мемлекет барлық кәсіпорындарға бірдей, тең болатын жағдайды, шартты заңмен бекітіп береді.

Инвестициялар: венчурлік, тікелей, портфельдік, аннуитет болып бөлінеді. Венчурлік инвестиция – шаруашылықты қаржыландыруда шешуші рол атқаратын жаңа акциялар шығару формасында инвестициялар. Венчурлік инвестиция орташа және ұзақ кәсіпорындардың өмір сүруінің маңызды шарттарының бірі болып табылады: әдетте тәуекелмен байланысты.

Тікелей инвестициялар – шаруашылық субъектіні басқаруға қатысуға құқық алу мен табыс алу мақсатымен экономикалық субъектінің жарғылық қорына құйылым жасау. Тікелей инвестиция деп – капиталды экспортаушының қабылдаушы ел территориясында өндірісіні ұйымдастыруын айтамыз;

Портфельдік инвестиция - пайда алу мақсатымен акцияға, облигацияға және басқа ұзақ мерзімді сипаттағы бағалы қағаздарға қаражат жұмсау.

Аннуитет – кредитордан алынған қарызды, пайыздарын қоса, өтеу үшін оған төленетін (әдетте ұзақ уақыт бойы) белгілі бір мөлшерден жыл сайынғы ақша сомасы (рента).

Пайданы алу ауқымы мен оның тиімділігі бойынша тікелей инвестициялар жанама инвестициялар мен салыстырғанда жоғары тиімділікке қол жеткізумен ерекшеленеді.

Инвестициялардың экономикадағы ролі мен орны бойынша тікелей инвестициялар ішкі нарық жағдайында тікелей түрде әсер етеді, жаңа жұмыс орындарын қалыптастырады, басқару мен маркетингтің жаңа формаларының жедел түрде енуін және т.б. сонымен бірге ұлттық экономиканың құрылымын өзгертеді.

Қазақстан Республикасының өкметі тікелей инвестицияны қолдауы жөнінде мемлекеттің заңы қабылданды. Ол Қазақстан Республикасының конституциясы және көптеген норма мен нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Тікелей инвестицияны мемлекеттік қолдау:

- заң шығару орындарының инвестиция әрекетіне кепілдік беру;
- жеңілдік және преференция жүйесін құру.

Қазақстан Республикасы үкіметі мен халықаралық ұйымдар арасындағы келісім-шарттардың Қазақстан Республикасы нормативті құқықтық актілеріне сәйкес келуі. Бүгінгі таңдағы макроэкономикалық масштабының қолайлы болуы тікелей инвестиция нәтижесі. Егер өндірістің көп бөлігін сақтап, онда ертеңгі күні көп пайдалануымызға мүмкіндік береміз. Ал, керісінше ресурстар қазіргі қажетімізге керек және мүмкіндігі аз болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің реттеушілік мақсатына қол жеткізу үдерістерді кезінде шешуге тиіс мәселелер:

- жаңа технологияларды енгізу, алдыңғы қатарлы технология және ноу-хау;

- ішкі нарықта жоғарғы сапалы тауарлар мен қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

- отандық тауар өндірушілерді тұрақтандыру мен мемлекеттік қолдау;

- импортты алмастыратын және экспортоориентировалық өндірістерді дамыту;

- Қазақстан Республикасы шикізат көзін комплексті және ұтымды пайдалану;

- менеджмент және маркетинг тәсілдерінің осы заманға сай болуы;

- жаңа жұмыс орындарын жасау;

- жергілікті кадрлар үздіксіз оқыту мен олардың квалификациясын көтеру жүйесін ендіру;

- өндірісті күшейтуді қамтамасыз ету;

- қоршаған табиғи ортаны жақсарту.

Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу, өндірістік позицияның капиталды салым формасы ретінде Қазақстан Республикасы мемлекет мүшелері жүргізеді, бұл нақты – қандай да бір ғимаратқа кеткен құрылыс – монтаж жұмысы, машина мен құралды жөнге келтіру монтажына, жоба ізденіс жұмыстарына, жаңа кәсіпорынның дерекциясына, қатар дайындау және тағы басқа жұмсалған шығындар.

Статистикалық есепте және экономикалық анализ нақты инвестицияны тағыда капитал түріндегі деп атайды. Капитал түрінде инвестицияға келесі элементтер жатады:

- негізгі капиталдағы инвестиция;

- капиталды жөндеуге жұмсалған шығын;

- жер телімдерімен табиғи объектілерді пайдаланудағы инвестиция;

- материалдық емес активтердегі инвестиция (патенттер, лицензиялар, ғылыми-ізденістермен тәжірибелер);

- инвестиция және материалды айналымдағы құралдың артығымен толықтырылуы.

Қазақстан Республикасы заңдарында көрсетілген тікелей инвестициялар қатар қатарына Қазақстан Республикасының арнайы кепілдемесімен белгілі бір

мемлекеттік және жеке техниканың көмектермен гранттарға ие инвестициялардан өзге барлық инвестиция түрлері енеді. Ал жанама инвестиция дегеніміз - бұл портфельдік жинақ былайша айтқанда құнды қағаздар мүліктік құндылықтардың жиыны. Мысалы: инвестор түрлі фирмалардың құнды қағаздар жинағы болып табылатын несие қорынан акция сатып алуы мүмкін. Инвестицияның тиімділігі тікелей шығыс пен кіріс, сатып мерзімі, рентабельділігіне байланысты.

Акцияны инвестор сатып алу арқылы белгілі бір компанияның қажеттіліктерін қанағаттандырып, оларға тиімді табыс әкеліп қана қоймайды, инвестор сол құнды қағаздардың белгілі бір мөлшерін иемденеді. Осыдан өзге инвестициялау белгілі бір жер бөлігін иемдену мүліктік құқыққа ие болу (ақша эквиваленттермен бағалану) шаруашылық өндірістік жекеменшіктік лицензия және өндіріс құпияларымен патент түрлері, жаңа технологияға анықтама өндірістік тиімді модельдер, тауар белгілерімен өндіру әдістері, түрлері, өндіріс технологиясы, өнім сертификаты, жерді пайдалану құқықтары негізінде жүзеге асады, жүреді.

Кәсіпорын деңгейінде инвестицияларды келесідей жіктеуді қажет етеді. Инвестиция құрылымы оның түрі бойынша құрылымы, пайдалану бағыты және жалпы инвестициядағы үлесі түсініледі. Капитал жинақтаушы инвестициялар кәсіпорындар мен мемлекеттік акциялармен құнды қағаздар сатып алу негізінде инвестициялық фактор жүйесі арқылы іске асады.


Бірінші жағдайда өнеркәсіпке инвестор инвестиция салушы ретінде өнеркәсіптік өндірістік қорындағы айналымда функциональды түрде сақтап, өз өндіріс капиталын көбейтуді көздеп, капитал қорын жинақтайды. Ал екінші жағдайда инвестор құнды қағаздар кірісі арқылы дивидент алу негізінде өз капиталын толықтырады.

Инвесторларды кәсіпорындарда тиімді пайдалану, олардың қаржылық жағдайы кәсіпорындағы инвестиция құрылымына байланысты болады. Кәсіпорындағы инвестицияның жалпы құрылымы – жалпы суммадағы нақты және портфельді инвестициялардың ара қатынасы. Олардың дамығандығы портфельді және нақты инвестицияларды максималды қайтарып алуынан көрінеді. Демек, бұл тиімді жобаларға инвестиция үлесі максималды ұмтылу керектігін білдіреді. Қазіргі таңда кәсіпорын үшін нақты және портфельді инвестициялардың құрылымы маңызды әсер етеді. Портфельді инвестиция құрылымы - олардың бөлу және кәсіпорын сатып алған бағалы қағаздар түрі бойынша ара қатынасы түсініледі.

Мемлекеттік инвестиция үлесі төмендеп, ал кәсіпорынның үлесі ұлғайған кезде, инвестицияның жалпы тиімділігі олардың кәсіпорындағы тікелей пайдалану тиімділігіне байланысты болады, ал мәні бойынша кәсіпорындағы инвестицияның жалпы құрылымына байланысты.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай отырып, қорытынды жасауға болады - әр түрлі бағыттар бойынша инвестиция құрылымына талдау жасау ғылыми және тәжірибелік мәнге ие болады берілген талдаудың тәжірибелік мәні арқылы инвестиция құрылымының өзгеру тенденциясын анықтап және осының

негізінде ұтымды, тиімді инвестициялық саясатты жасауға болады. Инвестиция құрылымы талдаудың теориялық мәні арқылы инвестициялық қызметке және инвестицияны пайдалану тиімділігіне әсер ететін, бұрын белгілі болмаған жаңа факторлар пайда болады, бұл факторлар инвестициялық саясатты жасау үшін өте маңызды болып табылады.



7 сурет – Инвестицияның жіктелік түрлері

Ал енді инвестиция типтеріне келетін болсақ, кез – келген фирманың негізгі қызмет саласы айналымдағы қаржылық жобалардың іске асуы, әрбір фирманың жылдық табысын реттеп отыратын инвестициялық операция жүйесі болып табылады. Инвестициялар әртүрлі объектілерге тартылуы мүмкін.

Нақты активтер инвестициясына - өндіріс орындары мен құрал-жабдықтар салаларын, сонымен қатар бір жыл мерзімдегі түрлі машина, техника, материалдық мүліктерді жатқызамыз.

Ақшалай активтегі инвестицияларға – кез-келген жеке және заңды

тұлғалардың белгілі бір құнды ақшаның қарым-қатынасын жатқызамыз. Бұл банктердегі депозиттер, облигациялар, акциялар, кредит, салық, несие, қарыздар.

Материалдық емес инвестицияға - құнды материалдар мен құпия программалар, өнім әдістері тиімді моделдер, жерге иелік құқықтары, жекеменшіктік лицензиялар, патенттер мен сертификаттар енеді. Жоғарыда аталған инвестицияның үш түрі де әрбір фирманың дамуын арттырады, кіріс көзінің өсуіне тікелей ықпал етеді.

Инвестиция классификациясы фирманың қай мақсаттардағы қандай маңызды мәселелерді шешуге болады және тиімді шетел инвесторларының басқаруына берілген кәсіпорындар мен бәсекелескен кәсіпорындар өздерін өздері қаржымен қамтамасыз етіп бар жұмысты өздері жолға қоюға міндетті. Қазір бұл нәтижесін беріп отыр. Біріншіден, кәсіпорындар бар қуатында жұмыс істейді. Екіншіден, өндірген өніміне қарай заңды белгіленген тәртіппен салық төлеп отыр. Үшіншіден, жұмыссыздықты азайтуға өзіндік үлесі бар.

Соңғы жылдары белгілі өндіріс орындарын шетелдік компаниялармен фирмалардың басқаруына беру арқылы инвестиция тарту тәжірибесі елімізде көбірек қолданылып жүр әсіресе, бұл шикізат өндіруші салаларда шетелдік инвесторлардың айрықша ынта-ықыласын тудырып отыр. Өйткені шетел кәсіпкерлері шикізат өндіріп, оны экспортқа шығарып сатудан ұтылмайтыны анық. Сол себепті олар Қазақстан үлкен қызығушылықпен капитал салып отыр. Бұл дәл қазір екі жаққа тиімді.

Кез-келген кәсіпорынның экономикалық потенциалының сақталуы мен дамуына кәсіпорын қызметі мен менеджмент, инвестор шеберліктері қажет. Инвестициялық қызмет субъектілеріне инвестициялық қызметті іске асырушы инвесторлар, физикалық және заңды жеке тұлғалар, тапсырыс берушілер, орындаушылар, инвестициялық қызметті қолданушылар мен ұйымдық жеткізушілер, банк және қауіпсіздендіру қызметкерлері, инвестициялық процеске қатысушылар енеді.

Қазақстан мен ТМД елдерінде инвестиция тартып, қаржы жинақтау жылдамдығы онша жақсы емес. Бізде ол жалпы ішкі өнімнің 4/3 процентін құрайды. Дегенмен, алғашқы жылдарға қарағанда, соңғы жылдары шетелден инвестор тарту біршама жандана түсті. Оған еліміздегі саяси тұрақтылық шикізат қорының молдығы инвесторларды заң жүзінде қорғау басты рол атқарып тұр. Инвестиция салудан дамыған, өркениетті басқа да мемлекеттер де тартынып отырған жоқ.

Нарықтық экономикада инвестицияның негізгі үш түрі кең қолданылады. Атап айтқанда: займ арқылы, несие беру және тура инвестициялау. Осы үшеуінің ішінде бізге қолайлысы әрі тиімдісі - тура инвестиция. Өйткені мұнда шетел инвесторларының басқаруына берілген кәсіпорындар мен бірлескен кәсіпорындар өздерін өздері қаржымен қамтамасыз етіп бар жұмысты өздері жолға қоюға міндетті. Қазір бұл нәтижесін беріп отыр. Біріншіден, кәсіпорындар бар қуатында жұмыс істейді. Екіншіден, өндірген өніміне қарай заңда белгіленген тәртіппен салық төлеп отыр. үшіншіден, жұмыссыздықты

азайтуға өзіндік үлесі бар.

Қазақстан экономиканың қаржылық тұрақтануы сатысына ену кезеңінде инвестицияны тартудың қатаң әдістерін қолдана бастады, бұл әдістер төмендегідей бағыттарды қамтиды:

- үкіметтік несиелер мен кепілдемелерді шектеу (өйткені үкіметтік несие алдын-ала ақы тәлеуді, кепілдемелерді ұсынуды және белгілі сомалардың процентімен қайтарылуын талап етеді.) Мұндай жағдайда елге келіп жатқан шетел инвесторларын көбейтуге арналған мүмкіндіктер кеңейіп жатыр. Капиталды тартудың мұндай формасының басымдылығы өр түрлі түсіндіріледі:

- тікелей шетел инвесторлары донордың ұзақ мерзімдік мүдделерінің жүзеге асуына мүмкіндік береді;

- донордың өндірістік процесті басқаруға қатысу мүмкіндігі болуы тиіс;

- елеулі көлемде қаржылық ресурстардың ағылып келуін қамтамасыз етеді, ол сыртқы қарыздардың төлену проблемасына әсер етпейді;

- тікелей шетел инвестициялары іскерлік және шаруашылық белсенділікті қамтамасыз ете отырып, өндірістік және ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың әр түрлі формаларының кең түрде таралуына ықпал етеді.

Мұның барлығы Үкіметтің орта мерзімдік инвестициялық бағдарламасын қабылдау және жүзеге асыру үшін бағыт-бағдар беруге мүмкіндік жасады. Қазақстан Республикасы экономикасына тартылатын айналым капиталының ұлғаюы жеке жобалар бойынша жекешелендіру үрдісінде көрініс тапты. Оның өрістеуі белгілі мөлшерде төлем төлемеу дағдарысы сияқты түйінді мәселені жеңілдетті, өндірістердің іскерлік белсенділігін көтеруге және озық технологияларға өту процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Инвестицияны тартуда Қазақстанды дамытушы елдер тәжірибесімен салыстыра отырып, Аргентина саясатымен белілі бір ортақтықтың бар екендігін атап етуге болады. Өйткені Қазақстанда жүргізілген 4 кезең төмендегідей нәтижелерге әкеледі:

- реформалаудың бірінші кезеңі - инвестициялық жекешелендіру қорының қалыптасуына және капиталдың үкімет кепілдемесі арқылы тартылатындығына жағдай жасады;

- екінші кезең - жекешелендіру үрдістерінің белсенді жүруін және акцияларды мемлекеттік пакеттерінің 80%-ке дейін шетелдік инвесторларға сатылуын қамтамасыз етті, осы уақытта төлемдердің теленбеуі және отандық тауар өндірушілердің банкротқа ұшырауы мәселелері қабат-қабат жүріп отырды;

- үшінші кезең - жекешелендіру процесінде республикалық нарықта шетелдік банктердің рөлі жоғары болды деп айтуға болады, нәтижесінде инвестициялық саясаттың Аргентиналық қателіктері болған, атап айтқанда аз шығынды әдіс өңдеу, ғылыми технологиялар салаларының туындауына жағдай жасамай, керісінше дәстүрлі салалар экспортын кеңейту құралдарының дамуына жағдай жасады.

Тиімді инвестициялық саясаттың жоқ болуы өсу нүктесі болып табылатын белгілі бір салаларды анықтауға мүмкіндік береді сыртқы экономикалық саясатты «өсу локомотивінен» «тежеу локомотивіне» айналдыруды, әлеуметтік реформаларды ұстап тұру, халықтың ағымдық табысының төмен деңгейі, сонымен бірге тұтынушылық несиенің болмауы республика халқын инвестициялық саясаттың белсенді субъектілерінің біріне айналдырды. Бұл кездегі тауар өндірушілердің жаппай банкротқа ұшырауы шетел инвесторларының көбеюі жағдайында жүріп жатыр және ұлттық валютаны жоюда Қазақстандағы саны 1300-ден астам біріккен кәсіпорындар, яғни 20 мың жаңа жұмыс орны бар кәсіпорындардың құрылуына ықпал етті, осы кезде кішкентай Сингапурде алғашқы кезеңдерде жұмысшы орындарының саны 70 мыңға жеткен еді. Экономиканың қазіргі кездегі төртінші кезеңге енуі еңбек бөлінісінің халықаралық жүйесіне кіру нәтижесінде мемлекет рөлін күшейту қажет екендігін қайтадан талап етіп отыр.

Жүйелей айтсақ, пайда табу мақсатында Қазақстан Республикасының қаржылық және қаржылық емес активтеріне салынған барлық шетел капиталдары екі үлкен топқа : тікелей инвестиция және сырттан қарыз бөлу болып бөлінеді. Қазіргі кезде халықаралық қаржы институттары мен шет мемлекеттер Қазақстанға тікелей инвестициядан гөрі, несие беруге құштар болып отырғаны анық байқалуда. Мұның сыры өзін-өзі түсінікті. Несие үкімет кепілдігімен жақсы қорғалған. Ал инвестициялық салымның қайтарымы ұзақ мерзімді қажет етеді, әрі мұнда тәуекелдің үлесі жоғары. Экономикалық қауіпсіздік жағынан алып қарағанда займның да белгілі бір дәрежеде тиімсіз жақтары бар. Займдар елдің сыртқы қарызын көбейтеді, оның өтемі елдің валюталық түсімінің қомақты бөлігін қажет етеді. Ал тікелей инвестициялық тиімсіз жағы, инвесторлар қаржысын өзі қалаған жағына салады да қазақстандықтардың мүддесі, қажет еткен сала ескерусіз қалады. Үкімет кепілдігімен сырттан тартылған займдар мен кредиттердің экономиканың өндірістік және кәсіпкерлік секторын инвестициямен қамтамасыз ету мақсатында алғандығы белгілі. Алдын-ала болжағанындай бұл шара (сырттан қарыз алу көлемін арттыру) экономиканың тұрақтылығын сақтап қана қоймай, оны дамытуға тиіс еді. Алайда, іс-жүзінде бөрі басқаша болып шықты. Талдау нәтижелері көрсеткендей, үкімет кепілдігімен тартылған займдар мен кредиттер, негізінен, бюджет тапшылығы мен тұтыну саласының қажеттіліктерін қаржыландыруға пайдаланылуда.

Бүгінгі таңда Қазақстан шетелдік тікелей инвестиция тарту көлемі жағынан ТМД елдері арасында екінші орынды иеленеді. Тікелей инвестиция, негізінен, бірлескен кәсіпорындар құру, еншілес кәсіпорындар ашу және мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіруге шетел капиталын қатыстыру есебінен іске асырылуда. Өкінішке орай, Қазақстандағы көпшілік бірлескен кәсіпорындар мен шетелдік кәсіпорындар экономиканың жанама секторларын ғана қамтып отыр, әрі оған қомақты қаржы салмауда.

Тағы бір қынжынарлық жәйт, Қазақстанға негізінен алып-сатарлық мақсатты ғана көздеген ұсақ-түйек кәсіпорындар келуде. Ал өзінің қомақты капиталымен келген ірі кәсіпорындардың саны саусақпен санарлықтай-ақ. Шетелдік инвесторларды қызықтыратыны, негізінен, өнеркәсіптің жылу шикізат саласы. Бұл салада шетелдік инвестицияның салмағы басым. Қазіргі кезде, Қазақстандағы тікелей инвестицияның 60%-ы - мұнай-газ саласының үлесіне тиеді. Басқа өнеркәсіп салалары бойынша инвестицияның үлесі мардымсыз. Мәселен, қара металлургияда - 5%, тамақ өнеркәсібінде - 5%, басқа салаларда - 2%. Мұның ішінде, түсті металлургияда ғана оның үлесі көптеу - 28%-ды құрайды. Соңғы жылдары елімізде мұнай өнеркәсібі жедел өркендеп, мемлекеттің валюталық түсімінің негізгі көздерінің біріне айналды. Бұған Республика үкіметі де айрықша назар аударып отыр. Алайда, экономика саласындағы мамандардың атап көрсеткеніндей тек өндірістің бір ғана саласын инвестициялауға басымдық беру, экономиканың басқа саласының туралауына алып келеді. Мұның салдары мынадан керінеді: Еліміз жоғары өндірістік потенциалы мен табиғи байлығының мол қорының болуына жоғары білікті маман кадрларының көптігіне қарамастан әлемдік нарықта тек шикізат өңдеуші ғана болып қалмақ. Сондықтан, бұл мәселеге асқан жауапкершілікпен, парасатпен, біліктікпен қарап, жағдай жасау қажет.

Шикізатқа деген әлемдік сұраныстың күрт азаюы тек өндіріс қарқынының бәсеңсуіне ғана әкеліп соқтырған жоқ, сонымен бірге осы салаға кұйылатын инвестиция көлемінің кемуіне де өз ықпалын тигізді. Соңғы әлемдік уақиға көрсеткішіндей, тек шикізаттық өндіріске бағыт ұстаған экономикалық саясат, ішкі экономикалық тұрақсыздыққа ұшыратады. Ұлттық экономикаға саясат, сыртқы нарық конъюктурасының елеулі түрде өзіндік әсері бар. Сөйтіп, зерттеушілердің атап көрсеткеніндей, шетел инвестициясының республика экономикасын жедел көтеріп жіберетіндігі туралы әңгімені айту әлі ертерек. Тікелей шетел инвестициясының негізгі бөлігі қаржы саласына несие мен қарыз түрінде құйылуда.

Қазақстан көз жетер жақын болашақта «Қазақстандық кереметтің» болуын тікелей мұнай саласымен тығыз бірлікте қарастыруда. Сөйтсе де кейбір ғалымдар, атап айтқанда А.Е. Есентүгелов қазақстанның мұнай өндіру-көлемін - ұлғайту және экспортқа шығару жөнінде керемет жоспарлар жасауының ғылыми негізі жоқ деп санайды. Шындығында да мұнай өндіру көлемін арттыру және оны шикізат күйінде экспорттаудан түсетін табыс мардымсыз, әрі ұзақ мерзімді нәтижесін беруге қабілетсіз. Біздің ойымызша, ғалым А.Е.Есентүгеловтың айтқан пікірлерінің жаны бар. Қазіргі кездегі Қазақстанның мұнай саласын дамытуға байланысты стратегиясын қайта қараған жөн. Мұнда негізінен, ел экономикасының даму бағыттарында шикізаттық бағдардың күшейіп отырғандығын аңғармасқа болмайды. Қазақстанның мұнай өнеркәсібі саласындағы жаңа стратегиясы ескі бағдарлардан толықтай бас тартып, Қазақстан мұнайын жан-жақты пайдалануға, яғни кешенді және терең өңдеуге бағытталу керек. Экономиканың мұнай, химия және мұнай өңдеу секілді секторларын дамытқан орынды болмақ.

Жәй мұнай өндіру мен оны сол күйінде шетке шығаруға қарағанда, мұнай өнеркәсібі саласын түбірімен қайта құрып, оны өндеуге талпынып, сол бағытта жұмыстар жүргізудің пайдасы зор.

Сонымен, шетел инвестициясын тарту мен пайдалануға байланысты атқарылған істерді зерттеудің нәтижелерін сарапқа сап, сыртқы инвестициялаудың бұрынғы моделінің тиімсіз болуының негізгі себептері мынадан көрінеді:

- шетел инвестициясының экономиканың нақты секторларына аз бөлінуі;
- инвестициялық ресурстың жарым жан құрылымы;
- сырттан алынған несиелердің өндірістік емес мақсатқа, яғни бюджет тапшылығын қаржыландыруға көбірек жұмсалыуы;
- тікелей шетелдік инвестициясының экономиканың нақты секторларынан гөрі, қызмет көрсету, сауда-саттық саласында пайдалануы;
- шетел инвестициясын барынша өндіруші салаға жұмылдыру тенденциясының өсуі, соның салдарынан экономиканың өзге секторларының тұрақсыздыққа ұшырауы;
- сырттан тартылған қаржының қайтадан сыртқа кетуі т.б.

Жоғарыда тізіліп кеткен мұндай кемшіліктер инвестициялық саясаттың қайта қарап, оны жағдайға сай түбегейлі өзгертудің қажеттілігін көрсетеді. Басты назар сырттан қаржының көп көлемде тартуға емес, оны ең алдымен тиімді, ұтымды пайдалана білуге аударылуы керек.

Инвестициялық процесті басқаратын мемлекеттік органдардың міндеттері мыналарды көздейді:

- ел экономикасын дамыту басымдылықтарын анықтау;
- мемлекеттік инвестициялық бағдарламалар, инвестициялық басымдықтар жобаларын жасау;
- мемлекеттік орталықтандырылған инвестициялық қаржылардың үйлесімді тартылуын қанағаттандыру;
- инвестициялық қолайлы жағдай жасау, осы негізде ұлттық экономикаға тартылатын капитал ағымын және олардың басымдық салаларға жіберілуін қанағаттандыру.

Инвестициялық қызметке қолайлы орта қалыптастыру факторларына ең алдымен экономикалық және саяси тұрақтылық, жеке секторларға демеу көрсету, инфрақұрылымдарды, бақылау жүйесін дамытуы, шетел инвестицияларына қатысты заңдылықтар тұрақты болу т.б. қамтылады.

Осы міндеттерге байланысты мемлекеттік инвестициялық саясаттың негізгі принциптері анықталады. Олардың қатарына мыналарды атауға болады:

- инвестицияны қаржыландыру көздері көпжақты болу;
- инвестиция ең жоғарғы деңгейде қайтарылымды болу;
- инвестициялық салаларыды орталықтандырмау;
- инвестициялық белсенділікте экономикалық және ұйымдастырушылық әдіс, тетіктерді пайдалану;
- инвестицияны тартуды жүзеге асырудағы басымдықтарды таңдау мынадай қажеттіліктерден бастау алады:

- экономиканың басқа секторларын инвестициялау үшін валюталық қаржы түсуін қанағаттандыратын экспорттық потенциалды дамыту;
- ел мүддесі жүйесін құрайтын салаларға мемлекеттен демеу көрсету;
- ішкі және сыртқы нарықтарға жоғары сұранысқа жетерліктей бәсекелік қабілетті өнім өндіретін өндірістерге инвестиция жасау;
- жоғары деңгейде дайын өнім шығаратын өндірістер мен салаларға инвестиция жасау;
- салалар мен аймақтық өңірде құрылымдық-технологиялық елеулі өзгерістер жасау тұрғысынан бағалау;
- жалпы экономиканы ілестіре өсіруге қабілетті «өсу нүктесін» нысаналаған нүктелік инвестиция жасағанда шетелдік капитал тиімдірек болады.

Сөйтіп, инвестицияны тартудағы саясатты жүзеге асырудың экономикалық механизмдерінің негізгі бөлігі ұлттық және шетелдік жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуден, оны экономикалық жағынан ынталандырудың шаралар жүйесі болып келеді.

Сөз соңында шетел инвестициясын тиімді пайдаланудың мынадай шараларының жиынтығын көрсетуге болады:

- сырттан алынған қарыз бен несиені бюджет тапшылығын жабуға қолдануды тоқтату, оны әлемнің озық технологиясын алуға, яғни инновация саласына жұмсау;
- мұнай-газ саласының даму стратегиясын қайта қарап, Қазақстан мұнайын кешенді және терең өңдеу негізінде жан-жақты пайдалану бағытына көшу;
- шетел инвестициясын шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға жұмылдыруды ынталандыру;
- шетелдік компаниялардың басқаруына берілген ірі кәсіпорындарға мемлекеттік бақылауды күшейту;
- шетел капиталына берілген жеңілдіктерді шектеу және бірте-бірте оны жою. Шетелдік және отандық инвесторларға бірдей жағдай жасайтын инвестициялаудың ұлттық режиміне көшу.

Сайып келгенде, тәуелсіздікке ие болған осы жиырма жыл уақыт ішінде еліміздің Үкіметі шетелдік компаниялармен жұмыс жөнінде біршама тәжірибе жинақтап үлгерді. Олардың қарым-қатынастағы негізгі пайдаланатын тәсілі халықаралық құқықтық нормаларды да меңгеріп келеді. Демек, ендігі жерде орынсыз талаптарға, бұлаң құйрық әрекеттерге көне берудің жөні келмес. Оның үстіне кәштеген шетелдік компаниялардың жақсы дамып келе жатқан Қазақстан экономикасын инвестициялауға мүдделі екені сезіледі. Осы жағдайды пайдалана отырып, іште жұмыс істеп отырған шетелдік компанияларға шектен шықпауды, Қазақстанның құқықтық заңдылықтарын құрметтеуді, елдің жағдайымен санаса отырып жұмыс істеуді ескеретін уақыт жетті.

Инвестиция – экономиканы дамытудың негізгі факторы болып есептеледі. Себебі, ұзақ мерзімдік заемдар мен басқа да несиелерді қалай

жұмсау, қайда бағыттау мемлекеттік реттеу арқылы жүргізілетін болса, ал инвестиция - шаруашылықтың белгілі бір саласының нақты буынындағы экономиканы сауықтыруға жұмсалатын, нақты иесі белгілі қаржылар.

Қорыта айтқанда, сырттан қарыз алу, инвестицияны тарта білу еліміздегі біршама бір ізге түсіп келе жатқаны рас. Алайда, осынау қарыздарды қайтару жолдарын да алдын ала қарастырған жөн.

3.2 Шетел капиталын тарту – ұлттық экономикадағы инвестициялық нарықты қалыптастырудың негізгі көзі

Шетелде тікелей инвестицияны іске асыру кәсіпкерлікті іске асырумен байланысты. Шетелде кәсіпкерлікті тікелей инвестиция салу арқылы дамытудың себептері:

1. Неғұрлым тиімді және пайдалы капитал салымына талпыну, яғни белгілі жерде тауарлар мен қызметтерді өндірумен іске асады.

2. Техника-экономикалық. Шетелде өз сыртқыэкономикалық байланыстарының инфрақұрылымын құру, басқаша айтқанда, сатуды қамтамасыз ету үшін тауарлар мен қызметтерді өткізетін тораптарды құру (қоймалар, көліктік кәсіпорындар, банктер, сақтандыру, сауда компаниялары).

3. Экономикалық және саяси тұрақсыздық. Жоғары салықтар, заңсыз құралдарды шетелге аудару қажеттілігі.

Шет елдерде тауарлар мен қызметтерді өндіретін ұйымдармен байланысты тікелей капитал салымын іске асырудың 4 негізгі жағдайын қарастыруға болады:

- шетелде кәсіпкерлік қызмет іске асырылады, өйткені кейбір тауарлар мен қызметтерді шетелге өткізу қиын немесе әртүрлі шектеулерге, немесе бұл тауарлар мен қызметтердің қасиеттеріне байланысты мүмкін емес, сондықтан да тұтынушыларға қызметті өткізудің жалғыз жолы – оны орнында көрсету;

- көліктік шығындарда үнемдеу, тауарларды шетелде өндіру арзан да тиімді болып табылады;

- кәсіпкерлік капитал салынған ел әлемдік нарыққа тауарлар мен қызметтерді өндірудің арзан орны болып табылады;

- техникалық қиын өнімдердің түрлерін өндіріп, экспортқа шығару кезінде сатудан кейінгі қызмет көрсету үшін өндірушінің әрдайым қасында болуы қажет.

Тікелей инвестицияларды іске асыру және дайындау жобалық талдауда қарастырылады.

Тікелей инвестицияларды іске асыру жобасын дайындау бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Шетел нарығын зерттеу.
2. Қазақстандық сатып алушыларға тауарлар мен қызметтерді сату әдістерін анықтау.
3. Есеп айырысу формасын таңдау.
4. Жеткізуді безендіру әдістерін анықтау.

5. Негізгі және айнымалы қорларға салынған инвестицияның көлемін бағалау.

6. Жергілікті және мемлекеттік заңдардың қабылдануы.

7. Құрылатын фирманың ұйымдық-құқықтық формасының анықталуы.

8. Фирманың экономикалық тиімділігін бағалау.

9. Фирманы құру кезіндегі құрылтайшылық құжаттардың қабылдануы және дайындалуы.

Тікелей инвестицияларды тартудағы мемлекеттік саясат келесідей негізгі себептерге негізделген:

- тұрақтылық және күні бұрын анықтау;
- инвестициялық қызметті реттейтін әлемдік стандартқа жауап беретін нақты, түсінікті құқықтық нормалар;
- инвесторлардың заңды құқықтарын қорғау;
- шетелдік және отандық инвесторлар үшін бірдей шарттарды белгілеу;
- халықаралық келісімдер мен келісім-шарттардың шарттарын сақтау;
- тікелей инвестициялардың нәтижелілігі мен пайдалылығы;
- экономиканың басымды секторына тікелей инвестицияны ынталандыру;
- ақпаратпен қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаны қорғау.

Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау мыналардан тұрады:

- преференциялар мен жеңілдіктер белгілеу;
- инвесторлардың алдында Қазақстан Республикасы атынан өкілдік ете алатын мемлекеттік органның болуы.

Шетел капиталын Қазақстанға тарту республика экономикасын дамытудың конъюктуралық, тактикалық және стратегиялық міндеттеріне жатады, Қазақстан басқа елдер сияқты шетел инвестициясын келесі факторлар есебінде қарастырады:

- экономикалық және тактикалық үдістерді жеңілдету;
- өндірістік ақпаратты жаңарту;
- өндірісіті ұйымдастырудың алдыңғы қатарлы әдістерін меңгеру;
- нарықтық экономиканың талаптарына сай кадрлер дайындауды және жұмыспен қамтуды іске асыру.

Тартылатын инвестицияның көлемі мен сапасы, оның келтірілуінің қарқындылығы (инвестициялық ахуал) деп аталатын әлеуметтік экономикалық түсінікте біріктірілген факторларға байланысты.

Инвестициялық ахуал дегеніміз – шетел кәсіпкерінің көзқарасымен өз капиталын салып отырған елдегі жағдайлар. Инвестициялық ахуал көптеген элементтерден тұрады, оларды келесідей топтарға біріктіреміз:

- елдегі әлеуметтік-саяси жағдай және оның перспективасы;
- ел ішіндегі жағдай және оның даму болашағы;
- сыртқыэкономикалық қызмет және елдегі перспективасы.

Әрбір фактордың өзүлес салмағы бар және баллмен бағаланады. Сондықтан да тәуекел факторларының жеке топтарын сандық көрсеткіштермен есептеуге болады. Инвестициялық ахуалда сандық көрсеткіштермен

есептеледі.

Қазақстан Республикасының инвестициялық потенциалын анықтау кезінде келесідей факторларды қарастырамыз:

- ресурсты-шикізаттық әлеуеті;
- өндірістік (тұрғындардың шаруашылық қызметтерінің жиынтығының нәтижелері);
- инфрақұрылымдық (елдің экономикалық-географиялық жағдайы мен оның инфрақұрылымдық қалыптасуы);
- институционалдық;
- инновациялық (елдегі ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктерін енгізу деңгейі);
- тұтынушылық;
- интеллектуалды.

Инвестициялық ахуал дегеніміз – инвесторларды тартатын немесе алыстататын елдегі саяси, әлеуметті-экономикалық, қаржылық, мәдени, ұйымдық-құқықтық және географиялық факторлардың жиынтығы. Ең бастысы шетел инвесторлары үшін тартымды жағдайды туғызу тұрақты және болашағы бар шетел инвесторларын табу және олардың капиталын басымды салалар, өндірістер, қызмет түрлеріне бағыттау қажет.

Бұл факторларды 2 топқа бөлуге болады:

1. Жағымды факторлар:

- табиғи ресурстарды қолдануға мүмкіндік беру;
 - нарықтың жоғары потенциалдылығы;
 - пайданың нақты коэффициенті;
 - өз бәсекелестерінен бұрын аймақта орын алу арманы;
 - бизнес үшін Қазақстанның стратегиялық орналасуы;
- Қазақстан тұрғындары білімінің жоғарғы деңгейі.

2. Жағымсыз факторлар:

- өндіру қарқынының төмендеуі;
- салықтық заңдар мен кедендік реттеудің жетілдірілмегендігі;
- инфляция;
- шетел инвесторларының Қазақстандағы болып жатқан процесстер жайлы толық ақпарат алалмауы.

Инвестициялық ахуалды бағалауға қолданылатын неғұрлым әмбебап тәсіл – факторлық болып табылады. Ол ұлттық экономиканың инвестициялық ахуалына әсер ететін факторлардың жинағын бағалаумен негізделеді. Инвестиция мен салықтыр бойынша халықаралық орталықтың ұсыныстарына сәйкес (ITIC) Қазақстан экономикасына инвестиция ағымына кедергі жасайтын факторларды ранжирлеу жүргізілді (8 сурет). Қазақстанға инвестицияның кіруіне мәнді кедергі жасайтын экономикалық кедергілер, одан кейін сәйкесінше: құқықтық және саяси факторлар, ал сосын – ұйымдық факторлар және материалдық–техникалық мінездегі мәселелер.


Инвестициялық ахуал түсінігі макро- және микродеңгейлерді қамтиды. Макроэкономикалық деңгейдегі инвестициялық ахуал өзіне инвестиция үшін

саяси, экономикалық және әлеуметтік ортадағы көрсеткіштерді енгізеді.

Микроэкономикалық деңгейде инвестициялық ахуал қабылдаушы елдің нақты мемлекеттік органдарының, шаруашылық субъектілер – жеткізушілер, сатып алушылар, банктер, сонымен қатар кәсіподақтар мен еңбек ұжымдарының инвестор фирмасымен екіжақты қатынастары арқылы көрсетеді.

Инвестицияларға кәсіпкерлер мен ұйымдарды меншікке сатып алу, бағалы қағаздарды сатып алу, біріккен кәсіпорындардың жарғылық қорына аударым жасау, заңды және жеке тұлғаларға несие беру, интеллектуалды байлықтарды, басқа да мүліктер мен лицензиялар, құралдар, машиналар және технология түріндегі салымдармен, сонымен қатар банктік салымдар мен қозғалмайтын мүліктерді сатып алу жатады.

Жоғары аталған факторлар шетелдік кәсіпкердің көзқарасы бойынша шет елде оның қақтығысатын тәуекелдің түрлерін көрсетеді. Тәуекел дегеніміз – инвестордың салған қаражаттарын жоғалту мүмкіндігі. Инвестициялық тәуекел дәрежесі елдің саяси, экономикалық және экологиялық жағдайларына тәуелді.



8 сурет – Ұлттық экономикаға инвестицияның түсуіне әсер ететін факторлар

Инвестициялық тәуекел дегеніміз – инвестициядан алынатын табысты жіберіп алу немесе шығынға ұшырау мүмкіндігі.

Инвестициялық тәуекелді 3 топқа бөлеміз:

1. Саяси тәуекелдер дегеніміз – бұл елдің саяси және экономикалық сферасындағы өзгерістерге байланысты туған тәуекел. Бұл жағынан Қазақстан ең жоғарғы саяси тәуекелді елдердің қатарына кіреді. Саяси тәуекелге жататындар: саяси дүмпулердің болу мүмкіндігі, меншікті ұлттандыру, шетел инвесторын қорғау туралы заңның сәйкестендірілмеуі, елдің экономикалық саясатының анық болмауы және күнібұрын анықталмауы.

2. Қаржылық тәуекелдер дегеніміз – елге және оның заңды тұлғаларына ссудалық капитал беру көзқарасы жағынан елдің төлем қабілеттілігін анықтайтын тәуекел.

3. Операциялық тәуекелдер дегеніміз – сауда немесе басқа операцияларды жүргізу кезіндегі валюталық шығын қаупі. Оның 2 түрі болады: а) сыртқы сауда қызметі үшін тәуекел; ә) өндірістік қызмет үшін тәуекел.

Соныменен қатар, инвестор келесідей тәуекелдерді бағалау керек:

1. Жобалық тәуекелдер:

- бюджеттік (белгіленген бюджеттегі шығындардың өсіп кетуі);
- келісім-шарттық (жеткізу міндеттерінің орындалмауы);
- нарықтық (нарықты маркетингтік зерттеудің төмен деңгейі).

2. Жалпы экономикалық тәуекелдер:

- валюталық операцияларға әкімшілік бақылау жасау;
- экспортқа салық салу ауданында үкіметтің қатаң экономикалық шаралары;

- бақыланбайтын инвестициялық процестердің дамуы;
- меншік құқықтарын тоқтату мүмкіндіктері;
- басқа да форс-мажорлық жағдайлардың пайда болу мүмкіндіктері.

3. Коммерциялық (кәсіпкерлік) тәуекелдер.

- пайданың (дивидендтің) болмауы;
- компанияның жабылуы;
- бағалық тәуекел;
- валютаның курстық құнының өсу ықтималдылығы;
- аяқтау тәуекелі;
- эксплуатациялық тәуекел.

Тәуекелдерді есепке алу инвесторға келесідей жағдайларды қарастыруға мүмкіндік береді:

- капитал салатын елді таңдау;
- нарыққа ену тәсілін анықтау;
- шетелде қызмет ететін фирманы ұлғайту;
- қандай өнімді өткізу керектігін анықтау;
- нарықтан қай уақытта кетуін анықтау.

Тартылатын шетел капиталын үш әртүрлі каналға бөлуге болады. Оларды қолдану, жеткізу шарттарымен ерекшеленеді.

«А тобын» экспорттық несиелер атқарады. Әдетте олар бір немесе бірнеше топ жобалардың, ол жобалар несие ретінде көрінеді, ол тауарларды немесе қызметтерді экспорттаушы елден сатып алу шартымен беріледі.

Әлемдік тәжірибеде осыған ұқсас несиелер, әдетте, сенімді банктердің ірі кепілділігімен беріледі. Бірақ өтпелі экономикасы, саяси және экономикалық тәуекелділіктері бар мемлекетке инвестиция салар алдында экспорттаушы мемлекет үкіметтік кепілдікті талап етеді. Бұл кезде кепілдіктің үш деңгейі болады:

- соңғы несие алушының контркепілділігі;
- несие алушы мемлекеттің банктік контркепілділігі;
- несие алушы мемлекеттің банктік кепілділігі.

Осыған байланысты, несиені қайтару жауапкершілігі бірінші қатарда соңғы несие алушыға жатады, есептелген тәуекел деңгейі - банкке, сосын бюджетке түседі. Үкіметтік кепілдік несие туралы банктік келісім бұл істі аяқтауда негізгі болып табылады.

«Ә» тобын мемлекетке үкіметаралық деңгейде және сонымен бірге олар екіге бөлінетін (техникалық және қаржылық) формаға ресмей түрде дамуға көмек көрсетумен көрінеді. Техникалық көмек - әртүлі саладағы қызмет көрсету көмегімен анықталады. Олар: оқыту; кеңес беру; түрлі жобалар сатып алу.

Мұндай көмек екі түрге бөлінеді: грант - несие алушы елге техникалық көмекті қайтарусыз беру және несие - техникалық көмекті төлем және тез арада қайтару жолымен берілетін инвестиция. Дамуға ресмей көмек көрсету шегіндегі қаржылық көмек төлем балансын, импорттық тауарлар мен инвестициялық жобаны, әлеуметтік- экономикалық мәселелерді шешуге қажет жағдайды қолдауға бағытталған.

«Б» тобына жататын инвестициялар қосымша құн капитализациясы деп түсіндіріледі, осы жағдайда бұл шетел инвестициясының ел экономикасына келуін айтамыз. Олар екі түрге бөлінеді:

тікелей инвестициялар - өз тәуекелділігімен ел экономикасына шетел капиталын салуды айтамыз;

портфельді инвестициялар - қаржы құралдарын фиктивті капитаға салу: акция, облигация және т.б бағалы қағаздар.

Сонымен ашық, еркін, тиімді және қатаң ұсталатын заңдармен жүргізілетін инвестициялық саясат шетел инвестицияларын тарту үшін күшті ынталандырушы фактор болып табылады.

Шешім қабылдау кезінде шетел партнерлерімен қарым-қатынас жасауда және шетел ресурстарын тартуда әртүрлі формалар бар екендігін естен шығамаған жөн. Олардың ішінде келесілерді атап өткен жөн:

- технология тапсырысымен алып жүрілетін халықаралық өндіріс кооперациясын, кейде біріккен меншік құру;
- шетел несиелерін алу;
- лизинг негізінде несие алу;
- әртүрлі үлестегі шетел партнерлерінің қатысуымен біріккен

кәсіпорындар құрып, шетел капиталын тарту, оның ішінде шетел инвесторларына акция сату;

- толық шетел капиталының иелігінде жатқан кәсіпорындармен біріккен кәсіпорындар құру;

- заңды тұлғалардың қатысуымен келісім шарттар базасында шетел компанияларымен өндіріс дамытуда бірігіп ынтымақтасу;

- концессия немесе өнімді бөлу келісім шарт негізінде шетел капиталдарын тарту;

- өте белсенді шетел капиталдарын белгілі бір территорияға тартуға бағытталған еркін экономикалық аймақтар құру.

Бұл барлық жоғарыда аталып өткен шетел инвестициясы ұзақ мерзімді мінез-құлыққа ие. Олар дұрыс құрылған саларалық проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Олар алдыңғы қатарлы индустриалды елдерден техникалық артта қалуда ілгері дамуына кепілдік береді.

Бұл барлық ынтымақтасу формалары тұрақтандыру мәселесін шешуде және Қазақстан экономикасын көтеруге мүмкіндік береді.

Бірақ олар инфляцияға, саяси және экономикалық тұрақсыздыққа ұшырайтынын баса көрсету қажет.

Инвестицияларды реттеуде инвесторлар жөнінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік комитеті құрылған. Бұл комитет шетелдік және ұлттық инвестициялар бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру үшін құрылған.

Инвестиция жөніндегі мемлекеттік комитеттің негізгі міндеттері:

- мемлекеттік саясатты, инвестициялық климатты экономиканың негізгі секторларына (салаларына) қатыстыруды қалыптастыру;

- жаңа техника-технология, ноу-хауды экономикаға енгізу;

- ішкі нарықты сапалы тауарлармен, қызметпен толықтыру.

Қазіргі таңда әлемде шетел инвестициясы үшін үлкен бәсеке орнап жатыр. Егер бүгін инвестицияға бағытталған қаржының 60% дамыған елдерге, 36% дамушы елдерге, тек 4% ғана экономикасы жаңа құрылып жатқан елдерге инвестицияланады. Қазақстан Республикасы өзінің бай табиғи ресурстарымен тікелей шетел инвестициясын тартуға жағымды шарттар туғызған. Бұл жерде, бірінші жұмыс әлеуметтік стандарттарға сәйкес заң шығару базасын құру аймағына бағытталған. БҰҰ деректері бойынша, келешек он жыл ішінде Қазақстанға 50-80 млрд. доллар көлемінде инвестиция тартылады. Қазақстан шетел инвестициясын тарту көлемін ұлғайтуға үлкен ат салысуда, бірақ инвестиция үлкен бәсекелестік арқасында инвесторлар өзінің капиталдарын бағыттағысы келген елді негізді зерттеп, инвестиция алушы елдерге шарттар қойып, тәуекел деңгейін минимумға дейін жеткізуді ойластырады. Мысалға, шетел инвесторларының инвестицияланатын елді зерттегенде жергілікті нарықтың сипаттамасына көңіл аударады. Жергілікті нарықтың көлемі, тұлғалардың сатып алу көлемі және оның өсу мүмкіндігі. Жалпы әлем экономикасы оған деген үлкен көңіл бөлуді талап етеді, әсіресе оның табиғи ресурстары және елдің географиялық жағдайы.

Енді осы критерийлердің маңызын ұстана отырып, Қазақстан Республикасының экономикасы үлкен көлемде табиғи ресурстары болуына байланысты іс жүзінде әлем нарығына шикізат ресурстарының әр алуан түрлерін шығарушы негізгі жабдықтаушы болуы мүмкін.

Келесі мәселе - нарықтың қол жетімділігі. Бұл жағдайда Қазақстан ашық нарықты экономикалық саясатын қолдану нәтижесінде экономикалық даму деңгейімен басқа дамушы елдерден озады және елде ұлттық, шетел фирмалары үшін бірдей шартты бәсеке орнатылғанын айтуымыз керек.

қатынаста өздерінің шетелдік партнерлеріне кәсіпкерлік қызметтің дамуына шарттар құрады, бизнес заң бойынша қорғалады, жетімді бәсеке шарттарын құрады, жалпы нарық құруда алғы шартты салаларды дамыту бағдарламаларын құрады;

Мемлекеттік басқару. Барлық заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік қызметтің дамуына бағдарламаларын негізі шарттар бойынша құрады;

Салықтық төлемдер және стимул. Қазақстан Республикасының салықтық кодексіне шетел инвесторларының енгізілген қосымша деректері негізінде, жалпы біріккен тәжірибе шараларына жауап береді;

Саяси тұрақтылығы. Шетел инвесторларының бағасы бойынша Қазақстан Республикасы бұл жағдайда «тұрақтылық аралына» жатады;

Макроэкономикалық саясат.

Қазақстан Республикасының үкіметінің негізгі экономикалық, саяси мәселесі:

- шаруашылық білімінің тиімді құрылуы;
- қаржылық жағдайдың тұрақтылығы;
- елге ең керек деген салалары мен секторларының өсуі;
- жаңа және өтпелі технология салалары мен өндірісінің дамуы;
- экспортты өсіру және импорты керекті деңгейде

дамыту;

- инфляцияны бақылау;
- бәсекелік нарықтық ортаны құру және монополизммен тиімді күресу.

Инфрақұрылым және қызметтер. Бұл критерийлер бойынша Қазақстан әлемдік стандарттан артта қалуда. Бірақ елде инфрақұрылымды дамытуда жұмыстар жүргізілуде.


Осыған орай, инвестициялық ахуал – белсенді инвестициялық қызмет арқылы өндіргіш күштерді ғылыми-технологиялық жаңарту және дамытуда неғұрлым жақсы қоғамдық-экономикалық қатынастарды қолдану үшін алғышарттарды құруға шақырылған, экономиканың институционалдық жүйесіндегі ерекше жүйелік болып табылады (9 сурет).

Сауда саясаты. Қазақстан Республикасы сауда экономикалық

Инвестициялық ахуал мен оны қалыптастыруда инвестициялардың тәуекелдігін төмендету және оны сақтандыру келесі факторлардан тұрады:

- тәуекелдерді төмендету әдістері;
- жобаның құнына «тәуекелге сый ақыны» қосу;

- шетелдегі инвестициялық қызметтен мүмкін болатын жоғалтуларды сақтандыруда фирманың резервтік қорын құру;
- мемлекеттік және жартылай мемлекеттік ұйымдар мен қызметтер, сондай-ақ жеке сақтандыру компаниялары арқылы саяси тәуекелден сақтандыру;
- меншіктің акционерлік емес формаларын қолдануға негізделген тәуекелді аудару;
- фирманың шетелдік активтер қоржынын географиялық негіздеу арқылы тәуекелді диверсификациялау.



- Ескерту – 1. ЖЭЖ - жалпы экономикалық жағдайлар;
 2. НСШ - нарықтық сипаттағы шарттар;
 3. НҚШ - нормативтік-құқықтық шарттар;
 4. ҮШ - ынталандыру шарттары;
 5. АҚЕШ - ақпараттық қамтамасыз ету шарттары;
 6. ЭШ - экологиялық шарттар;
 7. ӘМЭШ - әлеуметтік, мәдени-этнографиялық шарттар.

9 сурет – Инвестициялық ахуал құрылымы мен оны қалыптастыру факторлары

Бүгінде халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша Қазақстан шетелдік инвестицияларды тарту үшін барынша тартымды әлем елдерінің қатарына кіреді.

Қол жеткізген көрсеткіштерге Қазақстандағы жағымды бизнес-ахуалы, жетілген инвестициялық заңнаманың, инвестицияны тартымды шаралармен қолдаудың, сонымен қатар экономикалық және саяси тұрақтылықтың құрылуы себеп болды.

Инвестордың инвестиция салу шешімін қабылдауға әсер ететін негізгі факторларының бірі болып, қолайлы инвестициялық ахуалдың болуынан басқа, тауар өткізетін нарықтың ауқымы болып табылады.

Көршілес мемлекеттердің энергетикалық ресурстары мен кең тауар айналыстары Қазақстаннан экспортты бағдарлай білу өндірісін дамыту үшін қолайлы негіз жасайды. Біздің бағаларымыз бойынша, Орталық Азия және Қазақстанмен шекаралас Ресей және Батыс Қытайдың тұтынушылар нарығы жарты миллиардтан астам адамды қамти алады.

Осы Заңмен халықаралық тәжірибеде қабылданған инвесторлардың құқығын қорғаудың барлық кепілдіктері қарастырылған, мысалы, табысты қолдану кепілдігі, ұлттандыру және реквизиция кезіндегі кепілдіктер, келісім-шарттардың тұрақтылық кепілдіктері және басқалар.

Сонымен қатар, Заң отандық инвесторға қалай болса, шетелдік инвесторларға солай тең дәрежеде қолданылатын инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларын көздейді.

Заңға сәйкес, Қазақстан экономикасының басым секторларында өз қызметтерін іске асыратын инвесторларға инвестициялық преференциялар берілуі мүмкін.

Жеке секторлардың ынтасын мадақтау мақсатында мемлекет экономиканы әртараптандыру және шикізат тәуелділігінен бас тарту үшін

Жеке шикізаттық емес секторға институционалдық, қаржылық және инфрақұрылымдық қолдау құру Стратегияны жүзеге асырудың бірден бір бағыты болып табылады.

Ол үшін мемлекеттік қаржылық және халықтың тұрмыс қажетіне қызмет көрсету институттары құрылған – Қазақстанның даму банкі, Инвестициялық қор, Ұлттық инновациялық қор, Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі корпорациясы, Кіші кәсіпкерлікті дамыту қоры, Экспортты дамыту және жылжыту жөніндегі корпорациясы, Инжиниринг және технологиялардың трансферті орталығы, «Қазинвест» инвестицияларға жәрдемдесудің қазақстандық орталығы.

Осы институттардың барлығы бүгінде «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры шеңберіне біріктірілген. Әрбір институттың өз бағыты, өзінің тауашасы бар, ал біртұтас олар инвестициялық және инновациялық жобаларды кешенді мемлекеттік қолдау жүйесі болып табылады. Олардың қызметі жаңа жоғары технологиялық өндірістерді құру және қолданыстағыны дамыту, ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулерді және үмітті салаларды кешенді талдау негізіндегі талдауларды қолдау, ғылыми өнеркәсіпті дамыту үшін инвестициялар тартуға бағытталған.

Бәсекеге қабілетті өндірісті дамытуға жағдай жасау үшін қазіргі уақытта әлемдік тәжірибеде өзін ақтап шыққан арнайы экономикалық және

индустриалық аймақтары сияқты құралдар белсенді қолданылады.

3.3 Экономиканы модернизациялауға тікелей шетелдік инвестицияларды пайдалану

Қазіргі таңда Қазақстан әлемдік шаруашылықтың толық қанды мүшесі болып табылады. Республикамыздың экономикасының дамуы экономикалық ортада инвестициялық бағытты құруды талап етті. Инвестицияның құйылуы өндірістің масштабының кеңеюіне және сонымен қатар экономиканың әлеуметтік экономикалық дамуының сапалы, жаңа деңгейге шығуын қамтамасыз етеді. Экономикадағы жаңалықтар мен өсулер инвестицияның көлемімен, құрылымымен және олардың жүзеге асырылу сапалары мен қарқынымен анықталынады. Сонымен қатар, инвестициялық жинақтаулар мен олардың материалдық ресурстарынсыз инвестицияда ешқандай оң нәтижелер болмайды.

Өндірісті үнемі жетілдіру және технологиялық құралдарын жаңартуды қамтамасыз ететін мемлекет, ғылыми-техникалық прогресс және нарықтық күштері арасындағы байланыс жүйесін күшейтетін қозғаушы күш.

Экономикасы дамыған мемлекеттердің тәжірибесі бейнелегендей, қоғамның технологиялық даму механизмінің құрылуы мемлекетпен реттелетін, тұтынушымен нарықтық қалыптасу барысында пайда болатын байланысты білдіреді. Халықпен бірге тұтынушы рөлінде жаңа техника және прогресстік технологияларын сатып алуына қызығатын өндірістік кәсіпорындар және өндірістің немесе ауыл шаруашылығының толық салалары сияқты, өндірістік секторының мүшелері де болуы мүмкін. Осымен қатар, жабдықтаушы болып прогрессивті технологияларын, жаңа техника және басқа да өндіріс тәсілдерін шығаратын, технологиялары биік деңгейлі немесе ғылыми көлемді өндірістер (фирмалар), ғылыми-зерттеу және енгізуші мекемелер табылады. Шаруашылық заң шығару ортасында мемлекеттік мақсаттағы саясатын және дамыған қаржы жүйесін пайдалану, көбінесе, осындай механизмді шығару жетістігіне алып келеді. Өндірістік секторы жағынан жаңалықтарына және өнер табыстарына қойылатын талаптары түрлі болады. Ол таза инновациялық өрісте де, шаруашылық басқару ортасында да сектор элементтері (кәсіпорындар мен салалар) ерекше ынталарын білдіруіне байланысты. Одан басқа, ҒЗКТЖ саланың тапсырыстарына ақы төлеуге немесе лицензияларды сатып алуға түрлі экономикалық агенттерінің қаражаттары жетпейді. Өндірістік сектор агенттерінің экономикалық ынталары және кәсіпкерлік мақсаттары өндірістің қажеттіліктерінің кейбір жүйесінен туындайды, ол күрделі иерархия құрылымына иеленуі мүмкін. Бірінші кезекті қажеттіліктерге (төменгі қатарлы) солардың арасындағы өндірістің жұмыс істеуімен және қудаламауымен пайда болған міндетті болатын ынталар жатады [79].

Олардың арасында:

- өндірістің жұмыс істеуі үшін қажетті еңбек, материалдық және қаржы ресурстары жеткілікті көлемде уақытылы және сенімді түрде қамтамасыз

ететін қажеттілік;

- сату нарығында өндірістің өнімдері мен ұсынатын қызметтерінің тұрақтығын қамтамасыз ететін қажеттілік;

- нарықтық жағдайда өндірістің заңдық қаулылары және жұмыс ережелерін міндетті түрде орындау жолдарымен ғана мемлекет пен экономикалық субъекттерін байланыстыратын қажеттілік.

Бірталардың екінші (жоғарғы) қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- нақты салада немесе орналасқан аймақта өндірістің рөлін күшейту қажеттілігі;

- өндірісті өрістету және диверсификациялау;

- жаңа прогрессивті технологияларын өңдеу тәсілдерімен жаңа сату нарықтарын және жаңа нарықтық жолдарын ашу мен шығару қажеттілігі;

- әлеуметтік- экономикалық өрісінде биік деңгейге ұмтылу;

- өзінің саласында немесе өзінің аймағында озат болу үшін мақсат қою;

- кәсіпорынның жұмыс жағдайларына қарай тіке немесе сырттай қатысты заңдар және заң күшіндегі актілерін шығаруына үлес қосу.

Кәсіпорын өз жұмысында осы қажеттіліктерді қанағаттандыруына тырысады, өйткені осы мәселелердің шешілуі оның үнемі дамуын қамтамасыз етеді. Бірақ, кей кезде шамаларының шектелуіне немесе сәйкес ресурстарға байланысты алда қойылған мақсаттарының бірнеше бөлігі ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Сол себептен, негізінде кәсіпорын бірінші, екінші ж.б. етіп қанағаттандырылатын ең басты (беделдік) қызықшылығын және қажеттілігін іріктеп отырады. Қатал түрінде жоғары бағалау немесе қосымша шарттарын орындау арқылы қажеттіліктерінің осындай сараптау (ранжир) өткізуіне, пайдалылығының белгілі функцияларын құрауға болады. Игіліктің көлемі, басқа сөзбен, тауарлар мен қызмет көрсетуіне, сонымен қатар, өндірістік субъектінің анау немесе мынау қажеттілігін қанағаттандыруына шамамен көмек беретін пайдалық функцияларының аргументі болып табылады. Әрине, барлық кәсіпорындар өздерінің шектеулі жағдайларына сәйкес алдарына көптеген пайдалы нәтиже алу мақсатын қояды. Сонымен қатар, ереже түрінде, ең беделді, сондықтан пайданың нәтижелі аса салмақты болуына байланысты, өзінің қажеттілігін қанағаттандыруына тырыса отырып, кәсіпорын керекті игіліктер нарығында өзінің сұранысын қалыптастырады. «Игілік нарығы» түсінігін кең мағынада алу керек, өйткені, айтылып өткендей, кәсіпорынның қажеттіліктері өз мазмұны мен бағыттары мен ерекшеленеді. Олар материалдық қажеттіліктерінен бастап (капитал, шикізат және еңбек ресурстарының қажеттілігі) интеллектуалдық тәсілдерімен және әдістерімен қанағаттандырылатын қажеттіліктеріне дейін орындалуын күтеді.

Сонда да, ғылыми зерттеу мекемелері, енгізу фирмалары ұсынып отырған игілікке өндіріс секторының және халықтың тиімді (төлем аларлық) талабын қалыптастыруы өндірістің ғылыми-технологиялық даму динамикасын анықтайды. Белсенді меншік иелері немесе талап етіліп отырған игіліктер, сонымен қоса, инновациялық игіліктерді өндірушілер аталған игіліктерге

сұраныстың өсуіне байланысты өз әрекеттерін күшейтеді, яғни, олардың талаптарының күшейуіне қарай оның қоғамдық құндылығы да өседі. Ең жоғары қатардың қажеттілігін қанағаттандыруына бағытталған және мекемелердің рөлін, мәнділігі мен абыройын көтеретін материалдық игіліктері жөнінде айтсақ, бұл процесс өндірушілердің нарықтық бағалары мен табыстарының өсуінде бейнеледі. Екі жағдайда да ғылыми-технологиялық даму мәселелерімен айналысатын инновациялық және шаруашылық реттеу өрістегі мекемелердің жағдайлары нығаяды. Инновациялық өрісінің элементтерінің көптігін үш негізгі түрімен бейнелеуге болады:


- шаруашылық механизмі мен қызығушылығының әрекеттестігі арқылы процесс мүшелерінің арасындағы бәсекелестіктің нарықтық түрі;

- билеуші құқықтық өкілдіктер базасында жүргізілетін мемлекеттік басқаруы;

- халықтың дәстүрімен, менталитеті, өнегелі де этикалық ережелерімен келісілген түрлері.

Өнімнің үнемі жаңартылып тұратын үлгілері мен жаңарту (өзгерту) микродеңгейі, инновацияларын нығайту базасында оның өлшемін толық жетілдіруі қысқа мерзімді циклі болып табылатын жабдықтарын, негізгі қорлардың активті бөлшектерін он жыл сайын жаңартуы орта мерзімді циклі аталып, мезодеңгейін құрайтын; елу жыл шамасында базисті инновацияларының кластер негізінде таралып жатқан жетекші технологиялық, өндірістің технологиялық әдістерін тарату кезеңдерін Кондратьевтің ұзақ циклі атты макродеңгейін бейнелейтін жабдықтау-технологиялық прогрессінің ерекшеліктігін және негізгі мінездемесін осы үш деңгейде қарастыруға болады.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) елдерінің макротехнологиялық динамикасының мәселелерімен айналысатын экономистерінің еңбектерінен жабдықтау-технологиялық дамуының келесі заңдылықтарын белгілеуге болады: экономиканың технологиялық жетілдіруі; технологиялық әдеттің дәйекті алмасуы ретінде жүргізіледі. Экономикада бірнеше технологиялық негіздері бір уақытта жұмыс істей береді. Бір технологиялық әдет циклі Кондратьевтік циклінен екі есе артық әрекет етеді. Уақыттың әр-бір кезінде бірнеше қатар қызмет етіп жатқан әдеттердің арасынан бір технологиялық әдет басым болып келеді, яғни, оның экономикалық потенциалы биіктеу болады. Әр-бір келесі басым әдеттерінің дәрежесі алдындағыларымен салыстырғанда өте жоғары болады. Соңғы әдеттің өз дәрежесі барынша пайдаланып немесе бар күшін салу әрекетін жасап, басымды әдеттің әрі қарай дамуына мүмкіндік бермейтін жағдай жаңа технологиялық әдеттердің туындауына әкеп соғады. Доминантты әдет даму шегіне және табыстың төмендеуіне жеткен кезінде, өзімен бірге ресурстарды жаңа әдеттің технологиялық тізбегіне жаппай қайта бөлуіне алып келеді. Бұл процесс технологиялық революция болып аталады. Жабдықтау - технологиялық және экономикалық даму макротраекториясын келесі түрде бейнелеуге болады (10 сурет).



10 сурет – Жабдықтау технологиялық және экономикалық даму эволюцияның макротраекториясы.

Индустриалды цивилизацияның арттыру жөнінде толық мәлімет беретін революциялық өзгерістерінің негізгі сипаттамасы 7 кестеде көрсетілген.

Әлемдік жабдықтау-экономикалық дамуында бір-бірінің орнын басатын бес жабдықтау-технологиялық әдеттерінің басымдылық кезеңдерін көрсетуге болады, сонымен қатар, әр бір қожайындалған субъектілерінің өз «генотипы» үйлескен: 1770-1830 ж.ж.; 1830-1880 ж.ж.; 1880-1930 ж.ж.; 1930-1980 ж.ж.; 1980-1990 жылдан бастап 2030-2040 жылдарына дейін. Жабдықтау, технология және адам өздерінің еңбек қабілеттерімен қоғамның өндіруші күштерін даму атты бір процесстің екі жағы болып келеді. Сондықтан, технологиялық әдеттің макро динамикасына қатысты заңдылықтар адамның еңбекке деген қабілеттерінің макро динамикасына да толық сәйкестесу керектігін болжауға болады. Көрсетілген жабдықтау-технологиялық әдеттердің алмасу кезеңі төрт технологиялық революцияларды басынан өткізген. Біріншісі индустриалды (машина) өндірісінің пайда болуын, екіншісі - оның жаппай таралуын, ал үшіншісі - оның ең басты, нығайған түріне өтуін сипаттаған (1 кесте).

1 кесте - Техникалық өзгерістердің кезеңдері мен олардың негізгі сипаттамасы

Ғылыми-техника-лық про-грестің эле-менттері	Сапалы қозғалыстарының аса топталуы		
Еңбек құралы мен жабдығы	Машина өндірісінің пайда болуы	Негізгі жұмыс процесстерін машина өндірісімен қамту; машина негіздерінде жаппай машиналар шығару	Машина құрылымда-рын қалыптастыру, комплекстік механикаландыру, өндірісті автоматтандыру
Қозғалт-қыш күші мен қуат-тылығы	Бу машинасы	Электроқуатын шығару, электро-қозғалтқыш, іштей жану қозғалтқышы	Өндірісті электрлендіру, атом реакторы, реактор қозғалтқыш
ҒТП-ның эле-менттері	Сапалы қозғалыстарының аса топталуының	Ғылыми- техникалық прогресстің элементтері	Сапалы қозғалыстарының аса топталуының кезеңдері

	кезеңдері		
Көлік	Паравоз қызметінде негізделген темір жол көлігі, пароход	Дизельді кемелер, автомобильдік және авиациялық (әуе) көлігі	Бірыңғай көлік құрылымының дамуы, контейнерлендіру, реактивті көлік пен ракета жабдықтар
Ауыл шаруашылық және азық-түлік	Егін шаруашылығының ғылыми құрылымының пайда болуы, өсімдіктердің және жануарлардың селекциясы	Ауыл шаруашылығын механикаландыру, минералды тыңайтқыштар	Жаппай механикаландыру мен химияландыру, микробиология, биологиялық үрдісінің реттелуінің басталуы
Құрылыс және құрылыс заттары	Қол еңбегінің үстемділігі, кірпіш пен ағаш	Бірінші құрылыс механизмдері; цемент пен темір, бетон	Құрылыстың индустриалды әдістері, жаңа құрылыс заттары және жеңіл құрылымдарын қолдану
Ғылымды ұйымдастыру түрлері	Жеке ғылыми жұмыс	Мамандалған ғылыми еңбегінің пайда болуы	Ғылымның білім индустриясына ұлттық шаруашылығының саласына айналуы
Білім беру	Сауаттылықтың таралуы және кәсіптік оқытудың пайда болуы	Жаппай көпшілік және арнаулы білім	Білімнің орта деңгейін едәуір (бірнеше есе көтеру, жоғары білімнің тез дамуы)

Ғылыми техникалық революцияның (ҒТР) төртінші кезеңі бағдарламалық революциясымен байланысқан. Оның әсерімен қалыптасып жатқан және индустриалды әдеттің орнын басатын бесінші - хабарлау әдет - цивилизацияның материалды-жабдықтау базасы болып табылады.

Қызметкерлердің индустриалды түрінің қалыптасуы бірінші мен екінші өндірістік революциялар өтуімен, машина өндірісіне көшуімен, бір қатар жаңа салалардың, көлік түрлерінің, қуаттылықтың пайда болуымен байланысты болды. Бұның барлығы жұмысшылардың арнаулы кәсіптік мамандыққа, сонымен қатар, жаппай көпшілік және арнаулы білімнің дамуын талап етті.

XX ғасырдың басында ҒТР-сы ғылыми негізінде ғана техникалық жетілдіруіне өтуін талап етті және өндірістің барлық элементтерін қамтыды: еңбек құралдарын және жабдықтарын - жаппай техникаландыру мен автоматтандыру; еңбек заттарын - заттарды ерте бастан берілген қасиеттеріне сәйкес шығару, химияландыру ж.б.; қуаттылығын - ядролық ыдырауын және синтезді меңгеру, атомдық қуаттылығын, энергияны өзгертуінің жаңа әдістерін және де қай ара қашықтыққа болса да жеткізуін мол пайдалануы; технологияны-механикалық технологияны электрофизикалық, электрохимиялық, магниттік, сәуле, радиациялық технологиясына ауыстыру. Бұл еңбекті жігерлікте революциялық өзгерістерді алып келген - дене еңбегін ойшылдыққа аударуы және ой еңбегін жоғары сатыға көтеруі жоғары білімнің тез жетілдіруін және орта білімнің деңгейін өсіруін талап етті.

Қазіргі кезеңде әлеуметтік инфрақұрылымының өзгеру рөлі өсуде, ол тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының алдыңғы шарты болады. Халықтың жағдайын айқындайтын және үй коммуналдық шаруашылығын, әлеуметтік-мәдениетін, әлеуметтік тұрмыс қызметін көрсету, демалыс

мәселелерін қарастыратын сала әлеуметтік инфрақұрылымы түсінігін береді. Әлеуметтік инфрақұрылымының даму кезеңінде ауыл ғана емес, сонымен қоса қалалық тұрғындарына да маңызды болатын ауыл потенциалы өсуде, қала мен ауыл байланыстары күшейіп жатыр, олардың баяғы автономдығы бұзылып, қалалық пен ауылдық жұмысшыларының тұрмыс жағдайлары нақты теңдесу шарттары қойылып отыр. Ғылыми-техникалық прогрестің (ҒТП) бірінші кезеңдегі жетістіктерінің бейімделуіне орай, ауыл шаруашылық жұмысы өзінің мәнімен және жұмысшылардың санатты құрамымен ұлттық шаруашылығының басқа орталықтарындағы жұмыстарымен теңесіп жатыр. Ауыл шаруашылықтың және ауыл жұмысшылары тұрмыс жағдайларының сапасына қала тұрғындары сияқты талап қойылды. Сол себептен кәзіргі кезеңде өндірістің саны мен қуаттылығын көтеру, оның салаларын ұйымдастыру, қызмет жүйесін кеңейту, жеткен деңгеймен салыстырғанда қарқынның өсуі арқылы ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылымының нәтижелі дамуы және пайдалану мүмкін емес. Инфражүйесінің нәтижелі дамуы қала мен ауылдың ерекшеліктерін ескере отырып, қала мен ауылдағы қызмет көрсету сапасын және тұрмыстық жағдайларын теңдестіру мақсатымен оның салаларының бағыттарын сипаттауын және қарқынның, әлеуметтік-мәдениетті және әлеуметтік - тұрмыс қызметтерінің көлемі мен құрылымының өсуін болжайды.

Ақпараттық ағымын игеру тәжірибесінің қажеттігі компьютерлік қатынас жолдарын қолдану арқылы ғаламдық сипаттағы ақпарат-іздеуіш жүйелерінің пайда болуына әкеп соқты. Ал, аймақтағы экономика белсендігін жетілдіруі хабарлау қызмет көрсету жүйесінің нәтижелі жұмыс атқаруымен тығыз байланысты. Қызметкерлердің жақсы мәліметтенулері еңбек ұжымдардың ақпараттық мобильдігін көтеру әрекеттердің алғы шарты болып табылады. ҒТП жұмысшыларға біліктілік деңгейін көтеру, кәсіптік дайындық, ақпараттық мәселелеріне жоғары талап қояды, жаңа білім алатын кезде олардың икемділік қимылдарын, материалдық өндіріске енгізілген ғылыми және техникалық жаңалықтарына жылдам және ұқыпты түрде қамқорлыққа алуын талап етеді. Бұл жағдайларда хабарлау икемділігі атты сапалы мінездемеге ерекше назар аударылады. Бұл жинақтаушы ұғым болғандықтан, ақпараттық икемділік қызметкерлердің жаңа білімдерді, жинақталған тәжірибені иемдену және пайдалану, жаңа ақпаратты қабылдау, оларды белсенді түрде енгізу, ақталған өндірістік тәуекелге баруға дайындық, инновацияларды енгізуге жауапкершілікті қатынасты ұстану сияқты маңызды қасиеттерін алмастырады.

Ақпараттықтың әсері тек инновацияны жасау кезеңінде ғана емес, оны ендіруде де маңызды деңгейде көрініс табады. Жаңашылдықты білу оны енгізудің әлеуметтік-психологиялық кедергілерін төмендетуге, инновациялық үрдістерге қызметкерлердің бейімделуіне алып келетін ұжымның жаңа талаптарға сай қызмет етуге дайындықты, ауылдағы оған деген оңтайлы эмоционалды қатынасты шарттайды.

Жаңашыл техникалық құралдар мен технологиялардың базасында өндіріс кәсіпорының қарқынды даму жолына сәтті көшу кең тармақталған, жеткілікті және берік қызмет ететін ақпараттық жүйенің негізінде ғана, өндіріс

кәсіпорының барлық сала қызметкерлерінің ақпараттануының жоғарғы деңгейінде ғана мүмкін болады. Қазіргі жағдайда өндіріс кәсіпорының ғылыми-инновациялық қамсыздануының деңгейі мен әсерлігін жоғарылату ақпараттық-кеңестік қызметтердің белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Бүгін кез-келген бағдарламалар бойынша ғылыми-зерттеу және конструкторлық-тәжірибелік жұмыстарды (ҒЗКТЖ) үйлестіруден бұрын, жедел және мақсатты ақпаратты қажет етеді. Ғылым және тауар өндіру саласында білімдерді беру мен таратусыз зерттеу жұмысы ретінде де, өндіріс кәсіпорын салаларының ғылыми-техникалық деңгейінің өсуінде де, шаруа қожалықтарының, олардың кооперативтері мен ассоциацияларының құрылуы, көтерме базарлары мен нарық инфрақұрылымының өзге де объектілерінің дамуында да қандай да болсын өзгерістерді жоспарлауға болмайды.

Ақпараттық қамсыздануының өзгертілген жүйесін құру ақпараттандырудың мықты инфрақұрылымы: мәліметтер қоры мен базасы және олардың желісінің; ақпараттық-іздеу жүйесі мен олардың желісінің; аумақ, облыс, республика көлемінде локальды желісінің; ақпараттық желілік технологиялардың және халықаралық желіге шығудың; есептеуіш машинасы желісінің; автоматтандырылған қызметтер мен орталықтар, кітапханалар желісінің жасап шығарылуы мен құрылуын қажет етеді.

Аталмыш жүйе пайдаланушыларға өнеркәсіп өндірісінің қызмет деңгейі мен әсерлігін біршама көтеруге мүмкіндік беретін барлық қажетті ақпаратты жинақтау, өңдеу мен ұсыну қажет.

Өндіріс күштерінің ақпараттандыру, өндірістік, экономикалық-ұйымдастырушылық шаруашылығының ғылыми және әлеуметтік қызметі мен табиғат, еңбек және материалдық ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында қайта өңдеу өнеркәсібінің барлық салаларында ұсақ электроника және есептеуіш техникасының жаңашыл құралдарын құру мен қолдану үрдісі болып табылады.

Инвестициясыз ішкі және сыртқы нарықтардағы тауар өндірушілердің бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз ету, қазіргі кездегі капитал жұмсалымдарының болулары мүмкін емес. Нарықтік инфрақұрылымдардың және әлемдік тауар өндірушілердің құрылымдық және сапалық өзгертулерінің процесстері инвестициялаудың есебімен және жолымен жүзеге асырылады. Инвестициялау экономикалық өсуді, аймақтың әлеуметтік жағдайын, халықтың жұмыспен қамтылуын және сонымен қатар елдің экономикасының дамуын анықтайды.

Қазақстан Республикасының экономикасының дамуы отандық және шет елдік инвестициялаудың тартылуымен тығыз байланысты болып келеді. Шетел инвестициялары Қазақстан Республикасының территориясындағы кәсіпкерлік қызметтің объектісіне шетел инвесторына тиісті азаматтық құқықтардың, соның ішінде ақша, бағалы қағаздар, интеллектуалды қызметті және тағы басқа мүліктерді, сонымен қатар қызмет пен ақпарат нәтижелеріндегі ақшалай бағасына ие мүліктік құқықтар түрінде шетел капиталын салу болып табылады.

Инвестицияларды әр түрлі қаржы құралдарын шығара отырып тарту

бүгінгі күні кең көлемде қолға алынады. Оған елдегі қолайлы инвестициялық климат өз әсерін тигізуде. Қай елде болмасын инвестицияның келуі инвестициялық климат дәрежесіне және оны анықтайтын факторларға тікелей байланысты. Инвестициялық климатты анықтау шетел инвесторларын тарту мен пайдалану саясатының негізгі міндеті болып табылады. Себебі, біріншіден, инвестициялық климат шетел инвесторларына әсер ететін факторларды анықтауға, екіншіден мемлекеттегі жағдайды тереңірек бағалауға, үшіншіден шетел субъектілерінің мінез-құлықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Инвестициялық климат мемлекетте, аймақта және қалада инвестицияның қызмет жағын анықтайтын заңдық, нормативтік, ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени және тағы басқалары бір-бірімен байланысты факторлардың әсерінен қалыптасады. Яғни, инвестициялық климатты бірнеше көрсеткіштер (факторлар) арқылы бағалауға болады. Оларға: экономикалық реформаның жағдайы; банк жүйесінің тұрақтылығы; саяси реформаның тұрақтылығы; табиғи және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі; инвестициялық қызметтің құқықтық реттелу дәрежесі және халықаралық стандартқа сай жасалған заңдылықтар мен нормативтік актілердің болуы; инфляция қарқыны; сыртқы экономикалық байланыстар дәрежесі; білікті жұмыс күшінің болуы; мемлекеттік нарық потенциалының сипаты (ЖІӨ, халық саны); нарық инфрақұрылымының және валюта нарығының дамуы және тағы басқалар жатады.

Шетел инвесторлары инвестициялық климаттың бұл көрсеткіштерін бағалап мемлекеттегі инвестициялық климатты жағымды немесе жағымсыз екендігін анықтайды. Егер инвестициялық климат жағымды болса, онда инвесторлар инвестиция туралы шешім қабылдайды.

Қазақстан ұзақ мерзімге бағытталған «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына» сәйкес өзінің динамикалық дамуын жалғастыруда, сонымен қатар біздің алдымызда – Қазақстанды әлемнің бәсеке қабілетті елу елінің қатарына енгізуіміз қажет деген стратегиялық мәселеміз тұр.

Қазақстан экономикасының саясатының алғашқы даму кезеңдерінде тікелей шетелдік инвестицияларды тарту мұнай өнеркәсібіне және оның инфрақұрылымына ірі жобаларды жасауға негізделінді. Жоғарыдағы көрсетілген тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы түсімдеріннің негізін мұнай газ саласы құрады. 2019 жылдың бірінші кварталында жалпы инвестициялық түсімдердің көлемінің 68 пайызы мұнай жобаларына бағытталынды. Мұнайдың бағасы тұрақтандырылған және оларды төмендетуді тоқтатқан жағдайда мұнай саласы бойынша тікелей шетелдік инвестициялардың көлемі бұрынғыдай белсенді рөл атқарады. Жалпы елімізде тікелей инвестициялар негізінен мұнай өндіру және өңдеу өндірісіне, түсті және қара металлургия кәсіпорындарына, газ өнеркәсібіне және байланыстарға құюлуда. Инвестицияның көлемі бойынша ірі инвесторлардың бірі АҚШ елі болып келді. Соңғы кездері Қытай мен Ресей елдеріде біздің елімізге өз инвестицияларын салуда. Бірақ, соған қарамастан қазіргі кезде мұнай-газ саласына инвестицияларды тартуда қиыншылықтар туындауда деп айтуға

болады.

Сонымен қатар, Қазақстанда экспорттік бағытталған экономиканы және бәсекеқабілетті, жоғары технологияны дамыту үшін жағдайлар жасау мақсаттарында жұмыстар жүргізілуде. Бұл алдыға қойылған мақсаттарға жету шетелдік және отандық инвесторлардың көмегімен жүзеге асырылады. Шетелдік және отандық инвесторлардың қызметтері Қазақстанда «Инвесторлар туралы» заңымен реттелінеді. Бұл заңмен шетелдік және отандық инвесторларға құқықтық режимі бірдей және заң бойынша біртұтас талаптар қойылады.

Шетел фирмаларының тікелей инвестициялары тек ішкі капитал салымдарының қосымша көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар жаңа жетілдірілген технологияларға, сыртқы нарықтағы өткізу жүйесіне, қаржыландырудың жаңа көздеріне қол жеткізу тәсілі ретінде қарастырылуы мүмкін. Шетел инвесторлары жаңа өндірістерді тез құруға көмектесуі мүмкін. Инвестициялар нәтижесінде мемлекеттік табыстардың артуы мемлекеттің жалпы экономикалық-әлеуметтік өсуіне, тұрғындардың өмір сапасының артуына, жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіндіктерін құруға жағдай туғызады.

Шетел инвесторларының пікірі бойынша, Қазақстан инвестициялық салымдар жасау үшін тартымды нарық болып табылады. Біздің еліміз пайдалы қазбалар, ауылшаруашылығы жерлерінің қорларына және квалификациясы жоғары жұмыс күшіне бай, сондай-ақ үлкен өндірістік потенциалға ие, бірақ оларды тиімді қолдану үшін инвестициялық салымдар жасалуы қажет.

Тікелей шетелдік инвестицияларды елімізге тарту бір жағынан еліміздің өндірістік тиімділігін арттыруға және жұмыс орындарын құруға қажет. Екінші жағынан, Қазақстандық нарықтың тікелей шетелдік инвестицияға өтуі отандық өндірушілердің жұмыстарына кері әсерін тигізеді деген қауіп тудырады.

Шетелдік инвестицияларды тарту жаңа технологияларды ендіруге, сонымен қатар менеджмент пен маркетингтің қазіргі кездегі әдістерін ендіруге, инвестициялық салаға жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті мамандарды үздіксіз оқытуға және нарық жағдайына байланысты олардың біліктіліктерін көтеруге алып келеді. Нәтижесінде, алынған техникалар мен технологиялар отандық тауар өндірушілердің өндірісін қолдауға және ынталандыруға алып келеді. Сондықтанда, Қазақстан экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту стратегиялық және тактикалық мәселелерді шешугі бағытталған объективтік қажет процесс болып табылады.

Қазір еліміз үш жылдық бюджет жоспарымен жұмыс істейді. Мұның бір артықшылығы – үш жылдық кезеңге арналған экономиканы және әлеуметтік саланы дамытудың басым бағыттарын заңнамалық айқындау жергілікті кәсіпкерлер мен шетелдік инвесторларға өздерінің бизнестерін барынша ауқымды жоспарлауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, “Қазақстан–2030” стратегиялық бағдарламасының жүзеге асуын ұзақ мерзімді бюджеттік жоспарлау сүрлеуден адастырмайды.

Сонымен қатар, мемлекет басшысы әлемдік дағдарыстан Қазақстан экономикасын сауықтыру үшін қазіргі таңда атқарылатын жұмыстарды саралай

келіп, бес бағытты нақтылап берді. Оның біріншісі – банк секторын тұрақтадыру, екіншісі – құрылыс саласын және үлескерлер мәселесін шешу, үшіншіден – дағдарыс жағдайында шағын және орта бизнестің зардап шекпеу керектігін, төртінші – ауылшаруашылығы ойдағыдай дамыту, бесінші – индустриялық-инновациялық бағдарламаларды дамыту.

Қазақстан Республикасында ағымдағы жылы көптеп күткен жұмыстар қолға алына бастады. Мысалыға айта кететін болсақ, Мойнақ су электр стансасы құрылысының бірінші кезеңі аяқталса, Қазақ-Қытай магистральды газ құбыры, Батыс Еуропа - Батыс Қытай транзиттік автокөлік жолдарын жөндеу, Қорғаныс–Жетіген темір жолын салу жобаларын орындайтын құрылыс мекемелері анықталып, нақты жұмыстың алғашқы қадамына негіз қаланып, инвестиция тарту арқылы жүргізілмекші.

Сонымен қатар, Қытайдағы «Датанг» корпорациясы мен Талдықорғандағы «ТТ–ГРУПП» ЖШС өзара келісімге келіп, бірлескен кәсіпорын құру арқылы Көксу өзенінен екі бірдей су электр стансасын салуда. Өңірде қолға алынатын басқа да жобалар толыққанды жүзеге асса, тұтынушыны қуат көзімен қамтамасыз етумен қатар оны сатып пайда табуға да мүмкіндік бар.

3.4 Қазақстан Республикасының индустриалды–инновациялық дамуы: экономикалық өсу мәселелері мен шетел инвестициясын тарту

Индустриялық–инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында даму басымдықтарын айқындап алу өте маңызды.

Әлемдік экономиканың дамуы бүгінгі таңда аса өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі, қазіргі жаһандану заманында кез-келген мемлекет халықының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға талпынады. Осы мақсатқа жету барысында халықаралық мамандану мен кооперацияның тереңдеуі, елдер арасында технологиялармен алмасу арқылы инновациялық жағдайын дамыту – экономикалық өрлеудің маңызды факторына айналуға.

Бүгінгі таңда инновациялық типті экономикаға жалпы дүние жүзінің көптеген елдері енуде. Кейбір аса дамыған елдер инновацияны дамытуды ертеректе бастап кеткен. Соның біріне бүгінде экономикасы қарыштап дамып, әлемдік экономикада көш бастап келетін АҚШ-ты атап өтуге болады.

Сол сияқты Қазақстанның да басымды мақсаттарының ең негізгісі – инновациялық жағдайды дамыту арқылы әлемдік экономикалық жүйеге Қазақстанның интеграциялануының нәтижелі жүйесін құру. Негізінен индустриалы-инновациялық бағыт дағдарыстан кейінгі Қазақстанның дамуы моделінің негізі болып табылады.

Қазақстанда соңғы жылдары белең алған экономикалық өсім тұрақсыздығы белең алуда. Бұның себебі негізінде өте аз қосылған күн мен экспортталатын өнімнің шикізаттық секторға бағытталуы жатыр.

Статистикалық мәліметтерге қарасақ, минералды өнімдер Қазақстанның экспорт көлемінің 70-75%, металдар мен бұйымдар 15-16, тауарлар мен оларға

шикізат құрады, 2-2,5, асыл тастар мен алтын – 1- 1,5 %, химиялық өнім, пластмасса, каучук – 3-3,5%, машиналар, құрал-жабдықтар, транспорт, приборлар – 1-1,5%, целлюлозалық және қағаз бұйымдары – 0,1%, басқалар - 0,8- 1% құрайды.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей экспорттың мұндай құрылымы мемлекетті дүниежүзілік дағдарыс кездерінде қорғап қала алмайтындығын көрсетті. Мысалға алатын болсақ, әлемде экономикасы аса дамыған АҚШ немесе Қытай сияқты мемлекеттерде экспорт құрылымы барлық тауарларға тең бөлінген, кез келген секторға 3%-дан аспайды. Мұндай жағдайда дағдарысты еңсеру де қатты қиынға соқпайды. Себебі белгілі бір секторды тауарларының бағасының қымбаттауы экономикаға қатты әсер ете қоймайды. Белгілі бір тепе-теңдік деңгейді ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Дамыған мемлекеттерде жаңа өнім шығаратын технологиялар, өнім мен құрал-жабдықтар бүкіл жалпы ішкі өнімдегі өсімінің 70-85%-ын құрайды, сондықтан да жоғары бәсекелетінің себебі де осында жатыр.

Заманауи экономикалық теория бойынша, жаһандану заманындағы экономикалық өсудің негізгі факторы – адами капиталды сапасы, және де мемлекеттің осы капиталды қолдана білуінде. Яғни адами капиталды дамытпайынша ешқандай экономиканы жақсартуға болмайды. Бұған Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің тәжірибесіне қарағанда тез аралықта қол жеткізуге болады. Яғни халықтың денсаулық деңгейінің сапасына, әрбір азаматтың зияткерлігі мен біліміне байланысты әлемдік қауымдастық жүйесіндегі мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі анықталады.

Қазақстанның дамуының басты бағыттары – ең жақсы өмір стандарттарын ұсынатын, адамдардың өзіндік таланттары мен қабілеттерін жүзеге асыра алуға мүмкіндік беретін қоғам құру. Яғни инновациялық типті экономика құру.

Инновация бұл – жаңа немесе жетілдірілген өнім (жұмыс, қызмет) немесе технологиялар түрінде іске асырылған, практикалық қызметте пайдалану кезінде сапалық артықшылықтарға ие әрі экономикалық және қоғамдық пайдасы бар ғылыми техникалық нәтиже.

Қазақстанда инновацияны қалай дамытамыз? Ол үшін өндіріске жаңа технологияларды ойлап тауып, еңгізу қажет. Әрине жаңа технологияларды бірден ойлап тауып еңгізе салуға болмайды. Бұл процестің өзі бірнеше элементтерден тұрады. Сонымен Қазақстанда инновацияны дамытудың қандай элементтерін айтуға болады?

Біріншіден, ғылыми әлеуетті дамыту қажет. Кейіннен венчурлық капитал түріндегі қаржылық қорлар кластерін тұрғызу керек. Сонымен қатар, технопарктер мен бизнес инкубаторлар түріндегі инновациялық қызмет субъектілерін құру және инновациялық кәсіпкерлікті дамыту қажет.

Бүгінгі таңда толыққанды инновациялық қызмет технопарктер, бизнес-инкубаторлар, аймақтық инновациялық қорлар, венчурлық фирмаларсыз дами алмайтыны анық. Республикамыздың ұлттық инновациялық жүйесінің негізгі элементін технопарктер құрайды. Олардың басты мақсаты ғылыми іс-

шараларды жүргізуге қолайлы жағдай туғызу. Қазақстанда ұлттық технопарктер мен аймақтық технопарктер бар. Қазіргі таңда Қазақстанда 40 бизнес инкубатор жұмыс істейді. Технопарктердің басты мақсаты еліміздің инновациялық әлеуетін анықтау, ашу және дамыту, сонымен қатар экономиканың инновациялық өнімге деген сұранысын қанағаттандыру болып табылады.

Қазақстанда осындай технопарктерді құрып, ары қарай дамыту бәсекеге қабілетті өңдеуші секторды жасақтайды, ғылым мен өндіріс байланысын қатайтып, заманауи технолагияларды еңгізеді, өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін өсіріп, жоғары технологиялы және бәсекеге қабілетті өнім өндіру мәселелерін шешеді.

Міне, Қазақстан экономикасының шикізаттық бағыттан сервисті-технологиялық бағытқа өтуі барысында әлемдік инновациялық даму тәжірибесін пайдалану республикада жоғарғы технологиялы өндірістік өнеркәсіпті құруға септігін тигізеді.

Негізінен елімізде инновациялық өнім шығаратын зауыттар жоқтың қасы. Жалпы Қазақстан, барлығымыз білетіндей, бұрынғы Кеңес өкіметі құрамында болғанда негізінен Ресейдің шикізат базасы ретінде ғана дамып, бүкі Одақты мұнай, металлургия шикізатымен қамтамасыз еткен болатын. Міне осының нәтижесінде, бүгінгі күнге дейін Қазақстан экономикасындағы негізгі рөлді шикізатты экспорттау алатын мемлекет болып табылады.

Бұл қолда бар технологиялық және өндірістік потенциалды ұтымды пайдаланбауды білдіреді. Бұның бір себебі өндірістік басқаруда экстенсивті әдісті пайдалану. Яғни сапалық жағынан емес сандық жағынан ғана дамуды пайдаланады.

Кез келген экономиканы дамытуға ірі инвестициялар тартылатыны мәлім. Ал А.Кайгородцевтің зерттеуінше бүкіл инвестицияның 60%-ы мұнай және газ секторларына жұмсалады. Ал электр энергиясына, қара металлургия мен тамақ өнеркәсібіне шамамен 8% бөлінеді. Осындай инвестицияны әр секторға әртүрлі бөлу екі жолмен түсіндіріледі.

Біріншіден, шикізаттық секторларға салынған инвестиция тезірек қайтарылады. Мысалы, мұнай кенін шикізат күйінде өндіріп алу, оны қайта өңдеп дайын өнім шығарумен салыстырғанда әлдеқайда оңай. Осыған орай мұнай кенін өндіруге салынған қаражат тезірек қайтарылап алынады.

Екіншіден, батыстық инвесторлар қазақстандық тауарөндірушілердің әлемдік нарықта олардың өздеріне бәсекелес болғанын мүлде қаламайды. Жалпы нарықтық экономиканың басты заңдылығы да бәсекелестікте емес пе? Міне осындай екі үлкен себептің нәтижесінде бүгінде Қазақстанның инновациялық жағдайы бүгінгі таңда тиісті деңгейде дамыған жоқ.

Үкімет және «Қазақстанның инвестициялық қоры» әлемдік деңгейдегі сарапшыларды тартып, еліміздің артықшылықтарына қажетті талдау жасау арқылы ұсыныстар тұжырымдауға тиіс.

Дегенмен «Қазақстанның инвестициялық қоры» ірі кәсіпорындарға қаражат бөлуде біршама жұмыстар атқаруда. Қор қызметінің негізгі бағыттары

өтемді және тиімді инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын перспективалық ұйымдарды инвестициялау және оларға инвестициялар тарту болып табылады.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ негізгі міндеттері: шикізаттар мен материалдарды тереңдете өңдейтін, бәсекелесуге қабілетті және қазіргі заманғы озық технологияларды пайдалана отырып өнім өндіретін, сондай-ақ, келешегі бар өнеркәсіп орындарына тиімді өндірістік қызмет көрсете алатын жаңадан құрылған кәсіпорындардың жарғылық қорларына инвестиция салу; инвестиция көлемін кеңейту жолымен республикада корпорациялық бағалы қағаздар нарығының дамуына ықпал ету, қор нарығының қазіргі заманғы құралдарын қолдануға жағдай жасау; әлуетті инвесторлар үшін кәсіпорындардың тартымдылығын арттыру; отандық және шет елдік кәсіпорындар арасындағы өндірістік кооперацияларды қамтамасыз ету үшін, қосымша аралас өндірістердің дамуы үшін шетелдік инвестицияны жүзеге асыру; қазақстандық кәсіпорындардың шет елдегі инвестиц. белсенділіктерінің артуына ықпал ету; халықаралық стандарт пен тәжірибелер негізінде инвестиц. қоржындарды басқарудың алдыңғы қатарлы үлгісін жасау; Қордың инвестициялық жобаларына қатысу үшін менеджерлер даярлау.

«Қазақстанның инвестициялық қоры» акционерлік қоғамы (ҚИК) Қазақстанның индустриалды–инновациялық даму бағдарламасын орындау шегінде дамыту институттарының бірі ретінде құрылған. Қордың негізгі мақсаты, жеке-мемлекеттік кәсіпорын ретінде, венчурлық және жобалық қаржыландыру элементтері мен әдістерін қолданумен басымды шикізаттық емес салаларда жаңа құрылған және қызмет етіп тұрған кәсіпорындарды инвестициялау болып табылады.

«Қазақстанның инвестициялық даму» (ҚИД) акционерлік қоғамының инвестициялық компаниясы қаржылық ұйымдарды инвестициялауға қатыстыра алады, егер де инвестициялық жоба:

- Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық саясатының негізгі бағыттарына сәйкес болса;

- экономикалық және қаржылық параметрлері жағынан тартымды болып табылса;

- ұйымның технологиялық әлеуетін көтеруге, өнімдер мен қызметтердің өндіру көлемін өсіру мен сапасын жоғарлатуға, шикізаттар мен материалдарды терең қайта өңдеуге, жоғары технологиялы өнімдер шығаруға бағытталса.

«Қазақстанның инвестициялық қоры» акционерлік қоғамының бағдарламаның басты мақсаты – отандық және шетелдік ғылыми әлеует пен технологияларды қолдану негізінде бәсекелестікке қабілетті ақырғы өнім алуды қамтамасыз ететін ашық түрдегі инновациялық жүйе қалыптастыру:

- ғылыми әлеуетті дамыту – бағдарламаның мақсаты болып табылады;

- инновациялық кәсіпкерлік орта қалыптастыру және оны дамыту;

- көпдеңгейлі инновациялық инфрақұрылым қалыптастыру және оны дамыту;

- гранттарды көбейту және венчурлық қорлар құру жөніндегі қаржылық инфрақұрылымның элементтері мен механизмін қалыптастыру және дамыту;

-Ұлттық инновациялық жүйе элементтерінің арасындағы тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ету;

- қағидалы-құқықтық базаны жетілдіру.

Инвестициялық қордың активтерін есеп алуды ұйымдастыруда басқарушы компания және инвестициялық қордың кастодианы қызмет етуін олар қамтамасыз ететін әрбір инвестициялық қор бойынша жеке есепті жүргізеді.

Басқарушы компания және инвестициялық қордың кастодианы мыналарды сақтай отырып қордың активтерін есепке алады:

1) инвестициялық қор активтерінің құрылымы:

-инвестициялық қордың бағалы қағаздарының төлеміне алынған активтер;

-алынған кіріс, оның ішінде қаржы құралдары бойынша дивидендтер, сыйақылар түріндегі түсімдер, сондай-ақ инвестициялық қордың активтерімен мәмілелерден болған кірістер;

-есептелген кіріс, оның ішінде қаржы құралдары бойынша сыйақы, қор активтерін қайта бағалаудан болған құнының өсімі бөлігінде есепке алу жүйесінде көрсетіледі;

2) инвестициялық қор активтерінің есебінен өтелетін және қордың қызмет етуін қамтамасыз ететін тұлғаларға төленетін шығыстар:

-инвестициялық қордың бағалы қағаздарының төлеміне алынған активтер;

-инвестициялық кіріс есебінен өтелетін шығыстарға бөлінеді;

3) инвестициялық қор активтерінің есепке алынуы кәсіпкерлер мен ұйымдар үшін белгіленген бухгалтерлік есептің және қаржылық есеп берудің принциптері мен негізгі сапалы сипаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Инвестициялық қордың активтерін есепке алу шоттары бойынша талдау есебін жүзеге асырған кезде:

1) валюта түрі;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шығарылған немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы инвестициялық қордың активтері және Қазақстан Республикасынан басқа, өзге мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған немесе олардың аумағындағы инвестициялық қордың активтері;

3) қаржы құралдарының түрлері және айналыс (қолданылу) мерзімдері;

4) бағалы қағаздардың эмитенттері (бағалы қағаздардың бірегейлендіру нөмірлері), салым шарттары жасалған банктер, қор сатып алған қаржы құралдарын шығарған тұлғалар көрсетіледі;

5) инвестициялық қор активтерінің құрамына енгізілген қаржы құралдарының саны;

6) инвестициялық қор активінің соңғы ағымдағы құны және оның номиналды құны (борыштық бағалы қағаздар үшін) немесе баланстық құны (акциялар үшін);

7) инвестициялық қор активін сатып алу күні және оның сатып алу құны;

8) қаржы құралдары бойынша есептелген кіріс сомасы, оның ішінде қаржы құралдары бойынша сыйақы.

Инвестициялық қордың негізгі мақсаттарының бірі қайта құрылған және күшіндегі ұйымдардың жарғы капиталына қатысу жолымен экономиканың

шикізаттық емес секторында бәсекеге қабілетті өндіріс ашу туралы жеке сектор ынтасына қаржылай қолдау көрсету болып табылады.

Қор қызметінің концептуалдық жағдайына келетін болсақ, қор тура инвестор жобасына 49% акцияны иелене отырып шыға алады. Инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатының неғұрлым тиімдірек жолы жобаның технико-технологиялық жағын және 50 проценттік акцияны бақылауды жүзеге асыру үшін жеткілікті маркетингтік және технологиялық тәжірибесі бар жобаны орындаушы ұйымдардың сәйкес деңгейін қамтамасыз ететін стратегиялық инвестор болуы тиіс кәсіпорындардың жарғы капиталына қатысу болып табылады.

Кәсіпорынның жарғы капиталына қатыса отырып, Қор инвестор сияқты жобаны іске асырумен байланысты тәуекел мен түсімдерді бөледі. Қор стратегиялық инвесторларға локальды қауіптерді азайту мен мемлекеттік мекемелермен және сол аймақтағы инвестициялық индустрияның басқа да қатысушыларымен қарым-қатынасты үйлестіруді қамтиды.

Жобаларды орындаушылар – грант алушылар тек қана заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылады. Оның өзінде жобаларды орындауға тартылған жеке тұлғалардың кәсіби білімі мен біліктілігі, ұсынылған жобамен байланысты тақырыпта жеткілікті жұмыс тәжірибесі және сенімді атағы болуы тиіс.

Инфрақұрылымдық жобаларға салынған зейнетақы қорларының ақшаларын қайтару Қазақстан Республикасы Үкіметі мен жобаны іске асыратын концессионер-компания арасында жасалған концессиялық келісім шеңберінде мемлекеттің кепілдігімен қамтамасыз етілген.

Бүгінгі күні қор қызметінің акценті құрылымтудырушы маңызы бар ірі болашақ жобалардың кезеңдік қаржылануына ауыстырылған және ол жаңа әрі басымды экономикалық кластерді толтыруға әсер ететін болады (11 сурет).



11 сурет – Ғылыми жобаларды гранттар арқылы қолдау

Экспорт пен ішкі тұтыну үшін дәстүрлі тауарлар мен қызметтердің сандық өсуімен қатар, жоспарланып отырған кезеңде жұмыстардың инвестициялық-құрылыстық циклінің барлығын толығымен өзгертіп, аграрлық сектор мен өнеркәсіпті модернизациялау есебінен экономиканың тұрақты қамтамасыз етуі қажет.

Соңғы жылдары да тауарлар мен қызметтердің өндірудің өсуі кен-тау өндіру өнеркәсібінің есебінен қамтамасыз етілуде, және, оның ішінде мұнай мен газды өндірудің қарқындылығы есебінен. Бұл жағдайда макроэкономикалық саясат төмен инфляцияны қамтамасыз етуге, Қазақстан экономикасына тікелей инвестициялардың келуіне және экспорттың өсуі үшін ынталандырушы жағдайлар жасауға бағытталуы керек.

Жеке секторлардың, шетел инвесторларының, мемлекеттік бюджет пен мемлекеттің қаржы институттарының қаржылық ресурстары инфрақұрылымды құру, қайта жөндеу, қызмет етіп тұрған кәсіпорындарды кеңейту мен жаңа өндірістерді құру мәселелерін кешенді шешуге және бірыңғай бағытта жұмыс істейді. Осы кезде ірі, орта және шағын бизнестің пропорциялы дамуы қамтамасыз етіледі.

Құрылыс нормасын есепке ала отырып, кейбір кәсіпорындар индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасын өткізуден бірінші нәтижелерін алып жатыр. Экономиканың құрылымын диверсификациялайтын және өнеркәсіпті жаңартуға бағытталған көптеген

Әлемдік экономиканы жаһандандыру аясында Қазақстан мынадай бірқатар проблемалар да кезігеді: экономиканың шикізаттық бағыттылығы, әлемдік экономикамен елеусіз ықпалдастық, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымағандығы, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық артта қалуы, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) шығыстардың төмендігі.

Бұл проблемаларды шешу үшін Қазақстан қоғамдық әл-ауқатының іргесі болуға қабілетті білімдерге негізделген бәсекеге қабілетті экономиканы құруы керек.

Бағдарламаның шараларын қаржыландыру үшін Даму банкі, Инвестициялық қор, Инновациялық қор, Ғылым қоры мен Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорларының қаражаттары қолданылуы керек. Осы кезде жаңа инвестициялық және инновациялық институттардың құрылуы сондай-ақ ірі қаржылық ресурстардың ізденісін қажет етеді.

Бұдан басқа, жаңа технологиялық және ғылымисыйымды өндірістерді құру мен дамытуға, инфрақұрылымды дамытуға бағытталған неғұрлым приоритетті және тиімді жобаларды өткізу үшін донор-елдер мен халықаралық ұйымдардың көмегін тарту қарастырылуда.

Сапалық өзгерістер өңдеу өнеркәсібі қосымша құнының құрылымында болады. Металлургия мен металдарды өңдеу үлесі өңдеу өнеркәсіптері қосымша құнының жалпы көлемінде 30,4 пайыздан 19,5 пайызға дейін төмендейді, ал ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесі 33,5 пайыздан

36,8 пайызға дейін көтеріледі, осы кезде ғылыми сыйымды және жоғары технологиялы өнімдердің үлесі 0,5 пайыздан 9 пайызға дейін өседі.

Өндеу өнеркәсібі мен қызметтер сферасындағы бәсекеқабілетті және экспортқа бағытталған тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді өндіру мемлекеттік индустриалды-инновациялық саясатының басты заты болып табылады.

Инвестициялық ахуалдың жақсаруы мен толығымен экономиканың әрі қарай ырықсыздануы тек шетел инвестицияларын тарту мен тауарлар экспортын ғана өсуіне әкеліп қоймайды, сонымен бірге шетелде отандық капиталдың тиімді орналасуына және шығарудың заңдастырылуына алып келеді.

Бағдарламада ұсынылған шаралардың кешені өте перспективті, өйткені ол экономиканың барлық негізгі секторларын қозғайды. Бағдарламаның сәтті өткізілуі Қазақстанның қоғам құрылымы мен әлеуметтік дамудың жаңа сапалы деңгейіне шығуға, адамдық, өндірістік және табиғи капиталдың тиімді пайдалануына негізделген экономиканың тұрақты өсуіне, экономика құрылымында сапалы өзгерістердің болуына жағдай жасау керек.

4. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ ДАМУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

4.1 Инновациялық қызметтің шетелдік озық тәжірибелері

Ғылыми зерттеулерді қаржыландыруда мемлекеттің және коммерциялық құрылымдардың қатысу деңгейі Еуропа мен одан тыс жерлерде әртүрлі: егер Жапония мен АҚШ-та ғылымдағы коммерциялық құрылымдардың үлестері сәйкесінше 75 және 77%-ды құраса, Еуропада 66%-ды құрайды. Еуропа елдерінің ішінен ҒЗТКЖ-ларды мемлекеттік қазынадан қаржыландырудан келесілер алдыңғы орындарды алып отыр: Португалия (70%), Италия мен Греция (50%-ға жуық), Польша (58%), Венгрия (53%), Словакия (48%) және Чехия (42%).

Әлемдік нарыққа ғылыми өнімді шығарудан көшбасшы тұрған елдер ЖІӨ есебінен ғылымға бөлінген қаражаттарға қатаң бақылау орнатады. Ол үшін мемлекет тарапынан салықтық жеңілдіктер, бюджеттік қолдау, инвестициялар тарту, құрал-жабдықтар лизингі сияқты экономикалық механизмдер қолданылады. Әдетте әлсіз дамыған елдерде ЖІӨ есебінен ғылымға бөлінетін үлесі 0,1 - 0,5%-ды құрайды. Қазақстан да осындай елдердің құрамына кіреді. Қазақстан шектеулі қаржыландырудың арқасында әлемдік нарыққа ғылыми өнімді шығару деңгейі өте төмен. Басқа елдермен салыстырсақ, ғылыми өнімді шығару жағынан әлемдік нарықтағы Ресей үлесі 0,3-0,5%, Еуропа Одақ елдері - 35%, АҚШ - 25%, Жапония - 11%, Сингапур - 7%, Оңтүстік Корея - 4%, Қытай - 2%.

Ғылыми өнімді шығару жағынан әлемдік нарықтағы мемлекеттер үлесі ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет тиімділігінің көрсеткіші болып табылады. Инновациялық қызметті дамыту жолында жетістіктерге жеткен мемлекеттердегі басқарудың мемлекеттік институттары жаңа техниканы енгізудің тәуекелдіктерді төмендету, ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету, нарық субъектілерінің ғылыми-зерттеу әзірлемелер бағытындағы басымдықтарды анықтайды. Ғылыми-техникалық прогреспен байланысты қауіп-қатерлерді төмендету үшін мемлекет дамыту субъектісі ретінде үлкен қаражаттар жұмсайды. Еуропа мен Солтүстік Американың дамыған елдерінде инновациялық қызмет экономиканы дамытудың негізгі факторы болып табылады. Еуропаның түрлі елдерінде ірі және шағын инновациялық кәсіпорындардың үлесі 60-тан 90%-ға дейін жетеді.

Қазақстан Республикасы инновациялық қызметті мемлекеттік баспалдақтарында тұр. Қазақстан үшін инновациялық қызметті қолдаудың экономикалық жағынан дамыған мемлекеттердің тәжірибесімен танысу өте маңызды болып келеді. Мысалы АҚШ-тың мол тәжірибесімен танысу инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың күрделі жүйесінің құрылымы туралы көптеген қорытындылар жасауға көмек береді. АҚШ-тың инновациялық қызметінің заңнамалық негізі 1980-1990 жылдары Конгрес қабылдаған мемлекеттік актілері болып табылады. Олардың ішіндегі

маңыздылары: Доул-Бейлидің «Федералды патенттік саясат туралы», С.Уайлдердің «Технологияларды жіберу туралы» (1980,1986), «Бәсекеқабілеттілік пен технологияларды жіберу туралы» (1988), «Өте қажет технологиялар туралы», «Американдық технологияның артықшылықтары туралы», «Технологияларды мемлекеттік жіберу туралы» (1995). АҚШ-та инновациялық қызметтегі мемлекеттік саясатты анықтайтын 20-ға жуық федералды заң мен актілері бар.

АҚШ-та инновациялық қызметті басқаратын әртүрлі мемлекеттік органдар мен мекемелер бар. Алайда мемлекетте инновациялық қызмет үшін жауапты бірегей орган жоқ. Федералды деңгейде инновациялық қызметке қатысы бар енгізгі органдар: Президент әкімшілігі жанынан құрылған ғылыми-техникалық саясат басқармасы, Конгресстің ғылыми комитеттері, оның зерттеу қызметтері, бюджеттік басқарма. Ғылыми-техникалық саясатты құруда маңызды рөлді мемлекеттік емес органдар атқарады: Ұлттық зерттеу одағы, ғылымды дамытудың Американдық ассоциациясы, РЭНД корпорациясы және т.б. Өндіріске жаңалықтарды енгізу процесін тездету мен технологиялық прогресті үйлестіру жұмыстарын бақылауға жауапты мемлекеттік орган - Сауда Министрлігі. Оның құрамында стандарттар мен технологиялардың ұлттық институты, технологиялық ақпараттың ұлттық мекемесі және технологиялық саясат басқармасы сияқты үш құрылымды біріктіретін технологиялар әкімшілігі құрылды.

Технологиялық саясат басқармасы - федералды үкіметте ұлттық инновациялық саясатты жүзеге асыруда бірден бір маңызды орган. Яғни бұл орган өндіріс салаларының даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін зерттейді, отандық және әлемдік нарықтарға инновациялық технологияларды өндірістік компаниялардың тездетіп шығаруы мен әзірлемелер жасауына әсер ететін факторларды анықтайды. Қазіргі кезде АҚШ-тың инновациялық дамыту облысындағы мемлекеттік саясат келесі міндеттерді атқаруға бағытталған:

- жеке сектордың бәсекеқабілеттілігін арттыратын, инновация саласындағы қызметін белсенді жүргізу үшін қолайлы климат жасау;
- инновациялық әзірлемелерді іске асыру және ғылыми зерттеулерді қаржыландыру;
- АҚШ өндірісінің бәсекеқабілеттілігін арттыру үшін ХХІ ғасыр инфрақұрылымын құру;
- азаматтық және қауіпсіздік ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (ҒЗТКЖ) интеграциясы, яғни алда қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету;
- ғылымға негізделген және үнемі өзгермелі экономика жағдайына белсенді маманданған жұмыс күшін даярлау.

АҚШ-тың ғылыми-техникалық және инновациялық дамуын мемлекеттік басқарудың негізгі механизмі бюджеттен тікелей қаржыландыру болып табылады. Бұдан басқа ғылыми-техникалық зерттеулер мен әзірлемелерді қолдаудың маңызды принциптерінің бірі инновациялық қызметті жанама бақылаудың түрлі әдістері қолданылады.

Олар:

- салықтық жеңілдіктер. Жеке кәсіпкерлік сектордың инновациялық қызметі үшін қолайлы жағдайларды құру үшін:

- 1) ҒЗТКЖ-ларға кеткен шығындарды өнімнің өзіндік құнына кіргізу;
- 2) ғылыми құрал-жабдықтарды шығару кезінде амортизацияның тездетілген нормаларын қолдану;
- 3) ғылыми-техникалық жобаларды несиелеуде жеңілдіктер беру;
- 4) инновациялық кәсіпорындарды ұйымдастыру үшін жеңілдік шарттармен не ақысыз түрде мемлекеттің меншігіндегі мүліктерді немесе жер учаскелерін беру.

- сыртқы сауда саясаты. Яғни, жоғары технологиялы қызметтер мен өнімдер экспортын бақылау мен жетілдіру және ғылыми-техникалық сала мен өндірістің негізгі факторы болып табылатын тікелей шетелдік инвестицияларды тарту;

- инновациялық қызметті заңнамалық қамтамасыздандыру. Патент саясаты мен авторлық құқықтарды қорғау саясатын мемлекеттік инновациялық қызметтің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру;

- инновациялық қызметті басқарудың маңызды механизмі болып табылатын федералды келісім-шарттық жүйені ауқымды қолдану;

- антимонопольді заңдарға өзгертулер енгізу - ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді бірлесіп жүргізу үшін консорциумдар мен жеке кәсіпорындардың бірлестігін құру кезіндегі кейбір шектеулерді алып тастауға бағытталған.

АҚШ-тағы шағын инновациялық кәсіпкерлікті қолдау үкіметтік деңгейде 5,5 млрд. долларды құрап отыр, алайда жеке қолдау бұл соманың 17%-нан аспай отыр. АҚШ-та шағын инновациялық кәсіпкерлікті қолдаудың арнайы бағдарламасы бар, оның ішінде шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға қарыздар беру - 0,8 млрд. доллар, мемлекеттік инвестициялар-3,1 млрд. доллар, шағын кәсіпорындардың шығындарын бірлесіп жабу-0,6 млрд. доллар бөлініп отыр. Осы шараларды үкімет іске асырады. Қолдаудың жеке формалары да бар. Оларға тәуекелді венчурлық қорлар (0,75 млрд. доллар) және жеке инвесторлар жатады.

Экономикасы дамыған мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, әлемдік нарықтағы жоғары бәсекеқабілеттілік жағдайында тек дамыған инфрақұрылымы бар мемлекеттер озады. Оларға жоғарыда аталып өткен бизнес-инкубаторлар, телекоммуникациялық және сауда желілері, технопарктер, инновациялық-технологиялық орталықтар, консалтингтік фирмалармен қаржы құрылымдары жатады.

Инновациялық инфрақұрылым ұлттық инновациялық жүйенің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Инновациялық инфрақұрылымды құру өте ұзақ уақытты қажет етеді. Оларды құру үшін АҚШ, Жапония, Германия сияқты озық елдерде 10-15 жыл кетті. АҚШ-тың инновациялық дамуының жетістіктері ең алдымен инновациялық инфрақұрылымды құрумен байланысты. Оларға технопарктер, бизнес-инкубаторлар, технополистер кіреді. Мемлекеттегі жалпы саны 700-ге жетіп отыр. Осылардың ішіндегісі ең маңыздысы - технопарк.

Оның қызметі- ғылыми-технологиялық ашулар мен жаңалықтарды, зерттеулер мен әзірлемелерді қаржыландыру, инновациялық қызметпен айналысуға бел буған кәсіпорындарға қолайлы жағдайлар туғызу және т.б. Әлемдегі алғашқы технопарктің негізін қалаушы АҚШ-тағы Стенфорд университеті болып табылады (50-жылдардың басында). 1997 жылы АҚШ-та 160-қа жуық технопарк болды және олар әлемдегі технопарктердің 30%-ын құрады. Ал Еуропада технопарктер тек өткен ғасырдың 70-жылдарында пайда болды.

Ал Қытайда түрлі инновациялық орталықтармен бірігіп, ұлттық ғылыми-технологиялық парктердің негізі қаланды. Олардың қызметтерінің мақсаттары келесідей:

- ғылыми және технологиялық жетістіктерді пайдаланып, өнімдер шығару мен қызметтерді жүзеге асыру;
- шағын инновациялық кәсіпкерлікті дамыту;
- ҒЗТКЖ-ларды жүргізуде шағын инновациялық кәсіпорындарға қолдау көрсету;
- қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;
- несиелерге кепілдіктер беру;
- технологияларды бағалау, халықаралық қатынастарды қалпына келтіруде қызметтер көрсету;
- зияткерлік меншікті қорғау.

Қытайдағы инновациялық орталықтар жоғары және жаңа технологиялар сферасын қаржыландырудың негізі болып табылады, яғни оларды кәсіпкерлер мен жоғары оқу орындарын байланыстыратын «көпір» ретінде қарастыруға болады.

Жапонияға келетін болсақ, бұл ел жоғары технологияларды дамытудан алдыңғы орындарға ие болып отыр. Жапонияның жалпы ішкі өнімнің құрамындағы шағын инновациялық кәсіпорындар үлесі 52%-ды (3 трлн.доллар шамасында), капитал салымдарында-40% шамасында, ал барлық жапон өнімінің экспортында 15%-ды құрап отыр. Осы жағдайда мемлекеттің рөлі өте маңызды.

Жапонияның кәсіпкерлік жүйесі мемлекеттің негізгі екі жүйесін қолданады. Біріншіден, бұл мамандандырылған мемлекеттік мекемелер - бұл шағын инновациялық кәсіпорындардағы жиналыс комиссиялары, оларды қолдайтын басқарма, аймақтық қызметтер, кіші префектуралық органдар, дамытудың мемлекеттік корпорациясы, шағын инновациялық кәсіпорындар Академиясы және т.б. Екіншіден, қаржылық кепілдіктер мен қаржылық көмек. Оны мемлекеттік қаржылық корпорация жүзеге асырады. Оның құрамында 59 филиал, ұлттық қаржылық корпорациялар, сауда және өндірістік корпорациялардың орталық банкі, шағын инновациялық кәсіпорындардың несиелерін сақтандыратын корпорация, инновациялық кәсіпорындар кіреді. Сонымен қатар Жапонияда шағын инновациялық кәсіпорынды несиелендірудің арнайы механизмі қолданылады және оны «жұмсақ займдар» деп атайды. Яғни егер жай несиені жылына 4-8%-ға берілсе, «жұмсақ займ» инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпорындар үшін несиені 2-4%-ға беріледі.

Осымен қатар инновациялық кәсіпорындарды корпоративке біріктіру саясаты да белсенді жүзеге асырылуда. Бұл шағын инновациялық кәсіпорындар үшін тиімді, өйткені оларға жаңа технологияларды жүзеге асыру үшін жер, жеңілдікті шарттармен несиелер, транспорттық құрал-жабдықтарды сатып алу үшін қаражаттар беріледі.

Көршілес елдер, соның ішінде Ресейдің мемлекеттік инновациялық қызметті қолдаудың тәжірибесіне де баса назар аудару өте маңызды. Ресейде инновациялық қызметті дамытуға өнеркәсіп, ғылым және технология министрлігі және Ресей Федерациясының білім және ғылым министрлігі жауапты. Сонымен қатар Ресейде мемлекеттік деңгейде өткен ғасырдың 90-жылдардың басынан технологиялық дамыту қоры, ғылыми-техникалық салада шағын кәсіпорындарды дамыту қоры, Санкт-Петербургтегі ғылыми-техникалық дамытудың аймақтық қоры жұмыс жасап отыр. «Ғылыми-техникалық сферада инновациялық қызметті ынталандыру» мемлекеттік бағдарламасы да жүзеге асырылып келеді. Оны білім және ғылым министрлігі, Ресейдің технологиялық дамыту қоры және жәрдемдесу қоры бірігіп жүзеге асырады, сондықтан оны «төрттіктің бағдарламасы» деп те атайды. Оның мақсаты - инновациялық қызметтің жаңа заманғы инфрақұрылымы болып табылатын инновациялық технологиялық орталықтарды (ИТО) құру. ИТО - бұл бір жерде орналасқан көптеген шағын кәсіпорындар конгломераты. Оған шағын кәсіпорындарды қолдау үшін күрделі қаржы салымдары бөлінеді.

Осы бағдарламаның нәтижесінде 18 ИТО құрылды және алдағы жылдары мемлекет олардың санын екі есеге өсірмек болып отыр. 1999 жылы инновациялық инфрақұрылымның тағы да бір жаңа элементі - ғылым мен жоғары технологиялардың федералды орталықтары (ҒЖТФО) пайда болды. 1999 жылғы Үкіметтің «Ғылым мен жоғары технологиялардың федералды орталықтарын құру туралы» қаулысына сәйкес, ҒЖТФО мәртебесі экономика саласындағы жоғары технологиялы салалардың маңызды мәселелерін шешетін ғылыми кәсіпорындарға берілуі тиіс. ҒЖТФО статусын иеленген кәсіпорындар мемлекет тарапынан кепілді қаржыландыру мен әртүрлі жеңілдіктерге ие болады.

Ресейде қазіргі кезде 40 мыңға жуық шағын инновациялық кәсіпорындар жұмыс істеуде. Аймақтарда 70-ке жуық технологиялық парктер мен 40-қа жуық инновациялық-технологиялық орталықтар орналасқан. Олардың құрамына әзірлемелермен айналысатын және ғылыми, бәсекеге қабілетті өнімді шығаратын жүздеген шағын кәсіпорындар кіреді. Яғни Ресейдегі инновациялық саясаттың мақсаты - тұрақты экономикалық өсу үшін жағдайларды жасау, инновациялық өнімді сыртқы және ішкі нарықтарға шығару, импорттық өнімдерді жоғары технологиялы және бәсекеге қабілетті отандық өнімдермен алмастыру.

Инновациялық қызметтің шетелдік тәжірибесін жалпыласақ, мемлекеттің инновациялық саясат шаралары инновациялар үшін қолайлы әлеуметтік-экономикалық ортаны қамтамасыз ететін және инновациялық процестерді тікелей реттейтін болып екіге бөлінеді. Инновацияларды таратудың маңызды

жалпыэкономикалық шарттары бәсекеқабілеттілікті ынталандыру, монополияларды шектеу болып табылады.

Сонымен қатар мемлекет ғылым кадрларының аттестациясын ұйымдастырады және олардың біліктілігінің үнемі өсіп отыруына септігін тигізеді, іргелі ғылыми зерттеулер мен жалпымемлекеттік, салааралық және әлеуметтік тұрғыдан ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландырады. Оған қоса, мемлекет ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың мемлекеттік емес секторлардың инвесторларын тартуға тырысады. Әзірлемелер мен зерттеулерге де мемлекеттік бюджеттен қаражаттар бөлінеді. Мысалы, бюджеттен ғылыми кітапханалар, мұражайлар мен көрмелерді ұйымдастыру сияқты ғылыми білімдерді тарату орталықтары қаржыландырылады. Мемлекеттің экономикалық саясаты тұрғысынан тиімді жобалар мен әзірлемелер мемлекеттік қолдауға ие болады. Инновациялық жобаларды тәуелсіз сараптауды қамтамасыз ету де мемлекеттің міндеттерінің біріне жатады.

Мемлекет деңгейінде инновациялық басымдықтарды анықтау келесі критерийлер бойынша жүргізіледі:

- жобаның коммерциялық тиімділігі;
- жаңалықты енгізудің жалпымемлекеттік, әлеуметтік маңызы;
- тиісті салада өзекті техникалық немесе технологиялық міндетті шешуге бағыттылық;
- салааралық бағыттылық, яғни инновацияның аралас саладағы жаңа технологиялар спектрінде қозғаушы күш болуы;
- халықаралық деңгейде, әлемдік нарықтарда тауарлар мен қызметтер бойынша мемлекеттің орнығуына септігін тигізу;
- кадрлармен қамтамасыз ету, интеллегенциялық әлеуеттің өсуін ынталандыру;
- ақпаратпен және патенттік-лицензиялық қамтамасыз етудің дәрежесі;
- әртүрлі қаржыландыру көздерін тарту мүмкіндігі;
- жобаларды іске асыру үшін ұйымдастырушылық- басқарушылық механизмдердің болуы;
- сыртқы ортаға әсер ету жағдайы.

Инновациялық саясаттың субъектілері мемлекеттік билік органдары (орталық және жергілікті), мемлекеттік сектордың мекемелері мен кәсіпорындары, дербес шаруашылық нысандар, қоғамдық ұйымдар, ғылыми қызметкерлер мен инноваторлар, аралас құрылымдар ретінде танылады.

Шетел тәжірибесі көрсеткендей, инновациялық қызметтің қарқындылығы экономикалық даму деңгейінде көрініс табады. Глобальді экономикалық бәсекеде инновациялық қызмет үшін қолайлы жағдайлар туғызатын мемлекеттер ғана жеңіске жетеді.

Көптеген мемлекеттерде инновациялық саясат шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған. Өйікені бұл сфера жаңа өнімдерді енгізуге тез икемделеді және қолайлы инновациялық бәсекелі ортаны қалыптастырады.

Дамыған елдерде өндірістік ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығындар үлесін ұлғайту үшін мемлекет келесідей экономикалық шараларды іске асырады: ұлттық өндіріс үшін стратегиялық жағынан маңызды жобаларды үлестік қаржыландыру; жеке несиелік мекемелердің қаржылық ресурстарын тарту үшін мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ету; ғылыми-зерттеу қызмет шығындарына салық салудың ерекше режимін ұйымдастыру және т.б.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде анықталған жағдайлар негізінде мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1) АҚШ-та инновациялық қызметті дамыту жағынан заңнамалық қамтамасыздандыру өте жетік дамыған. Яғни үкімет патент саясаты мен авторлық құқықтарды қорғау, ғылыми-техникалық әзірлемелерді несиелендіру сияқты отандық кәсіпорындарды қолдайтын заңдарды қабылдай отырып, мемлекеттің инновациялық дамуына тиімді жағдайлар жасап отыр. Қазақстанға да осы мемлекеттің тәжірибесіне жүгіне отырып, ең алдымен инновациялық бағыттағы заңнамалық-құқықтық базасын құру қажет және ол арқылы инновациялық қызметті дамытудың негізгі механизмі - шағын және орта кәсіпорындарға қолдау көрсетуі тиіс;

2) Қытайда инновациялық инфрақұрылымды дамытуға баса назар аударылуда. Инновациялық инфрақұрылым жоғары және жаңа технологиялар сферасын қаржыландырудың негізі болып табылады. Қазақстанда да инновациялық инфрақұрылымның түрлі субъектілері құрылғанмен де тиімді жұмыс атқармай отыр. Сондықтан мемлекетіміз инновациялық инфрақұрылымдардың субъектілерінің тек санына ғана емес, сапасына баса назар аударуы тиіс;

3) Жапонияда мемлекет тарапынан шағын инновациялық кәсіпорындарға қолдау көрсету кепілдіктер беру мен қаржылық көмек арқылы жүзеге асырылады. Өйткені бұл мемлекетте жалпы ішкі өнімнің жартысына жуығын осы шағын инновациялық кәсіпорындар үлесінде. Яғни олар тиімді қызмет көрсету үшін мемлекет жеңілдік шарттармен несиелер, жер учаскелерін т.б. бөледі. Біздің мемлекетімізде шағын кәсіпорындарға салықтық (мерзімін шегеру арқылы), несиелік қолдаулар көрсетіледі. Алайда бұл жеңілдіктерге ие болу өте қиын. Сондықтан да оларды пайдалану жолын оңайландыру керек;

4) Ресейдің тәжірибесін талдайтын болсақ, бұл мемлекетте инновациялық технологиялық орталықтар (ИТО) құрылған. Яғни ИТО - бұл бір жерде орналасқан көптеген шағын кәсіпорындар конгломераты. Оған шағын кәсіпорындарды қолдау үшін күрделі қаржы салымдары бөлінеді. Қазақстанда осындай ИТО-ларды құру арқылы шағын инновациялық кәсіпорындарға бөлінген қаражаттарды бақылауға мүмкіндік болады.

Қазіргі жаһандану жағдайында алдыңғы қатарлы іргелі ғылымы, озық технологиясы бар мемлекеттер ғана әлемдегі дамыған елдер қатарына кіре алады. Сондықтан ғылымның, техниканың дамуының басым бағыттарынан үлкен стратегиялық мәні бар ғылыми-техникалық кешендер іске асырылуы қажет.

Экономиканың бәсекеге қабілетін арттыруда ғылым жетістігін пайдалану жақсарады, менеджмент және маркетингтік зерттеулер, өнімді стандарттау және сертификаттау және т.б. салаларда кейіндеп қалуды еңсеру шаралары қабылданады. Инвестициялық және инновациялық жобаларды мемлекеттің қаржы ресурстарының қатысуымен қаржыландыру үшін таңдау бөлігінде іріктеу рәсімдері өзінің мақсатқа сәйкестігі мен ашықтығына ие болады. Қазіргі заманғы және дамыған ғылыми-инновациялық және өндірістік инфрақұрылымды құру, біліктілігі жоғары басқарушы, ғалым, инженер, техник кадрлар мен жұмысшы кадрларын даярлаудың тиімді жүйесін құру есебінен инвестициялар, технологиялар трансфертті, ғылыми жетістіктермен алмасу үшін Қазақстанның тартымдылық жүйесі жоғарылайды.

Инвестициялық жоба түсінігі екі мағынада қолданылады. Біріншіден, белгілі бір нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететін кәсіпшілік шаралары болса, ал екіншіден – белгілі бір жұмысты жүзеге асыруға қажетті ұйымдастыру-құқықтық және қаржылық есеп құжаттарының жүйесі. Өндірістік объектілерді жобалау бірнеше кезеңмен жүреді. Объектінің құрылысын игеру кешені негізгі 2 топқа бөлінеді: жоба алдындағы, жобалық жұмыстар. Инвестициялық жоба шығындары алғашқы, ағымдық және өтімділік болып бөлінеді. Кез-келген инвестициялық жобаны талдауда қаржылық-экономикалық өміршеңдігін бағалау, тәуекелдік пен шығындарды талдау, табыстылық пен өтімділік потенциалын бағалау жүргізіледі.

Берілген жоба оны жүзеге асыру барысында сатылатын өнімнен алынатын пайда мен операциялық және ағымдық шығын мөлшерін, сонымен қатар, табысқа салынатын салық пайызын анықтау үшін қажет.

Қорыта айтқанда, аталған факторларды ескере отырып, Қазақстанның бәсекелестік қабілеттілігін қалыптастыру, экономиканы әртараптандыру, өз кезегінде еліміздің әлемдік нарықтағы бәсекелестік артықшылықтарының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етумен қатар, «Қазақстан-2050» Стратегиясына сәйкес дамыған 30 елдің қатарынан табылуға мүмкіндік жасайды.

4.2 Қазақстандағы инновациялық белсенділікті арттыру жолдары

Болашақта инновациялық қызмет саласындағы саясатты жүзеге асыру мақсатында шаралар бір жүйеге біріктіріліп, ғылыми-техникалық және өндірістік әлуеттің өсуіне әсер ету үшін келесі басымдық бағыттары ұсынылады:

1. Қазіргі бар ғылыми-техникалық әлуетті постиндустриалды экономикада қолдану мақсатында елдің ғылыми-техникалық капитал жағдайына мониторинг биотехнология, биохимия; ядролық технология; сирек металлдар негізінде жаңа материалдар жасау өндіріс салаларында жасалуы қажет.

2. Жаңа материалдар мен химиялық технологиялар; ақпараттық технология; «тірі жүйелер» технологиясы ғылыми-техникалық бағыттарды жүзеге асыру үшін басымдық негізде мемлекеттік деңгейде қолдау жасау қажет.

3. Өндіріс саласында индустриалды-инновациялық қызметті ендіруді жылдамдатуға бағытталған заңнамалық базаны жетілдіру мақсатында мемлекеттік қолдауға бағытталған қолданыстағы құқықтық базаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мен заңдар мен нормативтік актілерді шығару үрдісін жеделдету қажет.

Қазіргі мезгілде тек мемлекет қана экономиканы жаңартудың қозғаушы күші бола алады, өйткені отандық жеке сектор әлі ұзақ уақыт ірі және ұзақ мерзімді инвестициялар жасай алмайды. Мемлекеттік қолдау бірнеше салааралық жобалар мен жаңа экспортқа бағытталған өнім шығару шеңберін жүзеге асыруға бағытталуы керек.

2020-2025 жылға арналған стратегияға сәйкес жақын арада мақсатты зерттеу мен жағымды жағдайлар негізінде жоғары технологиялық өнім кешені құрылуы мақсатында төмендегі бағыттарда: бейбіт мақсаттағы атом энергиясы мен басқа да дәстүрлі емес энергия көздері; сирек металдар негізінде жасалатын жаңа материалдар, ерітінділер, түрлі қабаты бар тот баспайтын болат т.б.; химия, мұнай химиясы, жоғары сапалы мұнай химиялық өнімдері, соның ішінде этилен, полиэтилен, т.б. салаларындағы жетістіктер; қатты денелер физикасы, радиофизика салаларындағы нәтижелер; биотехнология, биохимия шаралар қолдануы ұсынылады.

Шет ел фирмаларымен бірігіп, дүниежүзілік нарықта орын алуларына мүмкіндік беретін Қазақстанда ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етілген бағыттар бар. Қазақстанның экономикалық түрлі салалары түрлі техникалық деңгейге сай. Олар бәсекеге қабілетті, сондықтан олар үшін де жеке жобалар жасалуы қажет. Мемлекетте ғылыми-техникалық өндірістік орталықтар Алматы, Қарағанды, Өскемен, Астана, т.б. қалаларда шоғырланған. Олардың кейбіреулерінде қазіргі кездің өзінде технопарктер құрылған. Ал олар өз кезегінде болашақта интеллектуалды өнім, ғарыштық қызмет, ақпараттық технология, радиоэлектроника, атом технологиясында көп мүмкіндіктер береді.

Ғылыми негізде ядролық отын, уран ерітінділерін, мыс-берилл ерітінділерін, тантал-ниобий түрлерін игеруге, титан гупкасы өндірістік базаларын кеңейтуге болады. Бұларға сұраныс атомдық, ғарыштық, радиоэлектронды өндіріс салаларының өсуіне байланысты артып отырады.

Қазақстандағы ғылымның қазіргі жағдайы аяқталған, бірақ тауарлық түрге жеткізілмегендігімен, ғылыми зерттеулер санының көп болуымен сипатталады. Бұл айтарлықтай әлует және оны қолдану инновациялық қызметтің дамуының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта ғылыми сыйымды өндірістер қатарын құру мақсатында жобалық-конструкторлық және техникалық құжаттама дайын елде отандық технологияларда қолдану негізінде бар химиялық және мұнай химиялық өндірістерді қалпына келтіру және кеңейту, сонымен қатар мұнай, газ, көмірді және басқаны қайта өңдеу бойынша кіші және орта тиімді және бәсеке қабілетті өндірістер құрылыс жобалары дайындалуда.

Ғылыми-техникалық бағдарламаларды, жоғары тиімді биотехнологияларды құру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп

үшін биотехнологиялық өнім өндірісі, теориялар мен технологияларды өңдеу саласындағы қоршаған ортаны қорғау, сонымен қатар қара және түсті металлургияның кәсіпорындарында жаңа технологиялық үрдістерді игеру басымдық негізге ие.

«Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін құру мен дамыту жөніндегі бағдарламасына сәйкес келесі мақсаттар мен міндеттері анықталған: ғылыми әлеуетті дамыту, инновациялық кәсіпкерлік ортасын дамытуды құру мен қолдау, көпдеңгейлі инновациялық инфрақұрылымды құру мен дамыту, Ұлттық инновациялық жүйенің элементтері арасындағы тиімді арақатынасты қамтамасыз ету, заңдық-құқықтық базаны жетілдіру. Осы міндеттерді мемлекет тиімді жүзеге асыратын болса, болашақта экономиканың барлық сферасына жағымды әсер ететін Ұлттық Инновациялық Жүйені қалыптастыруға мүмкін болады.

Ғылым мен техниканың жаңа бағыттарының шапшаң дамуы, ғылымдар түйісіндегі жетістіктер жоғары және орта кәсіби білімі бар мамандарды дайындау үрдісі құрылымдық қайта қарау қажеттілігін талап етеді. Әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, жақын болашақта ақпараттық технологиялар, биоинженерия, қуатты компьютерлік қолдаумен жаңа физикалық принциптерді үйлестіретін жоғары өндірістік технологиялар, экология және тағы басқа облыстарының мамандарына сұраныс аса жоғары және тұрақты болады.

Қазақстанның инновациялық әлеуетін көтеру үшін келесі шаралар кешенін ұсынуға болады:

1) мемлекет бюджетінен тиімділігі жоғары және технологиялық даму бағдарламаларын, мемлекеттік маңыздылығы бар инновациялық жобаларды, коммерциялық жағынан тиімді инновациялық жобаларды толығымен және үлесті қаржыландыру;

2) жоғары технологиялық өндіріске қаражаттарын салатын инвесторларға мемлекет тарапынан қолдау көрсету және оларды ынталандыру;

3) әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы кәсіпорындарға (инновацияларды игерген кезеңде) жеңілдіктермен несиелер, субсидиялар, субвенциялар беру;

4) ғылыми сыйымдылығы бар құрал-жабдық лизингін және инновациялық өнімді дамыту;

5) инновациялық жобалар мен оларды іске асырушыларды конкурстық таңдау жүйесін жетілдіру;

6) экономика саласында шағын, тиімді және тез сатылатын инновациялық жобалардың үлестік салмағын арттыру;

7) инновациялық сфераға шағын кәсіпкерлік субъектілерін тарту;

8) заңдық-құқықтық базаға өзгертулер енгізу;

9) экономикалық ынталандыру жүйесін құру, яғни салықтық, несиелік және т.б. жеңілдіктер жасау;

10) ақпаратпен қамтамасыз ету.

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын ойдағыдай іске асыру өнімнің бәсекелес түрлерін өндіру мен экспорттың өсіміне жағдай жасау және экономиканы әртараптандыру, жаңғырту негізінде елдің экономикасының ұзақ мерзімді тұрақты өсімін қамтамасыз етуге ықпал етуі тиіс.

Сондықтан «Ұлттық инновациялық қордың» АҚ Қазақстанда іске асырылып жатқан зерттеулерінің қорытындысын айтуға болады. Бұл Корея ғылыми-техникалық бағалау және жоспарлау институтының қолдауымен іске асырылған ең алғашқы ұлттық ғылыми-техникалық жоба және БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының қолдауымен жүргізілген «Қазақстанның инновациялық дамуына шолу». Мысалы, Корея ғылыми-техникалық бағалау және жоспарлау институты жүргізген форсайт зерттеуінің Корея Республикасы Үкіметі үшін ерекшелігінің мәні мынада: зерттеу Кореяның технологиялық дамуы негізінде жүргізілген. Қазақстанның 40-тан аса инновациялық даму институттары, компаниялары, ғылыми институттары, жоғарғы оқу орындары қатысқан «Қазақстанның инновациялық дамуына шолу» жобасы Еуропаның инновациялық экономикасы дамыған 7 елінің мамандарын тарта отырып орындалды.

«Ұлттық инновациялық қор» өз қызметін Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық мемлекеттік бағдарламасын орындау аясында жүзеге асыруда. Қор жұмысының басты мақсаты – еліміздегі инновациялық белсенділікті арттыруға және жоғары технологиялық, ғылымды қажет ететін өндірісті дамытуға ықпал ету.

Қазақстан инновациялық даму мәселелерінің 20 жылдық шебіне нақты нәтижелермен келіп отыр. Бүгінгі күні елімізде инновациялық қолдаудың қажетті инфрақұрылымдары құрылды. Солардың қатарында Ұлттық инновациялық қор, Ғылым қоры, ҚазАгроИнновация, венчурлық қорлар, өңірлік технопарктер, коммерцияландыру офистері, салалық конструкторлық бюролар, Технологиялар трансфертінің халықаралық орталығы секілді даму институттарын айтуға болады. Инновациялық технологиялар паркінің бірінші кезегінің құрылысы да басталып кетті.

Инновациялық белсенді кәсіпкерлер, өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін білім тарату орталық-тарының құрылуы нәтижесінде жаңа технологиялар неғұрлым қолжетімді бола түсті. Мұндай сегіз орталықта кәсіпкерлер білім және консалтингтік қызметтерді игеру үстінде.

Технологиялар трансфертін ынталандыру үшін инновациялық инфрақұрылымдардың қызмет аясы кеңейтілуде. Астана, Петропавл және Өскемен қалаларында көлік және мұнай-газ мәшинелерін жасау, сондай-ақ тау-кен металлургия құралдарын жасау салаларының салалық конструкторлық бюролары құрылды. Жүк вагон-хопперлері, шахталық желдет-кіштердің өндірістері қалыптастырылды. Еліміздің шығысында перфораторлар өндірісі іске қосылды. Таяудағы уақыттарда осындай кесте бойынша ауыл шаруашылығы және прибор жасау салаларына арналған мәшине жасау өнімдерін әзірлеу жұмыстары басталмақ.

Қазақстанның инновациялық дамуының қазіргі жағдайына үш түрлі сипаттама беруге болады: біріншісі, идеядан бастап өнеркәсіптік өндіріске дейінгі аралықтағы инновацияларды қолдаудың институттық және инфрақұрылымдық қаңқасының құрылуы; екіншісі, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың отандық бизнес сұранысына лайықталған тиімді аспаптары әзірленуі және оны қаржылай қолдауы; үшіншісі, тиімді және орнықты, ыңғайлы ұлттық инновациялық жүйені қалыптастырудың белсенді ортасының өмірге келуі.

Инновациялық белсенділікті ынталандыру жаңашылдықты насихаттап және өнертапқыштық қозғалысты қайта жандандыруға ықпал ететін болады. Оның үстіне біз осы мәселеге деген әдіс-тәсілдерді де өзгерте алдық. Қазіргі күні бұл мәселеде фильмдер түсіріліп қана қоймайды, сонымен қатар бұл істе белсенді жас жаңашылдар инновациялық үдерістерге тартылады және жұмыс нәтижелері ынталандырылады.

Әртүрлі технологиялық бағыттардың көп қырлылығы тиянақты болжам жасауды және жоспарлауды, міндеттерді дұрыс айқындап, олардың басымдықтарын белгілеуді талап етеді. Бүгінгі күні технологиялар тез ескіріп қалып жатыр. Сондықтан ұзақ мерзімді әлеуеті бар технологияларды инвестициялау жөн болып табылады. Мәселен, үстелге қоятын компьютерлер үшін бөлшектер мен микросхемалар жасайтын зауыт салу бір қарағанда тартымды болып көрінуі әбден мүмкін. Алайда, қазіргі ағым тұтынушылардың алып жүруге ыңғайлы компьютерлерге көше бастағандығын көрсетіп отыр. Ал енді бір он жылдан кейін қалтаға салуға лайықты компьютерлер басым болатындығы анық. Осыған байланысты Google корпорациясының басшысы мынандай болжам жасаған: «Болашақта планетаның барлық тұрғындарын 100 мегабайттық кең жолақты желі біріктіретін болады, ал әрбір адамның қалтасында суперкомпьютер жүреді».

Тағы бір мысал, теледидар туралы, лампалармен жұмыс істейтін теледидарлар өткен ғасырда қалып қойды. Олардың орнын сұйық кристалды және плазмалы теледидарлар басты. Қазір енді бұл жөніндегі технологиялар одан әріге кетіп, үш өлшемді бейнелеу теледидарлары шыға бастады. Оларды арнаулы көзілдірік арқылы қарауға болады. Енді біраз уақыттан кейін бұл теледидарлар негізгі тұтыну трендіне енуі тиіс. Бірақ бұл жаңалық та жедел ескіріп қалатын сияқты. Өйткені енді көзілдірікті қажет етпейтін үш өлшемді теледидарлар да пайда болды.

Сондықтан технологиялық дамудың жоғары қарқыны жоспарлаудың маңызын арттырып отыр. Ол технологиялардың қазіргі жағдайынан едәуір алға кетуі тиіс.

Қазақстандық өзіндік технологиялық басымдықты қалыптастыру үшін елімізде бірінші рет технологиялық болжамдау жүргізілді. Осы мақсат үшін әлемде үлкен беделге ие болып отырған Оңтүстік Кореядағы KISTER ғылыми-зерттеу институтының мамандары іске тартылды. Болжамдау нәтижесі бойынша өнеркәсіптің нақты саласында стратегиялық көшбасшылыққа қол жеткізу үшін қажет болатын сыни технологиялар айқындалды. Осы

тех-нологиялардың әрбірі бойынша нақты технологиялық карталар әзірленіп, мемлекет оларға қолдау жасайтын болады.

Технологиялық болжамдаудың нәтижелері салааралық ғылыми-технологиялық жоспардың маңызды сипатқа ие болуы үшін пайдаланылады. Келешектегі жоспар бойынша агроөнеркәсіптік кешенде, тау-кен металлургия кешенінде, энергетика, мұнай және газ, мәшине жасау секторларына, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, химия және мұнай химиясы салаларында жаңа өндірістер мен технологияларды игерудің және осы үшін қажет болатын кадрлық, қаржылық және инфрақұрылымдық ресурстарды игерудің нақты технологиялық міндеттерін айқындады.

Ұлттық және өңірлік деңгейде инновациялық саясатты жүзеге асыруда аралық үйлестіру жүйесін құру жөніндегі жұмыстар жүргізіледі. Ұлттық деңгейде «Ұлттық инновациялық қор» АҚ базасында Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік құрылады. Бұл агенттік инновациялық қызметке мемлекеттік қолдаудың барлық құралдарының бірыңғай операторы қызметін атқарады.

Сонымен қатар инновациялық саясаттың табыстылығын өңірлік дамудан тысқары қарастыру мүмкін емес. Сондықтан да олар «Инновациялық өсім нүктелеріне» айналуы тиіс.

Инновациялық өсімнің осындай нүктесіне Инновациялық технологиялар паркі айналуы тиіс. Бүгінгі күні оның бірінші кезеңі игерілді. Енді екінші кезектің құрылысы өткір сипатқа ие болып отыр. Оның техникалық-экономикалық негіздемесі мен болашақтық басым бағыттары мақұлданатын болады.

Қазақстанның қазіргі аздаған тәжірибесінің өзі инновациялық дамуды басқарудың өзгертілмейтін жүйесі жоқ екендігін көрсетіп отыр. Сондықтан ол уақытпен бірге үнемі жетілдірілу үстінде болуы тиіс. Сонымен қатар ғылыми-зерттеулерді қолдаудың, ғылыми әзірленімдердің технологиялар трансфертін тиімді енгізудің тұрақты жүйесін жасау қағидаттары да болуы тиіс.

Қазақстан үшін инновация нәліктен соншалықты маңызға ие деген сұрақ туындайды. Өйткені, табиғи байлық пен сыртқы қаржы көздері тұрақты емес. Тек инновация мен технологияны игеру ғана өнімділікті арттыру көзі екенін түсінген жөн. Есте сақтайтын бір мысал, өнімділік артқан кезде ғана бәсекеге қабілеттілік күшейеді.

Қазақстанның жаңа технологияны игеру үшін пайдаланатын және өнімділік үдерісіне жұмсайтын қазба байлығы бар. Ірі компанияларға шетелдік жаңа технологияларды алу үшін, өнімділік үдерісін арттыру үшін, мамандарды дайындау және жаңа өнімге икемделу үшін мол қаражат керек. Бұл дегеніңіз, инновацияны меңгеру жолындағы мемлекеттің даму әлеуетін байқатады. Ол үшін не керек? Әуелі, техникамен жұмыс істей алатын тәжірибе және басқару шеберлігі керек. Ол білімділікті талап етеді. Сосын ақпараттық технологиялар, шетелдік тапсырыс берушілер мен халықаралық нарық алаңына шығатын мүмкіншілік, яғни инфрақұрылымды дамыту қажет.

Фирмалардың ісін алға оздыратын жаңа технологияларды енгізу жолында қолдау көрсетерлік амалдарды жетілдіру керек. Жекелеген гранттарды пайдалану, мәселен, Ұлттық инновациялық қордың қызметіне жүгіну. Инжинирингтік қызметтер, қолдау көрсету шараларының толық қамтылуын қадағалау. Инновацияны енгізу жолында және бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында Қазақстанның оқу-тәжірибелік бағдарламаларды пайдалануға ықпал еткені абзал.

Кез-келген мемлекеттің экономикалық дамуы бәсекеге қабілетті өнімдерді шығару қабілеттілігімен тікелей байланысты. Бәсекеге қабілеттілікті өндірілетін өнімнің экономикалық, техникалық және басқа көрсеткіштерін жетілдіру негізінде жоғарылату, яғни дамудың инновациялық жолына өту ең оңтайлы жол. Қазірше отандық экономиканың инновациялық беткейі, яғни оның бәсекеге қабілеттілігі әлемдік деңгейге қарсы тұра алмауда. Ол алдыңғы қатарлы шетелдік өндірушілердің экономикалық экспансиясынан әлсіз қорғалған. Сондықтан да экономиканың үдемелі индустриалды-инновациялық дамуы жедел шешімді қажет ететін ең басты ұлттық мәселе болып отыр.

2025 жылға қарай Қазақстанда тек ұлттық компаниялар ғана ғылымға 150 миллиард теңгеден астам қаржы шығындамақ. Бұл ретте «Самұрық-Қазына» АҚ-ы қазақстандық ғылым мен ұлттық компанияларды жақындастырудың, инновацияны дамытудың кең ауқымды бағдарламасын әзірлеу үстінде. Соңғы жылдардағы қазақстандық ғылымда туындаған ең үлкен проблема - шынайы ғылыми орта мен шынайы өндіріс арасындағы алшақтық болса керек. Сол себепті қор қазақстандық ғылымның жетістіктерін ұлттық компаниялардың қызметіне ендіру арқылы әлгі алшақтықты еңсеруді өзінің негізгі міндеті деп біледі.

Сөйтіп, Қазақстанның экономикалық дамуды басқарудың дамытылған жүйесіне ие, бәсекеге барынша қабілетті әлем елдерінің қатарына кіру жөніндегі стратегиялық міндеттерін іске асыру ұзақ мерзімді бағдарлама әзірлеу мен оны орындауды, оның ішінде тиімді ғылыми-техникалық жүйені дамыту жөніндегі нақты шараларды көздейтін жолды талап етеді.

5 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

5.1. Инновациялық қызметті қаржыландыруды қамтамасыз етудің әдістемелік негіздері

Инновациялық қызметті қаржыландыру жүйесі бір бірімен тығыз байланысты, бағынышты элементтер жиынтығынан тұрады және оған келесілер кіреді:

- инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін қажет қаржы ресурстарының түсу (қаржыландыру процесі);
- әртүрлі көздерден түсетін қаржыларды аккумуляциялау;
- инвестицияға бақылау орнату механизмі;
- инновациялық процеске авансталған қаражаттың қайтымды болуы.

Инновациялық іс әрекетке қызмет ететін қаржылық жүйе болып қаржылық көздер, инвестицияларды қолдануға бақылау орнатушы механизм, олардың қайтымдылығы және инновациялық капиталға тартылған капиталдың тиімділігін бағалау. Инновациялық қызметті қаржыландырудың ерекшелігі болып, оны қаржыландыру көздерінің көптігі табылды. Ол инновациялық қызметтің әртүрлі бағыттарын қамтуға мүмкіндік береді. Инновациялық жобалардың қаржылық қайтымдылығының өсуі маңызды жинақтаушы көрсеткіш болып табылады. Оның негізінде инновациялық қызметтің соңғы нәтижесі анықталады және қаржылық саясаттың жүзеге асуы анықталады. Ол саясатты шаруашылық субъектілердің өзі және мемлекет жүзеге асырып отырады. Қаржылық қамтамасыз етудің мәні оның негізгі қызметтерінде көрініс табады: Өндірістік, бөлу бақылау өндірістік қызметті қаржылық және материалдық ресурстардың тепе теңдігін жүзеге асырады.

Қаржылық қамтамасыз етудің өндірістік қызмет инновациялық инвестиция айналымында көрініс табады. Қаржылық ресурстар инвестиция айналымының барлық деңгейінде инновациялық капиталдық реттілігін қамтамасыз етеді (ғылыми-техникалық өнімді сатып алу; капиталдың өсуі; инновациялық капитал айналымының өндірістік, тауарлық және ақша кезеңі). Осылайша қаржылық ресурстар инновациялық қызметтің әртүрлі салаларына құйылатын инвестицияның жылдамдығын көбейтеді немесе азайтады, ол инновациялық нарықта қалыптасқан іскерлік конъюнктурасына байланысты.

Қаржылық қамтамасыз етудің бөлу қызметі тиімділікті қамтамасыз ету үшін ақша ресурстарының қорын қалыптастыру мен қолдануды қамтамасыз етеді. Нарықтық экономикалы елдерде инновациялық капиталдың құрылуы венчурлы қаржыландыру ұйымдарында және басқа да универсалды қаржылық құрамдарда құрылады.

Бақылау қызметі инновацияның құрылуын оны қаржыландыруды, қаржылық көрсеткіштердің өзгеруін, инновациялық кәсіпорын мен тапсырыс берушінің төлем және есеп айырысу жағдайын бақылап отырады. Қаржылық мониторинг:

- ақша қаражаты қорының құрылымы мен инновациялық қызметтің алға қойған мақсатының арасындағы қарым қатынасты айқындайды;

- инноватордың кірісі мен шығысы арасындағы сәйкессіздіктерді реттейді;

- тиімді емес саладағы қаржыландыруды тоқтатып, инновациялық қызметтердің жаңа бағыттарын қаржыландыру мүмкіндіктерін анықтайды.

Қаржылық қамтамасыз ету – бұл капиталды тарту, бөлу және қолдану қызметі болып табылады. Ол инновациялық саланың бір белгісі бола тұра, инновациялық капитал инновациялық қызметтің әрбір кезеңін реттеп отырады. Жиынтық ұлттық капиталдың маңызды бөлігі болып, мемлекеттік капитал, ссудалы капитал, инвестициялар мен құнды қағаздар, венчурлы капитал шетел капитал, сонымен қатар шаруашылық субъектілерінің меншікті капиталы табылады.

Инновациялық қызметке нақты бағытталған капиталдың қалыптасуы экономикалық реформалар барысында күрделі сандық және салалық өзгерістерге ұшыраған. Инновацияға бағытталушы капитал, нақты инвестициялар түрінде көрініс табады. Оны келесі сипаттары бойынша жүйелеуге болады:

- инновациялық қызметке бақылау жүргізу және енгізу түрі бойынша:

- тікелей (қаржылық интеллектуалды және басқа да қаражаттарды өндіріске енгізу);

- портфельді (құнды қағаздарды сатып алу) немесе несие ретінде қаражаттарды беру;

- инвестициялар түрі бойынша: қаржылық инвестициялар (мақсатты салымдар, айналым қаражаты, құнды қағаздар ссудалар және т.б.), интеллектуалды инвестициялар меншік құқы;

- меншік түрі бойынша: мемлекеттік, жекеменшік, аралас;

- жеңілдік түрі бойынша: жеңілдетілген, жеңілдетілмеген;

- анық экономикалық жүйеге қатынасы бойынша: резидентті, резидентті емес;

- қаржылық қамтамасыз ету әдісі бойынша: венчурлы, лизингті, факторлы, аралас.

Инновацияны қаржыландыруда инвестицияның негізгі көзіне жататындар:

- меншікті қаржы қаражаты мен басқа да активтер (негізгі қорлар, жер, өнеркәсіптік меншік және т.б.) және тартылған қаражаттар;

- орталық, аймақтық және жергілікті бюджеттер қаржысы;

- шетел инвестициялары;

- несиелер, соның ішінде мемлекеттік қайтару шартымен, коммерциялық банк пен шетел инвесторлары.

Инновациялық салаға инвестициялар көлемі түрлі кезеңдерде әртүрлі болады. Ұзақ мерзімді және ірі инвестициялар жандану, тоқыраудан шығу кезеңінде қажет болады. Себебі тоқырау кезеңінде жинақтау мен инновацияға назар аудару төмендейді. Мемлекет тікелей (бюджет салымы негізінде) және

жанама (экономикалық жеңілдіктер көрсету арқылы) түрде инновациялық белсенділікті қолдайды. Бұл экономиканы жандандыруға және оның бәсекелестігін жоғарлатуға мүмкіндік береді. Тұрақты даму кезінде мемлекеттік қолдау көлемі қысқарады, ал инновациялық процестің өзі бәсеке негізінде жүзеге асады. Бұл кезеңде жақсарту инновациясы кең қолданылады, олар аз инвестицияны талап етеді және тәуекел деңгейі де азаяды. Инновациялық-инвестициялық белсенділік деңгейі тоқырау кезеңінде ең төмен болып табылады.

Инновациялық қызметті келесідей сипаттауға болады:

- біріншіден, инновациялық процесте нәтижелердің анықсыздығы, авансталған капиталды қайтара алмау тәуекеліне әкеп соқтырады. Ол инновациялық жобаның негізі болып табылатын шығармашылық ойдың қателігінен болуы мүмкін; оны техникалық жүзеге асыру қиындықтары; жаңалықтың нарықтағы алатын орнының белгісіздігі және т.б;

- екіншіден, инновациялық қызмет қаржы қаражаттарын аванстау мен адам коммерциялық қайтым алған уақытша мерзіммен сипатталады;

- үшіншіден, инновациялық қызмет нәтижелерінің анықсыздығының жоғары деңгейі қарыз қаражатының қайтымын қамтамасыз етпейді. Ол өз кезегінде несиені «бағасын» жоғарылатады немесе қарыз берушіге енгізілген жаңалықты бірге иеленуге құқық береді; инновациялық салаға қарыз қаражаты түсуі мүмкін, егер адам түсетін пайда сол ақшаны басқа салаға жұмсағанынан түсетін пайдаға қарағанда әлде қайда жоғары болса;

- төртіншіден, инвестициялау субъектінің көптүрлілігі мен тұрақсыздығы (мемлекеттік бюджет қаражаты, корпорациялар, банктер, арнайы инвестициялық қорлар шетел инвесторлары және т.б.) капиталды берудің, түрлері мен шарттарының көптүрлілігіне алып келеді.

«Тәуекел капиталы» деген түсінік осы инновациялық қызметке жұмсалатын ақша қаражатын сипаттайды. Инновацияға инвестиция салудың тәуекел деңгейі оның соңғы нәтижесінің анықсыздығына байланысты өзгеріп отырады. Бұл жағдайлар сонымен қатар өз меншігіндегі қаражаттың жетіспеуі кәсіпкерлерді жаңалық енгізуге несиелік қаржыландыру түрін қолдануға мәжбүр етеді. Тәуекелді (венчурлы) қаржыландыру механизмінің банктік несиелеуден ерекшелігі, несиені берілген кезде мүмкіндігі жоғары ойға беріледі, оны қайтару міндетті емес. Яғни басқаша айтқанда, егер инновациялық жоба күтілген нәтижеге жетпесе, онда салынған қаражат қайтарылмауы мүмкін.

Венчурлы (тәуекел) капиталы - бұл қарыз міндеттемесі немесе жай акция ретінде жаңа кәсіпорындарға салынған ақша. Бұл капитал бірнеше жыл тіркелмейді, себебі қарыз міндеттемелері (жай акция) тіркелмегенше сатыла алмайды, яғни өтімділікке ие болмайды. Осылайша венчурлы инвестициялар бұл тез дамушы фирмалардың өсуіне бағытталған капитал. Венчурлы капиталдың нақты пайыз ретінде кіріс алуына сондай-ақ инвестордың оны қайтып алуына кепілдік бере алмайды.

Алғаш рет венчурлы капиталды институцияландыру АҚШ-та 1946 ж жүзеге асты. Ол кезде зерттеу және өңдеу бойынша бостандық корпорация ДЭК

фирмасын қаржыландырған болатын. Кейінен бұл фирма есептеуіш техникасын ең ірі өндірушісіне айналған. 1955 жылына кіші инвестициялық компаниялар туралы заң мемелкеттік қаражаттар мен жекеменшік капиталды біріктіріп, оны кіші кәсіпорындарды құру үшін жұмсауға мүмкіндік береді. 60-шы жылдардың соңында кіші венчурлы фирмалар пайда болды. Олар ЖШС ретінде құрылған. Венчурлы компания ол қаржыландыратын инвестициялық кәсіпорындардың негізгі серіктесі болып, пайданың нақты пайызын алып отырған. Венчурлы компаниялардың қаржы қаражаттарын ЖШС беріп отырған - сақтандыру компаниялары зейнетақы қорлары.

Қазіргі таңда АҚШ-та 600 тәуелсіз қорлар қызмет етеді. 60 жж американдық ірі корпорациялардың ішінде венчурлы капитал бөлімдері пайда болды. Олар банктермен және сақтандыру компанияларымен байланысатын және жаңа салалармен қызмет етуші фирмалар ретінде көрініс табады. Өз штатындағы компанияларға инвестицияланған қаржылардың бір бөлігін салуға міндетті. Инвестициялық қорлардың көлемі әртүрлі болады - 2,2 млн. долл. бастап. Венчурлы капиталдың арқасында «Майкрасофт», «Сан», «Интел» корпорациялары өсіп шықты. Осындай венчурлы қаржыландырудың екінші түрі - венчурлы капитал қорлары. Венчурлы капитал ұзақ мерзімге беріледі. 5-7 жыл, ал қазіргі заманғы компьютерлік салада қысқа мерзімді жобаларды іске асыруды бір-екі жыл беріледі. Венчурлы инвестициялау қазіргі заманғы компаниялар үшін арзан және қарапайым болып табылады.

Инновациялы іске асыру кәсіпорындардың қаржылық жағдайын жақсартудың мақсаты болып табылады. Инновациялық пайданы капитализациялау арқасында меншік капиталын көбейту арқылы жүзеге асады. Кәсіпорын қызметін қаржы-несиемен қамтамасыз ету үшін қаражаттарды қалыптастыру инновациялық қызметтердің өзінің көптеген бағыттарына қызмет етуге мүмкіндік береді.

Экономикасы дамыған елдердегі кәсіпкерлер, нәтижесі жаңалық еткізулерге негізделген «инновациялық саясатты» жүзеге асады. Қазіргі заманғы кәсіпорынның инновациялық саясаты маркетинг территориясына негізделген. Ол инновациялық механизмге назар аударады, нарықтағы сұранысты қалыптастырады, жаңа тауар немесе қызметке, көптеп сатып алушылардың қажеттілігін құрастырады. Экономикасы дамыған елдердегі «тұтынушы қоғамның» дамуы жаңалықтардың, тұрғындардың өмір сүру шартына еніп кетуіне тікелей байланысты.

Тиімді инновациялық саясат жүргізу үшін кәсіпкер қолда бар ғылыми өнімді бағыттауы, қызметкерлердің үздіксіз өзгерістерді тез қабылдауға жағдай жасауы, қажет жоғарыда өздерінің зерттеу бөлімшелерін құруы керек.

Бұл барлық кезеңдерді бір процеске жинақтауға мүмкіндік береді - ойдың пайда болуы, қосымша өндеулер, өндіріс, өткізу іске қосу.

Кәсіпкер үшін ең қиыны жаңа өнімді өткізу кезеңі, яғни оны «донордан» (жабдықтаушы) «реципиентке» (тұтынушыға) беру. Реципиентке жаңалықты беру алдында тауарды қолдануды үйретеді. Сондықтан өндірушілер тек үйретіп қана қоймай онымен байланысты шығындарды өзіне алады. Жаңалықтың

таралған көлеміне оның пайдалылығы байланысты болып табылады. Сондықтан кәсіпкер тек экономикалық және өндірістік жағдайларды емес, сондай-ақ тұтынушылардың мәдени және психологиялық өзгешеліктерін де ескеру керек, сондай-ақ жастық айырмашылығын да ескерген жөн. Бір жаңалық енгізудің коммерциялық дамуы, келесі инновацияларға негіз болады. Сонымен қатар, алдыңғы жаңалық енгізу жүзеге аспаса, онда келесіде «инновациялық қорқу» пайда болады. Мұндай психологиялық кедергілер кәсіпкердің қажетті деңгейде маманданбағанын, инновацияға әртүрлі деңгейдегі қызметкерлерді тарта алмағанын, өндірістің адам факторын тиімді қолдана алмағанын көрсетеді.

Инновациялық жобаны жүзеге асыру шешімін қабылдау алдында, оны іске асыру шығындары (техникалық және коммерциялық тәуекелді ескере отырып) мен компаниялық қаржылық мүмкіндіктерін салыстыру керек. Ол кәсіпорындардың бизнес-жоспарында көрініс табуы керек. Компаниялық қаржылық жағдайы инновацияны іске асыру үшін қажет қарыз қаражатының тиімділігі мен мүмкіндіктерін анықтайды.

Қазіргі заман жағдайында инновациялық қызметті іске асырудың тиімді формасы болып, инновацияға кіретін капиталды басқару табылады. Инновациялық процестің тағы бір ерекшелігі әртүрлі жағдайларды енгізу барысында инновациялық және инвестициялық кезеңдер бір-бірімен байланыста болып, әсерлесіп отырады.

Инновациялық қызмет әдетте инвестицияның кезеңділігін анықтайды. Инновациялық және инвестициялық кезеңдердің ортақтануы анықтайды. Инновациялық және инвестициялық теориялық негізінде келесі жатыр: жаңалық бұл іс әрекеттің нәтижесі болып табылады. Инновациялық кезеңнің әрбір деңгейінде нақты бір нәтижеге жетуге болады, ол жекеменшік тауар бола алады. Бірақ ол тек аралық өнім ғана бола алады. Сондықтан жаңалықты игеру саясаты соңғы өнімге бағытталуы мүмкін. Егер инвестор аралық өнімді соңғы нәтиже ретінде көрсе онда инновациялық кезең сонымен тоқтатылады.

Мұның нәтижесінде келесі формуланы құрастыруға болады, егер t деңгейінде ақша ағынын $S(m)$ деп белгілесек, онда негізгі уақытпен салыстырсақ келесіге тең болады.

$$S(t_m, t_1) = S(m) \times k_1 \times k_2 \times k_3,$$

Барлық инновациялық циклға интегралды баға:

$$\sum S(t_m, t_1) = \sum S(m) \times k_1 \times k_2 \times k_3,$$

K_1 - m кезеңінің соңына сәйкес келетін;

t_m уақытындағы инфляция көлемін есептейтін коэффициент;

k_2 - m кезеңінде тәуекелді есепке алу коэффициенті;

k_3 - m кезеңінде ақша ағымын бөлуді есепке алу коэффициенті.

Бұл коэффициенттер инфляцияның жинақ қорларының, ақшаның құнсыздану тәуекелінің санын көрсетеді. Әртүрлі кезеңдегі ақша ағымының көлемін салыстыру инновациялық өнімді өндірушілердің жұмысын ары қарай жалғастыру немесе сонымен тоқтату керектігін анықтайды. Жаңалық енгізу - бұл процесс пен нәтиженің жиынтығы, ал инновацияның инвестициялық циклы

келесі белгілерден тұрады: реттілік кезеңділік деңгейлер мен кезеңдердің тәуелсіздігі.

Инвестициялық цикл инновациялық циклдың барлық кезеңін қамтығандықтан, инновациялық өнімді өткізу үшін жаңалықты қалыптастыру мен игеруді инвестициялау керек. Инновациялық және инвестициялық процестердің байланысы көрініс табады:

Бірінші кезең. Инновациялық өндірісті құру мен қолданудың экономикалық мақсатын бағалау.

Екінші кезең. Инновациялық қатынастардың субъектілерін, қаржылық қамтамасыз ету түрі мен көздерін анықтау; инновациялық қызмет фазасы бойынша авансталған қаражаттарды бөлу; әрбір фазада тиімділікті болжау және тәуекел деңгейін анықтау.

Үшінші кезең. Инновациялық өнімнің нақты объектілері мен ресурстарының өзгеруімен байланысты.

Төртінші кезең. Инновациялық және инвестицияны өткізуден аралық тиімділікті анықтау.

Бесінші кезең. Инновацияны кең өндіруде қаржылық қамтамасыз ету.

Алтыншы кезең. Қаржы-несие қаражатын қайтару және коммерциялық тиімділік алу.

Нарықтық қатынастар қызметті қаржыландыру мемлекеттің қаржы саясатының маңызды элементі бола алады. Ол келесідей маңызды мәселелерді шешуді қамтамасыз етеді:

- ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізу арқылы ұлттық экономиканы құрылымдық-технологиялық қамтамасыз ету;

- ел экономикасын дамытудың маңызды бағыттарыда ғылыми-техникалық және инновациялық мүмкіндіктерді дамыту және сақтау.

Нарықтық экономика жағдайында инновациялық белсенділікке әсер ету үшін, нарық механизмнің қаржылық құралдарын қолдану қажет. Ол инновациялық қызметке әсер ете алады. Тауар, ақша қатынастарының негізгі формасы - қаржы және несие, оның инноваторлардың іс әрекетіне әсер ету мүмкіндігі жоғары.

Тұрақты экономикалық жүйе жағдайларында инновациялық қызметтерге қажет жағдайда қамтамасыз етеді. Оған бірінші кезекте инновациялық қызметті заңмен бекіту, сонымен қатар инновациялық белсенділікке қаржылық әсер етудің нормативті-құқықтық актілер деңгейінде бекіту. Тиімділіктің негізгі критері-пайда деңгейі. Ол инновациялық кәсіпорындардың қарамағында болады.

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек тұрақсыз экономикалық жүйе жоғарыда, жоғары инфляция процесі мен олардың экономикалық агенттерге әсер етуі нәтижесінде тікелей көмек көрсету екінші орынға қалады. Бұл жерде маңызды орынды жанама реттеу алады: салық жеңілдіктері, несиелер, несиеге проценттік төлемдер, сақтандыру, амортизациялық аударымдар және т.б.

Инновациялық белсенділікті жанама реттеу құралына негізінен өнеркәсіп өндірісі саласында салықтармен несиелер жатады (жеке қаржы

институттарындағы несие ресурсы, сонымен қатар тек өнеркәсіп өндірісіне бағытталған мемлекеттік несие). Ал амортизациялық аударымдар сұраныс шектеулерінің әсерінде болып отырады. Сақтандыру жанама әсер ету тек инновациялық қызметтің нормативті-құқықтық бағасы мен инфрақұрылымы дамыған жағдайда ғана тиімді болып табылады.

Отандық инновациялық қызметті қаржыландыру жүйесі үнемі дамып отыруда. Қазіргі таңда инновациялық қызметті қаржыландырудың көзі болып:

- мемлекеттік және аумақтық деңгейлерді бөлініп жатқан бюджеттік көмек;
- кәсіпорындар мен аймақтық басқару органдарында құрылған ҒЗКТЖ-ды қаржыландыру бюджеттік емес арнайы қаражаттары;
- әртүрлі коммерциялық құрылымдардағы қаржы ресурстары;
- арнайы инвестициялық банктердің несие қаражаттары;
- инновациялық жобалар үшін арнайы несиелер;
- шетел инвестрлары.

Қазіргі кезде Қазақстанда инновациялық белсенділіктің төмендеуі инновациялық қызметке салымдардың жоғары тәуекелімен байланысты болады. Бұл тәуекелдік жоғары болуы инновациялық процесті қаржы-несиелік қамтамасыз ету әдістері мен ұйымдастыру қағидаларының жетілмегеніне және инновациялық қызметті қаржыландырудың нормативті құқықтық негізінің жетілмегенімен де тығыз байланысты. Нақты өндірістік сектордағы инновациялық процесті тоқтатудың негізгі себептеріне келесілер жатады: тапсырыс берушілердің төлем қабілетсіздігі, ішкі және әлемдік нарықта өнімнің бәсекелестігі қамтамасыз ететін инвестициялық ресурстардың жетіспеушілігі.

Қазақстан үкіметінің алдында экономикаға ұзақ мерзімді ресурстарды тарту үшін оңтайлы жағдай жасау мәселесі қойылуда.

Ол ұйымдастырушылық экономикалық қатынастардың жиынтығын қалыптастыру қызметімен тікелей байланысты болады, ол инновациялық процесті қаржылық қамтамасыз ету үшін жүзеге асады.

Өнеркәсібі дамыған Батыс елдерінде инновациялық қызметтерді қаржыландыру негізінен мемлекеттік емес көздерден жүзеге асады. Жаңа технология мен өнеркәсіптік жаңалықтарға ішкі Қазақстан нарығында төлем қабілетінің төмендеуіне байланысты ғылыми зерттеу және жобалау жұмыстарына демеуші әрі бағыттаушы болып, ал жұмыстарға тапсырыс беруші болып мемлекет шығады. Бұл үшін несие немес қайтарымсыз субсидиялар беретін арнайы қорлар жүйесі қалыптасуда. Отандық инновациялық қызмет нарығы мен ғылыми сыйымды өнімдердің дамымауына байланысты арнайы қорлар, инновациялық қызметті қаржыландыру механизмін нарықтық шарттардың жағдайына жақындатуға көмек беруі. Мұндай қорлардың халық шарттардағы салалары бойынша қалыптастыру инновациялық қызметті қаржыландыру мәселелері бойынша шешімдерді орталықсыздандыруға мүмкіндік береді.

Нарықтық қатынастар жағдайындағы инновациялық саланы қаражаттық қамтамасыз етудің әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, мұндай қаржы үшін

тек орталықтан емес, сондай-ақ бюджеттік емес әртүрлі қорларды, шартты қайтару несиесі түрін қолдануға болатынын айтуға болады.

Орталықтанған қорлардан жаңа бәсекелі өнімге баға қосымшаларын төлеуге болады. Мемлекеттік инвестициялық саясат даму бағдарламасының негізінде іске асады. Оған жататындар:

- капиталдың тез айналымын және жоғары бюджеттік тиімділікті қамтамасыз ететін салаларда өндірісті дамыту;
- ғылыми сыйымды салалар мен жоғары технологияны, жоғары деңгейлі өңдеу салаларына қолдау көрсету;
- экономиканы технологиялық қайта құру негізінде бәсекелі машина жасау өнімін өндіру.

Мемлекеттік инвестициялық саясатта маңызды орынды экономикалық өсу ырғағының жоғарлауы алады және дәл осы Қазақстандағы экономикалық өзгерістердің негізгі бағыты болып табылады. Үкіметтің ағымдағы бағдарламасы оңтайлы инвестициялық жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Ол жоғары технологиялы өнімге, өндірістік қызметті қайта қалыптастыруға, өндірістің инфрақұрылымын жаңартуға және жеке секторға қуатты қайта құруға тікелей инвестицияның ағымына үлес қосады.

Экономиканың тоқырау жағдайында мемлекеттік бюджеттен тек жалпы экономикалық деңгейдің дамуына әсер ететін маңызды инвестициялық жобалар ғана қаржыландырылуы керек. Қайтымсыз бюджеттік қаражатты бөлген кезде несиені беру принциптеріне негізделуі керек, яғни тез, қайтару және төлем принциптері мемлекеттік бюджеттен бөлінетін ақша қаражатының қайтымын жоғарлату үшін басқа да принциптерді қолдануға болады:

- тез қайтым принциптері - ақша қаражатын қолда бар жүзеге асу кезеңінде тұрған немесе аз ғана жұмысты қажет ететін жобаларға салу. Мұнымен қатар қайтарым сөзінің мағынасы ретінде инвестициялық қаражаттың қосымша құнмен қайтарылуын түсіну керек;

- уақытша бөлу принципі - экономикалық барлық салаларын қамтитын инновациялық жоба инвестицияланады.

Экономикалық әртүрлі салаларына мемлекеттік бюджет қаражатын инвестициялау таңдауын жүргізгенде бірінші кезекке импорт алмастырушы тауарларына бәсекелі тауар және қызметке сұр. Жоғары тауарларға бағытталған өндіріске назар аудару керек. Инновациялық қызметке инвестиция тарту үшін несиесі пайызын төмендету керек. Бизнес-жоспарда маңызды орынды маркетингтік зерттеулер алады. Оның негізінде өнімді тұтынушылардың төлем қабілеттілігінің деңгейі анықталады. Капитал салымының өтелу мерзімі екі жылдан аспауы керек.

Инновациялық процестерді мемлекеттік-коммерциялық қаржыландыруды жүзеге асыру жобаларды сертификаттау мен инвесторларға мемлекеттік кепілдік беруді қарастырады. Жобаларды сертификаттау шетел және отандық инвесторлардың оған деген сенімділігін арттырады. Жекеменшік инвесторларға мемлекеттік кепілдік берілсе, онда мемлекет сол жоба іске аспай қалса, салынған ресурстың бөлігін қайтарып беруі міндетті.

Қаржылық салымдардың қайтымын қамтамасыз ету үшін тәуелсіз экспертиза жүйесін және инновациялық жобаларды сақтандыру процестерін қолдану керек.

Инновациялық қызметті қаржыландырудың ішкі көздері жетіспеген кезде, Қазақстанға ғылыми сыйымды технологияны тарту процесін қалыптастыру керек. Осыған байланысты инновацияны мемлекеттік қаржыландыру шегінде, мемлекет шекарасы арқылы дамыған техника және технологияны енгізуде кеден салығын толық жою мәселесін қарастырған жөн. Сонымен қатар отандық ғылыми сыйымды өнеркәсіпті қорғау мәселелерін де ескеру қажет.

Инновациялық қызметке бағытталған кәсіпорындардың меншікті көздері болып, акционерлер арасында бөлінбеген пайда бөлігі, амортизациялық аударымдар мен кәсіпорындардың акционерлік капиталы табылады. Ірі кәсіпорындар өндіріс дамуының қоры мен амортизациялық аударымдар қорында жинақталған, өз меншігіндегі қаражаттары арқылы конструкторлық және технологиялық жаңалықтарды игереді.

Өндірісті дамыту қоры негізінен өндірістің кеңеюі мен жаңалауына, ғылыми зерттеу, тәжірибелі-конструкторлық және технологиялық жобалар мен жаңа өнім түрлерін игеру үшін, өзінің айналымын қаражатын көбейтуге, сондай-ақ басқа да материалдық-техникалық базасын күшейту үшін арналады. Инновацияны іске асырушы кәсіпорындар үшін ең маңызды ғылыми-зерттеу және конструкторлық-тәжірибелік жұмыстарға (ҒЗКТЖ) жұмсалған шығынды өнімнің өз құнына енгізу алады. Қазіргі таңда ҒЗКТЖ-ға жұмсалған қаражат сомасы өз құнға енгізілмейді және бұл шығындарды есепке алудың әлемдік тәжірибесіне сай келмейді, бұл өз кезегінде кәсіпорындардың инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін қолданатын меншік қаражатының көлемін азайтады.

Бөлінбеген пайдадан қаржыландыру ірі орта немесе ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асыруда қолданылмайды. Себебі ол шаруашылық айналымынан ақша қаражат алумен, ол өндірістік тұрақтылықты бұзумен байланысты болып табылады.

Шетелдік компаниялар тәжірибесіне сүйене отырып, акционерлік капитал да жаңа өнім өндірумен байланысты ірі және орта жобаларды қаржыландырудың көзі болып табылатынын айту керек.

Отандық кәсіпорындар, инвесторлар үшін қайтымсыз капитал көзінің салымы болады. Себебі кәсіпорындарда құрылғылардың тозуы 50% жеткен. Негізгі құрылғылардың тозуы дегеніміз олардың физикалық және моральдық қасиеттерінің жойылу процесі. Амортизация - тозудың ақшалай көрінісі. Амортизациялық төлемдер өнімінің өзіндік құнының негізгі элементі болып табылады. Амортизациялық төлемдердің жаңа формасына енгізілуіне дейін Қазақстан Республикасының территориясында бірінші амортизациялық нормалар қолданылған. Амортизация негізгі құрал құнын, шығарылған өнімінің құнына енгізудің объективтік процесі. Амортизациялық төлемдер реновацияға жіберіледі. Реновация дегеніміз негізгі құрылымдардың бастапқы құнын

қалпына келтіру. Амортизациялық төлемдер амортизация нормалары арқылы есептеледі. Есептелген амортизациялық сомалар өнімінің өзіндік құнына есептеледі. Жаңадан түскен негізгі қорлардың амортизациясы келесі айдың бірінші күнінен бастап есептеледі.

Амортизацияны есептеу әдістері:

- біріңғай немесе сызықтық әдісі-амортизация негізгі құралдардың пайдалану мерзіміне байланысты есептеледі;

- кумулятивтік әдіс – кумулятивті сандар қосындысы арқылы анықталады. Комулятивті сандар негізгі қорларының пайдалану мерзімімен анықталады;

- регрессивтік әдіс - сызықтық әдістей нормалар қолданылады, бірақ амортизация бастапқы құнынан еселі қалдық құнынан есептеледі.

Қазіргі таңда амортизациялық аударымдар негізгі құрылымдарға салынған жалпы капитал салымының 7% ғана табады.

Кейбір елдерде мысалы Жапонияда арнайы амортизация әдісі қолданылады, ол қосымша салық жеңілдіктерін беруге негізделген. Оларға мысалы алғашқы жеңілдік беру әдісі және жай әдіспен есептелген амортизацияға нақты пайыз қосу әдісі. Атқарушы органдар жылдам амортизациясы қолданылатын белсенді өндірістік қорларды анықтап, ол жоғары технологиялық экономика саласына мен прогрессивті құрылғыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Акционерлік капиталда ірі және орта инновациялық жобаларды қаржыландыру көзінің негізі бола алады. Олар жаңа өнім түрі немесе техникалық қайта қалыпқа келуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның акционерлік қоғам түрінде ұйымдастырылған ұйымдары, инновациялық қызметке өз қаражаты жетпегенде қосымша құнды қағаз шығаруына мүмкіндік бар. Акция экономикасы тәжірибеде тек инновациялық қызметті қаржыландыру үшін ғана емес, сондай-ақ айналым құралдарын толықтыру, кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын арттыру үшін де қолданады. Инвесторлар нақты инновациялық жобалар туралы көрініс алуы керек, алдағы жұмыстың мерзімі мен көлемін, бизнес жоспарымен таныс болуы керек.

Өз құралдарын кәсіпорындар көбіне құнды қағаздар ашық орналастыру арқылы, инвесторларға келісім шарттар бойынша сату арқылы орналастырады. Құнды қағаздарды ресми түрде орналастыру - күрделі әрі қымбат үрдіс. Оны негізінен ірі кәсіпорындар жүзеге асыра алады. Шағын және орта кәсіпорындар акцияларын жекеше (жабық) түрде орналастырады. Бұл әдісті ірі кәсіпорындар акцияларын өз акционерлері арасында орналастырғанда қолданылады.

Бірақ инновациялық жобаларды қаржыландыруды қажет ететін отандық кәсіпорындар, көбінесе инвесторлар үшін қажет кіріс деңгейін өнімділік пен аз акцияларының сенімділігін қамтамасыз ете алмайды. Бұл акционерлік қоғамдар үшін инновациялық қызметті қаржыландыруды қиындата түседі және басқа жақтан ресурстар тартуға итермелейді.

Қазақстанның шаруашылық тәжірибесінде қарыз міндеттемесін қажет

қаржылық ресурстарды тарту үшін жер инновациялық қызмет үшін шығару кең таралмаған. Себебі оны қайтару мерзімінің ұзақтығы мен кірісінің төмендігі және оған деген мемлекеттік кепілдіктің жоқтығынан.

Сондықтан қарыз шарты инвесторлар үшін тиімді болуы керек. Соның нәтижесіне қаржылық тұрақтылық пен экономикалық өсу кезеңіне жетуге болады. Корпоративті облигациялармен қатар Қазақстанның қор нарығында деривативтер таралуы керек-опциондар мен варианттар. Оларға корпоративті құнды қағаздарды алу құны сатылады. Ол да инновациялық қызметке қажет қаржы қаражатын тартуға мүмкіндік береді.

Қазақстан экономикасының нақты саласындағы кіріс деңгейі экономикалық өсу мүмкіндіктерін анықтайды және келесілерге байланысты болып келеді:

- ұлттық тауар өндірушілердің өніміне бағаның әлемдік конъюнктурасына, себебі экспорттан қолма-қол ақша көп түседі;
- табиғи монополия қызметіне бағаның өсуіне;
- қарыз капиталының құнына, сондай-ақ экономикадағы ақшаның сан және сапасына.

Капиталдың жетіспеуі-өндірістік мүмкіндіктің іске асуы мен импортты алмастыру және сұраныстың кеңейтуге кедергі болатын себептердің бірі болып табылады. Зерттеулер нәтижесінде кәсіпорындардың тек жартысы ғана өз кірісін өндірісті дамытуға бағыттайтыны анықталды. Кірістің көп бөлігі қызметкерлердің еңбек ақысын жоғарылату мен мемлекеттік құнды қағаздарды жинақтауға жұмсалады екен.

5.2. Отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметіне қарыз қаражатын тарту

Инновациялық қызметті қаржыландыру үшін қаражаттарды тарту, коммерциялық несиелеу негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Тұрғындардың нақты кірісінің жоғарлауы мен мемлекетке сенімділіктің қайта орнына келуі инновациялық қызметке тұрғындардың жинақтарын тартуға мүмкіндік береді.

Коммерциялық несиелеу жабдықтаушылардың өз сатып алушыларына төлемді кейінге қалдыру түрінде, векселмен рәсімделеді. Вексельдік айналым инновациялық қызмет саласында кең таралуы мүмкін. Тұрғындардың ағымдағы жинағы бірнеше миллиард доллармен бағаланады. Бұл қаражаттардың көп бөлігі байлардың қолында. Ол тұлғалар бұл қаражаттарын қысқа мерзімде жоғары кіріс әкелетін активтерге, жинақтау көзі ретінде немесе шетелге жіберіп отыр. Шетелдерде жаңалық енгізулерді қаржыландыру үшін арнайы қор көздері тартылады, оларды кіші және орта кәсіпорындарға беру кезінде мемлекеттік кепілдік көрсетіледі.

Қазақстан нарығындағы трансұлттық компаниялар (шикізат саласында, қоғамдық тауар өндіріс, телекоммуникация саласы мен жоғары технология саласында) тұрып қалған өндірістік қуаттарға инвестициялар салмайды.

Инновациялық инвестициялар (венчурлы) негізінде альтернативті

капитал нарығының дамуы инвесторлар мен жаңа технологияны құрушылар арасындағы қызығушылықтардың келісуіне мүмкіндік береді.

Венчурлы (инновациялық) қорлар-инвестициялық қорлардың бір инновациялық өнімді тұтынушы мен құрушы, тұрғындардың жинақтары және мемлекет есебінен қалыптасады. Инновациялық қорлар, инновациялық жобаларды жеңілдіктер есебінен қаржыландыра алады. Ол инновациялық қызметті қаржыландырады әртүрлі көздерден қайта бөлу арқылы жүзеге асырады. Инновациялық қорлар инновациялық қорларды қаржыландырумен қатар, инновациялық кәсіпорындар мен жеке ғылымдар мен мамандарға қаржылық көмек көрсетумен айналысады.

Инновацияны қаржыландырумен байланысты тәуекел қордың акционерлік капиталындағы үлесінен бөлінеді. Пайда табу мүмкіндігі, бірнеше инновациялық жобаларға қаражат салу арқасында жоғарлайды.

Қаржы-несие қызметімен қатар, инновациялық қорлар көптеген делдалдық қызметтер атқарады: ақпараттық қамтамасыз ету, инновациялық жобалардың патенттік талдау, лицензиялау, кеңес беру және т.б. Мұның бәрі инноваторлар қызметіне оңтайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Венчурлы инвестициялар деңгейі Қазақстанда өте төмен. Ол венчурлы инвестиция жүйесінің дамуына мүмкіндік жасайтын құқықтық негіздің болмауына, интеллектуалды меншік саласындағы қатынастардың реттелмегенімен, инновациялық жобалардың нарықтық мүмкіндіктерін бағалайтын менеджерлердің болмауына байланысты. Венчурлы қорларды басқару, инновациялық жобаларды іздеу, сараптау, талдау, басқарумен айналысатын инновациялық компаниялармен жүзеге асады. Мұндай қор, қаражаттық қаражатынан басқа, инновациялық кәсіпорындарға маркетинг, аудиторлық (бухгалтерлер мен заңгерлер) ақпараттық және т.б. кеңес қызметтерін көрсетеді.

Қазақстанда венчурлы қорлардың көзі болып, сауда және өнеркәсіптердің артық капиталы жеке жинақ капиталынан тұруы мүмкін. Ұзақ мерзімді қаржы капиталын, зейнетақы қорлары және сақтандыру компаниялары беруі мүмкін. Венчурлы қорлар криминалды капиталдың көп бөлігін тартуы мүмкін. Мұндай салымға тәуекел капиталын салған инвесторлардың белсенділігі олардың материалдық қызығушылығының деңгейін көрсетеді. Мұндай қызығушылық келесідей жағдайға байланысты болуы мүмкін:

- жоғары пайыз алып келетін басқа капитал салу әдістерінің болмауы;
- несие нарығында басқа да операциялар үшін ссудалы пайыз мөлшерінің төмендігі;
- мемлекеттің ақша-несие саясатының тәуекелге қаржылық қолдауы;
- өнеркәсіп-қаржылық топтардың біріктірілген қызығушылығы және т.б.

Отандық венчурлы тәуекел нарығын дамыту үшін, менің ойымша несие ресурстарының нарығында жеңілдіктерді мемлекеттік жолдармен беру, оларға қолдау көрсету, сонымен қатар инновациялық фирмалар мен венчурлы кәсіпорындарға салықты төмендету керек.

Инновациялық жобаларды қаржыландыруда белсенді орынды

шетелдерде зейнетақы қоры алады. Бірақ Қазақстандағы зейнетақы қорлары коммерциялық қызметпен айналысуға құқы жоқ. Мемлекеттік емес зейнетақы қорларының активтерін орналастырумен арнайы компаниялар айналысады. Бұл қорлармен арақатынасы активтері басқару келісім шарты негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік емес зейнетақы қорларының активтері инновациялық жобаға салынған біздің елде 10 % аспайды. Ал экономикалық дамыған елдерде зейнеттік қорлары ірі инвесторлар болып табылады. Қазақстанның зейнетақы қорларының инновациялық жобаларды қаржыландыруын жоғарылату үшін олардың қызметін арнайы заңдарға, негіздеп, нормативті қамтамасыз ету керек.

Инновациялық процестерді жанама қаржыландыру түрі болып-франчайзинг табылады. Франчайзинг - жеке немесе заңды тұлғаға белгілі бір тауар белгісі арқасында, тауар немесе қызмет өндіруге, немесе сатуға лицензия беруі. Франчайзинг өндіріс технологиясын қалыптастыру, нарықты қамтуға, қызметкерлерді оқытуға, жарнамаға кететін шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді сондай-ақ басқа да қаржылық, технологиялық және коммерциялық көмек көрсетеді. Бұл жана кәсіпорындар өзі жеке құру кезінде пайда болатын тәуекел деңгейін қысқартады. Келісім шартта лицензия берілетін мерзім, тауар және қызмет өндірілетін немесе сатылатын территория, төлем түрі көрсетіледі.

Қазақстан тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) елдерінің ішінде тікелей шетел инвестициясын (ТШИ) көптеп тартатын негізгі мемлекеттің бірі болып табылады. Қазақстан ТШИ көлемі бойынша алдыңғы қатарлы орындарды иеленіп келеді. Қазіргі таңда ТШИ Қазақстан экономикасының кейбір секторларында маңызды орынды алады. ТШИ негізінен көп табиғи ресурсы бар секторларына бағытталады, ТШИ 50% мұнай-газ өнеркәсібіне салынуда.

Шетел инвесторлары және жалпы шетел капиталы ағынының өсуі Қазақстан Республикасындағы өтпелі кезеңінің жеңіл болуына әсер етеді. Бұл ішкі қаржы ресурстарының жетіспеуі мен маңызды сыртқы әсерлердің болмауы себептеріне байланысты да маңызды болып табылады. Осы шетел инвесторлары арқасында жаңа нарыққа және шетел «ноу-хау», технология мен инновациялық процестерді жүзеге асыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Капиталдың көп ағымы Қазақстан экономикасын жақсартудың негізгі шартының бірі болып табылады.

Шетел инвестициялары Қазақстан кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін артыруға үлес қосуы мүмкін. Себебі шетел капиталының тікелей салымдары, елдің сыртқы қарызын көбейтетін несиелерге қарағанда тиімді болып табылады. Ол отандық экономика саласында жаңа технологияны тартуға мүмкіндік береді. Экономиканың нақты секторына шетел инвестициясын тарту бойынша, мемлекеттік стратегияны іске асыру, елде оңтайлы инвесторлық жағдайды қалыптастыруға жол береді. Осы мақсатта басқарудың мемлекеттік органдары шетел инвесторлары үшін жеңілдіктер жүйесін құрып, оны салық және кеден кодекстерінде бекітуі керек.

Несие нарықтық қатынастар сипатына көбірек сай келеді. Ол инновациялық қызметтің барлық кезеңдерінде қолданыла алады.

Коммерциялық банктер ғылыми ұйымдар жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды келісіп шарт негізінде несиелей алады. Төлем ақысын жұмыс толық біткен соң төлейді. Банк инновациялық жобаның координаторы қызметін, ақша қаражаты ретінде белгілі бір орган атынан атқара алады. Бұл салынған қаражаттың тиімділігін арттырады және жүзеге асырушының жауапкершілігін артырады.

Қазақстанда ұзақ мерзімді несиелердің тәуекелі жоғары, оларға деген пайыз мөлшері ең төмен болып табылады. Ол қарыз алушылардың қаржылық мүмкіндіктерінің төмендігіне байланысты. Қазақстан банктері тек меншік капиталы жетіспеумен емес, резервтік мөлшердің жоғары болуымен сипатталады.

Инфляцияның төмендеуі, ақша массасының қысқаруы банктердің капитал салымының жаңа салаларын іздеуге мәжбүр етеді. Бірақ спекулятивті операциялардан бас тартып, өндірісті несиелеуге бас бұрған банктер күрделі қаржылық проблемаларға ұшырауда. Инвестицияны қажет ететін өнеркәсіптердің 1% ғана несие қайтаруға мүмкіндігі бар.

Экономикалық әдебиеттерде коммерциялық банктердің инновациялық қызметті несиелеуге бағытталған ұсыныстары көп. Кей жағдайларда банктердің пайдасының бір бөлігін бюджеттік емес инновациялық қорларды қалыптастыру үшін әкімшілік құқықтық әдістерді қолдану ұсынылады.

Үкімет инвестициялаудың маңызды бағыттарымен қатар, нақты секторды несиелеудің жаңа құралдарын да ұсынуда, мысалы авиациялық лизинг. Менің ойымша инновациялық салаға қызмет ету үшін несие мекемелерінің қызығушылығын арттыруға бағытталған күрделі әдістер қолдану керек:

- инновациялық жобаларды іске асырушы кәсіпорындардың жедел қарыз сомаларын қысқарту немесе мүлдем жою;

- отандық кәсіпорындардың инновациялық жобаларын несиелеуші коммерциялық банктердің міндетті резерв көлемін 50% төмендету;

- коммерциялық банктерден алынған несиелерді өз мерзімінде қайтаруға кепілдік беру. Оны Ұлттық банктің белгілі мерзімге пайыссыз несиелеу арқылы жүзеге асыру;

- инновациялық процестерді несиелеу мақсатында Ұлттық банктердің ресурстарын коммерциялық банктер төмен пайыз ставкаларымен беру.

Инновациялық қызметтің барлық кезеңдерін несиелеуші коммерциялық банктерге салық салу бойынша жеңілдіктер көрсету керек. Еліміздегі инновациялық қызмет саласын дамыту үшін инвестицияны тарту мәселесіне назар аударып, оны қолға алу керек.

Сонымен қатар инновациялық қызметте лизингтің алатын орны маңызды. Лизинг - кәсіпкерлік құрылымның және қаржылық институттардың байланысу формасы. Ол инвестициялық белсенділіктің өсуіне және кіші және орта кәсіпкерлікті қолдау әдісі болатын лизинг ретінде уақытша бос немесе тартылған қаржыларды инвестициялауға бағытталған кәсіпкерлік қызметті түсінуге болады.

Лизингтің дамуына байланысты «жаңа» теория қалыптасты, ол неге

тұтынушылардың жеке меншік құқы мен оны қолдану мүмкіндігінен ажыратуын қарастыра бастағанын түсіндіреді.

Осы теорияға сүйене отырып, өндірушілердің басты мақсаты - көп өндіру үшін активтерді жинақтау. Сондықтан тұтынушылар «жол қағидасын», ал банктер клиенттің алдыңғы нәтижелеріне қарап несие беруге жақын болып табылады.

Экономикалық дамудың қазіргі замандағы дамуы өндірістің дамуы мен жаңалануы, сондай-ақ өнімді өткізуде өтімді қаражаттардың жетіспеушілігін анықтады. Өндіріс саласына инновацияны енгізу қажеттілігі, лизинг операцияларының кең таралуына жол ашты. Көптеген кәсіпорын үшін лизинг-қаржыландырудың жалғыз көзі болып табылады. Осылайша лизингтік келісімдер, инновациялық процесті белсендіреді, лизинг алушы кәсіпкерлердің қаржылық жағдайын жақсартады, кіші және орта бизнестегі бәсеке жағдайын көтереді.

Сондай-ақ лизингті қаржылық қиындыққа шалдықпаған трансұлттық кәсіпорындарда тұтынады. Осылайша АҚШ-та фирмалардың 80% лизинг шартының негізінде өздеріне қажет машиналар мен құрылғыларды алуда лизинг капитал салымын қаржыландырушы ретінде қолдана бастады. Лизингтік операциялар келесі белгілері бойыша бөлінеді:

- шартқа тұрушы қатысушылар құрамы;
- лизингке берілетін зат түрі, оның өтеу деңгейі;
- амортизация шарты;
- қызмет ету көлемі;
- операциялар жүргізілетін нарық секторы;
- салық және амортизациялық жеңілдіктерге қатынас;
- лизинг төлемдерінің сипаты.

Қаржы лизинг көбінесе қымбат құрылғыларды бақылау-өлшеу техникасын, есептеуші электронды машиналар (ЕЭМ), көлік құралдары және т.б. қажет ететін ірі техниканың инновацияны тез игеру қажеттілігі туғанда қолданылады. АҚШ-та лизинг үлесі машина мен жабдықтардың жалпы көлемінің 30%-ын құрайды. Қаржылық жол жөніндегі келісім шарт бойынша (лизингте) жалға беруші (лизинг беруші) нақты сатушыдан келісім шарт бойынша бір меншік түрін жалға алушыға (лизинг алушыға) кәсіпкерлік мақсатта уақытша қолдануға береді:

1. «Стандартты» келісім шарт («Standard financial lease») лизинг нысанының иесі лизинг берушінің өзі болмаған жағдайда жүргізіледі. Бұл операцияда үш серіктес қатысады, ал лизинг операциясына келесі кезеңдер кіреді: жабдықты сатып алу, меншік құралын жалға және сатуға опцион жүргізу (иесіне келешекте қайсыбір активтерді тиянақталған бағамен (орындалған бағамен) сатып алу немесе сатуға берілетін құқық). Қарым қатынастардың үш нақты сипатын лизинг шартына қатысушы үш субъекті көрсетеді: жабдық иесі (лизинг беруші), жабдықты қолданушы (лизинг алушы), жабдықты сатушы (өндіруші-кәсіпорын).

2. «Қайтымды лизинг» келісім шарты («lease-back»); лизинг құралының

жабдықтың иесі жабдықтаушы лизинг берушіге оны сату сатып алу шартымен және сол жабдықты қаржы лизингі шартымен сатып алады. Бұл келісім шарт алғашқы иемденушіге өзінің қаржылық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл келісім шарт түрі инновациялық қызмет саласында кең таралған.

3. «Жабдықтаушы» келісім шарт түрі («deliver») - бұл лизинг құралы лизинг беруші болып есептелінеді. Жабдық ресми түрде сатылады және қаржы лизингі шартымен бірінші болып сатып алынады. Сонымен бірге соңғы тұтынушы болып үшінші тұлға табылады.

Лизингтік компаниялар, жалға алушыға тек құрылғыны жабдықтаушы таңдау құқын ғана емес, сондай-ақ келісім нысанын қабылдау құқын да береді. Қабылдаған құрылғының жөндеуін өндіруші кәсіпорындар және жалға алушының өзі жүргізеді.

Лизинг - бұл жалға берушінің жалға алушыға нақты затты, белгілі бір уақытқа беру келісімі. Лизингте ең азы үш қатысушы болуы керек: өндіруші, лизинг компаниясы, жалға алушы.

Жалға беруші ретінде лизингтік операцияларға келесілер кіреді:

- қаржылық лизинг компаниялары;
- арнайы лизинг компаниялары;
- брокерлік лизинг компаниялары;
- лизингпен айналысатын өнеркәсіп корпорациялары мен банктердің бөлімшелері;
- банктік ұйымдар;
- сақтандыру және зейнетақы қорлары.

Лизингте маңызды орынды банктер алады. Олардың қатысуы тікелей (егер олар машина және құрылғыларды өздері лизингке берсе) және жанама (егер олар лизингтік компанияларға несие берсе) түрде жүзеге асады. Ірі лизингтік операция әдетте банктің қатысуынсыз жүзеге аспайды. Мысалы, АҚШ-та өткен ғасырдың 70-ші жылдары 100 млн. долл. активі бар әрбір бесінші банк тікелей лизингке қатысқан, лизингтік операцияларға қатысушы банктер саны 500-ден асқан.

Сақтандыру компаниялары да тікелей және жанама түрде лизингке қатысады. Лизингтің негізгі артықшылығы, кәсіпкер құрылғыны алуға немесе жаңа өндірісті ашуға ірі шығындарды жұмсамайды. Бұл кіші және орта инновациялық кәсіпорындарға ыңғайлы. Мерзім өткен соң жалға берушіге зат қайтарылады немесе өзінің меншігі болып қалады. Тағы бір артықшылығы ол аванстық төлемді қажет етпейді, ол дамушы кәсіпорындардың материалдық негізін жаңартуға мүмкіндік береді. Ескі құрылғыларды жаңамен ауыстыру арқылы лизинг моральдік ескіру тәуекелін төмендетеді. ЭЕМ өндірісіндегі лидер болып табылатын IBM және Xerox көшірме техникасы фирмалары жыл сайын жаңа үлгілер шығарып, ескілерін лизингке бере отырып 50-70% кірісін қамтып отыр.

Өкінішке орай Қазақстанда лизинг қызметі нарығының инфрақұрылымы толық қалыптаспаған, лизингтік қызмет көрсету мүмкіндігі бар лизингтік компаниялар жоқтың қасы. Лизингтік операциялардың негізгі қатысушылары -

банктер лизингтік келісім агенттеріне қызмет етуге мүмкіндігі жоқ.

Қазақстанда лизингтік іскерлікті мемлекеттердің орны мен оған инновациялық бағыт беруге маңызды болып табылады. Инновациялық кезеңнің ұзақтығы мен мұндай өңдеу жұмыстарының құнының жоғарылығын есепке ала отырып, лизингтік келісімдерді әртүрлі көздерден қаржыландыруды қолдану керек. Жаңа өнімді өндіруші үшін лизинг тауарды нарықта ұсынудың негізгі құралы болып табылады.

Инновациялық қызметті жүзеге асырудың қиындықтары қатысушылардың тәжірибесінің болмауына, айналым құралдарының аздығына байланысты болып табылады. Инновациялық жобалардың көбі кіші және орта кәсіпорындарда жүзеге асады. Себебі көптеген ірі ескі кәсіпорындардың басшылары инновациялық процесті тиімді басқарып, енгізе алмайды, әртүрлі қолайсыз жағдайларды болдырмайтын негізгі бір жолы-сақтандыру болып табылады. Инновациялық салада тәуекелге бейімді екі капитал салымының құралы бар: құрылған жаңалықтар және техника-технологиялық база. Сондай-ақ олар меншікті ғана сақтандырып ғана қоймай, инвестициялық құралдар мен кәсіпкерлік қызығушылықтарды қорғауды ұйымдастырады.

Инновациялық қызмет субъектілері мен олардың материалдық құндылықтары әртүрлі қауіптерге төнуде. Олар инновациялық өнімнің тиімділігіне кедергі жасайды. Инновациялық салаға әсер ететін қауіптің бәрін есепке алып алдын алу мүмкін емес.

Инновациялық қызметті іске асыру процесінде келесідей сақтандыру түрлерін бөліп қарастыруға болады:

- өз қызметін атқару барысында денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушілердің жауапкершілігін сақтандыру;
- тұтынушыларға келтірген зиян келтіргені үшін өндірушілердің жауапкершілігін сақтандыру;
- қоршаған ортаны ластағаны үшін кәсіпкерлердің жауапкершілігін сақтандыру;
- өз міндеттерін орындамағаны үшін жауапкерлікті сақтандыру.

Инновациялық кәсіпкерлікті дамыту көптеген шығындарға алып келуі мүмкін. Өйткені инновация ол әрқашанда жаңа бастама, жаңа идея. Одан қандай нәтиже болатынын болжауға болады. Бірақ нақты тәжірибеде тәуекелді әртараптандыру қажет. Сондықтан кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін қаржыландыруда және қорландыруда мемлекеттік және жеке қаржылық мүмкіндіктерді бірлікте қолдану арқылы инновациялық тәуекелділік деңгейін төмендету тетіктерін жетілдіру қажет.

Кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін жетілдіруде венчурлік, концессиялық, лизингтік және франчайзингтік негіздегі нарықтық механизмдерді қолдану тетіктері жалпы инновациялық кәсіпкерліктің қарқынды дамуына қозғаушы күш ретінде әсер етеді. Сондықтан кәсіпкерлікті өркендетудің бұл түрлері кенінен ұлттық инновациялық жүйені дамыту барысында қолданған жөн.

Инновациялық қызметті жандандыру үшін бірінші кезекте қолданбалы ғылыми зерттемелерді қаржыландыру әдісін және оны қаржыландыру жүйесін өзгерту қажет.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың нәтижесінде ұсақ және орта сериялы өндірістер негізінде нарықты тауар және қызметтермен толтыру, жергілікті шикізат ресурстары мен өндіріс қалдықтарын кеңінен пайдалану, қоғамның «орта сыныбын» қалыптастыру және халықты жұмыспен қамту мақсатында қосымша еңбек салаларын және жұмыс орындарын көбейту мәселелері тез арада шешімін табады. Әсіресе, жұмыссыздық деңгейі елеулі белең алған кезеңде кәсіпкерліктің қосымша еңбек салаларын және жұмыс орындарын көбейтуге ықпал етуі оның маңыздылығы мен артықшылығын елеулі дәрежеде арттырады. Инновациялық кәсіпкерлік қызметпен айналысатын құрылымдарда жоғары қарқынмен жұмыс орындарын құру және осының негізінде халықты мүмкіндігінше толық жұмыспен қамтамасыз ету елімізде және оның жекелеген аймақтарында жұмыссыздықтың салдарынан туындаған әлеуметтік шиеленістерді азайтады.

Қазақстанның алдында нарық нысандарының өзара тауарлар мен қызметтерді өндірудегі бәсекелестікті қолдап және дамыту міндетімен қатар елімізде ғылыми сыйымды технологиялар саласындағы әлемдік бәсекелестіктің толыққанды қатысушыларына айналу үшін білім экономикасын дамытуға арналған іс-әрекеттерді жандандыру міндеті тұр.

5.3 Инновациялық қызметті жетілдіруде қаржы нарығын дамыту және бәсекелестікті қорғау

Монетарлық саясаттың мақсаттары экономикалық өсудің жоғары қарқынын сақтайтын инфляцияның төменгі деңгейін қамтамасыз ету, отандық тауар өндірушілерге қолайлы бәсекелестік жағдайды және елдің төлем теңгерімінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, банктік проценттік ставкаларды төмендетуін ынталандыру арқылы банктердің экономиканың нақты секторына кредит беруінің одан әрі өсуі үшін жағдай жасау болмақ.

Монетарлық саясаттың негізгі құралдары РЕПО операциялары сияқты ашық нарық операциялары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын шығару және вексельдермен қайта есептеме операциялары болады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкті РЕПО ставкасы және вексельдер бойынша есептеу ставкасы сияқты өзінің ресми ставкаларының реттеушілік рөлін күшейту шараларын қолдануды жалғастыра береді әрі оларды нақты мәніндегі әлсіз оң сипатын сақтайтын болады.

РЕПО операцияларын жүзеге асыру ережелері бойынша РЕПО операциясы, бір уақытта жасалатын, орындау мерзімінде айырмашылығы бар және бір атаудағы (репо операциясының заты болатын) бағалы қағаздармен жасалған, бір-біріне қарама-қарсы мәмілелердің тараптары (репо операциясының қатысушылары) бір тұлғалар болып табылатын, мәмілелердің жиынтығы болып табылады. Бұл ақша-кредит саясатын инфляция

көрсеткіштерін жоспарлауға көшуге дайындық үшін база болып табылады. Инфляция көрсеткіштерін жоспарлауға көшумен қатар жүргізілетін ақша-кредит саясатына сенімді арттырып, алға қойылған мақсатқа қол жетгізу жөнідегі міндеттемелерді қатаң сақтауды қамтамасыз ететін тетік жасалатын болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем жүйелері саласында микропроцессорлық карточкалар негізінде төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін енгізуге баса назар аударатын болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алдағы жылдары Еураазиялық экономикалық кеңістікке қатысушы (ЕурАзЭК) елдерінің орталық банктерімен бірлесіп ЕурАзЭК елдерінің ортақ төлем жүйесін ұйымдастыру және қаржы нарықтары интеграциясының басқа бағыттары бойынша жұмысты жалғастыра береді.

Монетарлық саясат қаржы нарығының тұрақтылығын сақтауға, сақтандыру нарығын, бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамытуға және банк жүйесін нығайтуға, банктердің экономиканың нақты секторына кредит беруінің одан әрі өсуі үшін жағдай жасауға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы жүйесін жетілдіруге жәрдемдесетін болады.

Валюта қатынастарын ырықтандыру. Қазақстан Республикасының қолданыстағы валюталық заңамасымен белгіленген шектеулер мен кедергілер нарықтық қатынастар дамып келе жатқан елдердің көпшілігіне тән.

Міндет валюталық операциялар жүргізу, уақыттың және халықаралық практиканың талаптарына сәйкес валюталық операцияларды реттеудің өзге әдістерін қолдану кезінде жекелеген шектеулерді кезең-кезеңмен алып тастауға келіп саяды.

Бағамдық саясат өңдеуші өнеркәсіп пен экспортқа бағдарланған саланы қолдауға бағытталатын болады.

Валюта режимі Қазақстанда ішінара ырықтандырылған. Қазақстандық тауарлар мен қызмет көрсетудің бәсекелестігін арттыру мақсатында АҚШ долларымен салыстырғанда теңгенің айырбас бағамын реттеуде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан валюталық реттеу деңгейі төмен деп тұжырымдауға болады. Қазақстанның қаржы нарығында шетелдік банктердің қатысуын кеңейту көзделуде.

Қазақстан стратегиялық тұрғыдан алғанда тауарлар мен қызмет көрсетулер, капитал экспортына бағдар ұстанған шағын, ашық экономикалы ел ретінде қалыптасуда.

Экономиканың ғаламдануы жағдайында дамыған ірі нарықтар тауарлар мен қызмет көрсетулерден гөрі, инвестиция іздестіруге неғұрлым баса назар аударады. Бұл олар үшін ұзақ мерзімді кірістердің жаңа көздерін ашуға мүмкіндік береді. Егер қазақстандық қаржы ресурстары Қытай мен Ресей сияқты ірі нарықтардың дамуына қатысатын болса, онда бұл кәсіпкерлерге табыстардың тұрақты және сенімді көзіне ие болуға мүмкіндік береді.

Қаржы нарығының қатысушыларын институционалдық дамыту. Қаржы нарығын қадағалау жөніндегі дербес бірыңғай реттеуші орган құру

жоспарлануда, оның қызметі аясында барлық қаржы институттарына жедел бақылау жасау және инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін кешенді қорғау жүзеге асырылатын болады.

Банк секторын дамыту. Банк секторын дамытудың негізгі бағыттарының бірі банктерден, банк қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан және микрокредиттік ұйымдардан тұратын кредиттеу жүйесінің үш деңгейін құру болып табылады.

Бірінші деңгей - банк секторын одан әрі дамыту, бұл орайда екінші деңгейдегі банктерде корпорациялық басқару және тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу, сондай-ақ ағымдағы қадағалау, оның ішінде банк қадағалауы жөніндегі Базель комитетінің Негізгі қағидалары мен стандарттарына сәйкес топтастырылған қадағалау әдістерін одан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру көзделеді.

Қаржылық жағынан тұрақты шетелдік банктер үшін банк секторының тартымдылығын арттыру жұмысы жалғастырылатын болады.

Бұған қоса қызметі банк қызметтерінің белгілі тізбесін жүргізуді көздейтін мамандандырылған банктер құрылатын болады. Атап айтқанда, осындай банктер құрудың тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі, мамандандырған ипотекалық банктер шеңберінде келешегі бар.

Екінші деңгей - қаржы институттарының кредиттік серіктестіктер сияқты түрлері дамытылатын болады, бұл орайда олардың заемшылары клиентураның негізгі бөлігін құрайтын шағын және орта заемшылар бола алады.

Үшінші деңгей - микрокредит берумен ғана айналысатын ұйымдардың қызметімен тікелей байланысты кредит беру жүйелері Микрокредиттік ұйымдар кредит беруді өз капиталы, гранттар және шағын кәсіпкерлерге арналған бағдарламаға қатысушылар жарналары есебінен жүзеге асыратын болады.

Сақтандыру нарығы. Сақтандыру секторын дамыту саласында шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың мүдделерін әртүрлі қатерлерден қорғаудың, тиімді тетігі және ұзақ мерзімді түрде ішкі инвестициялардың көзі ретінде сақтандыруды белсенді пайдаланатын қазіргі заманғы ұлттық сақтандыру индустриясы қалыптастырылатын болады. Сақтандыру жүйесінің әлеуетті республика экономикасын тұрлаулы түрде дамыту тетіктерінің бірі ретінде пайдаланылатын болады.

Сақтандырудың міндетті түрлері, оның ішінде міндетті әлеуметтік және медициналық сақтандыру, экологиялық сақтандыру және басқа түрлері енгізіліп, оларды тиімді қолдану қамтамасыз етілетін болады.

Сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту және оның кәсіби қатысушыларының (сақтандыру брокерлерінің, актуарийлер мен уәкілетті аудиторлардың) қызметін жандандыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының әртүрлі санаттарының қызметіндегі тәуекелдерді сақтандыру тиісті дәрежеде дамиды. Сақтандыру шарттары бойынша клиенттердің мүдделерін қорғау мақсатында сақтандырушыларға (сақтандырылғандарға, пайда алушыларға) сақтандыру

төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қор құрылды. Бірінші кезеңде міндетті сақтандырудың негізгі түрлері бойынша кепілдік беруді енгізу, ерікті сақтандыруды қоса алғандағы қалған барлық түрлеріне кепілдік беруді одан әрі кеңейту көзделуде.

Басымдықтардың бірі қаржы және азаматтық нормаларға сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату кезінде олардың кредиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып қала береді.

Бағалы қаздар нарығы. Бағалы қағаздар нарығын дамытудың 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған негізгі бағыттары мыналар болады:

- ішкі институционалдық инвесторларды дамыту;
- бағалы қағаздардың және олардың туындыларының сапасын жақсартуды ынталандыру және қаржы құралдарының жаңа түрлерін енгізу;
- инвесторлардың құқықтарын қорғауды жетілдіру және зейнетақы мен резервтік активтердің сақталуын қамтамасыз ету;
- бағалы қағаздар нарығының техникалық инфрақұрылымын дамыту;
- бағалы қағаздар нарығының екі деңгейлі жүйесін одан әрі дамыту.

Ірі институционалдық инвесторлар ретінде ресурстардың ең көп көлемін жинақтаған банктер ретінде екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ сақтандыру нарығының даму дәрежесіне қарай сақтандыру ұйымдары дамытылатын болады. Сақтандыру ұйымдарын дамыту шеңберінде олардың резервтік активтерін нарықтық бағалау зейнетақы активтерін бағалаумен бірыңғай стандартқа келтіріледі.

Бағалы қағаздар портфелін ұстап отырған брокерлік және дилерлік ұйымдарды және құнды қағаздар нарығының басқа да кәсіби қатысушыларын дамыту 2020 жылдан бастап олардың капиталдану деңгейін жоғарылату арқылы жетілдірілетін болады.

Қазақстандық акциялар мен облигациялардың инвестициялық тартымдылығын арттыру маңызды міндет болып табылады, мұның аясында корпорациялық басқару нормаларының сақталуына, ұсақ акционерлердің құқығы мен мүдделерін қорғаудың қағидаларын, акционерлік қоғамдардағы төлем тәртібін және акционерлік қоғам қызметінің ашықтығын нығайтуға, салық заңнамасының бағалы қағаздар бойынша кіріске салық салу бөлігінде жетілдіруге назар аударылатын болады.

Фискалдық саясат. Экономиканың жедел даму процесі кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмыс істеуі үшін ынталандыру жағдайларын жасаумен ұштасады. Бұл белгігі бір деңгейде салық режимінің жетілдірілуімен байланысты.

Жандану саясатынан экономикалық дамудың тұрақты жоғарғы қарқыны стратегияна көшу алынатын кірісті мемлекеттің халықтың және кәсіпорындардың арасында қайта бөлу процесін реттеу тетіктерін жетілдіруді қажет етеді. Бұл проблеманы шешудің өзектілігі экономикалық өсімнің негізін шикізаттарды өндіру және бастапқы қайта өңдеумен айналысатын салалар құрайтынында болып отыр. Бұл салалардың өнімдері елдің өнеркәсіп өндірісі мен экспорты көлемінің 70%-інен астамын иеленеді.

Бұдан басқа, экономиканың басқа салаларының, тауарлар мен қызмет көрсетулерінің ішкі өндірісінің жартысынан астамы шикізат секторы кәсіпорындарының тауарлар мен қызмет көрсетулерге деген қажеттігін қамтамасыз етеді. Бұл Қазақстан экономикасының тұрлаулы түрде дамуына кері әсерін тигізеді, өйткені мұнайдың металдар мен астықтың әлемдік бағаларының күрт құлдырауы елдің кептеген кәсіпорындарының жұмысының бұзылуына әсер етіп, мемлекеттік бюджетке кірістердің түсімін айтарлықтай қысқаруына ықпал етеді.

Республика экономикасының негізгі экспорттық тұрғыдағы әлемдік бағалар конъюнктурасына тәуелділігін азайту үшін қосылған құнның үлесі жоғары өнімдер өндірісін дамытуды ынталандыратын жағдайлар жасау қажет. Бұл мақсатта орта мерзімді кезеңде қосылған құны жоғарғы меншікті өндіріс өнімдерін өндіретін кәсіпорындар үшін корпоративті табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша салық салудың жекеленген тәртібін енгізу қажет.

Инновациялық белсенділікті дамыту және инновациялық түрдегі экономикаға өту республикадағы тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз етудің тәсілдерінің бірі болып табылады. Алайда, практикада бұл міндеттерді жүзеге асыру инновациялық инфрақұрылымның, инновациялық белсенділікті ынталандырудың іске қосылған тетіктерінің әлсіздігінен, инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерінің мүлдем болмай отырғандығынан күрделене түседі.

Экономиканың шикізаттық емес саласына инвестицияларды жеделдете тартуға ықпал ететін ұйымдық нысалдардың бірі еркін кеден аймағының айрықша режимі бар арнайы экономикалық аймақтарын (АЭА) құру болып табылады.

АЭА-ды дамыту үшін түрлі жоғары технологиялық қызмет түрлерін (ақпараттық технологиялар, биотехнологиялар, ядролық технологиялар, радиоэлектроника, байланыс және т.б.) ынталандыратын экономикалық қолайлы жағдай жасау қажет. АЭА-дың инновациялық әзірлемелерді игеруі кезеңінде олардың есептелген корпоративті табыс салығын азайту, мүлік салығын және жер салығын төлеуден босату заңнамамен айқындалады деп көзделуде.

Сонымен бірге, айрықша режимнің белгілі бір шектеулі аумақ шеңберінде қолданылуы экономиканың барлық салалары мен өңірлерді тең әрі тиімді дамыту міндетін толық көлемде іске асыруға мүмкіндік бермейді.

Бұл үшін ғылыми және инновациялық қызметті салықтық ынталандыру жөнінде қосымша ұсыныстар қарастырылады.

Салық салудың жеңілдік режимін енгізумен қатар инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау ғылыми және инновациялық инфрақұрылымды құру және дамыту процестерін қаржыландыру түрінде жүзеге асырылуы тиіс.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының инвестицияларды мемлекеттік қолдау жөніндегі заңнамасында ескірген тіркелген активтерді жаңартуды ынталандыру, ғылымды көп қажетсінетін және жоғары технологиялы жаңа

өндірістерге инвестициялар тартудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Негізгі қорларды жаңартуды ынталандыру салық төлеушілердің жиынтық жылдық табысынан қосымша шегерімдерге, қайта енгізілген тіркелген активтер бойынша мүлікке салық төлеуден және нақты инвестициялық немесе инновациялық жобаны іске асыру үшін алынған және пайдаланылатын телімдерге жер салығын төлеуден босату құқығы түрінде инвестициялық салық преференцияларын беру арқылы жүргізіледі.

Сонымен қатар өнімділікті төмендетуге, материалдық-энергия қажетін жоғарылатуға және тиісінше отандық өнімдердің бәсекелестік қабілетін төмендетуге алып келетін негізгі қорлардың моральдық және табиғи тозуы проблемасы сақталып қалып отыр. Қазіргі уақытта республикада негізгі құралдардың тозу дәрежесі экономикалық қызмет салаларына байланысты 50-75 % құрайды.

Негізгі қорлардың жай-күйін жан-жақты тексеру негізінде оларды тозу нормаларын қайта байқау мүмкіндігін жапңартуды ынталандырудың бірі ретінде қарастыру қажет.

Аталған жеңілдіктер экономиканың басым салаларындағы іскерлік белсенділікті ынталандыруға, тіркелген активтерді жаңартуға бағытталған және салық салудың әділ қағидатын бұзбайды.

Тариф саясаты және бәсекелестікті қорғау. Бәсекелестік – экономиканың тиімді дамуы мен жұмыс істеудің басты тетігі. Тиімді бәсекелестік үшін жағдай жасау, адал бәсекелестікті қолдау мен қорғау мемлекеттің индустриялық және инновациялық саясатының негізгі міндеті – экономиканың әртараптануы мен өнеркәсіпті жаңғыртуды іске асыруға ықпал етуі тиіс.

Байсалды инвестициялық саясат, сондай-ақ биржа саудасы тауар нарықтарында бәсекелестік ортаны қалыптастырудың негізі болып табылады.

Бәсекелестік саласындағы мемлекеттік саясат жосықсыз бәсекелестікке жол бермеу, шектеу практикасының шектен тыс шоғырлануы мен өсуі проблемаларын шешуге бағытталған. Бәсекелестік саясатының негізгі бағыттары:

- монополиялық бағаларды белгілеу, өндірісті негізсіз қысқарту мен монополиялық тауарлар мен қызмет көрсетулерді жеткізу, шарттарға кем қою талаптарын енгізу, басқа кәсіпорындардың тауар және қаржы нарықтарына кіруіне кедергі жасау, нарық субъектіері және оларды? бірлестіктерін құру, қайта ұйымдастыру, тарату, нарық субъектілерінің жарғылық капиталындағы акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алу жөніндегі монополистер әрекеттерінің жолын кесу арқылы басым жағдайға ие нарық субъектілерінің асыра сілтеуіне жол бермеу;

- бірыңғай бағалар мен тарифтерді белгілеуге, нарықты аумақтық принципі бойынша бөлуге, ықтимал бәсекелестердің нарыққа қол жеткізуін шектеуге немесе нарықтағы бәсекелестік субъектілер арасында сөз байласуға бағытталған, бәсекелестер арасындағы келісілген әрекеттердің жолын кесу

арқылы бәсекелестікті жоюға немесе шектеуге бағытталған жосықсыз бәсекелестік пен бәсекелестікке қарсы келісімдерге тыйым салу;

- мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік қызметке негізсіз араласуына жол бермеу. Мемлекеттік органдардың жекеленген кәсіпорындарға жеңілдіктер беруі, сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің белгілі бір тобына тауарлар мен қызмет көрсетудің бірінші кезектегі жеткізілімі туралы шаруашылық субъектілеріне нұсқау беруі арқылы бәсекелестікті шектеуге бағытталған әрекетінің жолын кесу.

Стратегияны табысты іске асыру мақсатында қазіргі күні қолданыстағы тарифтерді жасанды ұстап тұрудан бас тартып, табиғи монополиялар саласына барлық қатысушыларына - субъектілердің өздері мен олардың қызмет көрсетуін тұтынушылар мүдделері теңдестіруге қол жеткізуге бағытталған икемді тарифтік реттеу саясатына көшу қажет.

Бүгінгі күні экономиканы дамыту инфрақұрылымы болып табылатын табиғи монополия саласының, қарқынды өсуінсіз өнеркәсіп кешенін дамыту мүмкін емес.

Табиғи монополиялардың қазіргі жағдайы негізгі құралдар мен жабдықтардың тозу деңгейін жоғарылығымен сипатталады. Іс жүзінде оның барлық салалардағы моральдық, табиғи, тозу деңгейі сындарлы шекке жетті. Моральдық жағынан тозған жабдықты пайдалану ұсынылатын қызмет көрсетулер көлемінің азаюына, сапасының нашарлауына және апатты жағдайлардың туындауына әкеледі.

Бұдан өзге, жеке айналым қаражаттарының жеткіліксіздігі жабдықты ауыстыруға бағытталған капиталал салымдарын (инвестицияларды) жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Негізгі қорларды жаңарту оларды пайдалану тиімділігін, көрсететін қызметтердің сапалық сипаттамаларын жақсартудың және түптеп келгенде, экономикалық өсім мен ел индустриясын тұрақты дамытудың басты факторларының бірі болып табылады.

Бүгін тарифтік реттеу әдістері табиғи монополия саласына инвестицияларды тартуға қолайлы жағдайлар жасауды және өндірісті жаңғыртуға негізделген, аталған экономика секторының басып озатын қарқынына қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет.

Сондықтан, индустрияның тұрақты дамытуын қамтамасыз ету, олар көрсететін қызметтер сапасын жақсарту, өзіндік құны төмендету мен қызмет көрсетулерге тариф деңгейлерінің тұрақтылығы үшін тарифтік саясатты;

- инвестицияларды ынталандыратын және орта мерзімді кезеңде тарифтердің тұрақтылығын қамтамасыз ететін тарифті қалыптастырудың жаңа әдістерін енгізу;

- есептеудің халықаралық стандарттарын және тиісті қызметтер көрсету түрлері мен шығындар элементтері бойынша шығындарды бөлек есептеу әдістерін енгізу;

- табиғи монополиялардың тұтынушыларға әсерін талдау үшін ақпараттық мәліметтер базасын жасау арқылы одан әрі жетілдіру қажет.

Аталған іс-шараларды кең ауқымда іске асыру және тарифтерді белгілеудің жаңа әдістерін енгізу табиғи монополия саласында жұмыс істейтін кәсіпорындарды жаңғырту әрі ресурстарды сақтайтын және шығыны аз жаңа технологияларды енгізу үшін, олардың қайтарымдылығы мен 5 жылға дейінгі перспективада тарифтердің тұрақтылығын қамтамасыз етуі тиіс.

Экологиялық саясат. Мемлекеттің экологиялық саясаты өндірісті экологияландыруға бағытталған.

Қоршаған ортаны қорғау шешілу нәтижесі экономиканың барлық салаларына, сондай-ақ мемлекеттік саяси және әлеуметтік жағдайына ықпал ететін, стратегиялық міндет болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық қайта өзгерістердің күллі жетістігі қоршаған ортаны қорғау және табиғатты орынды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатқа тікелей байланысты.

Республикада қоршаған ортаның жағдайы қанағаттанғысыз болып отыр әрі ауаның, топырақтың және судың ластануы халық денсаулығына кері әсер тигізуде. Бұл факторларды өнеркәсіпті және тұрмыстық қалдықтардың және ластанған ағын сулардың шоғырлана жиналуы едәуір күшейте түсуде. Елде ескірген технологиялардың болуы ластайтын заттарды қоршаған ортаға тастаудың жақын арада азаймайтынын болжауға негіз болады.

Экономика салаларын қалпына келтіру мен дамыту ластанған заттарды қоршаған ортаға шығару мен тастау көлемін бір деңгейде ұстап тұрған кезде жүзеге асырылуы тиіс. Сондықтан өнеркәсіпті дамыту, қала құрылысы және басқа да ауқымды кез келген салалық бағдарламаны әзірлеу кезінде, оның қоршаған ортаға әсерін бағалау мәселелері қаралуы тиіс. Осылайша қоршаған ортаны басқару жүйесін жетілдіретін экономиканы экологияландыру жүзеге асырылуы тиіс.

Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру, қоғамның барабар қажетіне орай, пайдалану процесін реттеу үшін, өндірістің есуі кезінде қалдықтарды шығару, тастау және жиналу деңгейін тұрақтандыру қажет әрі қарай осы шарттарды сақтай отырып, қоршаған орта объектілерін қалпына келтіру жөніндегі нақты шараларды дәйекті түрде жүзеге асыру қажет. Бұл қолданысты табиғатты қорғау заңнамасын халықаралық талаптарға сәйкес келтіруді сөзсіз талап етеді.

Экономика мен экологияның ортақ мүдделерін барынша жақындата түсу үшін экспорттық саясатты өзгерту, жоғарғы технологиялық өндірістерді дамыту, табиғи ресурстарды мейлінше аз пайдаланатын, қоршаған ортаға мейлінше аз залал келтіретін өндірістерді құру қажет.

Экологиялық қауіпсіздік проблемаларын кешенді түрде шешу үшін қоршаған ортаны нормадан артық, ластайтын кәсіп орындар үшін міндетті экологиялық аудитті енгізе отырып халықаралық стандарттардың ИСО сериясы 14001 және ИСО сериясы 9001 «Сапа менеджментінің жүйесін» тәжірибеге енгізу қажет.

Қоршаған ортаны басқару жүйесі ИСО сериясы 14001 пайдалану табиғатты қорғау заңнамасын жақсартуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды ынталандыруға, өнеркәсіп кәсіпорындарының экологиялық

міндеттемелерін орындауға, нәтижесіне импорт пен экспорт өнімдері бойынша көптеген проблемаларды шешуге байланыс дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруге ықпал етеді.

Жоғары технологиялы өнімдерге, тауарларға, қызмет көрсетулерге бағытталған экономикалық даму қоршаған ортаға салмақтың аз түсуін қамтамасыз етеді.

Барлық экономикалық іс-әрекетте табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану принцип болуы тиіс. Қалдықсыз технологияларды мемлекет марапаттауы тиіс. Әуе бассейні. Республика қалалары әуе бассейнінің тым ластануы ластанушылардың металлургия, мұнай өңдеу және химия өнеркәсібі кәсіпіндарының автомобиль және темір жол көлігінің зиянды заттарды шығаруынан, сондай-ақ қоспаларды сейілтетін қолайсыз климаттық жағдайлардан туындап отыр.

Инновациялық үрдістерді қаржыландыруды басқару мәселесі оның кең ауқымды өсімі бойынша объективті түрде күрделенуде. Қазіргі қоғамның нарықтық қатынастары инновацияларды басқару жүйесіне қатты талаптарды қоюда.

XIX-XX ғасырларда басқару тапсырмаларының сандық өсуі ғана емес, сонымен қатар олардың сапалық күрделенуі көрініс тапты. Инновацияны қаржыландыруды басқару саласындағы жұмыс табысты болған сайын, басқару объектінің сандық және сапалық өзгеруі тезірек болады. Ғылымды дамыту диалектикасы және инновацияларды басқару тәжірибесі жаңа ұйымдық проблемаларды үнемі айқындау қажеттілігінен, оларды шешудегі құралдарын және әдістерді іздеуден тұрады.

Нарықтық жағдайда инновацияларды басқару жүйесі негізгі түрде қалыптасады. Шаруашылық өмір жағдайларының барлық кешендеріне өзгерістер қажет — өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық, қаржылық-экономикалық. Нарықтық экономикаға көшу кезінде инновацияларды басқарудың ұйымдық құрылымдары, қайта өндіру процесінің қатысушыларының өзара әрекет ету формалары жаңа көрініс табады, салалар арасында шектер бұзылады, инновациялық процестердің әр түрлі кезеңдерінің шоғырлануы дамиды.

Қазақстан Республикасындағы іске асып жатқан инновацияларды басқару механизмінің басты проблемасы болып ғылым мен өндірістің арасындағы өзара байланыстылығының және өзара әрекет етуінің тиімді тізбегінің болмауы табылады. Микро- және макро - экономикалық мүдделерді сәйкестендіретін және осыған жауапты болатын біртұтастылық ұжымдық жүйе жоқ.

Соңғы жылдары инновацияларды басқару көптеген өзгерістерге ұшырады. Бұрынғы басқару жүйесі бойынша кәсіпорын жабық жүйе ретінде қарастырылды, ал оның қызметінің табысы негізінен ауыспалы ішкі ортаның әсеріне байланысты болады. Осындай басқару жүйесінде мақсаттар мен міндеттер ұзақ уақытқа алдын ала белгіленген және тұрақты деп есептелген. Отандық экономиканың тиімді экономикалық қайта құрулары инновацияларды басқару жүйесін және жаңғыртуды талап етті. Осыған байланысты, қазіргі

этапта басқару парадигмасының мағынасы қайта қаралды, бұл әр түрлі елдерде жүзеге асырылатын ғылым мен техника саласындағы әлемдік қайта құру әсеріне байланысты. Қоғам ақпаратты ашық, сонымен бірге инновацияларды басқарудың мағынасы мен рөлді түсінудегі түбегейлі жаңаруы бола бастады, яғни оның әлеуметтік уағдалы, кең ауқымдылығы, тиімділігі.

Нарықтық механизмдерді қалыптастыру мен дамытуға бағытталған Қазақстан экономикасының қайта құрылуы инновацияларды басқарудағы теоретикалық концепциялардың қайта қаралуын талап етті. Қазіргі жағдайда Қазақстанға инновацияларды басқарудағы жаңа концептуалды модель қажет. Осыған байланысты, инновацияларды қаржыландыруды басқарудағы жаңа парадигманы жасауға қажеттілік туады. Жаңалық енгізудің басқару жүйесінің мазмұны бойынша мыналарды қамтиды: жиын жүйесі, ғылыми-техникалық және басқарушылық ақпаратты өңдеу мен талдау; басқарудың ұжымдық құрылымы — билік пен жауапкершілікті бөлу, барлық деңгейдегі міндеттер мен құқықтардың теңдігі; шешімдерді қабылдау механизмі, олардың атқарушыларға жеткізілуі және атқаруды бақылау; кадрларды іріктеу мен орналастыру жүйесі, оларды жаңалық енгізудегі басқару үдерісіне қатыстыру.

Инновацияларды басқарудағы ұсынылған парадигма жағдайлық, жүйелік, инновациялық тәсілдерге және стратегиялық басқаруды қолдануға негізделген. Кәсіпорын оны «ашық жүйе» ретінде қарастырады, қызмет тиімділігінің алғышарттары оның инвестициялық белсенділігіне негізделеді.

Жүйелік тәсіл қазіргі түсінікте инновацияларды басқарудағы тиімділігін, ұйымдастырушылығын, сапасын көтеруге мүмкіндік береді. Жүйелік тәсіл басқарудың философиясы және нарықтық экономика жағдайында тіршілікке қабілетті әдісі болып табылады. Бірақ, инновацияларды басқаруда барлық жағдайларда қолданылатын бір ғана принцип жиынтығы жоқ. Кәсіпорынның әрбір жағдайы талдануы және соған сәйкес сипатта басқарылуы керек.

Берілген тәсіл әр бір ерекше жағдайларда инновацияларды енгізуде баламалы негізді жасайды. Басқарудағы инновациялық тәсілдің мағынасы республика экономикасының ісі инновациялық қызметті қарқындатуға бағытталған, бұл экономиканың және басқару жүйесінің дамуының қозғаушысы болып табылады. Сонымен бірге өндіріс факторлар және инвестициялар ғылыми негізделген қызметтің құралдары болуы керек.

Инновациялық қызметті қаржыландыруды басқарудың мақсаты ұйымның ғылыми-техникалық және өндірістік қызметінің негізгі бағыттарын анықтауға негізделген, яғни жаңа өнім мен технологияларды өңдеу мен енгізу, шығарылатын өнім мен технологияларды жаңарту, жетілдіру, өнімнің дәстүрлі түрлер өндірісінің келешекте дамуы, моральды түрде ескірген өнімдер өндірісін тоқтату.

6 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

6.1 Қазақстанда ұлттық инновациялық инфрақұрылымды дамытудың негізгі бағыттары

Қазақстанда индустриялық-инновациялық дамуының стратегиясы экономика салаларын әртараптандыру және дамудың шикізаттық бағыттылығынан арылу жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізуін көздейді, бұл ретте инновациялар ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттігін айқындаушы негізгі фактор ретінде айқындалады.

Инновациялық инфрақұрылым субъектілері орындайтын негізгі функциялардың тізбесі:

- инновациялық даму субъектісін ұйымдық-құқықтық қалыптастыру процесіне жәрдемдесу жөніндегі қызметтер;
- бизнес-қызметтердің кешені (кешендік консалтинг);
- ақпараттық-коммуникациялық қамтамасыз ету;
- жалпы пайдалану - зертханалық, өндірістік жабдығына қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- білім беру қызметтер кешені;
- технологиялар трансферті;
- өкілдік қызметтер (серіктестік байланыстар орнату).

Қазіргі сәтте Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымын мемлекеттік бюджет (республикалық, жергілікті бюджеттер, мемлекет қатысатын ұйым қаражаты) қаражатының қатысуымен құрылған, сондай-ақ мемлекет құрған сервистік даму институттарының қатысуымен құрылған жұмыс істеп тұрған субъектілер құрайды.

Қолданыстағы инфрақұрылым оның субъектілерінің арасындағы өзара әрекет етудің қажетті деңгейін қамтамасыз етпейді және ҰИЖ-ға қатысушылардың қызметінің процесіне және өзара іс-әрекетіне қажетті сервистердің барлық тізбесін ұсынатын кешендік ұйымдардың жүйесі болып табылмайды.

Қазақстанда ұсынылған инновациялық инфрақұрылымның сапасы мен саны Қазақстанның инновациялық даму ерекшелігін, нақты алғанда мыналарды:

- инновациялық әлеуетке ие өңірлерді аумақтық шоғырландыру және өңірлердің инновациялық инфрақұрылымды жеткіліксіз қамтуы;
- қолдау инфрақұрылымын салалық та, өңірлік инновациялық даму процестер ретінде де құру қажеттілігін;
- Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының бірінші кезеңіндегі, бір өңірде инновациялық инфрақұрылым объектілерінің көп санын қажет етпейтін инновациялық бастамалардың салыстырмалы төменгі санын;
- шығындардың орындылық қағидатының қажеттілігін және олардың мемлекеттік бюджеттің мүмкіндігіне сәйкестігін;

-инновациялық инфрақұрылым ұйымдарының олар жекелеген функцияларды қайталаумен болдырмау үшін мейлінше оңтайлы нысандарын таңдауды;

ҰИЖ-дың барлық элементтері мен қатысушыларының өзара іс-қимыл процестерін ақпараттық қамтамасыз ету жүйесінің нақты болмауын және оны құрудың аса қажеттілігін қанағаттандырмайды.

Қазақстандық бизнес–инкубаторлардың қызметінің шағын ғана тәжірибесі олардың бірқатар ерекшеліктері мен өзекті мәселелері бар екенін көрсетті, атап айтқанда:

- көптеген бизнес–инкубаторлар халықаралық қорлар мен ұйымдар қолдауымен құрылған;

- жеке бизнестің бизнес–инкубаторларды құруға деген ынтасының жеткіліксіздігі;

- жоғары оқу орындары базасындағы инкубаторлардың аз болуы;

- технологиялық бизнес–инкубаторларды қалыптастыратын және дамытатын бірден-бір орта – еліміздегі технопарктердің аздығы;

- бизнес–инкубаторлармен көрсетілетін қызметтердің шектеулі болуы;

- технологиялық бизнес–инкубаторлардың тиімді дамуына жағдай жасайтын инновациялық кәсіпкерлік ортасының болмауы;

- қаржыландырудың жеткіліксіздігі және осы аталған мәселелерді шешудің ғылыми негізделген тетіктерінің қалыптаспауы, т.б.

«Ұлттық инновациялық қор» АҚ қызметінің басты мақсаты елдегі жалпы инновациялық белсенділікті арттыруға, соның ішінде жоғары технологиялық және ғылыми сыйымды өндірістерді дамытуға бағытталған. Әйтсе де, бұл қор Қазақстанның инновациялық әлеуетінің дамуына қажетті деңгейде ықпалы болмай отыр.

Оның себебі ретінде қордың елдегі венчурлық кәсіпкерлікті дамыту тетіктерін ұсына алмауын, отандық ғылыми зерттеулерді дайын өнімге дейін жеткізетін ғылыми-өндірістік тізбектің қалыптаспауын, қоғамда ғылымға деген қызығушылықтың төмендігін, қордың қатысуымен құрылған инновациялық жобалардың қажетті тиімділікті көрсетпеуін және жоғарыда автормен анықталған, инновациялық инфрақұрылымның басқа субъектілеріне тән мәселелерді көрсетуге болады.

Инновациялық идеялардың пайда болуы жаңа ғылыми нәтижелерді пайдалану мүмкіндігі фундаментальды кезеңде және іздестірушілік зерттеулерінде, қолданбалы зерттеулерде, өңдеулерде жүзеге асады.

Жаңа техниканы жасау және меңгеру процесі жаңа ғылыми білімдерді алуға бағытталған іргелі зерттеулерден (ІЗ) басталады. ФЗ-ның мақсаты — құбылыстар арасындағы жаңа байланыстарды ашу, табиғаттың даму заңдылықтарын түсіну. Теориялық зерттеулердің нәтижелері ғылыми жаңалықтарда, жаңа түсініктерді ұсыну мен дәлелдеуде, жаңа теорияларды жасауда көрініс табады. Іздестірушілікке негізгі міндетті қамтитын идеялар мен технологиялардың жаңа принциптерін ашудағы зерттеулер жатады. Іздестірушілік ІЗ қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырудың жаңа әдістерін

экспериментальдік тексерумен және дәлелдеумен аяқталады. Барлық іздестірушілік ІЗ академиялық мекемелерде, ЖОО-да, сонымен қатар ірі ғылыми-техникалық өнеркәсіптік ұйымдардағы жоғары ғылыми білікті персоналдарында жүргізіледі.

Инновациялық процестің келесі кезеңі — қолданбалы ғылыми-зерттеушілік жұмыстар. Олардың орындалуы теріс нәтижелерді алумен байланысты болып келеді. Қолданбалы ғылыми-зерттеушілік жұмыстарды жүргізуге құралдарды салу кезінде тәуекелділік пайда болады. Егер инвестициялар инновацияда тәуекелділік сипатта болғанда, олар тәуекелді инвестициялар деп аталады.

Тәжірибелі-конструкторлық және конструкторлы-жобалау жұмыс кезеңдері жаңа өнім түрін өңдеумен байланысты. Ол эскизді-техникалық жобалауды, жұмыстық конструкторлық құжаттамалауды шығаруды, тәжірибелі нұсқаларды сынауды және жасауды қарастырады.

Тәжірибелі-конструкторлық жұмыстар (ТКЖ) техникалардың, материалдардың, технологиялардың жаңа нұсқаларын жасау үшін қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін қолдануда көрініс табады. ТКЖ — бұл ғылыми зерттеулердің қорытынды сатысы және зертханалық жағдайлар мен экспериментальдық өндірістерден өнеркәсіптік өндіріске өзгеше түрде өтуі. ТКЖ-ға мыналар жатады: инженерлік объектінің белгілі конструкциясын өңдеу, жаңа объектінің нұсқаларын және идеяларды өңдеу, технологиялық процестерді өңдеу.

Инновациялық жобаның күрделілігіне байланысты (жаңа өнім түрін меңгеру және өңдеу) инновациялық қызметтің бастапқы кезеңінде шешілетін міндеттер әр түрлі болуы мүмкін. Көбінесе, ірі инновациялық жобаларды меңгеру және өңдеу кезінде ғылыми-зерттеулер жұмыс нәтижелерінің жүйелік интеграциясы жүзеге асады.

Бастапқы кезеңдегі жұмысты атқарушылары болып ғалымдардың шығармашылық ұжымдары, ЖОО-дың, университеттердің, институттардың, мемлекеттік және ғылыми-техникалық орталықтардың (ҒТО) инженерлі-техникалық жұмысшылары табылады.

Инновациялық қызметтің нәтижесінің тәжірибелік жұмысын жасау нарықтық кезеңде жүзеге асады, бұл нарыққа енгізуді, нарықты кеңейтуді, өнімнің жетілуін және төмендеуін қамтиды (2 кесте).

Өндірістің алдын алу сатысында тәжірибелі және экспериментальды жұмыстар жүргізіледі. Ғылыми зерттеулер мен өңдеулерді жүргізуге қажетті экспериментальдық жұмыстар арнайы құрал-жабдықтарды қамтамасыз етуге, жасауға, жөндеуге бағытталған.

Өнеркәсіптік өндіріс сатысы екі кезеңнен тұрады: жаңа өнім өндірісі және оны тұтынушыларға жеткізу. Біріншісі — бұл тұтынушылардың сұранысымен анықталатын, материалданған жетістіктердің ғылыми-техникалық өңдеудегі тікелей қоғамдық өндірісі. Екіншісі — жаңа өнімді тұтынушыға жеткізу.

Инновациялық процестің ҒТП-тен айырмашылығы, ол енгізумен аяқталмайды, яғни жаңа өнімнің нарықта бірінші пайда болуы және қызмет

көрсетуі. Бұл процесс енгізуден кейін де тоқтамайды, өйткені тарату (диффузия) шаралары бойынша жаңалық әбден жетіледі, тиімдірек болады, бұрын белгілі болмаған тұтынушылық қасиетті иемденеді. Бұл оған жаңа нарық пен қолдану саласына және жаңа тұтынушыларға жол ашады. Осылайша, бұл процесс нарық талап ететін өнімдерді жасауға, қызмет көрсетулерге бағытталған және тығыз біртұтас ортада жүзеге асатын: оның бағыттылығы, қарқындылығы, мақсаттары әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты және онда ол қызмет атқарады, дамиды.

2 кесте – Қазақстанда инновациялық инфрақұрылымның даму бағыттары

Инновациялық ин-фрақұрылым элементтерін құру (техно-полистер, технопарктер, инновациялық бизнес–инкубаторлар, инновациялық қор-лар, инжинирингтік орталықтар және т.б.)	Инновациялық инфрақұрылымның мамандандырылған субъектілері құрылды (ұлттық және өңірлік технопарктер, технологиялық бизнес–инкубаторлар, «Ұлттық инновациялық қор» АҚ)
Инновациялық қызметті қаржыландыратын венчурлық қорлар құру	Ұлттық инновациялық қор» АҚ қатысуымен отандық алты венчурлық қор құрылды («Сентрас», «Әрекет», «Адвант», «Almaty venture capital», «Glotur Technology Fund», «АИФРИ Center Capital»)
Инновациялық инфрақұрылым элементтерін дамытуға ықпал ететін және ынталандыратын арнайы құрылымдарды қалыптастыру	Самұрық-Қазына», «Зерде», «Арна Медиа», «Парасат», «ҚазАгро» және басқа ұлттық холдингтік компаниялар мен олардың құрамындағы ұлттық компаниялар және даму институттары, экономиканың басым бағыттары бойынша құрылған кластерлер, өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, корпоративтік көшбасшы компаниялар, арнайы экономикалық аймақтар қалыптасты

Инновациялық ортаның әр түрлі деңгейлерінде пайда болатын диффузды процестердің мәні жаңалықтар мен жаңалық енгізудің тепе-теңдік күйде таралуының ғылыми-техникалық, өндірістік, ұйымдық-экономикалық қызметтердің іскерлік циклмен және қызмет көрсету сферасымен анықталады. Соңында диффузды процестер қоғамдық өндірістегі жаңа технологиялық тәртіптерге басымдылық жағдайды алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге экономиканың құрылымдық қайта құрылуы жүзеге асады.

Инновациялық қызметтің келесі негізгі ұйым формалары бар:

- ғылыми орталықтар және корпоративтік құрылымдар құрамындағы зертханалар. Олар ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТКЖ) жүзеге асыруға, жаңа өнім мен қызметтер өндірісін және меңгеруді ұйымдастыруға бейімделген;

- уақытша шығармашылық ғылыми ұжымдар немесе орталықтар, бұлар белгілі бір ірі және оригиналды ғылыми-техникалық мәселелерді шешу үшін құрылады. Қойылған мақсатқа жеткеннен кейін осы ұжымдар немесе орталықтар тарап кетеді немесе қайта құрылады.

- мемлекеттік ғылыми орталықтар (MFO) — мемлекеттік ғылыми ұйымдардың ерекше типі, келісуді қамтамасыз етуге бейімделген, бір жағынан, мемлекеттің ұзақ мерзімдік стратегиялық басымдылықтарының ғылым мен техника маңызды бағыттарын дамыту, екінші жағынан, ғылыми-техникалық қызметтің экономикалық және әлеуметтік мүдделерінің нақты субъектілері;

- технопарктік құрылымдағы әр түрлі формалары (ғылыми технологиялық және зерттеушілік парктер, инновациялық, инновациялы-технологиялық және бизнес-инновациялық орталықтар, бизнес инкубаторлары, технополистер).

Қазақстандық бизнес-инкубаторлардың қызметінің шағын ғана тәжірибесі олардың бірқатар ерекшеліктері мен өзекті мәселелері бар екенін көрсетті, атап айтқанда:

- көптеген бизнес-инкубаторлар халықаралық қорлар мен ұйымдар қолдауымен құрылған;

- жеке бизнестің бизнес-инкубаторларды құруға деген ынтасының жеткіліксіздігі;

- жоғары оқу орындары базасындағы инкубаторлардың аз болуы;

- ғылыми-техникалық, технологиялық бизнес–инкубаторларды қалыптастыратын және дамытатын бірден-бір орта – еліміздегі технопарктердің аздығы;

- бизнес–инкубаторлармен көрсетілетін қызметтердің шектеулі болуы;

- технологиялық бизнес–инкубаторлардың тиімді дамуына жағдай жасайтын инновациялық кәсіпкерлік ортасының болмауы;

- қаржыландырудың жеткіліксіздігі және осы аталған мәселелерді шешудің ғылыми негізделген тетіктерінің қалыптаспауы, т.б.

Өнеркәсіптік секторда шағын және орта кәсіпорындарды дамыту жөніндегі бизнес-инкубаторлардың тиімсіз қызметі факторларының бірі өндірістік үй-жайлардың, қызметтің негізгі емес түрлерінің қызметкерлер құрамын ұстап тұруға ақталмаған шығыстардың жоқ болуы, жеке қаражаттардың, сондай-ақ инновациялық өндірісті құруға арналған несиелік қаражаттардың болмауы болып табылады.

Технопарктер — бұл ғылыми-өндірістік территориялық кешендер, бұлардың мақсаты шағын және орта ғылымды қажетсінетін инновациялық фирма-клиенттерінің дамуына қажетті жақсы ортаны қалыптастыру болып табылады. Технопарктердің құрылымында информациялы-технологиялық,

3 кесте – Қазақстанда инновациялық орта құру бағыттары

Инновациялық дамуға ірі, ШОБ-ті, ЖОО орындары мен ҒЗИ тарту, оларды жеке инновациялық, венчур-лық қорларды құруға, инновациялық инфра-құрылым элемент-терін қалыптастыруға ынталандыру	Алматы Бинес Групп» АҚ, «ТұранӘлем Секьюритис» АҚ, «Lancaster Group Kazakhstsn» АҚ, «ЦентрКредит Банкі» АҚ, «Glotur» АҚ, «Centras Capital Group» АҚ венчурлық қорларды құруға қатысты, сондай-ақ Қазақстанда Ғарыш индустриясы орталығы, Ұлттық биотехнологиялар орталығы, ұжымдық пайдаланудың Ұлттық нанотехнологиялық зертханасы, Ұлттық ғылыми портал пайда болды
Инновациялар елдің	Индустриялық-инновациялық дамуының 2020-2025

экономикалық дамуының негізі болып саналады	жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сай экономиканы әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттігін арттыру арқылы орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау ғылыми-техникалық және инновациялық үрдістер арқылы жүзеге асады.,
Елдің экспорттық әлеуеті негізінен инновациялық өнімдер мен қызметтерден тұрады	Индустриялық–инновациялық дамуының 2020–2024 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында елдің экспорттық әлеуетін қосылған құны жоғары инновациялық тауарлар мен қызметтердің пайдасына қарай әртараптандыру көзделген

оқу, консультациялық, информациялық, маркетингтік орталықтар, сонымен қатар өнеркәсіптік зоналар болуы мүмкін. Осы орталықтардың әрқайсысы маманданған қызмет жиынтығын ұсынады, мысалы, іздеу бойынша қызмет және белгілі бір технология бойынша информацияны жіберу, мамандарды қайта даярлау бойынша қызметтер, әр түрлі сипаттағы консультациялар (3 кесте).

Ұлттық инновациялық инфрақұрылымының бүгінгі жағдайына жүргізілген сараптаулар нәтижелері Қазақстанның ғылыми-техникалық әлеуетінің әлі толық тұрақталмағандығын көрсетеді.

Инновациялық инфрақұрылым қызметінің тиімділігі елдегі ғылыми ортаның нақты жағдайымен тікелей байланысты екендігін ескере отырып, оған арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткеніндей, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған шығындар көлемі жыл санап ұлғайғанымен, ЖІӨ шаққандағы үлестік көлемі соңғы екі жыл көлемінде төмендеп отыр. Ол ЖІӨ қарқынды жоғарылауымен емес, ғылымға жұмсалатын шығындардың баяу өсуімен байланысты.

Инновациялық қызмет түріне қарай, жаңа өнімдер мен технологиялық процестерді енгізуге байланысты ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған шығындар бөліп көрсетіледі.

Елімізде мемлекет тарапынан қолға алынып жатқан шараларға карамастан инновациялық белсенділікті арттыру әлі де мүмкін болмай отыр.

Қазақстан өңірлерінің инновациялық белсенділігі де әр алуан болып отыр, өйткені ол қолда бар ғылыми-техникалық, қаржылық, еңбек ресурстарға және оларды пайдалау мүмкіндіктеріне байланысты. Сондықтан, өңірлердің инновациялық белсенділігі олардың инновациялық әлеуетіне байланысты қалыптасуда және де әртүрлі деңгейді көрсетіп отыр.

Қазақстанда кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейін өңірлердегі инновациялық белсенділіктері бойынша үш топқа бөліп қарауға болады:

- төменгі деңгей, бұл топқа Алматы, Ақмола, Маңғыстау, Қостанай, Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстары, Шымкент және Астана қалалары жатады;

- орта деңгей, бұл топқа Атырау, Қызылорда, Павлодар, Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстары кіреді;

- жоғары деңгей, бұл топқа Қарағанды, Жамбыл, Батыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласы енеді.

Айта кететін мәселе, еліміздің орталығы Астана қаласына жоғары деңгейде инвестиция тартылып жатқандығына қарамастан, зерттеу көрсеткендей, әлі де болса инновациялық белсенділіктің төмендігі, келешекте бұл бағыттағы жұмыстарды жетілдіруді талап етеді.

Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы мен инновациялық әлеуетінің қазіргі жағдайына жүргізілген зерттеулерді қорытындылай келе, төмендегі жағдайларды атап өтуге болады:

Біріншіден, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалатын шығындардың көлемі әлі де мардымсыз. Қазақстанды инновация әлеміндегі көшбасшы мемлекеттердің қатарына кіргізуді қажет деп тапсақ, онда оның деңгейін экономикасы дамыған елдердің деңгейіне дейін жеткізу.

Екіншіден, өңірлердің ғылыми белсенділігі өте төмен. Оны көтеру үшін ғылыми мақсаттарға бағытталатын мемлекеттік қаражатты еліміздегі өңірлердің ғылыми-инновациялық мүмкіндіктерін ескере отырып бөлу.

Үшіншіден, ғылыми мақсатта пайдаланылатын негізгі капиталды толықтыруға немесе жаңартуға қажетті инвестициялардың көлемін көбейту қажет. Ол үшін ғылыми зерттеулермен айналысуды тартымды ету және ол үшін барлық жеңілдіктер мен ынталандыру тетіктерін енгізу.

Төртіншіден, Қазақстандағы даму институттарының ғылыми бағыттылығын арттыруды қолға алу. Ол үшін инновациялық және инвестициялық жобаларды қаржыландыру үрдісіне міндетті ғылыми негіздеулер енгізу.

Бесіншіден, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру. Мұны жүзеге асыру үшін мемлекеттік гранттар жүйесін кеңейту және әкімшілік кедергілерді азайту.

Алтыншыдан, Қазақстан өңірлері индустриялық-инновациялық және ғылыми-технологиялық даму үшін қажет әртүрлі бастапқы шарттарға ие және ол шарттар біркелкі емес. Яғни, еліміздің барлық өңірлерінен бірдей индустриялық-инновациялық даму нәтижелерін күту орынсыз, сондай-ақ, ол өңірлерді түгелдей инновациялық бағытқа салу да дұрыс емес. Әйтсе де, ҚР Үкіметі елдің барлық облыстарына индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырумен байланысты, кей жағдайларда шынайылығы жоқ әрі қолға алуға тиімсіз жобаларды жүзеге асыруды міндеттеп отыр.

Жетіншіден, өңірлерде жүзеге асырылып жатқан жобаларды индустриялық және инновациялық деп бөліп, тиісінше оларға мемлекеттік қолдау көрсету (салықтық жеңілдіктер беру немесе салықтан босату, төмендетілген пайызбен несие беру, гранттар тағайындау және т.б.) тетіктерін анықтау. Өйткені, елімізде қолға алынған жобалар көбіне инновациялық бағыттан гөрі индустриялық бағытқа сәйкес келеді. Бұл Қазақстан мен оның

өңірлерінің шынайы инновациялық әлеуеті мен инновациялық белсенділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Сегізіншіден, елімізде көрініс тапқан инновацияларды технологиялық және үрдістік деп бөліп, тиісінше өңірлерді де технологиялық инновацияларға икемді немесе үрдістік инновацияларға икемді деп бөлу. Яғни, технологиялық инновациялар өндірістік және тауарлық сипаты бар жаңа немесе жетілдірілген өнім түрінде көрініс табады. Ал, үрдістік инновациялар мемлекеттің, ынталы топтардың қоғамдық, әлеуметтік қатынастарды жетілдіруімен, қоршаған ортаның тазалығын немесе тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында атқаратын шараларымен байланысты. Тиісінше, өндірістік және инновациялық инфрақұрылымы мейлінше дамыған және ғылыми әлеуеті жоғары өңірлерді негізінен технологиялық инновациялармен шұғылдануға жұмылдырып, елдің инновациялық дамуын сол өңірлердің белсенділігімен байланыстыру.

Тоғызыншыдан, инновацияларды шикізатты өңдеу және дайын өнім шығару салаларында дамытуды шындап қолға алу. Бұның себебі – Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасын өркендетудің басым бағыттарының қатарында тамақ өнеркәсібі, металлургия сынды салалармен қатар құрылыс, туризм, көлік инфрақұрылымы сияқты салалар да бар.

Біздің пікірімізше, осы басым бағыттардың өзін екіге бөліп, біріншілерінің инновациялық бастамаларына айрықша ынталандырулар мен жеңілдіктер берілуі керек. Онсыз нақты өндірістердің инновациялық белсенділіктерін көтеру қиын. Өйткені, өнім өндіруші салалар қызмет көрсету және жұмыстар орындау салаларына қарағанда қашан да күрделі, өндірістік циклы мен капиталдың қайтарымы ұзақ, бәсекелік ортасы тығыз кәсіпкерлік қызмет түріне жатады. Бұларға қоса, өндірістік сфера бастапқы капиталды көбірек қажетсінетін, әрдайым айналым құралдарының үздіксіздігі мен негізгі құралдардың жаңарып отыруын талап ететін шаруашылық түрі болып саналады.

Оныншыдан, отандық инновациялық инфрақұрылым элементтерінің өндірістік бағыттылығын арттыру. Оны дәстүрлі өндірісті қолға ала отырып, кейіннен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде бірте-бірте бұл өндірістік жүйені инновациялық тұрғыдан дамытуға болады. Яғни, технопарктер мен технологиялық бизнес-инкубаторларда орналасатын кәсіпорындардың бастапқы қызметінің инновациялық болуы міндетті емес. Бірақ, міндетті түрде оның кейінгі қызметі инновациялануы тиіс. Бұл қадам арқылы қазіргі кезде жұмыссыз тұрған еліміздегі көптеген технопарктер мен технологиялық бизнес–инкубаторлардың жұмысын жандандыруға мүмкіндік туады.

Біздің зерттеуіміздің өзегі болып саналатын ұлттық инновациялық инфрақұрылымды дамытудың экономикалық механизмі – ол еліміздің инновациялық әлеуетін дамытуға негіз болатын, оны жүзеге асыру белгілі-бір нәтижелі жетістікке жетуге ықпал ететін қаржылық, экономикалық, салықтық, несиелік және басқа да іс-әрекеттер мен тетіктердің жиынтығынан тұрады.

Дұрыс таңдала білген механизм ұлттық экономикамыздың ұзақ мерзімде инновациялық өркендеуі мен дүниежүзілік нарықта лайықты орын алуына ұтымды жағдай жасауы тиіс. Қазақстанның жаһандық инновациялық-технологиялық саладағы бүгінгі деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер еліміздің әлемдік деңгейден төмен екенімізді көрсетіп отыр.

Инновациялық инфрақұрылымды дамыту механизмі әлемдік және елдегі инновациялық ортаның жалпы жағдайына, қоғам мен ғылыми-техникалық прогрестің дамуына, адамзат мәдениеті мен ой-санасына, экология талаптарына, сонымен қатар, еліміздің нақты мүмкіндіктері мен стратегиялық өркендеу бағыттарына сай болуы тиіс.

Аталған механизм оның құрамындағы өзара байланысты тетіктерді кешенді түрде жүзеге асырғанда ғана белгілі-бір нәтижеге жеткізетінін ескерткеніміз жөн. Онсыз, әр тетіктің өздігінен ұлттық инфрақұрылымның дамуына қомақты үлес қосуы екіталай.

Инновациялық инфрақұрылымды дамытуға қажетті жағымды экономикалық ортаны қалыптастыру осы инфрақұрылымды құрайтын әрбір элементтің белсенділігі мен тиімділігін арттыру үшін қажет. Өйткені, салық, несие, мемлекеттік қаржыландыру сияқты тетіктерді қолданбай, экономикалық шараларды заңдық-құқықтық қамтамасыз етпей, инновациялық инфрақұрылым элементтерінен жағымды нәтиже күту орынсыз.

Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, инновациялық инфрақұрылымға қажетті жағымды экономикалық ортаны қалыптастыруда мемлекет жеке сектормен ынтымақтастық орната алады. Осындай ынтымақтастықтың неғұрлым ұтымды мысалдары Жапонияда, Швецияда, Түркияда және соңғы отыз жылда өздерінің инновациялық жүйелерінде ірі жетістіктерге жеткен басқа да елдерде бар.

Мемлекет Еуропа елдерінде университеттерде жеке сектордың белсенділігін қолдайтын ғылыми-инновациялық инфрақұрылым элементтерін қалыптастырған. Бұл міндетке сай университеттер шағын және орта қалалардың қоғамдық жүйедегі өзіндік орнын қалыптастыратын ғылыми бастамаларын сараптап, оларды жүзеге асыруға ықпал етеді.

Жағымды экономикалық ортаны қалыптастыру саясатын жүзеге асыруда біз әсіресе мына тетіктерді іске қосқан жөн деп санаймыз (12, 13 суреттер):

1. Мемлекет тарапынан әрбір ғылыми-зерттеу ұйымына нақты бір кәсіпорындармен байланыс жасауын міндеттеу. Бұл жердегі басты қағида – мемлекет байланыстың мұндай түрлерін қолдай отырып, оларға екі-үш жыл көлемінде гранттарды жеңіп алуға мүмкіндік жасау (құжаттарды дайындауға көмектесу, ақпараттық қолдау көрсету және т.б.). Ал егер мұндай ғылыми-зерттеу орталығы мемлекеттің үмітін ақтамаса, оны ғылыми-зерттеу орталығы статусынан айыру.

2. Ғылыми кадрларды материалдық ынталандыру жүйесін қайта дайындау. Бүгінгі күні еліміздегі ғылыми кадрларды ынталандыру тетігі тиімсіз және инновациялық ортаның дамуына ықпал ете алмайды. Олай дейтініміз, қазіргі білікті жастар ғылыммен емес, бизнеспен айналысуға ынталы. Ал егер

осы білікті құрамын ғылымға тарта біліп, олардың ақыл-ой жетістіктерін инновация саласына пайдалансақ, біздің ұтарымыз көп болар еді.

3. Арнайы ғылыми зерттеулер жүргізіп, оның нәтижелерін өндіріске енгізген кәсіпорындарға салық жеңілдігін беру. Мәселен, ғылыми қызметкерлердің еңбек ақы қорын әлеуметтік салықтан босату. Бұл тетік кәсіпорындардың ғылыми кадрларға көңіл бөліп, оларды өндіріске тартуға ықпал етеді;


4. Инновациялық мақсаттарға салық несие беріп, яғни инновациялық жобаларды жүзеге асыруға қажетті қаражатты кәсіпорынның салық аударымдарынан белгілі бір кезеңге шегеру. Бұл қадам кәсіпорынға банктен немесе басқа да қаржы ұйымынан несие алмай-ақ, арнайы гранттарға қатыспай-ақ кішігірім жобаларды орындауға мүмкіндік береді.



12 сурет – Инновациялық инфрақұрылымды дамытудың экономикалық механизмі және оның құрастырылуы тетіктері

5. Инновациялық шығындардың өсуіне қарай регрессивті түрде корпоративтік табыс салығын енгізу. Осы арқылы кәсіпорындарды инновациялық қызметтің көлемін арттыруға, жаңа өнімдерді зерттеуге ынталандыруға болады. Мұндай салық түрі Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, Ұлыбританияда енгізілген. Жапонияда корпоративтік табыс салығы 10%–дық мөлшерге дейін төмендетілсе, Оңтүстік Кореяда ол шама 7%–ға дейін, ал Ұлыбританияда 1%–дық деңгейге жетеді.

6. Инновациялық жобаларды жүзеге асырып, одан пайда тапқан кәсіпорындарға «салық демалыстарын беру». Инновациялық жобалардың саны артқан сайын еселі түрде демалыс мерзімін де ұзартып отыру. Бұл әдіс АҚШ-та кең тараған. Салықтан босатылуға талпынған көптеген



13 сурет – Инновациялық инфрақұрылымның жағымды экономикалық ортасының құраушылары

фирмалар инновациялық жобалармен айналысуға өздері қызығушылық танытып отырады.

7. Инновациялық кәсіпорындардың акцияларын иемденген жеке және заңды тұлғалардың дивиденттеріне жеңілдетілген жеке табыс салығын енгізу. Мұндай салық түрі Оңтүстік Корея мен Малайзия мемлекеттерінің тәжірибесінде бар. Осы жеңілдік арқылы инновациялармен айналысатын кәсіпорындарға акция шығару арқылы өз қызметтеріне қосымша капитал тартуға мүмкіндік жасалады. Жеке және заңды тұлғалар осындай кәсіпорындардың акционерлеріне жасалатын жеңілдікке қызығып, олардың құнды қағаздарына сұраныс білдіреді.

8. Ғылыми–инновациялық әзірлемелерді, интеллектуалдық меншікке кіретін материалдық емес активтерді қолдана отырып қызметін жүзеге асырған және ол қызметінен пайда тапқан заңды тұлғаларға тиісінше корпоративтік табыс салығын төмендету. Салықтың мұндай түрі ғылыми сыйымды өнімдерді

көптеп өндіруге жағдай жасайды. Оның мысалдарын Жапония, АҚШ, Канада, Швеция сияқты мемлекеттерден алуға болады.

9. Инновациялық кәсіпорындардың салық салғанға дейінгі табысының бір бөлігін арнайы есеп-шоттарға салу, егер де кейіннен кәсіпорын бұл қаражатты инновациялық мақсаттарға жұмсаса, оған жеңілдетілген мөлшерде салық салу. Салықтың дәл осы түрі Финляндия мен Германияда қолданылады. Ол мемлекеттерде жеңілдетілген табыс салығының мөлшері 20%-дан 5%-ға дейінгі аралықта болады.

10. Инновациялық инфрақұрылым шеңберіндегі кәсіпорындарға жеделдетілген амортизация әдісін қолдану. Мәселен Жапонияда жеделдетілген амортизация жүйесі энергияны үнемдейтін құрал-жабдықтарды қолданатын немесе ресурстарды тиімді пайдаланатын әрі қоршаған ортаға залалы тимейтін жабдықтармен жұмыс жасайтын компанияларға енгізіледі. Оның мөлшері 10%-дан 50%-ға дейін жетеді.

Инфрақұрылым шеңберіндегі элементтердің қызмет ету тиімділігін арттыру олардың өзара байланысын жетілдіру арқылы жүзеге аспақ. Инновациялық инфрақұрылымның әрбір субъектісінің дамуы басқа элементтердің дамуымен тығыз байланысты екенін ескерсек, онда оларды кешенді түрде қолдау арқылы ғана оң өзгерістерге жетуге болады. Бұған қоса, инфрақұрылымның әрбір элементі өз тарапынан бастама көтеріп, басқа элементтермен байланысын арттыруға ұмтылуы тиіс.

Бұл тетікті жүзеге асыру бойынша біздің ұсыныс-пікірлерімізді төмендегідей топтап көрсетуге болады:

- инновациялық инфрақұрылым шеңберіндегі элементтердің белсенділігін арттыруды еліміздің білім жүйесінен бастау керек. Өйткені, инновацияларды ойлап табатын да, олардан әзірлемелер дайындап, өндіріске енгізетін де мамандар. Сондықтан да, білікті мамандар даярлау ісін инновация жүйесіндегі басымды мақсат деп тауып, инфрақұрылым шеңберіндегі басқа элементтері оған жан-жақты қолдау жасаулары керек. Атап айтсақ: өз есептерінен білікті жастарға оқу гранттарын беру; білім жүйесіне қажетті ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық орталықтарын ашып, оған дарынды жастар мен ғылыми кадрларды тарту; жоғары және орта арнаулы оқу орындары тәлімгерлерінің оқу-өндірістік тәжірибелерін ұйымдастырып, олардың арасынан біліктілерін жұмысқа қабылдау; арнайы конкурстар ұйымдастырулар арқылы жастардың инновацияларға құлшынысын арттыру және т.б.;

- ғылыми-зерттеу мекемелерінің белсенділігін арттыру үшін оларды шетелдің осы саладағы озық ғылыми орталықтарымен байланыстыру. Ол үшін отандық ғылыми-зерттеу орталықтарына біріккен жобаларды орындауларына мүмкіндік ашу;

- инновациялық инфрақұрылым элементтерін бір-екі макротехнологиялар жобасының аясына топтау. Өйткені, ел экономикасының басым бағыттары тым көп және оларды бірден дамыту мүмкін емес. Ол үшін әрбір инновациялық инфрақұрылым субъектісіне қатысты арнайы стратегия дайындап, олардың

жұмысына қатысты нарықтың қандай «бөлігін» иемдену, қандай бәсекелік артықшылықтарды пайдалану, қандай жеңілдіктерді мемлекет тарапынан алу, қандай тәуекелдермен жұмыс жасау сияқты және басқа да өзекті мәселелерді анықтап, қызметтерін нарықтың нақты қажеттіліктеріне икемдеу керек;

- еліміздің әр өңірінде ғылыми–инновациялық кешендер құру. Мұндай кешендер жоғары оқу орындарынан, ғылыми-зерттеу институттарынан, ғылыми орталықтардан, білікті жұмыс күшін даярлауға және жаңа идеялар мен әзірлемелерді генерациялауға бағдарланған консалтингтік және білім беретін компаниялардан, технологиялық парктер мен технологиялық бизнес–инкубаторлардан, инновациялық қызметті қолдауға бағдарланған және қаржыландыру, маркетинг, жарнама–көрме қызметі, патенттеу–лицензиялау жұмысы мен зияткерлік меншікті қорғау мәселелерімен айналысатын құрылымдардан жасақталуы тиіс;

- арнайы экономикалық және индустриалды аймақтарда жұмыс істейтін кәсіпорындардың белгілі бір көлемде өндірістік сипатының болуын міндеттеу. Себебі еліміздің индустриалды кезеңге көшуі үшін бізде табиғи ресурстарды пайдалана отырып, өнім өндіретін салалар көптеп жасақталуы тиіс. Ол үшін салық жеңілдіктерінің мерзімін өндірістік және инновациялық белсенділігі жоғары кәсіпорындарға ұзартып, керісінше төмен белсенділікті көрсеткен кәсіпорындарды қысқарту;

- ұлттық холдингтік компаниялардың инновациялық белсенділігін, біріншіден, байланыс және ақпарат кеңістігінде бәсекелік ортаны қалыптастыруға, екіншіден, көлік–тасымалдау инфрақұрылымын дамытуға, үшіншіден, жеке сектор тарапынан болатын ғылыми бастамаларды қолдауға бағыттау. Себебі, елде дамыған ақпараттық–телекоммуникациялық инфрақұрылымның болуы ұлттық экономиканың өсуінің, қоғамның іскерлік және зияткерлік белсенділігінің артуының басты факторларының бірі болып табылады және ол халықаралық қоғамдастықтағы елдің беделін айғақтайды;

- даму институттарын бір жобаға кешенді қызмет көрсетуге бағыттау, яғни инвестициялау құқы бар даму институты нақты бір жобаны қаржыландырса, басқалары ол жобаға қатысты нарықтық зерттеулер жүргізіп, тәуекелін бөлісу сияқты қызметтер ұсынулары тиіс. Өйткені, олардың қызметінде жүйелілікті арттыру қажет болып отыр. Оған қоса, олар ірі инновациялық немесе инвестициялық жобаны қаржыландыра отырып, осы жобаға қызмет көрсететін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне арнайы гранттар беру;

- әлеуметтік–кәсіпкерлік корпорациялар тарапынан өңірдегі табысты кәсіпорындарды жаңа нарықтарға шығаратын ғылыми сыйымды, жоғары технологиялы өнімдерді шығаруға бейімдеу, осындай бастамаларға қаржылай қолдау көрсету, ал табысы төмен немесе шығынды кәсіпорындарға жеке инвесторларды тарту мақсатында қатысушы функциясын атқару. Ол үшін мемлекет пен жеке бизнестің арасындағы дәнекерлік қызметті атқару, өңірдегі шағын және орта бизнеске қол жетімді несиелер беруді ұйымдастыру, сондай–ақ өңірдегі кластерлік бастамаларды қолдап, олардың дамуына жан–жақты

қолдау көрсету;

- экономиканың басым бағыттары бойынша құрылған кластерлерге жергілікті инновациялық инфрақұрылымның мамандандырылған субъектілерінің өнімдерін тұтынушы, сол субъектілерге жоба дайындауға тапсырыс беруші, кластердің жанынан инновацияға қабілетті ғылыми әлеуетті қалыптастырушы ролін жүктеу және т.с.с.

Ғылыми–техникалық әлеуеттің мүмкіндіктерін ұтымды пайдалану арқылы біз қосылған құн тізбегіндегі элементтердің көбейуін қамтамасыз ете аламыз. Еліміздің ғылыми–техникалық әлеуеті өз күшін өндірістік сипаттағы инновациялық бастамалар мен одан нақты нәтижелердің пайда болуына, сол арқылы экономика салаларын әртараптандырып, алдағы уақытта индустриалды кезеңге өтуімізге бағыттауы тиіс. Өз кезегінде бұл бағыттардың барлығы да экономикалық ынталандыруды, реттеуді, қадағалауды қажет етеді.

Ғылыми-техникалық әлеует ғылымның іргелі және қолданбалы секторларын, салалық бағыттағы ғылыми–зерттеу институттарын, кәсіпорындар мен мекемелердің зертханаларын, сондай–ақ талантты инженерлерді, ізденушілерді, ғалымдарды, ізденімпаз менеджерлерді өзіне топтастыра отырып, олардың жинақтаған ғылыми білімдерін тәжірибеде қолдану арқылы өмірге жана құндылықтарды алып келуге мүмкіндік береді.

Қазақстан қазіргі кезде экономиканы дамытудың индустриялық-инновациялық сатысына аяқ басты. Бұл кезең нарықтық шарттар талаптарына ғылым жүйесін қазіргі заманғы экономикалық талаптарға қайта бағдарлануымен сипатталады, сөйтіп, тиісті нормативтік құқықтық базамен реттелетін ғылымды дамытуды құрылымдық, ұйымдастырушылық, кадрлық, инфрақұрылымдық және қаржылық қамтамасыз етуде түбегейлі өзгерістерге алып келуге тиіс.

Міне, жоғарыда Қазақстанның инновациялық даму тәжірибесіне талдау жасалынып, көрсетілгендердің барлығы да инновациялық инфрақұрылымның дамуын ынталандыратын экономикалық механизмнің маңыздылығын және қалыптастыру қажеттілігін дәлелдейді.

6.2 Инновациялық кәсіпорынның кластерлік экономикада бәсекелестікті жоғарылату стратегиясы

Қазіргі кезде бәсекелестік теориясы мен тәжірибесі аумағында қалыптасып келген Қазақстан мен капиталистік елдер арасындағы айырма тереңдеуін тоқтатты деп айтуға негіз бар. Қазіргі уақытта Қазақстан өзінің ұтымды географиялық және көліктік-коммуникациялық орналасуын нақты ескере отырып, нарықтық экономиканың теоремалары мен демократиялық дамудың аксиомаларын бірінен соң бірін игере отырып мүлдем жаңа экономикалық жүйенің, демократиялық құқықтық мемлекеттің іргетасын қалыптастырып, осы заманғы қоғамдық институттарды нығайтып үлгергенімен бірге әлемнің озық мемлекеттерінің бәсекелестік туралы теориялық, әрі кең практикалық тәжірибесіне ие болып отыр.

Соңғы жылдардағы тәжірибеден Қазақстанның шаруашылық етудің нарықтық әдістеріне көшуіне байланысты бәсекенің қоғамның экономикалық өмірінде ролі елеулі түрде өсіп отырғанын көреміз. Көптеген жаңа кәсіпорындар мен ұйымдардың пайда болуы, капитал нарығының қалыптасуы, қазақстандық нарыққа компанияларының енуі – барлығы да нарықтық жағдайды күшейте түсті.

Бәсеке шаруашылық етудің тиімді нысандарының дамуы үшін жағдайлар жасап, тұтынушыға қажетті өнім түрлері өндірісін ынталандырады. Экономикалық бәсекенің негізі болып экономикалық еркіндік, шаруашылықтар субъектілерінің өнімі, тауар, қызмет көрсетулер нарығындағы бәсекелестігі, өткізу нәтижелеріндегі, пайда алудағы теңдігі болып табылады. Қазақстанның заңдарына сәйкес, бәсеке – нарық субъектілерінің өз бетімен жасалған іс-әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер айналысының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржақты ықпал ету мүмкіндігі тиімді шектейтін және тұтынушыларға қажетті тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өндіруді ынталандыратын жарыстастығы. Бәсеке мен бәсекеге қабілеттілік бәсекелестік ортамен тығыз байланыстырып қарауға тиісті күрделі көпжақты түсініктер болып табылады. Бәсекеге қабілетті өнім өндіру, оны өткізу – кәсіпорынның өміршеңдігінің жалпылауыш көрсеткіші, кәсіпорынның қаржылық, өндірістік еңбек әлеуетін тиімді пайдалана алу қабілеті.

Басқаша сөзбен айтқанда, бәсекеге қабілеттілік кәсіпорынның барлық бөлімдері мен қызметтері жұмыстарының нәтижелері (ішкі ортасының жай-күйі) және де оның сыртқы факторлар өзгерістеріне жауап бере алатын мүмкіндігі.

Жеке бір тауар түріне қатысты алсақ, бәсекеге қабілеттілік – өнімнің сатып алушының нақты бір қажеттілігін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін құндылық қасиеттері деп түсінеміз. Егер оның тұтынушылық және құндылық қасиеттерінің жиынтығы оны басқа ұқсас тауарлар айырбасының кең ұсынысында лайықты ақшаға табысты айырбасталуына мүмкіндік беретін болса, тауар бәсекеге қабілетті деп танылады. Осыдан абсолютті бәсекеге қабілетті деп нарықта еш ұқсастығы жоқ жаңа тауар түрлерін айта аламыз. Тауардың бәсекеге қабілеттілігі тұтынушы үшін ерекше қызығушылық тудырған қасиеттермен ғана анықталады.

Сонымен қатар, сатып алушының шығындары тауарды сатып алу және оны тұтынумен байланысты шығындардан тұратын болғандықтан, нарықта ең төменгі бағамен сатылатын тауар емес, тұтынушы пайдаланған барлық уақыт ішінде ең төменгі бағасы болатын тауар бәсекеге қабілетті болып танылады.

Кез келген экономикалық объект тәрізді тауардың бәсекеге қабілеттілігін нақты нарық жағдайы мен сатылу мерзімінде бәсекелестердің ұқсас тауарларымен салыстыру арқылы ғана анықтай аламыз. Сонымен қатар, әрбір сатып алушының өз қажеттіліктерін қанағаттандырудың жеке өзінің бағалау алғышарттары болатын болғандықтан, бәсекеге қабілеттілік те жеке нарыққа ие бола алады.

Бәсекеге зерттеу жүргізу қажеттілігі мен маңыздылығын тек нарықта қызмет ететін кәсіпорынның маркетинг бөлімдері басшылары ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы зерттеуші ғалымдар арасында да үлкен қызығушылық бар екендігін ғылыми еңбектерінен көруге болады. Бәсекені өзінің зерттеу тақырыбы етіп алған ғалымдардың ішінде біздің уақытта аты әлемге әйгілі ағылшын экономисті, Гарвард мектебінің профессоры М.Портер өзінің әлемдік бәсеке туралы еңбектерінде бәсеке нарық құрылымын, сала құрылымын және оның өзгерістері үрдісін жан-жақты түсінуге негізделуі тиіс деген.

Өнім түрлері, кәсіпорындар мен бірлестіктер, жекелеген елдер немесе топтастықтар (аймақтық, саяси, этномәдени) бәсекелестік күрес субъектілері бола алады. Осы сайыс орындалатын аумақты, не ортаны бәсекелестік орта деп айтуға болады. Әрине, бұндай аумақтың, не салалардың әртүрлілігі сәйкесінше бәсекелестік орталардың да әртүрлілігін анықтайды. Сала немесе кәсіпорын қандай қызмет сферасында бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізіп жатады деген сұраққа жауапты М.Портер ұсынған жергілікті кәсіпорындар бәсекеге түсетін бәсекелік ортаны қалыптастыратын төрт қасиеттерден табамыз. М.Портер бәсекеге қабілеттілікті құрайтын факторларды 4 үлкен топқа классификациялауды ұсынады.

Факторлық шарттар (ресурстық факторлар), яғни берілген салада сәтті, бәсеке үшін қажетті нақты бастапқы ресурстар. Компаниялар өнімділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуі үшін оларда осы ресурстарға қажетті сападағы және жарамды бағалармен қол жетімділік болуы керек. Бәсекелік артықшылықты қалыптастырудағы факторлардың маңызын анықтау үшін, алдымен осы саладағы бәсекелік күресте олар қандай роль атқаратынын анықтап алу керек. Олар:

Адам ресурстары, белгілі бір саладағы кәсіби білікті жұмыс күші, жұмыс күшінің саны, құны. Жақсы даярланған мамандардың көмегінсіз бәсекелік артықшылықтарға қол жеткізу мүмкін емес.

Табиғи ресурстар, яғни жер, су, пайдалы қазбалардың, орман ресурстарының, балық аулау жерлерінен басқа да табиғи жағдайлардың саны, сапасы, қол жетімділігі, құны. Елдің климаттық жағдайы да оның мөлшері мен жағрафиялық орналасуы секілді физикалық ресурс болып табылады.

Білім ресурсы, яғни тауар мен қызмет көрсетулерге әсер ететін ғылыми, техникалық және нарықтық ақпараттар жиынтығы. Білімдер қоры университеттерде, мемлекеттік ғылыми–зерттеу институттарында, жеке зерттеу мекемелерінде, мемлекеттік статистика қызметінде, іскерлік және ғылыми әдебиеттерде басқа да көздерде болады.

Ақша ресурстары. Бұл өнеркәсіпті қаржыландыруға жұмсалуды мүмкін капитал саны мен құны.

Инфрақұрылым. Жоғары мамандандырылған инфрақұрылымның жоқтығы бәсекеге қабілеттіліктің болмауына алып келеді. Оған елдің транспорттық жүйесі, байланыс жүйесі, пошталық қызметтер, ел аумағы мен сыртындағы төлемдер мен құралдарды банктен банкке аудару, денсаулық

сақтау жүйесі т.б. жатады. Сонымен қатар, өмір деңгейі мен елдің тұру мен жұмыс істеу үшін тартымдылығын анықтайтын тұрғын үй қоры мен мәдениет мекемелері де жатады.

Сұраныс шарттары берілген саланың өнімі немесе қызмет көрсетуіне деген ішкі сұраныс табиғаты. Ішкі нарықтағы сұраныстың – ішкі клиенттердің (отандық тұтынушылардың), әсіресе талап қойғыш және талғампаз сатып алушылардың қажеттіліктері және олардың сатып алушылық әрекеттері елдің ішінде фирмаларды тұтынушылық қасиеттерге сай сапа стандарттарын арттыруын, өз өнімін үнемі жетілдіріп, өнімнің жаңа мүмкіндіктерін ойлап табуын, сатып алушылардың ағымдағы қажеттіліктерін түсініп, қандай да бір тауарға деген қажеттілік сол елде басқаларына қараған да бұрын пайда болатын болса, берілген елдің фирмалары артықшылыққа ие болатын болғандықтан, болашақ қажеттіліктерін болжап отыруға үнемі мәжбүрлеп отырады. Кәсіпорындар осы қажеттіліктерді қалай анықтап–біліп, оларды түсінеді және қалай оны қалай елеп, назар аударады сол сұраныс құрылымын анықтайды. Өнімнің жоғары сапасы, оның қауіпсіздігі, медициналық және экологиялық стандарттарға сәйкес болуы барлығы да ішкі талапты сұраныс нәтижесінің арқасында кәсіпорындардың заманауи технологияларды пайдаланып, жоғары тұтынушылық қасиеттерге ие өнімді шығаруының себебі болып табылады. Демек, осы елдің сатып алушылары, талғампаз және тауарлар мен қызмет көрсетулерге талап қоятын болса, елдің фирмалары жоғары артықшылыққа ие болады.

Туыс немесе демеуші салалар. Төрт макроэкономикалық аспектілер арасындағы ішкі бәсекенің интенсивтілігі әлемдік нарықта жетістікке жету үшін ең маңыздысы болып табылады. Ішкі нарықта бәсекенің болмауы фирмалардың сыртқы нарықта өте көп қиыншылыққа тап келетіндегінің басты себебі болады. Ішкі бәсекенің маңызды шарттарының бірі – жоғары технологиялық деңгейде бәсекеге түсуге және өнімділікті арттыруға ұмтылуға мүмкіндік беретін жайлы инвестициялық климаттың болуы.


Кәсіпорын стратегиясы, оның бәсекелестері, яғни ішкі нарықтағы бәсекенің жай–күйімен байланысты фирманың қалай құрылатындығы, ұйымдастырылатыны, басқарылатындығы. Әр елде фирмалар әртүрлі құрылып, әртүрлі стратегиялар мен мақсаттар анықталады. Ұлттық ерекшеліктер фирмаларды басқару нысаны мен бәсекенің нысанына да әсер етеді. Көптеген уақыт бойы американдық басқару жүйесіне назар аударып, 80 жылдары жапондықты зерттей бастадық. Ешбір ел қандай да бір жүйеге толығымен сәйкес келмейді.

Бұл «ромб» – компонентері өзара тығыз байланыстағы жүйе болып табылады, яғни әр детерминант басқаларына әсер етеді. Егер бәсеке өткір болмаса, фирма өніміне деген сұраныстың болуы бәсекелік артықшылық бермейді. Бір детерминанттағы артықшылықтар басқаларындағы артықшылықты күшейте алады. Барлық детерминанттарды үнемі жетілдіріп отырмай бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу мүмкін емес. Осыны назарға ала отырып, саланың әрбір кәсіпорыны елдегі макро және микроэкономикалық

жағдайды жүйелі талдауға мүмкіндігі болу үшін, яғни кәсіпорынның ұзақ мерзімді өсіп-өркендеуін қамтамасыз ететін қажетті бәсекелік статусқа ие болу үшін үнемі өзінің стратегиялық әлеуетін жоғары деңгейде ұстап отыруы қажет.

2050 жылы Қазақстан бизнес-ахуалы ең қолайлы деген 30 елдің қатарына енуі қажет міндетін жүзеге асыру жолында, бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырып, жетілдіруде мемлекет пен оның заңдарына шешуші роль тиесілі болуы керек. Ұлттық қызығушылықтардағы, мәдениеттегі, экономика құрылымындағы, жалпы тарихи дамудағы ерекшеліктер – барлығы сәтті бәсекеге қабілеттілігін арттыруда мемлекет жалпы ұлттық қызығушылық мақсатында қоғамда ауыл шаруашылық еңбекке және ауылда тұратын азаматтарға деген сыйлы көзқарас қалыптастыру, ауылдық жерлерден тұрғындардың көшіп кетуін азайту, кәсіби білікті мамандар мен кадрларды ауылға тарту мақсатында қоғамда ауылға және ауылдық өмір сүру салтына позитивті қатынас пен көзқарас қалыптастыру бойынша қолдау шаралары кешенін іске асырғаны дұрыс.

Мұнда кластерлер ішінде кәсіпорындар (фирмалар) арасында болатын кейбір қиыншылықтарды ескеру қажет, яғни компаниялар және институттар арасындағы қолдауды (ғылыми орталықтар, университеттер, қоғамдық ұйымдар, сауда-өндірістік палаталар, биржалар), сондай-ақ, мемлекеттік секторлар құрылымдары (жергілікті билік органдары, салықтық ұжымдар, басқа реттеуші құрылымдар) мен жеке меншік бизнес арасындағы кооперация мәселелерін (14 сурет).



14 сурет – Кластердің тікелей және кері байланысы

Бұл кешендер балама секторлық (салалық, корпоративтік) тәсілге жатады.

Корпоративтік бірлестіктер теориясы жеткілікті түрде дамыған, сонымен қатар кластер теориясы соңғы жылдарда ғана дами бастаған. Мұнда кластердің әлеуметтік құрылымы ерекше мәнге ие болып отыр.

Қазақстан шағын және орта кәсіпкерлік секторында көптеген кәсіпорындарының басшылары стратегиялық ынтымақтастықтың тиімді стратегиясын жасады. Бұл стратегиялар экономикалық тұрақтылық пен дамуды қамтамасыз ететін бірнеше кәсіпорындардың біріккен қызметіне

бағытталған, белгілі қоғамдық ұйымдасқан, олардың қызметі өзара ынтымақтастықпен анықталады.

Осы базада өнеркәсібі дамыған және дамушы елдерде корпорациялар және кластерлер қалыптасуда. Кластер ұғымы кәсіпорындар кешені (өнеркәсіп компаниялары, зерттеу орталықтары, ғылыми мекемелер), мемлекеттік басқару органдары, кәсіподақтар, қоғамдық ұйымдар және басқалар территориялық шоғырландыру базасында арнайы жеткізіп берушілер, негізгі өнім өндірушілер және тұтынушылар технологиялық тізбекпен байланысқан.

Қызмет жасап тұрған кластердің жақсаруы экономиканың даму жолындағы нақты қадамдарға жатады және кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін көтеруде басты әлеуметтік бағытқа кіреді. Кластердің даму маңыздылығына мән беру келесі фактіден көруге болады, АҚШ Ұлттық губернаторлар ассоциациясы мемлекеттің саяси бағытымен қатар, инвестициялық ресурстар қаржыларының қолжетімділігін қамтамасыз ету; техникалық көмек көрсету; құнды қағаздарды реттеуді жетілдіру, лицензиялау және тіркеуді жеңілдету, кәсіпкерлікті реттеу сызбасын реформалау; штаттың университеттеріндегі интеллектуалдық капиталды құру; салық салудың ыңғайлы жүйесін енгізу; кәсіпкерлерді оқытудың жүйесін жетілдіру; кәсіпкерлердің сіңірген еңбегін қоғамның бағалауына қамтамасыз ету және т.б., негізі ретінде бөледі және өнеркәсіп кластерінің қалыптасу мәселесін шешеді.

Өнеркәсіптің аймақтық кластері кәсіпкерліктің дамуында бірнеше себептермен маңызды мәнге ие. Алдымен, ол фирманың мамандануында жоғары деңгейге жетуіне мүмкіндік береді. Бұл кәсіпкерлерге жаңа фирмалар құруға, нақты өнеркәсіп кеңістігінде қызмет жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, маманданудың төменгі деңгейі тік бағыттағы интеграцияда кластердің ішкі құрылымына жаңа фирмалардың енуін жеңілдетеді. Кластерлік құрылымдарда капиталға қолжетімділігі жеңілдетеді. Көптеген фирмалардың жақын орналасуы идеялардың алмасуын жеңілдетеді және мамандардың білімдерін бірі-біріне беруіне жеңілдетеді.

Аумақтық инновациялық-өнеркәсіптік кластерлер – жаңа ойлардың таралу жүйесінің тұрақты болуын көздейді. Олар біріккен ғылыми базаға сүйенеді. Кластер кәсіпорындары қосымша ішкі мамандануды жүзеге асыру мүмкіндігі нәтижесінде қосымша бәсекелестікке ие болады. Кәсіпорын кластерлері қосымша нақты артықшылықтардың мүмкіндіктері есебінен ішкі мамандандыруды және стандарттауды жүзеге асырады, жаңа инновацияны енгізу шығынын азайтады. Осындай кластерлердің маңызды ерекшеліктері шағын бизнестің икемді кәсіпкерлік құрылымындағы инновациялық «өсу нүктесі» деп аталуын қалыптастыруға мүмкіндігі болып табылады.

Экономикадағы дамыған кластерлер, әлі де әлсіз анықталған болып отыр, өйткені осы жағдайларда өнеркәсіптік кәсіпорындардың басым бөлігі жергілікті негіздері бар. Олар көп мөлшерде өздерінің жеке компоненттерін өндірмей, тік бағыт бойынша интегралданған, алайда оларды энергия ресурстарымен қолдау қажет болып табылады; кейде олар өздерінің табиғи инфрақұрылымын, жеке мектептерін, сондай-ақ басқа да қызмет көрсету

түрлерін қолдау мен құруға тәуелді болады. Дамыған экономикалық жүйе жағдайларында әрекет ететін салыстырмалы бәсекеге қабілетті компаниялар өздерінің жұмыстарын, яғни кластер құрылымына еңбегін жеке арал ретінде ұсынады.

Дамыған елдердің техникалық тәжірибесі көрсеткендей, кластердің аясын табысты кеңейту мен тереңдетуде әлемдік экономиканың даму бөлігінің ажырамас құрамы болып табылады. Көптеген елдер бәсеке принциптерін дамыта отырып, ынтықмақтастық мәселесіне көп көңіл бөледі. Егер соңғы уақытқа дейін осы ынтықмақтастық салалық мүдделермен шектелмесе, онда осы саладағы ынтықмақтастықты жаңа деңгейде – кластер деңгейінде кеңейту байқалады.

Кластерлердің артықшылықтары төмендегідей бағыттар бойынша алынуы мүмкін: ресурстарға мүмкіндігі бар; ақпараттарға қолжетімділігі; өзара толықтырушылық; қоғамдық игіліктер мен кәсіпорынға қолжетімділігі; ынталандыру; жаңа енгізулерде артықшылықтары.

Кластер ішінде орналасу тәртібін анықтауда өндірістің мамандандырылған фактордың компоненттері машина жабдықтары, бизнес–қызметтер, қызметшілер, жеке оқшаулау түрімен салыстыру бойынша – тік сызық бойынша бірлестіру, сыртқы құрылымдардың формальды альянстарымен немесе өндіріс факторының «шетелден тауар енгізу» немесе артықшылықтармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондықтан, кластер жергілікті жеткізушілердің бәсекеге қабілетті қолжетімділігі жағдайында ресурстар қатынасында өте тиімді ішкі маңыздылығын көрсететін кеңістіктегі ұйымдастырылған түрін көрсетеді. Бәсекеге қабілетті желідегі жеткізушілердің қолжетімсіздігі кезінде ресурстарды кластердің сыртынан алуға қажеттілігі туындауы мүмкін, бірақ осындай жағдайды міндетті тәртіп ретінде санауға болмайды.

Кластер қатынасушыларынан өндіріс факторларын алуда алыстағы дереккөздерін («қашықтағы» ресурстар) пайдалану жағдайы («жергілікті» ресурстар) мәміленің өте төмен құнын келтіреді. Жергілікті ресурстарға қолжетімділік материалды–өндірістік қордағы қажеттілікті азайтады және импортқа кететін шығыннан, сондай–ақ осы кідіріспен байланысты қажеттіліктен құтқарады.

Кластер ішінде ресурстармен қамтамасыз ету бейімделудегі шығынды төмендетеді және қосымша немесе қолдау қызметтерімен жалпы қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады, сондай–ақ орнату, жөндеу, пайдаланушыларды оқыту, кедергілерді жою және өз уақытындағы жөндеулер қатынасты жақсартады. Жергілікті ресурстарға басқа көрсеткіштердің қолжетімділігі әрқашанда алыс қашықтықтағы ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге әрекет етеді, әсіресе технология бөлігінің ажырамас құрамдас бөлігіне енетін өндірістің мамандандырылған немесе ілгерілеу факторлары жағдайында ақпараттар мен қызмет көрсету болып табылады.

Ішкі кластерлерге тән артықшылықтар – жергілікті тауармен қамтамасыз етушілерді ынталандыру әрекетін көрсетеді, осының нәтижесінде олар өте

күшеюге және жетілуге тырысады, ал кластерге енген фирмалар жаңа жергілікті тауармен қамтамасыз етушілерді көтермелеуге немесе алыс тауармен қамтамасыз етушілерді өз орындарында инвестицияға енгізуге талпынады.

Ақпаратқа қолжетімділік жайлы айтатын болсақ, кластер ішінде, фирмалар мен жергілікті кәсіпорындарда маркетинг, технологиялар бойынша сонымен қатар, ақпараттың басқа да арнаулы түрлері бойынша көлемді білім шоғырланады. Осы ақпаратқа қолжетімділік жақсы ұйымдастырылып, әрі аз шығын қажет етуі мүмкін. Бір–біріне жақын орналасуы, жеткізу және технология бойынша байланыстар, сонымен қатар тұрақты тікелей қатынастың және қоғамдық байланыстың болуы кластер ішіндегі ақпараттық ағынының қозғалысын (осы жағдайлар жағымсыз мәліметтердің немесе жасырын ақпараттардың берілуін) жеңілдетеді, кластердің құрып отырған ақпараттың артықшылықтарының маңызды жеке жағдайына тұтынушылардың ағымдық қажеттілігі туралы ақпараттың қолжетімділігіне жатады. Талап етуші, тапсырыс берушілер көп жағдайда кластерге оның құрамдас бөлігі ретінде кіреді, ал кластердің басқа мүшелері олардың қажет етіп отырған ақпаратты тауып алып, оны жариялап отырады.

Сонымен, кластер – өндіріс салаларының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылататын құрал болып табылады.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында қазақстандық экономиканың кәсіпкерлік секторы үшін бұрынғы кеңес кеңістігінде ірі компаниялардың, корпорациялардың, холдингтердің пайда болуымен сипатталады.

Жаңа кәсіпкерлік өнеркәсіптерінде (бизнес–топтар) терең ойлаған интеграциялық технологиялық тізбектері болады, әрі әлемдік нарықты жаһандандыру жағдайында оларға көптеген артықшылықтарды туындатады.

Осындай бизнес–топтар аймақтық және аймақ аралық кластерлер ұйымдастыру үшін алғышарттар түзеді. Мұнда технологиялық процестердің интеграциясы тігінен де, көлденеңінен де жүріп отырады.

Біріншіден, білімді кадрлармен тығыз дайындық, әрдайым бизнеспен, білім және ғылым арасында мықты қарым–қатынас орнату керек.

Екіншіден, ірі капиталды жергілікті өндіріске қызықтыру керек.

Өмірге бейімделген және актуалдық тақырыпқа белсенді қатысқан әртүрлі топтар қарастырылды: билік басшылар, бизнес, университет, ғылыми зерттеу орталықтары және т.б. Бұл жоспарды орындауда ең алғашқы жеткен жетістіктерге қарап, қызығушылықты тудыратын бәсекелестікті жоғарылату.


Негізгі көрсеткіштер болып, заңды көрсеткіштер кластерінің дамуы. Екінші бағыт – инфрақұрылымның өзгеруі. Тағы бір бағыт – кішігірім бизнеске қызметтік шеңбер құру. Соның қатарында жабылған мемлекеттік ірі компаниялардың бағытталмауы.

Сонымен бұл, жобаның өмірге шығуы Қазақстандағы бәсекелестіктің жоғарлауы және мамандардың жеткілікті білімдерінің бар болуына байланысты жүзеге асырылады.

Таңдамалы қатарындағы үздік жоспарлардың, кластерлік бойынша негізделген, кластерінің дамуына байланысты шекарадағы экономиканың дамыған ойы жақсы нәтижеге әкеледі.

Мақсатталған жобалардың дамуы мен қолдауына шағын кәсіпорынға бөлек категориялар керек, нақты жобалар аудандар мен белгілі орындарда, территорияның дамуына жеткілікті ойланған стратегия қажет етіледі. Ең біріншіден инфрақұрылымдық жобалар мен кластерлік жобалар туралы айту керек.

Кластерлердің пайда болу себептері ұлттық артықшылықтардың себепшілерімен тікелей байланысты және олардың жүйелік сипатының көрінісі болып табылады. Бір бәсекеге қабілетті сала өзара нығайтушы қатынастар процесінде екінші салалық бәсекеге қабілеттілігін жасауға көмектеседі. Мұндай сала көбінесе өзі тауарлар мен қызметтің аса талапшыл сатып алушы болып келеді. Ондай саланың елде бар болуы жабдықтаушы саланың бәсекеге қабілеттілігінің өсуін анықтаушы маңызды факторлар болып табылады. Бәсекеге қабілетті жабдықтаушылар да елде бәсекеге қабілетті тұтынушы салалардың дамуына мүмкіндік туғызады. Олар екіншілерін технологиялармен қамтамасыз етеді, ортақ өндірістік факторлардың дамуын ынталандырады, жаңа өндірушілерді туындатады. Кластер қалыптасқан кезде оның құрамындағы барлық өндірістер бір-біріне өзара қолдау көрсете бастайды. Тиімділік, пайда байланысының барлық бағыттары бойынша тарайды. Бір саладағы белсенді бәсекелестік кластердің басқа салаларына тарайды, соның арқасында қосылған құн тізбесін өсіре түседі.



15 сурет – Кластерді ұйымдастырудағы бәсекелестік күштердің схемасы

Салалардың толып жатқан кластерлерінің болуы – ішкі бәсекелестер тобы бар жерде факторларды тудыру процесін тездетеді. Өзара байланысты салалар кластерінің барлық фирмаларды маманданған, бірақ та біртектес технологияларға, ақпаратқа, инфрақұрылымға, адам ресурстарына

инвестициялар жасайды, бұл өз кезегінде жаңа фирмалардың жаппай пайда болуына әкеліп соғады.

Кластерлі технологиялық аспектіге М.Портер мен оның оқушыларының жүргізілген жұмыстары белгілі. Оның көптеген түрі және кластерлері белгілі ауытқуы оларды масштабтарымен айырады, бірақ олардың барлығының кластері бір (15 сурет).

Кластер өзімен белгілі бір географиялық қызмет көрсету инфрақұрылымдар, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындар және басқа мекемелер, бір-бірін толықтыра алатын бәсекелесті жоғарылататын бөлек кәсіпорындар және кластерлер толығымен бір топ құрайды.

Бұған қарамастан, кластерлі мекемелердің экономикалық технологиясының жоғарылауына Қазақстан Республикасының шектелген бәсекелестікте осы шараның қолдануына байланысты бір қатар мәселелерді пайда болдырған. Қазіргі уақытта жетіспеушіліктің ең маңызды мәселесі Қазақстандағы әсерлі және санаулы әдістемелік спецификасының практикалық жұмыстың кластерлі негіздемелі жоспары, әр түрлі деңгейдегі биліктегі ішкі істер кестесінің әсерлілігі жоқтығынан кластерлік жоспардың пайда болуы.

Кластерлік ұйымдастыру бір жағынан стратегияның дамуы, екінші жағынан аудандар мен территорияның дамуы, мекеменің дұрыс дамуы жобаның жасалуы мен билікке байланысты құжаттардың жасалуы.

Бәсекелестік барысындағы әрбір күштердің мәні (М.Портер ромбысы):

1. Кластерге енетін кәсіпорынның мақсаты, стратегиясы, құрылымдық сипаты және бәсекелестікте болатын шартты түрлері, оның ішінде:

- жергілікті экономикалық жағдай (жергілікті билік органдары), кәсіпорынның қызметін тұрақты жетілдіру және инвестицияны ынталандыру;
- жергілікті бәсекелестіктер арасындағы мықты бәсеке.

2. Өндіріс факторларына ену шарттары:

- өндірістік факторлардың саны мен түрлері, оларды қолданудағы болатын шығындар (табиғи ресурстар, еңбек ресурстары, капитал ресурстары, өндірістік инфрақұрылым, ғылыми технологиялық инфрақұрылым, ақпараттық инфрақұрылым);

- ресурстардың сапалық факторы;
- өндірістік факторлардың мамандандырылған факторы.

3. Кәсіпорын өніміне сұраныс жағдайы:

- талапшыл тұтынушының болуы;
- тұтынушының қажеттілік көлемі;
- өзіндік жергілікті сұраныстың болуы.

4. Кластерлер – ұқсас кәсіпорындар мен салаларды біріктіру:

- бәсекелес жергілікті жабдықтаушының болуы;
- бәсекелес ұқсас салалардың болуы.


Кластерге кіретін мекемелермен кәсіпорындардың қарым-қатынасы өз арасында симбиоздық кооперация мен бәсекелестікті көрсетеді, тұрақты

мамандарды ауыстыру, инновациялар және жаңа технологиялармен, біріккен инфраинфрақұрылымдармен, маркетингті-жарнама қызмет көрсету болады.

Кластердің ерекшелігі оның бір қатар жағымды нәтижесі мен тиімділік деңгейі бірінші орында тұрады. Оған негізі көрсетілген фирманың орталықтанған кластерлі инновацияның мекемеге нақтыланған өнім мен қызмет түрі жатады.

Екінші жағымды тиімділік кластері сипаттамасы. Толықтай алғанда тиімділік белгілі бір факторлардың болуынан туады, оның бірнеше өнімділікті арттыратын түрлері бар.

Бұл фактор көп функционалды табиғатпен түсіндіріледі. Көптоптық кластерлі фирманың қызмет етуі бірнеше мәнді жоғарлатады, көпфункционалды фактордың әр түрлі мекемелерде ең төменгі трансакциондық тоқтағышты және оның мекемемен тығыз байланысын тудырады.



16 сурет – Шағын кәсіпкерлікке кластерлік икемдеу механизмдері

Кластердің үшінші жағымды тиімділігі синергия нәтижесі, ол толық стандарттық өнімді шығаруда туындайды. Оның қолдануы барлық бөлімдерде қолданылады. Әр көрсеткіш жылдам кластерлі бәсекелестікте жүргізіледі. Жаңа

өндірушілер басқа жоғары кластерлі көрсеткіштер, оның дамуын тездетеді. Өртүрлі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға қатысу және оған жаңа өнімді жаңа стратегиялық бағдарлама бойынша жоғарғы біліктілік арқылы енгізуді қарастырады.

Шағын және орта кәсіпкерлік секторында кластерлік модельдер мен кластерлік технологиялардың икемделуі келесі механизмдер ретінде болады (16 сурет).

1. Еліміздің экономиканың әрбір саласында ШОК дамыту, олардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттыру негізінде халықты жұмыспен қамтамасыз ету, тұрмыстық жағдайын жақсарту, олардың мәдени, ағарту және денсаулық деңгейін жақсарту болып табылады.

2. Кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік субъектілерінің менталитетін «алдымен әрбір адамның мүддесін – сосын мемлекеттің мүддесін» қағидасында өзгерту, сондай-ақ халықтың жеке және қоғамдық меншікке деген түсініктерін, жеке меншік пен мемлекеттік секторларының байланысын экономикалық өзара пайдаға бағыттау болып келеді.

3. Аймақтық және жергілікті деңгейде салалық пен территориалдық – салалық кластерді құру мен қалыптастыру тиімділігі арқылы, билік органдарының ақпараттар мен байланыстың алмасу басымдылығы бойынша, бизнес құрылымдарының, институционалдық құрылымдар мен нарықтық инфрақұрылымдарды еңбек, қаржы және материалдық ресурстары бойынша ұлттық және аймақтық экономиканы дамыту.

4. Билік органдарының, қоғамдық ұжымдар мен нақты секторлар кәсіпорындары қызметкерлерінің ағарту және мәдени деңгейін арттыру арқылы ұлттық және аймақтық деңгейде білім мен ғылымды дамыту көзделеді.

5. Өнімнің сапасы, дизайны және қызметін арттыруда, өнім өндіру мен басқаруда жаңа технологияларды енгізу бойынша, өнімді өндіру, сақтау және тұтыну аясында маркетингті дамыту мен «ноу-хау» енгізу арқылы кәсіпкерлік құрылымының тиімділігін арттыру қажет.

6. Кәсіпкерлік құрылымдарда, сондай-ақ кластерлерді ұйымдастыруда тауар өндірушілер мен кластерлік бірлестіктердің мүшелерін, салық салу жүйесін, кедендік құқықтар, несиелеу жүйесі мен отандық тауар өндірушілерге, жеңілдіктер мен артықшылықтар беру тұрғысында инвестициялау арқылы кәсіпкерлік ұйымдастыруларды мемлекеттік тұрғыда қолдауды қажет етеді.

Кластерлік модельдер мен технологияларды енгізуде күтілетін нәтижелер:

1. Экономикадағы кластерді енгізудегі басты нәтиже – экономикалық өсуді көтеру мен ұлттық және аймақтық экономиканың бәсекелестігінің артуы.

2. Аймақтық және жергілікті деңгейде кластерлік бірлестіктер санының өсуі.

3. Кәсіпкерлік құрылымдарының еңбекке құштарлықтарының артуы.

4. Аймақтарға инвестициялық климаттары мен тартымдылығының артуы.

5. Инвестицияларды тарту, аймақтық және жергілікті экономиканы көтеру, кәсіпкерлікте бәсекелестікті көтеру мен сыртқы нарыққа жаппай шығару арқылы жалпы шағын кәсіпкерлікті дамыту.

Инновацияның структурасы өз астынан бір кластерде біріккен бірнеше фирманың дамуын көрсетеді.

Олар қызығушылық жолдармен жаңа өнімнің шығарылуын толықтырып инновациялық қызметтер мен оның ұзақ уақыттағы жеке фирмадан ерекшелігі, өз күшінен инновациялық қызығушылықты қажет ететін қомақты шығын қаражаты.

Кооперациялық фирманың көмегімен фирма жұмысшылары ұзақ уақытсыз өндірісте қалдырылған технологияға тікелей қатынас болған, осыдан барып оны одан әрі дамытуға қиын ғылыми – техникалық жоба керек.

Инновациялық құрылымнан басқа, онымен триггерлік инновация байланысты. Осыдан туындайтын, дамытудан біріншілік инновация керек ететін көптеген екіншілік өзгерісті, қорытындысында базистік инновациялық қаражат оның шағын реорганизациясын қажет етеді. Жеке фирма – инноваторында бұл эффектiнiң болу қаупі жоғары. Фирма кластерінде жұмсалған қаражат көлемін кішірейтіп, оны екінші өзгеріске қарасты өзгертеді, осыған байланысты олардың әртүрлі инновациясына кіруге жол ашады.

Коммуникациялық кластер тез технологияның енуіне өте қолайлы шарттар тудырылған. Фирмаларды қосатын жолдарды толықтай алғанда, оларды қарама-қайшы жолдарға бөлуге болады.

Горизонтальды интеграция біріккен мекемелердің жұмыс істеу көрсеткіші бір қадам төмендетілген мекеме процесі. Кейбіреулері горизонталь құрылған кіргізілген және шығарылғанға бөлінеді. Кіргізілген сеть қарым-қатынасқа ұқсас, ірі компаниялардың аса үлкен емес фирмалардың жеткізуімен байланысты жеткілікті және тез техникалық жұмысқа тез енгізілуге септігін тигізеді, ол ірі бизнестің және жалпы экономикалық дамуына әкеледі. Ал шығарылған түрге ірі компаниялар әсер тигізеді. Ірі мекемелер төменгі қадамның қозғалысын көрсетеді. Оларға тез жаңа өнімге көңіл бөлуге кедергі көрсетеді. Дәл осы шығарылған байланыс ірі компаниялардың өз күшіне сенуге тырысады, өздерінің жобаларын байланыстырып осыған байланысты ол жеңілуге әкеп соғады, онымен салыстырғанда кластер салыстырмалы шағын компаниялардың орталығы. Экономикалық индустрияның түрі олардың қарама-қарсы жобалық моделін жасады, иерархиялық структураға өңделген бірлік.

Горизонтальды модель халықаралық ұйым шағын, орта және ірі бизнесін көрсетеді. Горизонтальды жүйе принципте ұсталынған, ал басқалары әртүрлі функцияларды, әртүрлі компаниялар өз міндетіне алады, осының арқасында басқа бөлімшелері өзге ресурстарды үнемдейді. Осындай мекемелер Оңтүстік-шығыс Азия және Солтүстік Еуропа. Кластерлік жобаның түп негізі ол іскерлік аспектідегі өмірді де қарастырады.

Әр кластерлі жобаның даму мәселелері институционалды мәселелермен бірлеседі. Кластерлі информациялық және коммуникациялық технология,

биотехнология, фармацевция, мұнайхимияны бөлек қалдырмайды, осының нәтижесінде мемлекеттерде «электрондық басқару» инфраструктуралық жоба құрылады, денсаулық сақтауды дамыту, мұнайхимиялық өнімдерді әртүрлі деңгейде дамытуды көрсету. Осы жағдайда шағын және орта кәсіпкерліктің бәсекелестікке тұрақтылығын көрсетеді. Маңызды бөлімі ол аймақтық активтендірушілік, жоба бойынша шағын және орта мекемелердің бәсекелестіктің жоғарылауы.

Аймақтық осы бағыттағы мамандықты жоспарлау қажет. Сонымен, даму бағыттары мұнай мен газдың бөлімдері Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, металлургия – Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, химиялық өнімдер – Жамбыл, Ақмола, Қарағанды, Қостанай, машина жасау – Солтүстік Қазақстан, Алматы, Павлодар, киім тігу өнімдеріне – Шымкент, Алматы, агроөнеркәсіптік кешендері – Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында дамуы қажет.

Аудандар мен шағын мекемелердің мамандарын даярлауда өндірістік кластерлік қарым-қатынас көрсетеді, өз кезегінде ең негізгі бәсекелестік республиканың экономикалық қайта өңдеуін жоғарылатады.

Бәсекелестік нарықтық экономика дараşылдығына қарама-қарсы болып келеді. Егер жеке мүдделер өндірушілерге ең жоғары пайда алу мақсатында өндірісті жетілдіру үшін күшті ынталандыру жасайтын болса, онда өзінің мүдделерін тұтынушылардың қажеттіліктерімен үйлестіруде бұл қызметті қоғамда қажетті арнаға бағыттайды. Жетекшіні дәстүрлі нарықтан «ығыстыруға» мүмкіндігі бар жетекшілікке үміткерлер жағынан төнген қауіп-қатер жетекшіні үнемі өзінің дәстүрлі өнімін жетілдіріп отыруымен қатар, оның жаңа түрлерін шығаруға мәжбүр етеді. Бәсекелестіктің жалпы қорытындысы тұтынушылардың барлық мүмкін болатын және мүмкін болмайтын қажеттіліктерін қанағаттандыратын өндірушілердің қабілеттіктерін жетілдіру, яғни қоғам өмірі деңгейінің үздіксіз дамуы болып табылады.

Бүгінде алдыңғы қатарлы елдерде кластерлік жаңа буынды - инновацияны белсенді қалыптастыру жұмыстары басталды. Өсімнің негізгі қозғалтқышына өнеркәсіп кәсіпорындары емес, ал инновациялық және білім орталықтары - университеттер, технологиялық және инженерлік мекемелер айналып отыр. Осылайша бизнес, университеттер мен мемлекет арасындағы «үштік байланыс» түріндегі өзара қарым-қатынастар орнығады. Осындай «үштік байланысты» Қазақстанда да қалыптастыру қажет. Дәстүрлі әкімшілік жүйе бұл міндетті нашар атқарды. Сондықтан кластерлік дамуды жаңаша ұйымдастыруды ресімдеу талап етілуде, - деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы кластерлік дамудың және кластерлік жаңа буынды іске қосудың перспективасы бар моделін таңдауды жүзеге асыру қажеттігін атап өтті. Олардың арасында: материал жүргізу, туризм мен демалыс, азық-түлік өнеркәсібі мен биотехнология, баламалы энергетика, мұнай мен газ өндіру, өмір туралы ғылым, перспективалы компьютерлік технология мен дизайн, логистика болуы тиіс.

Сонымен бірге, екі жетекші инновациялық кластерлер - «Назарбаев Университеті» мен Инновациялық технологиялар паркін дамытуды жалғастыру қажет. Бұл екі кластер де жақсы дамуда. Мысалы, Инновациялық технологиялар паркі бір жылда 18 жаңа компанияны тартты және тек өткен жыл ішінде ғана жалпы сомасы 2 миллиард теңге салық төледі. Сондай-ақ алдағы уақытта Астанада өтетін ЭКСПО-2017 көрмесі кластерлік дамуға қуатты серпін берді деуге толық болады. Кластерлік тәсіл негізінде баламалы энергетиканы дамытудың перспективалы моделін қалыптастыру қажет.

6.3 Кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін дамыту және жетілдірудің негізгі бағыттары

Инновациялық кәсіпкерлікті жандандыруда венчурлік, концессиялық, лизингтік және франчайзингілік бизнестерді қалыптастыру және дамыту бойынша механизмдерді жетілдірудің негізгі бағыттары болып келеді.

Қазақстанның алдында нарық субъектілерінің өзара тауарлар мен қызметтерді өндірудегі бәсекелестікті қолдап және дамыту міндетімен қатар елімізде ғылыми сыйымды технологиялар саласындағы әлемдік бәсекелестіктің толыққанды қатысушыларына айналу үшін білім экономикасын дамытуға арналған іс-әрекеттерді жандандыру міндеті тұр.

Қазіргі күні Қазақстандағы инновациялық кіші кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қалыптастыру мен дамытуда кедергі болатын факторлары келесідей:

- өз қаржыларының жетіспеушілігі негізінде инвестициялық

қорлар арқылы несиелерге қол жеткізудің қиындығы;

- инновациялық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті сәйкес инженерлік-транспорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген өндірістік қойма орындарының жеткіліксіздігі;

- инновациялық кіші кәсіпкерлік субъектілерінің қолданыстағы заңдардағы өзгертулер туралы хабарсыздығы, әкімшілік кедергілер және кәсіпкерлік қызметпен айналысу кезінде билік органдарының нақты тәртіптерінің жоқтығы;

- инновациялық кіші кәсіпорындардағы жұмыскер мамандықтарының білікті мамандарының жеткіліксіздігі. Кіші кәсіпкерлік субъектілерінің өңдеуші өндірістерінің ірі және орта ұйымдарымен өзара әрекеттесу және кооперациялануын дамыту туралы мәселе ерекше зер салуды талап ету қажеттілігі.

Сондықтан инновациялық кәсіпкерлік субъектілерінің дамуына қол жеткізу үшін мына мәселені шешу қажет:

- инновациялық кәсіпкерлік субъектілерін ақпараттық қолдау;

- инновациялық кәсіпкерлік субъектілерін заңнамалық қолдау;

- инновациялық кәсіпкерлік субъектілері алдында тұрған әкімшілік кедергілерді азайту.

Бұл мақсатты орындау үшін мынадай шараларды қолдану болжамданады:

инновациялық жеке кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын, бизнес-инкубаторларын, технологиялық парктер, индустриалдық өңірлер және басқа да жеке кәсіпкерлікті дамыту объектілерін құру және дамыту;

- инновациялық жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету;

- инновациялық шаруашылық етуші субъектілердің реттеуші және қадағалаушы қызметтермен және жергілікті билік органдарымен өзара әрекеттесу әдістерін жетілдіру;

- тиімді бәсекеге қабілетті орта үшін жағдайлар жасау;

- инновациялық кәсіпкерлік ахуалды жақсартуға жәрдемдесу, өңір экономикасына салымдардың тартымдылығын мақсатты жоғарылату.

Ерекше назар инфрақұрылымдық инвестициялық жобалардың әзірленуіндегі өңірлік инвестициялық бағдарламаларға қарай бағытталуына бөлінеді. Әрбір облыс әкімшілігі ішкі және сыртқы инвесторлармен жұмысты, оларға қажетті және толық ақпарат бере отырып, бюрократтық кедергілердің жойылуына көмектесе отырып, үйлестіреді және тәртіптендіреді.

Шағын инновациялық кәсіпорындардың қалыптасу жолдары әр түрлі болуы мүмкін. Көбіне, жаңа тауарлар, технологиялар немесе қызметтер жасап шығару туралы идеялар туындататын ғалым-өнертапқыштар, инженерлер осындай кәсіпорындарды ұйымдастырудың бастамашылары болып табылады. Бұл адамдар әдетте, әр түрлі ведомстволар мен министрліктердің ғылыми

ұйымдарында жұмыс жасай жүріп, шығармашылық, ғылыми және инженерлік қызметтерде бай тәжірибе жинақтайды.

Олар біраз уақытқа дейін идеяларын өздерінің ғылыми ұйымдарындағы зертханалар мен бөлімдерде дәлелдеп дамытады, бірақ әр түрлі субъективті және объективті себептерге байланысты идеяларды осы ұйымның аясында дамыту мүмкін болмады.

Бұл идеяны ары қарай дамытудың ең қарапайым жолы — шағын және орта кәсіпорынды ұйымдастыру. Кейбір елдерде шағын кәсіпорындар құру мәселесі көп шығын мен уақытты қажет етпейді.

Шағын және орта инновациялық кәсіпорын ғылыми ұйымдар аумағында құрылуы мүмкін. Және де шағын кәсіпорынның басшысы аталмыш ұйымның қызметкері болып қалады, ал инновациялық идеяларды дәлелдеу және дамыту жөніндегі жұмыстар ғылыми ұйымдардың жабдықтарымен жүргізіледі. Осындай шағын ұйымның аясында қол жеткізілген инновациялық жетістіктер шағын кәсіпорынға да, сондай-ақ ғылыми ұйымға да тиесілі болуы мүмкін. Шағын кәсіпорындар инновациялық өнімдерді нарыққа жылжыту үшін делдал қызметін де атқарады.

Университет пен колледждердегі, мемлекеттік ғылыми орталықтардағы көптеген ғылыми ашылымдар мен өнертабыстар АҚШ-та шағын инновациялық кәсіпорындардың құрылуына түрткі болды. Дәл осы ғылыми ашылымдар мен өнертабыстардың авторлары ұсақ кәсіпорындар ашып, кәсіпкерлер ретінде көріне бастады.

Шағын фирмалар, әдетте, кез келген жолмен нарыққа шығып, белгілі бір орын алуға тырысады. Ал ірі фирмалар болса кей кезде шығындарды жаба алмайтын жеткіліксіз мөлшерде пайда алудан қауіптеніп, өздерінің ғылыми бөлімшелерінде ойлап табылған өнертабыстарды игере алмай жатады.

Шағын енгізуші фирмалар іргелі және қолданбалы зерттеулерді байланыстыратын тізбек болып табылады. Сондықтан көбіне оларды бұрындары университеттерде немесе ірі зертханаларда жұмыс жасаған ғалымдар, сондай-ақ ірі фирмаларды қызмет жасаған және өз идеяларын өз бетінше жүзеге асырғысы келетін инженерлер дәлелдеп шығарады.

Батыстың көптеген ғалымдары жоғарғы технология және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТКЖ) салаларында нақты көрінетін шағын және ірі фирмалардың ынтымақтастық жасауын қолдайды және мұндай байланыстар тек айқын ғана емес, сондай-ақ заң тұрғысынан ресімделген. Сонымен қатар, шағын кәсіпорындар үшін қолжетімді және соңғыларына ірі корпорациялар алдында белгілі бір артықшылықтар беретін зерттеулер түрі ерекшеленіп келеді.

Нарықтық экономикасы қалыптасқан елдерде фирманың көлемі мен инновациялық қызметтің тиімділігі арасындағы өзара байланысты анықтау ғылыми-техникалық прогресті дамытудың маңызды проблемасы болып табылады.

Сол немесе басқа жаңа енгізулерді игеруде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелермен айналысатын орта және шағын

фирмалардың тиімділігі, ірі ұйымдарға қарағанда айтарлықтай жоғары болады. Себебі, біріншісі айтарлықтай қаражат пен үлкен ұжымды қажет етпейді және мамандардың шағын тобы күрделі әрі қымбат зерттеу жабдықтарысыз жұмыс жасай алады.

Мысалы, Ресейде жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелер жанынан шағын инновациялық кәсіпорындар құру мүмкіндігі туралы заң қабылданды. Жаңа заң ғылым мен білімнің бюджеттік мекемелеріне өздерінің зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу үшін шаруашылық қоғамдар құруына мүмкіндік береді. Бұл шара тек зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізумен шектеліп қалмайды, сонымен қатар қосымша қаржы табу жолы.

Әсіресе, жоғары оқу орындарына, ғылыми-зерттеу институттарына (ҒЗИ) және ғылымның мемлекеттік академиясы құрған ғылыми мекемелерге интеллектуалдық қызметтердің нәтижелерін, соның ішінде ЭЕМ-ге арналған бағдарламаларды, мәліметтер базасын, өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіп үлгілерін, іріктелген жетістіктерді, өндіріс құпияларын (ноу-хау) тәжірибеде қолдану үшін шаруашылық қоғамдарын құру құқығын беру ұсынылып отыр.

Интеллектуалдық қызметтің нәтижелерін пайдалану құқығы, жарғылық капиталға қосқан үлес болып табылады және лицензиялық шарт бойынша енгізілген мұндай құқықты ақшамен бағалау шаруашылық қоғам құрылтайшыларының (қатысушыларының) шешімімен бір ауыздан бекітіледі.

Инновациялық өндірістер құру, шағын және орта бизнесті дамыту:

1. Шағын және орта бизнестің инновациялық жобаларды өнеркәсіп саласына енгізуінің өз ерекшелігі бар, себебі бұл жерде нақты өнім – өнеркәсіп үлгісі, технологиялық регламент, конструкторлық құжаттама болу қажет. Ал бұл айтарлықтай қаражат тартумен, зертханалық жабдықтарды, конструкторлық құжаттамаларды дайындауға арналған техникаларды тартумен байланысты.

2. Технопарктердің көмегімен зертханалық жағдайларда жекелеген топтардың жұмыспен өтеуі немесе инновациялық өнімді өндірудің толық технологиялық тізбегі жүргізілер еді. Жекелеген зерттеулер – тәжірибелік-өнеркәсіптік тексерулерді бейінді ғылыми-зерттеу ұйымдарының сәйкес келетін тәжірибелі алаңшаларында жүргізудің мақсатқа лайықтығын ескеру қажет және олардың мүмкіндіктері туралы мәліметтер технопарктерде болуы тиіс. Бірлескен қызмет туралы шарт болса, тиімді болар еді. Бұл жағдайда технопарктер осы ұйымдармен тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар өткізуге тапсырыстарын орналастырады. Жоғарыда аталған жұмыстар – Outotec компаниясы (Финляндия) тәжірибесі негізінде құрылған.

Айта кететін жайт, жобалар өздерінің жаңашылдығына, өткізімділігіне, талап етілмелігіне, шикізат және энергия ресурстарымен қамтамасыз етілгендігіне алдын ала технологиялық сараптамадан өтуі тиіс әрі сәйкес келетін инфрақұрылымы болуы және қолдныстағы өндірістерге бейімделе алуы қажет.

3.Мемлекеттік-жеке серіктестік, жаңа ұйымдастырушылық сызбаларды қолдану және т.б. инновациялық шағын және орта бизнесті дамыта алатын құрал болуы тиіс.

4.Экономиканың дәстүрлі экспортқа бағытталған секторларында жаңа бизнестердің мультипликациясымен – орта және шағын бизнеске арналған мүмкіндіктермен бірге ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру болып табылады. Ол үшін зерттеулердің прогрессивтілік, тиімділік, экологиялық тазалық, өнімдерді дайындаудың саны және сапасы бойынша нормативтер мен өндіріс процесінің технологиялық режимдеріне сәйкес келуіне технологиялық сараптамалар жүргізіп, жабдықтарды, бейімдеулерді, модельдерді, аспаптарды таңдау, өндірістік күштердің орналасу және т.б. дәйектілігін анықтау қажет.

5.Конкурстық тапсырыстарды іріктеу барысында ғылыми-техникалық, экологиялық, техникалық сараптамалар жүргізу жөніндегі қолданыстағы ережелерге талдау жасау, нәтижелерін барлық қаржы институттары мойындайтын жобаларға кешенді сараптама жүргізу ережелерін әзірлеу.

6.Технологиялық сараптамалардың өлшемдерін регламенттеу.

7.Төменде берілгендерді қамтитын шағын инновациялық кәсіпорындарды қолдау (технологиялық алаңша) орталығын құру:

- шағын кәсіпорындарға арналған аталмыш инновациялық жобалардың үнемі жаңарып отыратын банктерін;
- консалтинг қызметін;
- бизнес-инкубаторды;
- шағын инновациялық кәсіпорындарды қолдау үшін венчурлік қаржыландыру қорын.

Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерлік ахуалын жақсарту үшін:

- білікті кадрлар және жұмыс күшін дайындау жүйесін бекіту: кадрларды кәсіби біліктілігі тұрғысынан дайындау және қайта дайындау, кіші бизнес және өзін жұмыспен қамту саласында оқыту;

- инвестициялық үрдістерді басқаруды ұйымдастыруды жақсарту: басқару кадрларының кәсіби біліктілігін бекіту, қоғамдық бақылау үшін биліктің ашықтық дәрежесін көбейту, шенеуніктердің қызметін реттеу деңгейін жоғарылату керек.

Инновациялық қызметтегі мемлекеттің орны оның ғылымға бөлген қаражаттарымен анықталады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, дамыған елдерде ғылымға бөлген қаражаттары жыл сайын өсіп, ЖҰӨ-нің 2,5-3,8%-ын құрап отыр. Бұл қаражаттың 25-34%-ы мемлекет үлесіне тиесілі. Бұндай мемлекеттерге Оңтүстік Корея, Израиль, Швейцария, Жапония, Швеция, Финляндия кіреді. 90-шы жылдардың соңында Жапония ЖІӨ-нің 3,04%-ын, Америка 2,64%-ын, Еуропа Одағы 1,92%-ын ғылымға бөлді.

Ғылыми зерттеулерді қаржыландыруда мемлекеттің және коммерциялық құрылымдардың қатысу деңгейі Еуропа мен одан тыс жерлерде әртүрлі: егер Жапония мен АҚШ-та ғылымдағы коммерциялық құрылымдардың үлестері сәйкесінше 75 және 77%-ы құраса, Еуропада 66%-ды құрайды. Еуропа елдерінің ішінен ҒЗТКЖ-ды мемлекеттік қазынадан қаржыландырудан

келесілер алдыңғы орындарды алып отыр: Португалия (70%), Италия мен Греция (50%-ға жуық), Польша (58%), Венгрия (53%), Словакия (48%) және Чехия (42%). Әлемдік нарыққа ғылыми өнімді шығарудан көшбасшы тұрған елдер ЖІӨ есебінен ғылымға бөлінген қаражаттарға қатаң бақылау орнатады. Ол үшін мемлекет тарапынан салықтық жеңілдіктер, бюджеттік қолдау, инвестициялар тарту, құрал-жабдықтар лизингі сияқты экономикалық механизмдер қолданылады. Әдетте әлсіз дамыған елдерде ЖІӨ есебінен ғылымға бөлінетін үлес- 0,5%-ды құрайды. Қазақстан да осындай елдердің құрамына кіреді. 2005 жылы Қазақстан зерттеулер мен әзірлемелерге ЖІӨ-нің 0,29%-ын бөлді, соның ішінде бюджеттің қатысуы 51,2%-ды құрап оғыр. Осындай шектеулі қаржыландырудың арқасында Қазақстанның әлемдік нарыққа ғылыми өнімді шығару деңгейі нөлге тең болады. Басқа елдермен салыстырсақ, ғылыми өнімді шығару жағынан әлемдік нарықтағы Ресей үлесі 0,3-0,5%, Еуропа Одақ елдері-35%, АҚШ-25%, Жапония-11%, Сингапур-7%, Оңтүстік Корея-4%, Қытай-2%. Ғылыми өнімді шығару жағынан әлемдік нарықтағы мемлекеттер үлесі ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет тиімділігінің көрсеткіші болып табылады. Инновациялық қызметті дамыту жолында жетістіктерге жеткен мемлекеттердегі басқарудың мемлекеттік институттары жаңа техниканы енгізудің тәуекелдіктерді төмендету, ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету, нарық субъектілерінің ғылыми-зерттеу әзірлемелер бағытындағы басымдықтарды анықтайды. Ғылыми-техникалық прогреспен байланысты қауіп-қатерлерді төмендету үшін мемлекет дамыту субъектісі ретінде үлкен қаражаттар жұмсайды. Еуропа мен Солтүстік Американың дамыған елдерінде инновациялық қызмет экономиканы дамытудың негізгі факторы болып табылады. Еуропаның түрлі елдерінде ірі және шағын инновациялық кәсіпорындардың үлесі 60-тан 90%-ға дейін жетеді. Қазақстан Республикасы инновациялық қызметті мемлекеттік баспалдақтарында тұр. Қазақстан үшін инновациялық қызметті қолдаудың экономикалық жағынан дамыған мемлекеттердің тәжірибесімен танысу өте маңызды болып келеді. Мысалы АҚШ-тың мол тәжірибесімен танысу инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың күрделі жүйесінің құрылымы туралы көптеген қорытындылар жасауға көмек береді. АҚШ-тың инновациялық қызметінің заңнамалық негізі 1980-1990 жылдары Конгреспен қабылданған мемлекеттік актілері болып табылады.

Олардың ішіндегі маңыздылары: Доул-Бейлидің «Федералды патенттік саясат туралы», С.Уайлдердің «Технологияларды жіберу туралы»(1980,1986), «Бәсекеге қабілеттілік пен технологияларды жіберу туралы» (1988), «Критикалық технологиялар туралы», «Американдық технологияның артықшылықтары туралы», «Технологияларды мемлекеттік жіберу туралы»(1995). АҚШ-та инновациялық қызметтегі мемлекеттік саясатты анықтайтын 20-ға жуық федералды заң мен актілері бар.

АҚШ-та инновациялық қызметті басқаратын әртүрлі мемлекеттік органдар мен мекемелер бар. Алайда мемлекетте инновациялық қызмет үшін жауапты бірегей орган жоқ. Мемлекеттік деңгейде инновациялық қызметке

қатысы бар енгізгі органдар: Президент әкімшілігі жанынан құрылған ғылыми-техникалық саясат басқармасы, Конгресстің ғылыми комитеттері, оның зерттеу қызметтері, бюджеттік басқарма. Ғылыми-техникалық саясатты құруда маңызды рөлді мемлекеттік емес органдар атқарады: Ұлттық зерттеу одағы, ғылымды дамытудың Американдық ассоциациясы, РЭНД корпорациясы және т.б. Өндіріске жаңалықтарды енгізу процесін тездету мен технологиялық прогресті үйлестіру жұмыстарын бақылауға жауапты мемлекеттік орган - Сауда Министрлігі. Оның құрамында стандарттар мен технологиялардың ұлттық институты, технологиялық ақпараттың ұлттық мекемесі және технологиялық саясат басқармасы сияқты үш құрылымды біріктіретін технологиялар әкімшілігі құрылды.

Технологиялық саясат басқармасы - федералды үкіметте ұлттық инновациялық саясатты жүзеге асыруда бірден бір маңызды орган. Яғни бұл орган өндіріс салаларының даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін зерттейді, отандық және әлемдік нарықтарға инновациялық технологияларды өндірістік компаниялардың тездетіп шығаруы мен әзірлемелер жасауына әсер ететін факторларды анықтайды. Қазіргі кезде АҚШ-тың инновациялық дамыту облысындағы мемлекеттік саясат келесі міндеттерді атқаруға бағытталған:

- жеке сектордың бәсекеқабілеттілігін арттыратын, инновация саласындағы қызметін белсенді жүргізу үшін қолайлы климат жасау;

- инновациялық әзірлемелерді іске асыру және ғылыми зерттеулерді қаржыландыру;

- АҚШ өндірісінің бәсекеқабілеттілігін арттыру үшін ХХІ ғасыр инфрақұрылымын құру;

- азаматтық және қауіпсіздік ҒЗТКЖ-лардың интеграциясы, яғни алда қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету;

- ғылымға негізделген және үнемі өзгермелі экономика жағдайына белсенді маманданған жұмыс күшін даярлау.

АҚШ-тың ғылыми-техникалық және инновациялық дамуын мемлекеттік басқарудың негізгі механизмі бюджеттен тікелей қаржыландыру болып табылады. Бұдан басқа ғылыми-техникалық зерттеулер мен әзірлемелерді қолдаудың маңызды принциптерінің бірі инновациялық қызметті жанама бақылаудың түрлі әдістері қолданылады.

Олар:

1. Салықтық жеңілдіктер. Жеке кәсіпкерлік сектордың инновациялық қызметі үшін қолайлы жағдайларды құру үшін:

- ҒЗТКЖ-ларға кеткен шығындарды өнімнің өзіндік құнына кіргізу;

- ғылыми құрал-жабдықтарды шығару кезінде амортизацияның тездетілген нормаларын қолдану;

- ғылыми-техникалық жобаларды несиелеуде жеңілдіктер беру;

- инновациялық кәсіпорындарды ұйымдастыру үшін жеңілдік шарттармен не ақысыз түрде мемлекеттің меншігіндегі мүліктерді немесе жер учаскелерін беру.

Сыртқы сауда саясаты:

- яғни, жоғары технологиялы қызметтер мен өнімдер экспортын бақылау мен жетілдіру және ғылыми-техникалық сала мен өндірістің негізгі факторы болып табылатын тікелей шетелдік инвестицияларды тарту;

- инновациялық қызметті заңнамалық қамтамасыздандыру. Патент саясаты мен авторлық құқықтарды қорғау саясатын мемлекеттік инновациялық қызметтің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру;

- инновациялық қызметті басқарудың маңызды механизмі болып табылатын мемлекеттік келісім-шарттық жүйені ауқымды қолдану;

- антимонопольді заңдарға өзгертулер енгізу - ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді бірлесіп жүргізу үшін консорциумдар мен жеке кәсіпорындардың бірлестігін құру кезіндегі кейбір шектеулерді алып тастауға бағытталған.

АҚШ-тағы шағын инновациялық кәсіпкерлікті қолдау үкіметтік деңгейде 5,5 млрд. долларды құрап отыр, алайда жеке қолдау бұл соманың 17%-нан аспай отыр. АҚШ-та шағын инновациялық кәсіпкерлікті қолдаудың арнайы бағдарламасы бар, оның ішінде шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға қарыздар беру - 0,8 млрд. доллар, мемлекеттік инвестициялар – 3,1 млрд. доллар, шағын кәсіпорындардың шығындарын бірлесіп жабу – 0,6 млрд. доллар бөлініп отыр. Осы шараларды үкімет іске асырады. Қолдаудың жеке формалары да бар. Оларға тәуекелді венчурлық қорлар (0,75 млрд. доллар) және жеке инвесторлар жатады.

Экономикасы дамыған мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, әлемдік нарықтағы жоғары бәсекеқабілеттілік жағдайында тек дамыған инфрақұрылымы бар мемлекеттер озады. Оларға жоғарыда аталып өткен бизнес-инкубаторлар, телекоммуникациялық және сауда желілері, технопарктер, инновациялық-технологиялық орталықтар, консалтингтік фирмалармен қаржы құрылымдары жатады.

Инновациялық инфрақұрылым ұлттық инновациялық жүйенің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Инновациялық инфрақұрылымды құру өте ұзақ уақытты қажет етеді. Оларды құру үшін АҚШ, Жапония, Германия сияқты озық елдерде 10-15 жыл кетті. АҚШ-тың инновациялық дамуының жетістіктері ең алдымен инновациялық инфрақұрылымды құрумен байланысты. Оларға технопарктер, бизнес-инкубаторлар, технополистер кіреді. Мемлекеттегі жалпы саны 700-ге жетіп отыр. Осылардың ішіндегісі ең маңыздысы - технопарк. Оның қызметі - ғылыми-технологиялық ашулар мен жаңалықтарды, зерттеулер мен әзірлемелерді қаржыландыру, инновациялық қызметпен айналысуға бел буған кәсіпорындарға қолайлы жағдайлар туғызу және т.б. Әлемдегі алғашқы технопарктің негізін қалаушы АҚШ-тағы Стенфорд университеті болып табылады (50-ші жылдардың басында). 1997 жылы АҚШ-та 160-қа жуық технопарк болды және олар әлемдегі технопарктердің 30%-ын құрады. Ал Еуропада технопарктер тек өткен ғасырдың 70-жылдарында пайда болды.

Ал Қытайда түрлі инновациялық орталықтармен бірігіп, ұлттық ғылыми-технологиялық парктердің негізі қаланды. Олардың қызметтерінің мақсаттары келесідей:

- ғылыми және технологиялық жетістіктерді пайдаланып, өнімдер шығару

мен қызметтерді жүзеге асыру;

- шағын инновациялық кәсіпкерлікті дамыту;
- ҒЗТКЖ-ды жүргізуде шағын инновациялық кәсіпорындарға қолдау көрсету;
- қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;
- несиелерге кепілдіктер беру;
- технологияларды бағалау, халықаралық қатынастарды қалпына келтіруде қызметтер көрсету;
- зияткерлік меншікті қорғау.

Қытайдағы инновациялық орталықтар жоғары және жаңа технологиялар сферасын қаржыландырудың негізі болып табылады, яғни оларды кәсіпкерлер мен жоғары оқу орындарын байланыстыратын «көпір» ретінде қарастыруға болады.

Жапонияға келетін болсақ, бұл ел жоғары технологияларды дамытудан алдыңғы орындарға ие болып отыр. Жапонияның ЖІӨ құрамындағы шағын инновациялық кәсіпорындар үлесі 52%-ды (3 трлн. доллар шамасында), капитал салымдарында – 40% шамасында, ал барлық жапон өнімінің экспортында 15%-ды құрап отыр. Осы жағдайда мемлекеттің рөлі өте маңызды. Жапонияның кәсіпкерлік жүйесі мемлекеттің негізгі екі жүйесін қолданады. Біріншіден, бұл мамандандырылған мемлекеттік мекемелер – бұл шағын инновациялық кәсіпорындардағы жиналыс комиссиялары, оларды қолдайтын басқарма, аймақтық қызметтер, кіші префектуралық органдар, дамытудың мемлекеттік корпорациясы, шағын инновациялық кәсіпорындар Академиясы және т.б. Екіншіден, қаржылық кепілдіктер мен қаржылық көмек. Оны мемлекеттік қаржылық корпорация жүзеге асырады. Оның құрамында 59 филиал, ұлттық қаржылық корпорациялар, сауда және өндірістік корпорациялардың орталық банкі, шағын инновациялық кәсіпорындардың несиелерін сақтандыратын корпорация, инновациялық кәсіпорындар кіреді. Сонымен қатар Жапонияда шағын инновациялық кәсіпорынды несиелендірудің арнайы механизмі қолданылады және оны «жұмсақ займдар» деп атайды. Яғни егер жай несиені жылына 4-8%-ға берілсе, «жұмсақ займ» инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпорындар үшін несиені 2-4%-ға беріледі. Осымен қатар инновациялық кәсіпорындарды корпоративке біріктіру саясаты да белсенді жүзеге асырылуда. Бұл шағын инновациялық кәсіпорындар үшін тиімді, өйткені оларға жаңа технологияларды жүзеге асыру үшін жер, жеңілдікті шарттармен несиелер, транспорттық құрал-жабдықтарды сатып алу үшін қаражаттар беріледі.

Көршілес елдер, соның ішінде Ресейдің мемлекеттік инновациялық қызметті қолдаудың тәжірибесіне де баса назар аудару өте маңызды. Ресейде инновациялық қызметті дамытуға өнеркәсіп, ғылым және технология Министрлігі және Россия Федерациясының білім Министрлігі жауапты. Сонымен қатар Ресейде мемлекеттік деңгейде өткен ғасырдың 90-жылдардың басынан технологиялық дамыту қоры, ғылыми-техникалық салада шағын кәсіпорындарды дамыту қоры, Санкт-Петербургтегі ғылыми-техникалық

дамытудың аймақтық қоры жұмыс жасап отыр. 1997 жылдан бастап «Ғылыми-техникалық сферада инновациялық қызметті ынталандыру» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып отыр. Оны білім және ғылым Министрлігі, Ресейдің технологиялық дамыту қоры және жәрдемдесу қоры бірігіп жүзеге асырады, сондықтан оны «төрттіктің бағдарламасы» деп те атайды. Оның мақсаты – инновациялық қызметтің жаңа заманғы инфрақұрылымы болып табылатын инновациялық технологиялық орталықтарды (ИТО) құру. ИТО – бұл бір жерде орналасқан көптеген шағын кәсіпорындар конгломераты. Оған шағын кәсіпорындарды қолдау үшін күрделі қаржы салымдары бөлінеді. Осы бағдарламаның нәтижесінде 18 ИТО құрылды және алдағы жылдары мемлекет олардың санын екі есеге өсірмек болып отыр. Инновациялық инфрақұрылымның тағы да бір жаңа элементі - ғылым мен жоғары технологиялардың орталықтары (ҒЖТО) пайда болды. Үкіметтің «Ғылым мен жоғары технологиялардың орталықтарын құру туралы» қаулысына сәйкес, ҒЖТО мәртебесі экономика саласындағы жоғары технологиялы салалардың маңызды мәселелерін шешетін ғылыми кәсіпорындарға берілуі тиіс.

ҒЖТО статусын иеленген кәсіпорындар мемлекет тарапынан кепілді қаржыландыру мен әртүрлі жеңілдіктерге ие болады. Ресейде қазіргі кезде 40 мыңға жуық шағын инновациялық кәсіпорындар жұмыс істеуде. Аймақтарда 70-ке жуық технологиялық парктер мен 40-қа жуық инновациялық-технологиялық орталықтар орналасқан. Олардың құрамына әзірлемелермен айналысатын және ғылыми, бәсекеге қабілетті өнімді шығаратын жүздеген шағын кәсіпорындар кіреді. Яғни Ресейдегі инновациялық саясаттың мақсаты-тұрақты экономикалық өсу үшін жағдайларды жасау, инновациялық өнімді сыртқы және ішкі нарықтарға шығару, импорттық өнімдерді жоғары технологиялы және бәсекеге қабілетті отандық өнімдермен алмастыру.

Инновациялық қызметтің шетелдік тәжірибесін жалпыласақ, мемлекеттің инновациялық саясат шаралары инновациялар үшін қолайлы әлеуметтік-экономикалық ортаны қамтамасыз ететін және инновациялық процестерді тікелей реттейтін болып екіге бөлінеді. Инновацияларды таратудың маңызды жалпы экономикалық шарттары бәсекеге қабілеттілікті ынталандыру, монополияларды шектеу болып табылады.

Сонымен қатар мемлекет ғылым кадрларының аттестациясын ұйымдастырады және олардың біліктілігінің үнемі өсіп отыруына септігін тигізеді, іргелі ғылыми зерттеулер мен жалпымемлекеттік, салааралық және әлеуметтік тұрғыдан ҒЗТКЖ-ды қаржыландырады. Оған қоса, мемлекет ҒЗТКЖ-ға мемлекеттік емес секторлардың инвесторларын тартуға тырысады. Әзірлемелер мен зерттеулерге де мемлекеттік бюджеттен қаражаттар бөлінеді. Мысалы, бюджеттен ғылыми кітапханалар, мұражайлар мен көрмелерді ұйымдастыру сияқты ғылыми білімдерді тарату орталықтары қаржыландырылады. Мемлекеттің экономикалық саясаты тұрғысынан тиімді жобалар мен әзірлемелер мемлекеттік қолдауға ие болады. Инновациялық жобаларды тәуелсіз сараптауды қамтамасыз ету де мемлекеттің міндеттерінің біріне жатады.

кәсіпорындарға қолдау көрсетуі тиіс.

2. Қытайда инновациялық инфрақұрылымды дамытуға баса назар аударылуда. Инновациялық инфрақұрылым жоғары және жаңа технологиялар сферасын қаржыландырудың негізі болып табылады. Қазақстанда да инновациялық инфрақұрылымның түрлі субъектілері құрылғанмен де тиімді жұмыс атқармай отыр. Сондықтан мемлекетіміз инновациялық инфрақұрылымдардың субъектілерінің тек санына ғана емес, сапасына баса назар аударуы тиіс.

3. Жапонияда мемлекет тарапынан шағын инновациялық кәсіпорындарға қолдау көрсету кепілдіктер беру мен қаржылық көмек арқылы жүзеге асырылады. Өйткені бұл мемлекетте ЖІӨ - нің жартысына жуығын осы шағын инновациялық кәсіпорындар үлесінде. Яғни олар тиімді қызмет көрсету үшін мемлекет жеңілдік шарттармен несиелер, жер учаскелерін т.б. бөледі. Біздің мемлекетімізде шағын кәсіпорындарға салықтық(мерзімін шегеру арқылы), несиелік қолдаулар көрсетіледі. Алайда бұл жеңілдіктерге ие болу өте қиын. Сондықтан да оларды пайдалану жолын оңайландыру керек.

4. Ресейдің тәжірибесін талдайтын болсақ, бұл мемлекетте ИТО-лар құрылған. Яғни ИТО - бұл бір жерде орналасқан көптеген шағын кәсіпорындар конгломераты. Оған шағын кәсіпорындарды қолдау үшін күрделі қаржы салымдары бөлінеді. Қазақстанда осындай ИТО-ларды құру арқылы шағын инновациялық кәсіпорындарға бөлінген қаражаттарды бақылауға мүмкіндік болады.

Болашақта инновациялық қызмет саласындағы саясатты жүзеге асыру мақсатында шаралар бір жүйеге біріктіріліп, ғылыми-техникалық және өндірістік әлуегтің өсуіне әсер ету үшін келесі басымдық бағыттары ұсынылады:

1. Қазіргі бар ғылыми-техникалық әлуегті постиндустриалды экономикада қолдану мақсатында елдің ғылыми-техникалық капитал жағдайына мониторинг биотехнология, биохимия; ядролық технология; сирек металдар негізінде жаңа материалдар жасау өндіріс салаларында жасалуы қажет.

2. Жаңа материалдар мен химиялық технологиялар; ақпараттық технология; «тірі жүйелер» технологиясы ғылыми-техникалық бағыттарды жүзеге асыру үшін басымдық негізде мемлекеттік деңгейде қолдау жасау қажет.

3. Өндіріс саласында индустриалды-инновациялық қызметті ендіруді жылдамдатуға бағытталған заңнамалық базаны жетілдіру мақсатында мемлекеттік қолдауға бағытталған қолданыстағы құқықтық базаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мен заңдар мен нормативтік актілерді шығару үрдісін жеделдету қажет.

Қазіргі мезгілде тек мемлекет қана экономиканы жаңартудың қозғаушы күші бола алады, өйткені отандық жеке сектор әлі ұзақ уақыт ірі және ұзақ мерзімді инвестициялар жасай алмайды. Мемлекеттік қолдау бірнеше салааралық жобалар мен жаңа экспортқа бағытталған өнім шығару шеңберін жүзеге асыруға бағытталуы керек. 2003-2015 жылға арналған стратегияға

сәйкес жақын арада мақсатты зерттеу мен жағымды жағдайлар негізінде жоғары технологиялық өнім кешені құрылуы мақсатында төмендегі бағыттарда: бейбіт мақсаттағы атом энергиясы мен басқа да дәстүрлі емес энергия көздері; сирек металдар негізінде жасалатын жаңа материалдар, ерітінділер, түрлі қабаты бар тот баспайтын болат т.б.; химия, мұнай химиясы, жоғары сапалы мұнай химиялық өнімдері, соның ішінде этилен, полиэтилен, т.б. салаларындағы жетістіктер; қатты денелер физикасы, радиофизика салаларындағы нәтижелер; биотехнология, биохимия шаралар қолдануы ұсынылады.

Шет ел фирмаларымен бірігіп, дүниежүзілік нарықта орын алуларына мүмкіндік беретін Қазақстанда ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етілген бағыттар бар. Қазақстанның экономикалық түрлі салалары түрлі техникалық деңгейге сай. Олар бәсекеге қабілетті, сондықтан олар үшін де жеке жобалар жасалуы қажет. Мемлекетте ғылыми-техникалық өндірістік орталықтар Алматы, Қарағанды, Өскемен, Астана, т.б. қалаларда шоғырланған. Олардың кейбіреулерінде қазіргі кездің өзінде технопарктер құрылған. Ал олар өз кезегінде болашақта интеллектуалды өнім, ғарыштық қызмет, ақпараттық технология, радиоэлектроника, атом технологиясында көп мүмкіндіктер береді.

Ғылыми негізде ядролық отын, уран ерітінділерін, мыс-берилл ерітінділерін, тантал-ниобий түрлерін игеруге, титан гупкасы өндірістік базаларын кеңейтуге болады. Бұларға сұраныс атомдық, ғарыштық, радиоэлектронды өндіріс салаларының өсуіне байланысты артып отырады. Қазақстандағы ғылымның қазіргі жағдайы аяқталған, бірақ тауарлық түрге жеткізілмегендігімен, ғылыми зерттеулер санының көп болуымен сипатталады. Бұл айтарлықтай әлует және оны қолдану инновациялық қызметтің дамуының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақстандық ғалымдармен 10 жыл ішінде 877 патент алынды, жаңа техниканың 136 нұсқасы өнделді. Ғалымдармен орындалған ғылыми зерттеулер жаңа фундаменталды білімдерге және олардың негізінде – отандық ғылым мен технологияның бәсеке қабілеттілігін жоғарылатуға бағдарланған. Геолог-ғалымдармен өткізілген зерттеу нәтижелері қара және түсті металлургияның өндірістік кәсіпорындарын шикізатпен тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта ғылыми сыйымды өндірістер қатарын құру мақсатында жобалық-конструкторлық және техникалық құжаттама дайын елде отандық технологияларда қолдану негізінде бар химиялық және мұнай химиялық өндірістерді қалпына келтіру және кеңейту, сонымен қатар мұнай, газ, көмірді және басқаны қайта өңдеу бойынша кіші және орта тиімді және бәсеке қабілетті өндірістер құрылыс жобалары дайындалуда.

Ғылыми-техникалық бағдарламаларды, жоғары тиімді биотехнологияларды құру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп үшін биотехнологиялық өнім өндірісі, теориялар мен технологияларды өңдеу саласындағы қоршаған ортаны қорғау, сонымен қатар қара және түсті металлургияның кәсіпорындарында жаңа технологиялық үрдістерді игеру басымдық негізге ие.

2005 жылғы 25 сәуірдегі ҚР Үкіметінің №387 «Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін құру мен дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған Бағдарламасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес келесі мақсаттар мен міндеттері анықталған: ғылыми әлеуетті дамыту, инновациялық кәсіпкерлік ортасын дамытуды құру мен қолдау, көпдеңгейлі инновациялық инфрақұрылымды құру мен дамыту, ҰИЖ элементтері арасындағы тиімді арақатынасты қамтамасыз ету, заңдық-құқықтық базаны жетілдіру. Осы міндеттерді мемлекет тиімді жүзеге асыратын болса, болашақта экономиканың барлық сферасына жағымды әсер ететін Ұлттық Инновациялық Жүйені қалыптастыруға мүмкін болады. Осының нәтижесінде, 2015 жылы келесі жетістіктерге жетуге болады:

- ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтер көрсетудің ЖІӨ-гі үлесі 2005 жылдағы 0,8%-дан 2015 жылы 1,7%-ға өсуі;

- 2003 жылмен салыстырғанда Қазақстанның инновациялық және ғылыми-техникалық қызметіне тартылатын инвестициялардың 2015 жылы 10-15 есе өсуі;

- қолданбалы ҒЗТКЖ-ды бюджеттік қаржыландыру жүйесін жақсарту.

Президенттің 2004 жылғы Жолдауында ұлттың бәсеке қабілеттілігі бірінші кезекте оның білім деңгейімен анықталады деп көрсетілген.

Сонымен қатар «2015 жылға дейін Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту тұжырымдамасын» қабылдау қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігінде шоғырлану үрдісін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Ғылым мен техниканың жаңа бағыттарының шапшаң дамуы, ғылымдар түйісіндегі жетістіктер жоғары және орта кәсіби білімі бар мамандарды дайындау үрдісі құрылымдық қайта қарау қажеттілігін талап етеді. Әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, жақын болашақта ақпараттық технологиялар, биоинженерия, қуатты компьютерлік қолдаумен жаңа физикалық принциптерді үйлестіретін жоғары өндірістік технологиялар, экология және тағы басқа облыстарының мамандарына сұраныс аса жоғары және тұрақты болады.

Қазақстанның инновациялық әлеуетін көтеру үшін келесі шаралар кешенін ұсынамын:

- мемлекет бюджетінен тиімділігі жоғары және технологиялық даму бағдарламаларын, мемлекеттік маңыздылығы бар инновациялық жобаларды, коммерциялық жағынан тиімді инновациялық жобаларды толығымен және үлесті қаржыландыру;

- жоғары технологиялық өндіріске қаражаттарын салатын инвесторларға мемлекет тарапынан қолдау көрсету және оларды ынталандыру;

- әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы кәсіпорындарға (инновацияларды игерген кезеңде) жеңілдіктермен несиелер, субсидиялар, субвенциялар беру;

- ғылыми сыйымдылығы бар құрал-жабдық лизингін және инновациялық өнімді дамыту;

- инновациялық жобалар мен оларды іске асырушыларды конкурстық таңдау жүйесін жетілдіру;
- экономика саласында шағын, тиімді және тез сатылатын инновациялық жобалардың үлестік салмағын арттыру;
- инновациялық сфераға шағын кәсіпкерлік субъектілерін тарту;
- заңдық-құқықтық базаға өзгертулер енгізу;
- экономикалық ынталандыру жүйесін құру, яғни салықтық, несиелік және т.б. жеңілдіктер жасау;
- ақпаратпен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама Мемлекет басшысының «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының 2009 жылғы 15 мамырдағы кезектен тыс XII съезінде берген тапсырмасын, «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асырудың екінші кезеңі болып табылатын Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының түйінді бағыттарына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама экономиканы әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бағдарлама экономиканы әртараптандырудың жүргізіліп отырған саясатының қисынды жалғасы болып табылады әрі құрамына Индустриялық-инновациялық дамудың 2003–2015 жылдарға арналған стратегиясының, «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы» бағдарламасының, сондай-ақ индустрияландыру саласындағы басқа да бағдарламалық құжаттардың негізгі тәсілдерін біріктірді.

Ірі жобаларды ілгерілетудің бастамашысы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» ҰАҚ) АҚ), экономиканың отын-энергетика және металлургия секторларының ірі жүйе құраушы компаниялары, сондай-ақ стратегиялық шетелдік инвесторлар болып табылады.

Шикізат секторымен байланысты емес және ішкі, ал кейіннен өңірлік нарықтарға бағдарланған (Кеден одағы, Орталық Азия елдері) экономика салаларын қалыптастыру және/немесе күшейту қатар жүзеге асырылатын болады.

Мемлекет озық технологиялар трансфертіне, кейіннен олардың экспортқа бағдарлануын дамыта отырып, қазіргі заманғы импорт алмастырушы өндірісті құру үшін шетел инвесторларын тартуға бағытталған қазақстандық орта және шағын бизнес бастамаларын қолдайды.

Индустриядан кейінгі экономиканың негіздерін қалыптастыру мақсатында ұлттық инновациялық инфрақұрылымды дамыту және коммерцияландыру перспективалары бар ғылыми-технологиялық негіздерді қолдау жалғасады.

Жалпы алғанда, экономиканы әртараптандыруды мемлекеттік қолдау макро және секторлық деңгейлерде экономикалық саясаттың жүйелі шараларын, сондай-ақ экономиканың нақты секторларын және жобаларды қолдаудың селективті шараларын іске асыру арқылы жүзеге асырылатын болады.

Экономикалық саясаттың жүйелі шаралары қолайлы макроортаны және инвестициялық ахуалды қалыптастыруға, ұлттық экономиканың өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі шараларға шоғырланатын болады.

Селективті шаралар басым секторлар мен жобаларды қаржылық және қаржылық емес қолдау шараларының құрамдастырылған пакеті негізінде жүзеге асырылатын болады.

Мемлекет өзінің бизнеспен өзара іс-қимылын республикалық және өңірлік деңгейде де тиімді ынтымақтастық институттарын қалыптастыру негізінде жүйелі түрде құрады.

Экономиканың объективті жағдайына барабар болатын 2015 жылға дейінгі индустрияландыру саясатының траекториясы ресурстық, инфрақұрылымдық, институционалдық және технологиялық шектеулермен ішкі келісушілікте болады. Бағдарламаға енгізілетін экономиканы әртараптандыруды және технологиялық жаңғыртуды ынталандыратын тетіктердің жүйелік сипаты:

- қолайлы макроэкономикалық жағдай жасауды;
- ахуалды жақсартуды және инвестициялар ағынын ынталандыруды;
- жаппай технологиялық жаңғыртуды және ұлттық инновациялық жүйені дамытуды;
- адами капитал сапасын арттыруды қамтамасыз етеді.

Экономиканың басым секторларын дамытуға мемлекет пен бизнес ресурстарын шоғырландыру мемлекет пен бизнес шешімдерін келісудің интерактивті процесімен, мониторингтің қазіргі заманғы ақпараттық жүйелері мен іске асырудың нақты құралдарын пайдаланумен бірге жүреді.

2015 жылға нысаналы индикаторлар мыналар:

- ЖІӨ-ні кемінде 7 трлн. теңгеге, бұл 2008 жылғы ЖІӨ-нің шамамен 50%-ға ұлғайып, нақты мәнде ЖІӨ-нің өсімі 15%-ын құрайды;
- ЖІӨ құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіптің үлесі кемінде 12,5 % деңгейіне дейін;
- экспорттың жалпы көлеміндегі шикізаттық емес экспорт үлесі кемінде 40 % деңгейіне дейін;
- өңдеуші өнеркәсіптің жиынтық өндірісі көлемінен шикізаттық емес экспорт көлемінің үлесі кемінде 43 % деңгейіне дейін;
- өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі кемінде 1,5 есеге;
- агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігін ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін бір адамға шаққанда 3000 АҚШ долларынан бастап кемінде 2 есеге;
- мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың, ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтер мен компаниялардың тауарларды сатып алуда

қазақстандық қамту үлесі – 60%-ға дейін, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу 90%-ға дейін;

- жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар санынан инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі 10 %-ға дейін ұлғаяды.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары:

1. Экономиканы әртараптандыруды және оның бәсекеге қабілеттігінің өсуін қамтамасыз ететін басым секторларын дамыту Алдағы кезеңде индустрияландыру саясаты индустриялық-инновациялық процестердің жеделдетушісі болатын «дәстүрлі мамандандыру» салаларын дамыту арқылы басым шикізаттық емес секторды озыңқы дамытуға бағытталған болады.

2. Мемлекеттің күш-жігері экономиканың мынадай басым секторларын дамытуға топтастырылады: дәстүрлі: мұнай-газ секторы, тау-кен металлургия кешені, шикізат өндірістерін кейіннен аса жоғары қайта бөлулерге ауыстыратын атом және химия өнеркәсібі.

3. Жер қойнауын пайдаланушылар, ұлттық компаниялар және мемлекет сұранысына негізделген: машина жасау, құрылыс индустриясы, фармацевтика.

4. Шикізаттық сектормен байланыстырылмаған және экспортқа басым бағдарланған өндірістер: агроөнеркәсіптік кешен, жеңіл өнеркәсіп, туризм.

5. Келесі 15-20 жылда әлемдік экономикада үстем рөлге ие болатын «болашақ экономикасының» секторлары: ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, биотехнологиялар, баламалы энергетика, ғарыш қызметі.

Көрсетілген секторлардың тізбесі толық емес әрі Бағдарламаның іске асырылу барысында толықтырылып отырады.

Экономиканы сәтті әртараптандыру республиканың тұрақты дамуымен, соның ішінде тұрақты дамуды басқару жүйесін оңтайландыру және көмірсутегі төмен экономиканың, сондай-ақ инвестициялыр тарту, экологиялық проблемаларды шешу, табиғи экожүйелерге антропогендік жүктемелердің кері әсерін азайту, табиғатты пайдаланушылардың қоршаған ортаға эмиссиясын азайту, қалдықтарды кешенді қайта өңдеу мәселелерінде «жасыл» саясатты енгізу жолымен республиканың тұрақты дамуымен үздіксіз байланысты.

Шағын кәсіпкерлікті инновациялық даму негізінде жетілдіру үрдістері. Бәрімізге мәлім шағын кәсіпкерлік секторы экономиканы әртараптандыруға, тұрақты қарқынды дамытуға мүмкіндік береді. Осы тенденция біздің елімізде қалыптаса қойған жоқ. Сондай-ақ жоғарыдағы үлестік көрсеткіштер дамыған мемлекеттердің экономикасымен салыстырғанда мардымсыз болып табылады. Мұндай жағдайдың қалыптасуы мемлекеттік реттеу мен қолдауға, шағын кәсіпкерліктің ішкі және сыртқы орталарына қатысты әр алуан аспектілі қиындықтары мен проблемаларына байланысты.

Яғни, еліміздің экономикасының әрбір саласында шағын кәсіпкерлікті дамыту, олардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттыру негізінде халықты жұмыспен қамтамасыз ету, олардың тұрмыстық жағдайын жақсарту, қаржы тапшылығы, материалдық-техникалық ресурстардың жетіспеушілігі, өнеркәсіптегі дағдарыстың бетін қайтару, экономика саласын тұрақтандыру

мүмкіндіктері әлі де болса жойылмауы себепті қазіргі кезде күрделі мәселелердің бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасы индустриалдық-инновациялық дамуының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қуатты экономикалық серпілісті жүзеге асыруға, жаңа жетістіктерге жетуге жұмылдырады. Қойылған стратегиялық мақсаттарға сәйкес экономикалық қатынастарды трансформациялау мәселесін шешу қажет.

Шикізат бағытынан қол үзуге ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу, ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау, еңбек өнімділігін кемінде 3 есе арттыру және жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) энергия сыйымдылығын 2 есе төмендету; өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларының өнімділігін арттыру; кәсіпкерлік ахуалды, құрылымды қалыптастыру және жеке секторды ынталандыратын әрі бәсекелестік артықшылықты жетілдіретін, дүниежүзілік ғылыми-техникалық және иновациялық процесстерге қосыла отырып, өңірлік және дүниежүзілік экономикамен ықпалдасуды күшейту – бұл индустриялық-инновациялық дамудың белгіленген негізгі мақсаты мен міндеттері.

Экономиканың кез келген секторында инновациялар қаржы салымдарын қажет етеді. Қосымша пайда табу, шағын кәсіпкерлік қызметінің тиімділігін жоғарылату, әлеуметтік-экономикалық нәтижені алу үшін де қаржы салымдары керек. Сонымен қатар тәжірибе жүзінде келесідей байланыс анықталды: шағын кәсіпорын болашақта неғұрлым үлкен табысқа жетуді көздейтін болса, ол соғұрлым көп шығын жұмсауға дайын болуы керек.

Қазақстандағы инновациялық қызметтің қазіргі кездегі ахуалы өркениетті экономикалық даму талаптарына сай емес. Мемлекеттік сектордың ғылыми зерттеулерді қаржыландыру мүмкіндіктерінің тарылуы, кәсіпорындардың жеке қаржыларының тапшылығы жеке инвестициялар ағымымен толықтырылмай отыр.

Инновациялық қызметті дамыған қаржыландыру жүйесі негізінде ғана дамытуға болады. Нарықтық экономикада шағын кәсіпорындар, өнеркәсіптік компаниялар, қаржылық-өнеркәсіптік топтар, шағын инновациялық бизнес, инвестициялық және инновациялық қорлар, жергілікті басқару органдары, жеке тұлғалар және т.с.с. қаржыландыру субъектілері болып табылады.

Өркендеу кезеңінде инновациялық компанияның қаржыландырылуы қаржыландыру көздерінің айрықша жиынтығымен ерекшеленеді.

Олар инновациялық компания үшін қолайлы қаржыландыру көлемінің өсу ретімен орналастырылған: жеке адамдардың жинақтары; гранттар, жоғары оқу орындарының қаражаттары; бизнес-инкубатор ресурстары; бизнес жебеушілер қаржысы; венчурлік компаниялар қоры.

Бұлардың бәрі қайсыбір түрде болмасын ұдайы өндіріс процесіне қатысады және инновациялық қызметтің дамуына жанама түрде ықпал етеді. Қаржыландыру ұйымдарының қағидалары қаржыландыру көздерінің көптігіне, жүйенің жекелеген элементтерінің икемділігі мен серпінділігіне бағытталып,

инновацияларды жылдам әрі тиімді енгізе отырып, кейін оларды инновациялық қызметтен түсетін қаржының өсуін қамтамасыз ететін коммерцияландыру жағдайына беттелуі тиіс. Ол үшін келесідей басты екі шартты ұстап тұру қажет: мемлекеттік инновациялық, ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік саясатты іс-қимылға жұмылдыру және қазақстандық шағын кәсіпорындардың белсенді инновациялық дамуға көшуге дайын болуы. Инновациялық қызметті қаржыландыру жүйесі меншік түрі, орталықтандыру дәрежесі, сондай-ақ меншік иелерінің деңгейі мен қаржыландыру нысандары жағынан ажыратылатын формалар мен көздердің күрделі айқасуынан тұрады. Қазіргі таңда инновацияларды қаржыландыру көздерінің келесідей жіктемесі қабылданды (17 сурет).

Меншік түрі бойынша қаржыландыру көздері келесідей бөлінеді:

- мемлекеттік инвестициялық ресурстар (бюджет қаражаттары, бюджеттен тыс қорлардың қаражаттары, мемлекеттік пайдаланулар, акция пакеттері, мемлекеттік меншік мүлігі);

- инвестициялық, соның ішінде қаржы ресурстары, коммерциялық және коммерциялық емес шаруашылық субъектілердің ресурстары, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың, жеке тұлғалардың және т.с.с. ресурстары.

Мемлекет деңгейінде қаржыландыру көздерін төмендегілер құрайды:

- бюджеттер мен бюджеттен тыс қорлардың өзіндік қаражаттары;
- мемлекеттік несиелер-банктік және сақтандыру жүйелерінің жұмылдырған қаражаттары;


- мемлекеттің сыртқы (халықаралық пайдаланулар) және ішкі (мемлекеттік облигациялық, қарыз және өзге де заемдар) қарызы түріндегі заемдік қаражаттар.

Кәсіпорын деңгейінде қаржыландыру көздері мыналар:

- өзіндік қаржылар (пайда, амортизациялық аударымдар, сақтандыру өтемдері, материалдық емес активтердің, негізгі және айналым құралдарының шығындары және т.с.с.);

- акцияларды сатудан түскен жұмылдырылған қаражаттар, сондай-ақ жарналар, мақсатты түсімдер және басқалар;

- әртүрлі негізде берілетін бюджеттік, банктік және коммерциялық несиелер түріндегі заемдік қаражаттар.



17 сурет – Инновациялық үрдістің қажетті элементі ретінде капитал нарығының құрылымы

Инновацияларды қаржыландыру көзі ретінде пайданың маңыздылығы шағын кәсіпорынның өндірістік қызмет сипатына (өндірістік циклдың ұзақтығы, өнімнен түсетін ақша қаражаттарының жүйелілігі және т.с.с.) және мемлекеттің жүргізетін экономикалық саясатына (салық саясаты) байланысты болады.

Қазақстандық шағын кәсіпорындардың пайданы инновацияларды қаржыландырудың негізгі көздерінің бірі ретінде пайдалануы келесідей себептерге байланысты тойтарылып отырды:

- өндірістің құлдырауы және шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілетсіздігі;

- шағын кәсіпорындардың ұдайы өндірістік қажеттіліктерін ескермейтін, ауыртпалық түсіретін салық саясатын жүргізу;

- пайданың басым бөлігін айналым құралдарының өсіміне және шағын кәсіпорындардың тұрақты қаржылық жағдайын қамтамасыз етуге пайдалану;

- тіпті өндіріс көлемі тұрақты болғанның өзінде, өнімге кететін шығынның өнім бағасының жоғарлауымен салыстырғанда асып түсуі.

Сонымен, инновацияларды өздігінен қаржыландырудың ішкі көздерінің жағдайы инновациялық міндеттерді толығымен шешуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан, біздің ойымызшы, өнеркәсіптік шағын кәсіпорындарда инновацияларды қаржыландырудың осы көздерін іс-қимылға жұмылдыру және одан әрі тиімді пайдалану бойынша әдістемелік және тәжірибелік сипаттағы іс-шараларды жүргізу қажет.

Соңғы жылдары қаржы лизингі кең қолданысқа ие болып отыр, әсіресе қымбат бағалы құрал-жабдықты, көлік құралдарын, энергия қондырғыларын және т.с.с. сатып алумен байланысты ірі техникалық инновацияларды жылдам игеру мәселесін шешу жағдайында кең қолданылады. Қазіргі лизингтік қызмет нарығы – бұл ең серпінді әрі жылдам дамушы нарықтарының бірі. АҚШ-та, мәселен, машиналар мен құрал-жабдықтарға салынатын капитал салымдарының жалпы сомасының 25-30%-ға жуығы лизинг үлесіне тиесілі.

Инновациялық қызметке салынатын шетелдік инвестициялар ғылыми-техникалық және экономикалық ынтымақтастық бойынша мемлекет аралық, үкімет аралық келісімдер мен бағдарламалар түрінде, сондай-ақ шетелдік қаржылық ұйымдар мен жеке кәсіпкерлерден тартылатын жеке инвестициялар түрінде жүзеге асырылады. Олар жарғылық капитал жарналары, бағалы қағаздарды сатып алу, мақсатты және кедергісіз берілетін несиелер, демеушілік және қайырымдылық жарналары, лизинг және т.с.с. болуы мүмкін. Мұндай инвестициялардың бағыты, ауқымы мен шарттары көптеген факторларға, ең алдымен елдің инвестициялық тартымдылығына байланысты. Бұл экономикалық және құқықтық ортамен, жүргізілетін реформалардың саяси тұрақтылығымен, олардың алдын ала болжанылуымен анықталады. Қазақстан нарығы бұл тұрғыда шетелдік инвесторлар үшін тартымды емес. Инвестициялардың тәуекелі айтарлықтай жоғары, бірақ сонымен бірге қазақстандық экономикаға шетелдік инвестицияларды тартуға түрткі болатын күшті қозғаушы себептер де жеткілікті. Бұлар – ең алдымен салымдардың жоғары табыстылығы, қазақстандық нарықтың ауқымдылығы мен перспективтілігі.

4 кесте – Инновациялық қызметті қаржыландырудың негізгі ұйымдастырушылық формалары

Формасы	Мүмкін болатын инвесторлар	Қарыз қаражаттарды алушылар	Форманы пайдалану артықшылықтары	Еліміздегі жағдайларда форманы пайдалану қиындығы
Тапшыл қаржыландыру	Шетел мемлекеттерінің үкіметтері. Халықаралық қаржылық институттар, ҚР кәсіпорындары	ҚР Үкіметі	Инвестицияларды мемлекеттік реттеу және бақылау мүмкіндігі	Қаржыландырудың мақсатты емес сипаты. Ішкі және сыртқы мемлекеттік қарыздардың өсуі. Бюджеттің шығын бөлігінің артуы.

	дары мен ұйымдары			
Акционерлік (корпоративтік) қаржыландыру	Коммерциялық банктер. Институционалдық инвесторлар.	Корпорациялар. Кәсіпорындар	Корпорациялардың (кәсіпорындардың) инвестицияларын пайдалану	Инвестициялардың мақсатты емес сипаты. Нақты жобалар нарығында емес, бағалы қағаздар нарығында ғана жұмыс істеу. Инвестициялардың жоғары тәуекел деңгейі.
Жобалық қаржыландыру	Үкіметтер. Халықаралық қаржылық институттар. Коммерциялық банктер. Шетел инвесторлары. Институционалдық инвесторлар.	Инвестициялық жоба. Инновациялық жоба.	Қаржыландырудың мақсаттылығы. Тәуекелдерді бөлу. Қаржылық мекемелердің қатысушылары- мемлекеттің кепілдемелері. Жоғарғы деңгейдегі бақылау.	Инвестициялық климатқа тәуелділік. Несие тәуекелінің жоғары деңгейі. Тұрақсыз құқықтық және салықтық режимдер.

Әлемдік тәжірибеде орын алған инновациялық қызметті қаржыландырудың негізгі ұйымдастырушылық формалары 4 кестеде көрсетілген.

Соңғы он жыл ішінде индустриалды дамыған елдерде инвестицияларды қаржыландырудың жаңа формасы – жобалық қаржыландыру қарқынды өсуде.

Инвестициялық жобаларды ең алдымен банктік ұзақ мерзімдік несиелеу деп түсінілетін жобалық қаржыландырудың түрлері қазіргі кезде өте көп.

Жобалық қаржыландыру – бұл инновациялық қызметке қаржылық және банктік қатысу түрі, ол өнеркәсіптің ресурс сыйымды және капитал сыйымды салаларының өндірістік аппаратын жаңа заман талаптарына сай етіп жетілдіруді және жаңартуды ерекше қажет ететін елдер мен аймақтар үшін өзекті болып табылады.

Осы уақытқа дейін дамыған елдерде электр энергиясымен, пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты инновациялық жобаларды қаржыландыру кең таралып келді.

Енді жобалық қаржыландыру инфрақұрылыммен және өнеркәсіптің өңдеуші салаларымен байланысты болған, сондай-ақ ғылыми-техникалық жаңалықтар мен алдыңғы қатарлы технологияларға бағытталған көптеген өнеркәсіптік объектілерге кеңінен таралуда. Соңғы кезде инвестицияларды

жоғары технологиялық, ғылымды көп қажет ететін өндірістерге салу тәжірибелері байқалуда.

Сонымен, инновацияларды өздігінен қаржыландыру көздерінің жағдайы инновациялық міндеттерді толығымен шешуге мүмкіндік бермейді. Қаржы ресурстарын шоғырлау және тиімді пайдалану бойынша тиісті шаралар қажет. Осындай шаралардың бірі аймақтың шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарын интеграциялау болар еді, ал оның шеңберінде – инвестициялық ресурстарды ең тиімді инновациялық жобаларға қарай орталықтандыру, шоғырлау және бөлу. Инновациялық жобаларға салынатын ішкі қаржы көздері жетіспейтіндіктен, сыртқы көздерден (банк несиелері, өзге шаруашылық субъектілерден қарыз алу) қаржы тарту керек.

Шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) секторындағы күрделі мәселелердің бірі – инновацияны енгізу деңгейінің төмен болуы мен инновацияны жасауда инвестиция көлемінің күрт төмендеп кетуі. Тұтас алғанда, ШОК салаларындағы төмен рентабельділік, жеке айналым қорларының ылғи да жетіспеушілігі, сонымен қатар кепілдікке қоятын мүліктерінің өтімділік деңгейінің болмауы оның салалары үшін инновациялық жеке зерттеулер мен капитал салымдарын салуды тежеп отыр. Тағы бір ескеретін нәрсе, ШОК секторындағы инновациялық қызметтің қажеттілігі оның өзінің мәнінен шығып отыр. ШОК жекелеген кәсіпорындардың инновациялық қызметі тұтас алғанда еліміздің экономикалық өсуін білдіреді, халықтың әл-аухатының неғұрлым жоғарғы деңгейін қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда Қазақстанның шағын кәсіпкерлігінде айтарлықтай өндіріс көлемінің, шағын кәсіпорындар өнімділігінің өсуі; ауылшаруашылық және өнеркәсіп өнімдеріне баға диспаритеті; шағын кәсіпорын өндірісінің техникалық жарақтануының нашарлауы; коммерциялық несиені аз пайдалану, сонымен қатар шағын кәсіпорындары басшыларының аудиторлық тексерулер жүргізуге немқұрайлылығы; өзінің сатып алу бағасын бекітетін және монополиялық билікте болатындардың алдында жергілікті тауар өндірушілердің қорғансыздығы; қосалқы бөлшек сатумен айналысатын жабдықтаушы кәсіпорындардың монополиялық жағдайлармен шиеленісуінен шағын кәсіпорын техникаларының дамыған жөндеу базасының жоқ болуы; шағын кәсіпкерлікке инвестиция көлемінің қысқаруы байқалып отыр.

Қалыптасқан жағдайда шағын кәсіпорындарының инновациялық қызметінің жандануы маңызды мәселе болып табылады, өйткені өндірістік кәсіпорын сияқты капитал сыйымдылығы жоғары экономика секторына жағдай тудырмай қалыпты қызмет ету мен интенсивті даму мүмкін емес. Осыған байланысты, республикада қолайлы инновациялық орта қалыптастыру дегеніміз шағын кәсіпорын тауар өндірушілерінің экономикалық дағдарыстан шығудың құралы ретінде инновацияны қолдануды білдіреді.

Экономикалық әдебиеттерде осы күнге дейін «инновациялық белсенділік» ұғымы анықтамасына бірыңғай көзқарас қалыптаспады. Инновациялық белсенділік біздің түсінігімізде белгілі бір уақыт аралығында кәсіпорындардың, немесе олардың жеке түрлерінің инновациялық қызметті

жүзеге асыруға қатысу деңгейі. Инновациялық белсенділік әр түрлі деңгейде келесідей факторлармен анықталады (5 кесте).

Алдымен инновациялық белсенділікті тар және кең мағынада қарастырып көрейік. Тар мағынада инновациялық белсенділікті шаруашылық жүргізуші субъектінің динамикасы мен ағымдағы жағдайын және инновациялық технологияларды енгізу деңгейін көрсететін кешенді нәтиже деп түсінуге болады. Кең мағынада – белгілі бір шаруашылық жүргізуші субъектіде инновация жасау мен енгізуде пайда болған қаржы, экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқарушылық қатынастар жүйесі. Ал ШОК секторының инновациялық белсенділігі дегеніміз, оның дамуына қаржылық салымдардың перспективасын, табыстылығын, тиімділігін және тәуекелділігінің минимизациясын білдіреді.

Инновациялық белсенділікке сандық және сапалық факторлар да әсер етеді. Сандық факторларды талдау кезінде мақсатты параметрлерге факторлардың әсерін бағалау үшін статистикалық әдістерді қолдану керек. Бұл жерде екі шарт орындалуы қажет: бағаланатын параметр сандық түрде болуы керек және бірыңғай таңдау құруға мүмкіндік беретін мәліметтердің болуы.

5 кесте – Инновациялық белсенділікті анықтайтын негізгі факторлар

<p>Мемлекеттің инновациялық белсенділігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әлеуметтік-саяси тұрақтылық; - ішкі нарықтың көлемі мен төлем қабілеттілігінің деңгейі; - несие-қаржы және банк жүйесінің қалыптасуының тұрақтылығы; - инфляция деңгейі; - экономикалық сферадағы жемқорлық пен қоғамдағы қылмыс деңгейі; - инновациялық қызметтің құқықтың қамтамасыз етілуінің деңгейі; - кәсіпкерлік және инвестициялық қызметтің нормативтік базасының тұрақтылығы; - қор нарығының дамуы; - салық саясаты; - технологияның даму деңгейі. 	<p>Аймақтың инновациялық белсенділігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жағрафиялық орналасуы; - табиғи ресурстармен қамтамасыз етілуі және оларға қол жетімділік; - қоршаған ортаның жағдайы; - экономиканың құрылымдылық әртүрлілігі; - нарықтық инфрақұрылымының ахуалы мен дамуы; - халықтың мәдениеті мен білімінің дамуы; - әлеуметтік-саяси тұрақтылық; - экономикалық тұрақтылық; - басқару органдарының кәсіпорындармен өзара іс-әрекеті; - ақпараттық коммуникациялық кеңістік; - нормативтік-құқықтық кеңістік.
<p>Саланың инновациялық белсенділігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - салалық нарықтың деңгейі; - азық-түлік өнімдері нарығының монополизациялану деңгейі; - бағаның икемділігі; - капиталға табыстылық нормасы; - саланың капитал сыйымдылығы; - салық ауыртпашылығының деңгейі; - бәсеке деңгейі; - саладағы әлеуметтік мәселелер; - стратегиялық бірлестіктердің 	<p>Кәсіпорынның инновациялық белсенділігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - меншік түрлері; - кәсіпорынның қаржылық жағдайы, кәсіпорынның көлемі; - жаңа нарықтарға кіру мүмкіндігі және өз ұстанымын нығайту; - инвестициялық қызметті жүргізу үшін қаржылардың болуы; - инвестициялық жобалармен басқару тиімділігі;

<p>қалыптасуы және басқа да контрагенттермен өзара қатынастардың мүмкіндігі;</p> <ul style="list-style-type: none"> - технология мен өндірістің күрделілік деңгейі; - инвестициялық нарық инфрақұрылымының даму деңгейі; - саланың мемлекеттік реттеу деңгейі. 	<ul style="list-style-type: none"> - кәсіпорынның ғылыми-техникалық потенциалы; - кәсіпорындар арасында инновациялық қызметті ынталандыру жүйесі; - инновациялық белсенділік деңгейі; - негізгі қорлардың тозу деңгейі; - өнімге төлемге қабілетті сұраныстың болуы.
---	---

Инновациялық белсенділікке көрсеткіштердің әсері бойынша факторларды екі топқа біріктірген ыңғайлы: қолайлы және қолайсыз. Қолайлы факторларды сипаттайтын мәндер жоғарылағанда өнім өнімділігі, еңбек өнімділігі, өнімнің өндірістік өзіндік құны, еңбек сиымдылығы, материал сиымдылығы төмендейді, рентабельділік деңгейі жоғарылайды. Ал кері факторлардың мәні жоғарылағанда өнім өнімділігі төмендейді, шаруашылық нәтижелерді сипаттайтын басқа да көрсеткіштер төмендейді.

Ірі өндірістік кәсіпорындардың инновациялық қызметіне талдау жүргізгенде инновацияны басқаруды орталықтандыру тенденциясын нығайтуға бағытталған инновациялық процесстердің қазіргі таңдағы ерекшеліктерін сипаттайтын бірқатар жалпы тұжырымдарды бөліп көрсетуге болады.

Зерттеулер көрсеткендей, соңғы онжылдықта Қазақстанның көптеген өндірістік кәсіпорындарда әлеуметтік-экономикалық саясатында инновациялық құраушылары бойынша келесідей тенденциялар байқалып отыр:

- кәсіпорын ішінде тек қолданбалы ғылыми зерттеулер мен жеке зерттеулердің дамуы. Іргелі зерттеулер жүргізу ғылыми-зерттеу институттары мен университеттерімен тығыз интеграциялану есебінен жүзеге асырылады;

- неғұрлым инновативті өндірістік кәсіпорындары жаңалықтарды басқару бөлімін құру үшін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық ұжымын (ҒЗТҚҰ) және маркетинг бөлімдерін біріктіру мақсатында қайта құрулар жүргізуде;

- фирмааралық венчурлық бөлімшелерін белсенді пайдалану.

Инновацияны басқаруды ұйымдастыру процесінде зерттеуде келесідей сұрақтарды кезеңмен шешу ұсынылып отыр:

- тиімді технология мен ең жақсы ұйымдық формаларды таңдау;

- жаңалықтарға ықпал жасайтын ұйымдастырушылық ортаны қалыптастыру және жұмысшыларды ынталандыру;

- ҒЗТҚҰ және маркетинг бөлімдерінің өзара әрекеттерін және технологияны берудегі мәселелерін шешу;

- шығындар мен ресурстардың экономикалық мақсатты көлемін анықтау, потенциалды тиімді жобаларды таңдау;

- шағын кәсіпорын ассортиментіндегі жаңа өнімдерді енгізудің салдарын зерттеу;

- экономикалық тәуекелді қысқартудан ғана емес, сонымен қатар тұтынушылар мен жабдықтау көздеріне байланысты төмендегенде пайда болатын диверсификация дамуының мүмкін болатын эффектісі;

- экономикалық және саяси сфералардағы біріккен іс-әрекеттерді, фирмааралық байланыстарды ұлғайту.

Шағын инновациялық бизнес жағдайын жан-жақты зерттеу мақсатында, кездесіп қалатын мүмкіндіктер мен қауіп-қатер тұрпаттарын бағалауы SWOT-талдауын жүргізу арқылы анықталады, ол инновациялық аяда шағын кәсіпкерліктің күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ әлуетті мүкіншіліктер мен қатерлерді анықтауға және оған қарсы шаралар құруға мүмкіндік береді.

Күшті және әлсіз жақтар – бұл шағын бизнестің ішкі сипаты, демек оның өзінің бақылауында болады. Сыртқы ортамен байланысты мүмкіншіліктер мен қауіп-қатерлер шағын бизнеске тікелей байланысты болмауына байланысты, оның да шеші жолдарын іздестіру қажет.

Сондықтан шағын кәсіпкерлікте басқару процесі бір-бірімен байланысып жатқан өндірісті жобалау, жоспарлау және ұйымдастыру кезеңдерін қамтиды. Сонымен бірге, жобалау кезеңі кәсіпкерлікті басқаруда маңызды, әрі міндетті болып табылады және әр кезеңде бірыңғай мақсатқа жету үшін кәсіпкерліктің өнімділігі мен құндылығын, оларды пайдалану тиімділігін сақтау, жоғарылату міндеттері шешіледі. Басқару процесіндегі аталған кезеңдердің айқындылығын мойындай отырып, қазіргі уақытта басқарудың экономикалық әдістерін ұстанумен ғана түбегейлі табыстарға жетуге болады.

Инновациялық процестерді белсендірудің бір жолы болып, республика деңгейінде шағын кәсіпорындарының инновацияға бағытталған даму стратегиясын жасау болып табылады. Бұл – егер біз нақты бір кәсіпорын емес, жалпы аймақты немесе экономиканың нақты секторының алдыңғы қатарлы сала туралы айтып отырсақ, өте қиын процесс. Аймақтың экономиканың инновациялық дамуын біз өндірістің ғылымды кең көлемде қажет ететін факторын кешенді түрде пайдаланумен байланыстырамыз. Ал бұл өз кезегінде ШОК секторының ішкі де, сыртқы да тұтыну нарығында жоғарғы бәсекелестікті қамтамасыз ету мақсатында техникалық-технологиялық, қаржылық-экономикалық және ұйымдастырушылық-басқару қызметін қамтамасыз етеді.

Шағын кәсіпкерлікті дамытудың инновациялық бағыттағы стратегиясының мақсаты – жаңа сапалы өнімдерді өндіруді тиімді түрде дамыту болып табылуы қажет. Осы мақсатқа байланысты келесідей міндеттер анықталды: шағын кәсіпорын өнімдерінің шығымы мен сапасын арттыру, мемлекеттік қолдаудың арқасында өнім қауіпсіздігін қамтамасыз ету; шағын кәсіпкерлікті дамытуды қолдау; өнім өнімділігі мен өнімнің сапасын арттыру; шағын кәсіпкерлікпен айналысатындарды мемлекет тарапынан қолдау; ШОК үдемелі ғылыми және технологиялық дамуын қамтамасыз ету; қуаттылықты пайдалану деңгейінің техникалық жаңаруының өсуін қамтамасыз ету мен кәсіпорындарды дүниежүзілік сауда ұйымымен (ДСҰ) бірге жұмыс істеу жағдайына бейімдеу.

Стратегияның басты мақсаты стратегиялық міндеттерді біртіндеп және ғылыми негізделген шешімдер жолымен инновацияларды игеру арқылы жетілуі тиіс.

ШОК секторында игерілетін негізгі инновацияларды ұйымдастыру мен басқару бағыттары: нарықтық ұйымдық-экономикалық механизмі; шағын кәсіпорындар мен интеграцияланған инфрақұрылымдардың жаңа үлгілері; еңбекті ұйымдастырудың жаңа формалары; ШОК инновациялық процесстерде басқару жүйесінің жаңа формалары; экономикадағы инновациялық процесстердің дамуы; жоғары сапалы технологияның жаңа түрлері, типтері және кросстары; технологиялық орталықтарды құру.

Келесі 6 кестеде шағын кәсіпорын өндірісінің инновациялық белсенділігін қалыптастыратын факторлар жүйесі бейнеленген.

6 кесте – Шағын кәсіпорын өндірісінің инновациялық белсенділігін қалыптастыратын факторлар жүйесі

Артықшылығы	Кемшілігі
Өндірістік құрылымдары деңгейінде	
Экономикалық алғышарт-тар: қор және еңбекпен қамтамасыз етілу, мамандандырылу, материалдық-қар-жылай шығындар, сақтан-дыру қорлары, меншік иесі мен еңбеккерлердің бірлесуі (өз кәсіпорынының акци-онері), салалардың ұтымды үйлесімділігі.	Өндірістік ауытқулар, материалдық-техникалық жабдықтаудағы олқылықтар, техникадағы қателіктер, экологиялық шарттардың бұзылуы, техникалық және сервистік факторлардың жетіспеушілігі, немқұрайлы еңбек. Тәуекел шараларының сақтандырылмауы.
Аймақтық деңгейінде	
Өндірістердің ұтымды орна-ласуы, бағалық және неси-елік реттеу. Техникалық тұрғыда реттеу. Мониторинг тербелісі және қозға-лыс тенденциясы. Ұтымды сақтандыру қорлары.	Экономикалық тәуекелдің кездесуі. Баға, несие және салық саясатындағы қателіктер.
Біртұтас республика деңгейінде	
Сыртқы сауда. Мемлекеттік сақтандыру қорларының өнімдерін құру. Бағалық реттеу. Несиелік және дотациялық реттеу. Салық саясаты. Мемлекеттік тапсырысты тарату.	Саяси дағдарыстар. Экономикалық дағдарыстар. Бағалық және қаржылай саясаттағы қателіктер (салық саясатын қоса алғанда). Елдің немесе оның айтарлықтай бөліктерінің тәуекелі жоғары аумақта орналасуы.

ШОК секторының инновациялық бағыттағы даму стратегиясы келесі топтамалардан тұруы керек: техникалық-технологиялық, инновациялық-инвестициялық, экономикалық, экологиялық, салалардың әлеуметтік дамуынан – өндірістік және ауылшаруашылық шикізаттарын өңдеу. Оларда мақсаттық көрсеткіштер көрініп тұрады. Мысалға, экономикалық топқа өнімнің жалпы көлемін, өнім өнімділігі мен шығымдылығын, өнімнің өзіндік құнын, пайданы және басқаларын кіргізген дұрыс. Экологиялық топқа – тұрғындарды заманауи техникалық және технологиялық стандарттарға сай келетін экологиялық қауіпсіз өніммен қамтамасыз ету, тұрғындардың қауіпсіз өмір сүру жағдайымен қамтамасыз ету. Әлеуметтік топта – кәсіпорын жұмыскерлерінің табыстарын арттыру, қала мен ауыл арасындағы өмір сүру деңгейіндегі

айырмашылықты айтарлықтай қысқарту, көпшілікке арналған кәсіптер мен жұмысшы мамандар кадрларын даярлау және қайта даярлау және тағы басқалар.

ШОК өндірісінің стратегиялық дамуы төменде көрсетілгендей бір-бірімен тығыз байланысып жатқан міндеттерді жүйелі және кешенді түрде шешуге бағытталған болуы керек:

-ұдайы өндірісті ұлғайту, сауда нүктесіне дейінгі аралықтағы әріптестердің барлық технологиялық тізбектерінің экономикалық қатынастарын жетілдіру, шаруашылықпен айналысатын субъектілерді шаруашылық қызмет барысында өзгеріп отыратын ішкі және сыртқы жағдайларға икемдеу негізінде орта және ұсақ мерзімге ШОК тұрақты және серпінді дамыту;

-әртүрлі меншік формасы мен әртүрлі шаруашылық жүргізетін кәсіпорындарда, оларды адам басына шаққандағы өнім өндіруді өсіруге бағыттап, сапасын арттырып, шығарылатын өнімдердің бәсекелестікке қабілеттілігін арттырып, шағын кәсіпорын өндірісін стратегиялық басқаруды жетілдіру және т.б.;

-ШОК секторының материалдық-техникалық базасын нығайту, үдемелі қорлар мен энергожинақтау технологияларын меңгеру, белсенді инвестициялық және инновациялық саясат жүргізу;

-жергілікті билік органдарының, еңбек ұжымдарының және шағын кәсіпорын өнімдерін өндіретін жеке тауар өндірушілердің, саудамен айналысатын, қызмет көрсететін, тауар өндіретін кәсіпорындардың қосымша жұмыс орындарын құруға, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, кадрларды дайындау мен қайта даярлауға, тағы басқаға бағытталған меншік және шаруашылық түріне қарамастан, әлеуметтік және келісілген экономикалық мүдделерін жүзеге асыру механизмін құру;

-басқарудың барлық деңгейіндегі шағын кәсіпорындағы тауар өндірушілерді қаржылай қолдау шаралары жүйесімен кәсіпкерлікті дамытудың мақсатты бақылаушы көрсеткіштерін қамтамасыз ету;

-макродеңгейде – мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүргізу;

-мезодеңгейде – жергілікті, аудандық бюджет қаражаты есебінен жүргізу;

-микродеңгейде – жергілікті тауар өндірушілердің қаражаты есебінен жүргізу.


Республиканың қаржы-несие саясаты қаржы ресурстарының құрылуы мен орналасуы төмендегі мақсатта реттеп отыруы тиіс:

-интенсивті түрдегі кеңейтілген ұдайы өндіріспен қамтамасыз ету;

-барлық ШОК секторындағы тауар өндірушілердің өндірген ауылшаруашылық өнімдерінің тереңдетілген қайта өңдеу жұмысын меңгеру, фирмалық сауда-саттық жұмысын құру және кеңейту.

Ұсынылған инновациялық-бағдарлы стратегияның негізі – оның өндірістік-техникалық, ақпараттық-технологиялық сияқты инновациялық құрылымдарды дамыту мен құруды алдын ала қарастыратын болып табылады.

Аталмыш стратегияның аясында инновациялық құрылымды құру алдын ала қарастырылған, 18 суретте мысалға келтірілген үлгі бейнеленген.



18 сурет – Шағын кәсіпкерлік секторындағы инновациялық құрылымның принципті үлгісі

Әлемдік нарықта инновацияларды дамыту мониторингін, алғашқы уақытта үйренуге және одан кейін де ғылыми-техникалық және инновациялық шаманы, сонымен қатар, материалдық қаржы қорларын нәтижелі пайдалану мен ары қарай дамыту үшін облыстағы кәсіпорындардың инновациялық автономиялық жұмысын жүзеге асыруға жол беретін шағын инновациялық құрылымын іске асыру үшін төмендегі стратегиялық шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

- ғылыми кеңейтілген технологияларды жұмылдыруға көмек көрсету;
- инновациялық жобалар нарығын дамытуға көмек көрсету;
- кәсіпкерлерді ғылыми кеңейтілген, бәсекеге қабілетті өнімдерді шығаруға бағыттау және осының есебінен республика халқының мүддесіне қарай салық салу базасын кеңейту.

Жоғарыда көрсетілген әрекеттерді жүзеге асыру үшін халық шаруашылығындағы жұмыс істеп тұрған салаларға инвестиция салу бойынша аймақтық және жергілікті әкімшіліктердің жұмысын қарқынлату қажет.

Ұзақ мерзімдік жұмыста ШОК бәсекеге қабілеттілікті жоғарылату саясатын мақсатты жүргізу, ШОК секторының экономикалық өсуінің инновациялық бағытпен қамтамасыз етілуіне ықпал ету.

Осылайша, біз ұсынып отырған ШОК секторын дамытуға арналған инновациялық бағыттағы стратегия шағын кәсіпкерлікті дамытуға және шағын

кәсіпорын өнімдері нарығын реттеуге арналған мемлекеттік бағдарламаны орындауға және ШОК жұмыстарының нәтижелігін көтеруге арналған мақсатты бағдарламаларды орындауға бағытталуы тиіс. Басқа жағынан алғанда ШОК инновациялық үрдістермен басқару жүйесін дамыту ірі кәсіпкерлік құрылымдарында инновациялық қарқынды дамыту болып табылады.

Шаруашылықтың инновациялық түрлерінің бірі саналатын лизинг жүйесі шетелдік техникалық әлеуетті қолдану және оны жергілікті өндіріске енгізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бұл жағдай елімізде қалыптасып келе жатқан инновациялық әлеуетті қалыптастыру мен дамытуға жаңа мүмкіншіліктер ашады. Қазіргі таңда ел экономикасын инновациялық даму жолына өткізу мәселесі технология мен еңбек қатынастарын үйлестіру және басқару саласына жаңалықтар енгізу арқылы тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етудің қажетті шарты болып табылады. Сол себептен, отандық өндірісті дамытудағы инновациялық фактордың рөлін күшейту үшін кәсіпорындарды түбегейлі жаңартуға және бәсекеге қабілетті өнімдерді шығаруға мүмкіндік беретін лизингті қайта құру тетігі қолданылуы қажет.

Лизинг бизнесі кәсіпкерлік қызметтің ерекше саласына жатады. Лизинг шетелдерде кең тараған. Ол қазіргі кезде Қазақстанда да қалыптасу және даму кезеңін өткеруде. Мемлекет тарапынан заңдық тұрғыдан, ресурстармен және кадрлармен, тағы басқалармен қамтамасыз ету жөнінде қолдау жасалған жағдайда лизинг қызметі экономиканы техникалық қайта жарақтандыру мен құрылымдық жағынан қайта құруда, инвестициялық үрдісті күшейтуде, лизинг бойынша жалға алушы кәсіпорынның қаржы жағдайын сауықтыруда, сондай-ақ шағын және орташа бизнес субъектілерінің бәсекелестік қабілетін арттыруда қуатты демеуші бола алады.

Лизингтік кәсіпкерліктің еліміздің экономикасында қолданылу мүмкіндігі мынадай себептерге байланысты: барлық сала кәсіпорындарындағы моральдық және жарамдылығы жағынан ескірген негізгі қорларды ауыстыру қажеттігі және республикада машиналар мен жабдықтар шығаратын өндірістің жоқтығы; мемлекеттің жоғары технологиялық жабдықтар шығаратын салаға жұмсайтын қаржысының болмауы; кәсіпорындардың республикадан тыс жерлерден жаңа технологиялар сатып аларлық қаржысының жоқтығы; банк несиелері жоғары ставкамен және қысқа мерзімге берілетіндіктен ол қаржыға машиналар мен жабдықтар сатып алудың мүмкін еместігі; өндірісті техникалық және технологиялық жағынан жаңартудың құралы ретінде лизингті дамыту және оны мемлекеттік тұрғыда қолдау.

Лизинг – қаржылық жалдау бойынша жалға алушының мүлікке деген қысқа және ұзақ мерзімдік қажетін жалға берушінің есебінен қаржыландыру жөніндегі операциялар. Ол меншік иесінің мүлікті иелену және пайдалану немесе тек қана пайдалану құқығын шартты негізде лизинг бойынша жалға берушіде сақталып қалады. Бұлайша түсіндіру «лизинг» жалдаудың бір түрі деген анықтамамен үйлеспейтінін білдіреді. Өйткені лизинг құқықтық, мүліктік және қаржы қатынастарының жиынтығы, ал жалдау сол қатынастардың құрамдас бөлігі ғана.

Лизинг кезінде салықтық жеңілдіктерді қолдану елдегі лизингілік бизнестің дамуына және лизингілік мәмілелер көмегінің ұлғаюына ықпалын тигізеді.

Лизингті дамыту үшін заңдық-құқықтық актілердің қабылдануы банкілер мен саудалық құрылымдар құрған, мемлекет немесе Қазақстан Республикасы заңдары бойынша заңды тұлға болып есептелетін және шетел компаниялары тарапынан қаржыландырылатын түрлі лизингтік компаниялардың пайда болуына септігін тигізді. Қазіргі таңда қызмет көрсетіп жатқан лизингтік компаниялардың арасында «Лизинг-центр» ЖШС, «Жалын-лизинг» АҚ, «Спутник» ЖШС, «Алматы-техлизинг» ЖШС, «Алмаз Интернешнл Трейдинг компани» АҚ, «Инвестлизинг» АҚ, «Астана-инвест» АҚ, «Агро-лизинг» АҚ, «Қарағанды лизинг компаниясы» ЖШС сияқты компанияларды ерекше атап өтуге болады. Сонымен қатар «БТА-лизинг», «Алматы сауда-қаржы банкі», «Техака банк» және «Лариба банк» сынды банкілер де лизингтік қызметтерді ұсынады.

Жалпы алғанда, шағын және орта кәсіпорындар мен банкілердің үлесі бар компаниялар лизингілік қызметтерді ұсынуда. Ал жеткілікті әлеуеті бар ірі жеке және мемлекеттік кәсіпорындар лизингілік жобаларды инвестициялау ісіне көп назар аудармауда. Бұл жағдай 23 кестеден айқын көрінеді.

Кестедегі мәліметтерден лизингтік операциялардың басым көпшілігінің кәсіпорындардың өз есептерінен қаржыландырылып жатқандығы және бюджеттік қаржылар үлесінің айтарлықтай көп емес екендігі байқалады.

Лизингтің тиімділігі, пайдасы болып мыналар табылады: кәсіпорынның негізгі қорларының ликвидтігін сақтау және қондырғыны сатып алу да үлкен қаражаттарды жұмсамау және жалдық қаражаттар тартылмайды; кәсіпорын қаражаттарының капиталдық салымдарға бөлінуінің қажеттілігінің азаюы; есептеулер үшін тұрақты негіз, яғни жабдықты сатып алуға кеткен шығындарды келісім-шарттың барлық мерзіміне біркелкі тарату.

Лизингілік төлемдер осы берілген жабдықтарда өндірілген өнімдерді сатқаннан түскен түсімнен жүргізіледі. Бұл төлемдер тек ақшалай түрде ғана емес, сонымен қатар қарсы қызметтер және тауар түрінде толығымен немесе бөлек-бөлек төленеді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауларында еліміздің индустриалдық-инновациялық дамуы турасында кең көлемде айтылған. Онда өндірісті жаңғырту мен техникалық қайта жарақтандыру жағдайларын айтарлықтай жақсарту мақсатында лизингтің мүмкіндіктері жеңілдетілетіндігін, амортизациялық төлемдерге деген фискалды саясат үнемі қайта қаралып отыратындығын айтып келеді.

6.4 Қазақстандағы ұлттық инновациялық жүйенің қызметіндегі даму институттарының іс-әрекеті

Қазақстан экономикасын модернизациялау және оны сыртқы нарықтарға бағыттау кезінде инновациялық жүйенің тиімділік проблемасы бұрынғыдай өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл процесті жүзеге асырудың міндетті шарты ретінде инновациялық инфрақұрылым, соның ішінде даму институттарын қалыптастыру мәселесін айтуға болады.

Бәрімізге белгілі, қазіргі жағдайда әлемдік экономикадағы әр елдің орны ең алдымен жаңа технология мен жаңа білімді қабылдап, іске асыру қабілетімен анықталатын болды.

Салыстыратын болсақ жетекші бәсекеге қабілетті елдерде жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 50 % өсімі ғылымды қажет ететін салалары қамтамасыз етеді, ал экспортқа шығаратын барлық көлемнің 40 %-ын өңдеуші сала өнімдері болып табылады.

Сондықтан Қазақстанда аз уақыт ішінде ұлттық инновациялық жүйені құрып, оған тиімді жұмыс істету мәселесі өзекті проблемалардың біріне айналып отыр.

«Ұлттық инновациялық жүйе» түсінігіне қатысты түрлі көзқарастардың болуын ескере отырып, ең алдымен бұл ұғымның мәнін түсіндіре кетейік. XX-ғасырдың соңында түрлі елдің ғалымдары жапондық технологиялық өрлеудің қайнар көзін түсіндіру қажет болғанда Ұлттық инновациялық жүйе (ҰИЖ) концепциясына алғаш рет назар аударған еді. Ұлттық инновациялық жүйе дегеніміз – мемлекеттің инновациялық саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыруға негіз болатын, дербес және өзара қарым-қатынас нәтижесінде жаңа технологияны дамыту мен таратуға жағдай жасайтын, жеке және мемлекеттік секторге қатысты институттар жиынтығы.

ҰИЖ институттары ретінде университеттер, үкіметтік ұйымдар, инфрақұрылым элементтері, сондай-ақ мемлекеттік саясат құралдары, қоғамдық тәртіп заңдылықтары, заң нормалары және т.б қарастыруға болады. Инновациялық жолда серпінді дамып келе жатқан елдерде мемлекеттік басқару институттарының маңызы өте зор. Бұл ұйымдардың негізгі міндеттеріне жаңа техниканы енгізудің тәуекелін төмендету, ақпаратпен қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу жұмыстарының басымдылықтарын айқындау, қаржылық көмек көрсету жатады.

Қазақстанда ҰИЖ-ні мемлекеттің белсенді қатысуымен қалыптастыру мақсатын көздеген 2020-2025 жылдарға арналған Республикалық индустриалды–инновациялық даму Стратегиясын жүзеге асыруда сарапшылардың бағалуы бойынша, Қазақстанның индустриалды–инновациялық саясатын жүзеге асыру мемлекет қызметінің барлық салаларына әсер етті. Бұл мәселе бойынша заң қабылдау саласында қажетті жұмыстар атқарылып, бағдарламалық құжаттар мен нақты шаралар қолданылып жатыр. Республикадағы инновациялық қызметті ынталандыру бойынша үкіметтің қабылдаған шараларының нәтижесінде бұл саладағы халық белсенділігінің өсу

тенденциясын байқауға болады.

Қазақстанның ҰИЖ-гі мемлекеттік даму институттарына «Қазақстанның даму банкі» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Ұлттық инновациялық қор» АҚ, «Экспорттық несие мен инвестицияны сақтандыру бойынша мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ, «Технологиялық трансферт пен инжиниринг орталығы» АҚ, «Маркетингтік–аналитикалық зерттеулер орталығы» АҚ жатады.

«Ұлттық инновациялық қор» қызметінің негізгі бағыттары отандық және шетелдік венчурлық қорларды құруға қажетті инвестициялау мен инвестиция тарту ғана емес, сондай-ақ инновациялық жобаларды іске асырушы компанияларды қолдау, инновациялық қызметтің маманданған субъектілерін қалыптастыру (технопарктер, технологиялық бизнес-инкубаторлар) және тәжірибелік–конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру жатады.

«Технологиялық трансферт пен инжиниринг орталығы» АҚ-ы («ТТИО» АҚ) Қазақстанда технопарктер желісін дамытуға бағытталған компания ретінде белгіленді. Бүгінгі таңда АҚ алдыңғы қатарлы шетелдік технологияны тарту мен Қазақстандық инновациялық жұмыстарды әлемдік нарыққа шығару бойынша қызмет атқаруда.

«Технологиялық трансферт пен инжиниринг орталығы» АҚ-ның соңғы жұмыстарының бірі – технологияны трансферттеудің Қазақстандық желісін құру (ТТҚЖ). ТТҚЖ – технологиялық алмасумен/трансфертпен айналысатын инновациялық инфрақұрылымының ұйымдар жүйесі – технологиялық ақпаратты тиімді тарату мен инновациялық, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға серіктестерді іздеуге мүмкіндік беретін инновациялық инфрақұрылымның құралы.

Бұл желінің негізгі мақсаты Қазақстандағы инновациялық бизнестің дамуы мен ғылыми сыйымдылығы жоғары технологияны өндіріске енгізуді қолдау болып табылады. ТТҚЖ–ның электрондық платформасы – ашық технологиялық биржа, яғни технология трансфертін жүзеге асыру мақсатында әлеуетті технологиялық жабдықтаушылар мен тұтынушылардың мүдделі кездесулері өтетін сауда алаңы. ТТҚЖ-ң негізіне Еуропалық инновациялық релей-орталықтар желісінің (IRC) бейімделген әдіснамасы алынып отыр.

ТТҚЖ желісін ұйлестіруші ұйым - «ТТИО» АҚ-ы. Бүгінгі таңда ТТҚЖ-не қатысудың нысаны - Желінің мүшесі – инновациялық инфрақұрылымның кәсіпорындары және ұсынылатын немесе талап етілетін технологиялар жайлы ақпаратты жинайтын, технологияны трансферттеумен айналысатын, сондай-ақ технологиялық аудит жүргізу мен ТТҚЖ базасына енгізу үшін профильдерді толтыра отырып, аймақтық мәліметтер орталығын қалыптастыру ісімен шұғылданатын басқа да ұйымдар. Мәліметтер орталығының мазмұны үшін бұл ұйымдар толық жауапты.

Желінің мүшелері халықаралық маманданған мәліметтер орталығына, соның ішінде «ТТИО» АҚ-ы арқылы технологиялық трансферттің Ресейлік жүйесіне (RTTN), «ТТИО» АҚ-ы мүше болуды жоспарлайтын шетелдік ақпараттық агенттіктер мен баспасөздерде мәліметтерді (технологиялық

профильді) орналастыруға мүмкіндіктері бар. Қазіргі кезде Қазақстанды IRC-ке енгізу туралы келіссөздер жүргізілуде. Бұл сұрақ Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның отырысында қаралатын мәселелер тізіміне кіріп отыр. Айта кететін жәйт, бұл мәселе оңды шешілген жағдайда жүйенің мүшелері IRC ресурстарын қолдануға мүмкіндік алады. Сондай-ақ «ТТИО» АҚ-ы электрондық платформа мен мәліметтер базасын құру бойынша жұмыстар жүргізуде.

«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-нда қарастырылатын жобалар экспортқа бағытталған және импорттың орнын басатын жаңа өндірісті қалыптастыру мен құрылыс материалдар өндірісі, агроөнеркәсіп кешені, шыны жасау өнеркәсібі, металлургия, машина жасау өнеркәсібі, орман және ағаш өңдеу, химия өнеркәсібі, балық шаруашылығы, инфрақұрылым (энергетикалық және көлік) сияқты салалардағы қызмет етуші кәсіпорындарды жетілдіруге бағытталған.

«Тұрақты даму қоры «Қазына»» АҚ-ы жанындағы «Маркетингтік–аналитикалық зерттеулер орталығы» АҚ-ы кеңес беру қызметінің нарығында қызмет атқарады. Орталықтың стратегиялық мақсаты – Қазақстан Республикасы индустриалды инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру шеңберінде ұлттық экономиканы диверсификациялау процесін маркетингтік, ақпараттық – аналитикалық қамтамасыз ету, өнімдердің экспорты мен бәсеке қабілеттілігін жоғарылату.

Сондай-ақ, елімізде үш ұлттық технопарк (Ақпараттық технологиялық паркі, Ядролық технологиялар паркі, Биотехнологиялық паркі) және Орал, Қарағанды, Алматы қалаларында үш аймақтық технопарктер қызмет етуде. Бұл аймақтық технопарктердің мамандануы сол аймақтың негізгі өнеркәсіптік бағыты мен ғылыми әлеуетіне сәйкес келеді.

Қорыта келгенде, Қазақстан шикізаттық фактордың басымдылығынан туатын қауіпті ұғына отырып, өндірісте ғылыми сыйымдылығы жоғары технологияны қолданатын өндірісті дамытуға бағытталған жаңа экономикалық саясатты қалыптастыруда. Мұндағы ең маңыздысы – еліміздегі қаржылық, ғылыми–техникалық ресурстардың тапшылығына қарамастан, мемлекеттің бұл мәселеге тікелей мүдделі болуында. Бұл мүдденің сипаты тек шығарылған заңдар, жарғылар мен бекітулерден ғана емес, нақты атқарылған істерден де айқындалып отыр.

Қазақстан Республикасы алдына әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру міндетін қойып отыр. Қазақстан бұған қандай стратегиялық жолмен қол жеткізеді? Әрине, ең бірінші еліміз халықаралық нарыққа шығу үшін қызмет көрсетудің және өндіріс саласының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың алатын орны айрықша. Осыған байланысты өндіріс саласының рентабельділігін арттыруда ғылымға негізделген технологиялар мен инновациялық жобалардың жүзеге асуы маңызды.

Осы ретте Израиль мемлекетінің дамуын айта кеткеніміз жөн. Өткен ғасырдың 50-жылдарында көлемі шағын әрі жері бос жатқан Израиль мемлекеті өркениеттен тыс қалған сияқты көрінетін. Бірақ елдегі экономикалық саясат

халықтың ынта-жігерін оятып, қиындықтан қорықпауға тәрбиеледі. Соның нәтижесінде қазір Израиль жоғары өркендеген экономикасы бар, бәсекеге қабілетті, ақпараттық технологияларға негізделген венчурлік кәсіпорындары табыстың 60 пайызын әкелетін мемлекетке айналды.

Тағы бір мысал ретінде Қытай мемлекетін алайық. Өткен ғасырдың 70-жылдарында Қытай Халық Республикасы әлемдік экономиканың жетекшілерінен көп кейін қалды. Бұл елде тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету елеулі проблемаға айналды. Ал қазір сол күрделі кезенді еске түсірудің өзі оңай емес, бәрі де бір күндей болмай ұмытылған тәрізді. Бүгінгі Қытай мемлекеті әлемдік нарықтағы алпауыт мемлекеттермен бәсекеге түсе отырып, тауар өндіру, түрлі қызмет көрсету, әлемдік деңгейдегі жоғары технологияларды игеруде біраз мемлекеттерді артқа тастады. Бұған қоса, Қытай мемлекеті қазірдің өзінде ғарышқа адам ұшырып, ал 2020 жылы ай бетінде ғарыштық стансасын салу жоспарын жаһанға жариялады.

Орталық Азиядағы жоғары дамып келе жатқан мемлекеттің бірі – Қазақстан. Ол тәуелсіздік алған жылдардан бастап шетел инвестициясын өз экономикасына тарту көлемі жағынан ТМД елдерінің ішінде көшбасшы қатарында. Сонымен қатар, елімізде жаңа салық және банк жүйесі құрылып, олар отандық кәсіпкерлермен шағын бизнеске жан-жақты қолдау көрсете бастады. Ауылдық жерлерде де экономика дұрыс жолға қойылды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша, орташа табыс деңгейі бар мемлекеттер тобына кіреді. Сонымен бірге, Қазақстан Еуроодақ пен АҚШ-тың орынды мойындағанындай, бұрынғы Кеңестер Одағына қараған мемлекеттердің ішінде нарықтық экономикасы қалыптасқан алғашқы елдің бірі болып табылады. Ал енді Дүниежүзілік банк Қазақстан Республикасын инвестиция тартуға мүмкіндігі мол әлемдегі жиырма мемлекеттің қатарына жатқызды. ТМД мемлекеттері арасында еліміз инвестициялық рейтингке ие болды. Осылайша Қазақстан экономикалық-саяси салада тұрақты дами келіп, қазіргі уақытта сапалық жаңа деңгейге жетуге мүмкіндік алды.

Тәуелсіздік жылдарында экономикалық реформаны тиімді дамыта отырып, Қазақстан қазіргі уақытта өндірісті ілгерілетудің сервистік-технологиялық түріне көшуді қолға алды. Осы мақсатқа жету үшін Қазақстанда 2020-2025 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық бағдарлама жүзеге асырылуда. Осы стратегияға сәйкес елдегі өндіріс бес салаға: ақпараттық технология, биотехнология, нанотехнология, энергетика және көмірсутегі шикізатын өңдеу технологиялары бірыңғай жүйеге біріктіріледі. Бұл ретте жоғарыда айтылған ғылыми зерттеулерді талап ететін салалардың құрылуы мемлекетіміздің қаржы саласында біршама бюджеттік төлем бөлуін талап етеді. Қазақстан Үкіметі осыған орай арнаулы экономикалық аймақтар құрды. Онда технопарктер және жоғары технологиялық өндіріс орындары ашылды. Мұның өзі өндірісті дамыта отырып, жоғарыда аталған технологияларды қолдану арқылы оның тиімділігін арттырды.

Өндіріс пен экономиканы дамыту үшін елдегі технопарктерді жетілдіруге

көңіл бөлінуде. Мұның өзі ғылым мен өндірісті бір мақсатқа жұмылдыра отырып, жеке сектордың, жекелеген адамдардың, ғалымдардың, әлемдік ғылым мен тәжірибенің мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жол ашады.

Осындай іргелі міндеттерді жүзеге асыруға елдегі дұрыс құрылған венчурлік капиталдың жүйесін пайдалана білу маңызды. «Ұлттық инновациялық қор» қазіргі уақытта технопарктермен, биотехнология орталықтарымен, мұнай-химия парктерімен, басқа да ғылымды дамытуды талап ететін орталықтармен бірлесіп жұмыс атқарады. Бұл жерде «30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламасын жүзеге асыру айрықша маңызға ие болуда. Оның өзі елімізде инновациялық жаңа экономиканы қалыптастырудың тиімді құралы болып саналады. Сондықтан да мемлекет елімізде ұлттық жетекші компаниялардың құрылып, нығайып және дамуына мүмкіндік жасауда. Экономикадағы мұндай өзгерістер Қазақстанның аймақтық және жаһандық дәрежеде бәсекеге сай өнім шығарып, алға қадам жасауына мүмкіндік береді.

Жұртшылыққа мәлім корпоративтік көшбасшы кәсіпорындар еліміз экономикасының анағұрлым жетілдірілген секторында дамытылады. Оған конкурстық негізде шетелдік бизнестің тәжірибесі енгізіледі. Корпоративтік көшбасшылар алдағы уақытта еліміздің сыртқа шығарылатын өнімдерін бәсекеге қабілетті, сапалы әрі мол шығаруына негіз қалайды. Бұл бағытта отандық және дүниежүзілік тәжірибенің жетістіктері кеңінен пайдаланылады. Бұл жерде еліміздегі әр азаматтың Қазақстандағы ірі компаниялардың капиталына акционер болуының маңызы зор. Сөйтіп, олар табиғи байлықтарды игере отырып, стратегиялық саладағы байлықтан өз үлесін алады. Екінші жағынан инновациялық технологияларды дамыту жоспарларын жүзеге асыруда қаржымен қатар адам күші де қажет болады. Осы мақсатқа жету үшін Қазақстандағы оқу орындарының материалдық базасы нығайтылуда. Соның ішінде жаңадан перспективалық оқу орындары ашылуда. Атап айтқанда, Елбасымыз атап көрсеткен Қазақтың халықаралық университеті бұл маңызды іске зор үлес қосады. Президенттің Жолдауында айтылғанындай, жыл сайын шетелдегі беделді жоғары оқу орындарына мыңдаған студенттер жіберілуде. Олар келешекте инновациялық экономиканы, технопарктерді жоғары білікті, білімді кадрлармен қамтамасыз етеді.

Мемлекетіміз ғылымның дамуына да ерекше назар аударады. Экономикалық, қаржылық, адам ресурстары проблемаларын шеше отырып, ел Үкіметі Қазақстандағы ғылымның алдыңғы шепке шығуына мүмкіндік береді. Елбасының Жолдауында ол біздің алдымызда тұрған стратегиялық міндеттің бірі ретінде атап көрсетілді. Мұның өзі келешекте Қазақстанның бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылуына септігін тигізеді.

Қазақстанда инновациялық дамуды стратегиялық міндет ретінде белгілеп, оған осы заманғы ғылым мен техниканың барлық мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, елдегі әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуді осыған негіздеді. Ал мұның өзі әрбір азаматтың белсенділігін, іскерлігін арттырады. Соның нәтижесінде еліміз таяудағы жылдар ішінде дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттің қатарына қосылады деген үміт бар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан-ауқымды табиғи-ресурстық, интеллектуалды, білім беру және өндірістік әлуеті бар ел. Бірақ табиғи-ресурстық әлует өзінен-өзі тұрақты экономикалық өсу мен өмір деңгейінің өсімін қамтамасыз етпейді. Қазіргі кезде территория көлемі де, жер асты байлықтары да, халық саны да нақты экономика өсімінің кепілі бола алмайды. Тек білім, ғылым мен интеллектуалды әлует, ғылыми мүдделердің өндіріспен үйлесімділігі ғана экономиканың тұрақты дамуы мен ел байлығының негізі болады. Дамыған нарықты экономикалы елдер тәжірибесі жаңа технологияларды құру мен игеру, бәсекеге қабілетті өнімнің әлемдік нарыққа шығаруы тұрақты ұлттық экономиканың маңызды шарты болып табылатындығын дәлелдейді.

Экономикасы дамыған «жетік» елдер – ірі технологиялық өнім (электроника, компьютерлер, автомобильдер, ауа лайнерлері және т.б.) өндірушілер ретіндегі ғаламның ең бай мемлекеттері. Бұл мемлекеттер қарапайым табиғи ресурстары бола тұра гүлденуде.

Қазір Қазақстан – үлкен мүмкіндіктері бар ел ғана емес, сол мүмкіндіктерді нақты жүзеге асырып отырған мемлекетке айналды. Мемлекеттің бәсекеге қабілетін көрсететін басты нәрсе – оның экономикалық дамуы. Экономиканың бәсекеге қабілетті болудың басты бағыты – инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыту.

Инновациялық үрдістерге бет бұру – бұрынғы даму жолдарын өзгерту, қоғамның барлық саласының даму динамикасын жаңарту, ғылыми-техникалық дамуға жаңа ынта беру мақсатында жұмыс істеу. Инновациялық жобаны іске асыру үшін ең алдымен жобаның түрлері мен әдістері анықталуы тиіс. Инновациялық саясаттың басты мақсаты – отандық өнімдердің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, осы арқылы еліміздің әл-ауқатын көтеру және қоғамның экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев халыққа арнаған Жолдауларында мемлекетіміз бәсекеге қабілетті экономиканың үлгісін таңдай отырып, бәсекелестікке қарымы мол басым салаларды дамытуға кірісіп жатқандығымызды, сол арқылы қазақстандық ұлттық инновация, кластерлер жүйесінің дамуына жол ашып отырғанымызды үнемі айтып келеді. Стратегия Қазақстанның 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік экономикалық саясаттын қалыптастырады және экономика салаларын әртараптандыру арқылы дамудың шикізаттық бағытынан қол үзу арқылы елдің тұрақты дамуына қол жеткізеді.

Өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және экспортқа бағдарланған тауарлар, жұмыстар және қызметтер өндірісі мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты нысанасы болып табылады. Индустриялық саясат дегеніміз мемлекеттің бәсекеге түсуге қабілетті және тиімді ұлттық өнеркәсіпті қалыптастыру үшін кәсіпкерлікке

қолайлы жағдайлар жасауға және қолдау көрсетуге бағытталған шаралар кешенін білдіреді.

Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік Стратегиясы 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған Стратегиялық жоспарда белгіленген мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуі, сондай-ақ одан кейінгі жылдары қазақстандық экономиканың сервистік-технологиялық бағыттылығын қалыптастыру негіздерін құруы тиіс. Стратегияның басты мақсаты шикізаттық бағыттан бас тартуға ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу; ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау болып табылады.

Мемлекеттің экономикалық жағдайы мен экономикалық өнімнің мықты көрсеткіші алғышарттарын алдыңғы технология мен инновацияның жұмыскерлердің кәсіпқойлығының артуы қамтиды.

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық бағдарламасының бағыты шикізат тәуелсіздігінен бірте-бірте арылып, түсті металлургияны, мұнай химиясын, құрылыс индустриясын дамыту, аймақтың кластерлерді өркендетуге, минералдық ресурстарды өндіруде жоғары қосымша құнға ие болатын өнімдерді өндіруге бағыт алу. Сол арқылы экономиканы әртараптандыру, шикізатты импорт алмастыру мен экспортқа бағытталған өнімге ауыстыру мақсаты алға қойылған.

Республикада инновациялық шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру екінші деңгейлі банктер арқылы шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры негізінде, бизнес орталықтары, қоғамдық бірлестіктер арқылы жұмыстар атқаруда. Шағын және орта бизнестің келешекте инновациялық негізде дамуына мынадай қозғаушы күштер әсер етеді: шағын және орта бизнесті ұйымдастырып, оның жұмысын тиімді етіп жүргізуге оған мемлекет тарапынан қолдау қажет; әрбір аймақтарда бизнес жұмысын жүргізуде кәсіпорындарды біріктіретін ассоциациялық орталық қажет; шағын және орта бизнес жұмыстарын жүргізу үшін маркетингтік қызметті жетілдіру қажет; шағын кәсіпкерліктің дамуына қаржылық жағдай жасау үшін салық төлемдерінің мөлшерін төмендету керек; республикалық және жергілікті бюджеттен шағын кәсіпкерлікті қолдау мақсатында аймақтық даму қорларынан пайызсыз немесе оның төмен мөлшерімен несие ретінде қаржы тарту; шағын бизнестің жұмысын кеңейте отырып, оны одан әрі дамыту керек.

Қазақстан өзінің тарихи таңдауын жасады. Экономика салаларының әртараптануы және дамудың шикізаттық бағытталуынан шығу жолымен елдің тұрақты дамуына бағытталған «Қазақстан – 2050» Стратегиясы мемлекеттің индустриалды-инновациялық даму бағытын анықтап берген бағдарлама болып табылады. Өндеуші өнеркәсіп пен қызмет сферасында бәсекеге қабілетті және экспортқа бағытталған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндірісі берілген саясаттың басты бағыты іспеттес. Бұл стратегия белсенді ғылыми және инновациялық қызметтер жүргізуді қамтиды.

Біріншіден, инновациялық қызмет-инновациялық үрдістерді ғана емес, тауарларды өткізу нарықтарын маркетингтік зерттеу, сонымен қатар

ақпараттық, консалтингтік, әлеуметтік және басқа қызметтерге деген жаңа зерттеудің нәтижелерін енгізетін техникалық, технологиялық және ұйымдық жаңалықтарды құрастыру мен тәжірибелік меңгеру сферасы.

Екіншіден, инновациялық қызмет – тәжірибе жүзінде қолданыла алатын ғылыми-техникалық идеяларды, жаңашыл ойлап табуды ынталандыру және олардан нәтиже алу бойынша қызмет.

Үшіншіден, инновациялық қызметтің басты функциясы - өзгеру функциясы. Сондықтан келесідей үлгілік өзгерістерді пайдалану қажет: жаңа техниканы, технологиялық үрдістерді қолдану; жаңа қасиеттермен өнім өндіру; жаңа шикізатты қолдану; өндіріс пен материалды-техникалық камсыздандыруды ұйымдастырудағы өзгерістер.

Қазіргі таңда Қазақстанда инновациялық жүйе мен инновациялық инфрақұрылым ұйымдастырудың жаңа құрылымы арқасында оның функциясы инновациялық қызметтің ұдайы өндірісінің жағдайларын жүзеге асыру болып табылады. Микродеңгейде инновациялық ұйымдарға көмектесетін нарықтық инфрақұрылым институттарына ғылыми жаңалықтармен байланысты инвестициялық және инновациялық қорлар, банктер, бизнес-инкубаторлар, экономикалық бірлестіктер, қаржылық топтар жатқызылады. Макродеңгейде венчурлық сипаттағы және жобаларды жүзеге асыруда жаңа ұйымдастырылған байқаулар негізінде тәжірибеде қолданатын кәсіпкерлік қызметті қолдау қорларын құру болып табылады.

Инновациялық инфрақұрылымға жалпы әлемдік «экономикаға жаңашыл қызмет көрсету» беталысы тән, яғни инновациялық үрдістердің ұлттық экономиканың маңызды бөлігіне айналу инновациялық инфрақұрылымды жетілдіру негізінде жүзеге асырылады.

Инфрақұрылымдық институттардың жедел түрде дамуына, олардың қызметтеріне сұраныстың өсуінің жоғары жағына өзгері тиімділігі, материалдық-заттай өндірістің циклды толқуларына инфрақұрылымның төмен сезімталдығы және дағдарыстан шығу кезеңіндегі инновациялық инфрақұрылым институттары қызметтеріне сұраныстың кеңеюі әсер етеді.

Адамдық фактордың маңызды рөлі Стратегияның жүзеге асырылуы үшін кәсіпқой мамандарды таңдау, тәрбиелеу мен орналастыру, ғылыми-техникалық прогрестің шығармашылық, белсенді қатысушыларын материалдық және моральдық ынталандыру мәселелерін алдыңғы кезекке шығарады. Ғылыми-техникалық үрдістерді реттеу бойынша жұмыстардың көлемі, көп жақтылығы мен күрделілігі Стратегияны жүзеге асыруға озық ғалымдарды, тәжірибелі өндіріс қызметкерлері мен менеджерлерді, еліміздің талантты адамдарын тартуды көздейді.

Қазақстандағы инновациялық үрдістердің дамуын шектейтін кейбір факторлар бар екендігі мәлім. Мемлекет және аймақтар деңгейінде оларды жою үшін дұрыс деп шешкен шаралар кешенін жанадан жасалған бағдарламалар негізінде ұсынған жөн. Мүмкін, осындай жұмыстарды жүзеге асыру арқылы болашақта Қазақстан да экономикасы дамыған жарқын, озық мемлекеттердің қатарына еруге мүмкіндігі мол болады.

ГЛОССАРИЙ

Автоматты фискалды саясат - автоматты түрде кіріктендірілген тұрақтандырушылар (табысқа салынатын салықтың прогрессивті ставкасы, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы және т.б.) көмегімен жүргізіледі.

Автономды инвестициялар – ұлттық табыс көлемі мен динамикасынан тәуелсіз капиталдық салымдар.

Ағымдағы жылдағы баға индексі – пайызбен көрсетілген ағымдағы жылдағы бағаның базалық жылдағы бағаға қатынасы.

Айналым қаражаты - өндіру мен өткізудің үздіксіз процесін қамтамасыз ететін өндірістік айналым қорлары мен айналыс қорларының құру үшін кәсіпорындарға, бірлестіктерге, ұйымдарға авансыға берілген ақшалай қаражат жиынтығы.

Антиинфляциялық саясат – ақша айналымын реттеу, ақша көлемін қысу және тауар бағасының тез көтерілуін тоқтату мақсатында қабылданған мемлекеттің бағытын таңдап және оларды орындалу шаралары.

Ақша жүйесі – әрбір мемлекеттің ақша айналымын ұйымдастыру формасы.

Ақша массасы – бұл жеке адамдар, кәсіпорындар, бірлестіктер, ұйымдар және мемлекет иелік ететін, әрі халық шаруашылығындағы тауарлар мен қызмет көрсетудің айналымын қамтамасыз ететін қолма-қол және қолма-қолсыз сатып алушылық және төлем құралының жинақтығы.

Ақша ұсынысы - айналымдағы ақша массасы, яғни қазіргі уақыттығы мемлекетте айналымдағы төлем құралының жиынтығы.

Ақша рыногы – бұл ақшаның «бағасы» мен пайыз ставкасының деңгейін ақшаға сұраныс пен ұсыныс анықтайтын нарық.

Алтын монеталық стандарт - алтын монеталардың айналымымен және шектеусіз қағаз және несиелік ақшаның алтын ақшаға айырбасталуымен сипатталады.

Алтын құймалы стандарт - ол стандартты алтын қоспаның бағасына сәйкес келетін, ақша сомасын ұсынғанда ғана қағаз ақшаны алтынға айырбастау мүмкіндігін қарастырады.

Алтын девиздік стандарт - банкноттарды алтынға айырбастауға мүмкіндігі бар шетел валютасына айырбастау рұқсатының болуы.

Ақшаны нулефикациялау – құнсызданған қағаз ақшаның жарамсыздығын мемлекеттің хабарлауы.

Акционерлік қоғам (АҚ) – жарғы қоры бар кәсіпорын, оның капиталы көптеген жеке капиталдарды біріктіру нәтижесінде, акцияларды шығарып, сату арқылы құралады және оның пайдасын акционерлер дивиденд түрінде бөліседі. Қоғамның әрбір мүшесінің жауапкершілігі оның акцияларының құнымен шекелген. әр түрлі тауарларды өндіру мен қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғалардың қаражаттарын тарту мақсатында акцияларды шығаруға негізделген кәсіпорын. Әр түрлі тауарларды өндіру мен қызмет

көрсетуді жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғалардың қаражаттарын тарту мақсатында акцияларды шығаруға негізделген кәсіпорын.

Акцепт (лат. acceptans – қабылдаушы) – ішкі және халықаралық тауар айналымында құжаттарды немесе төлеуді кепілдікке алуға келісу; екінші жақ ұсынған талаптар негізінде шарт жасасуға келісу, төлемшінің аударма векселді төлеуге келісу.

Акциз (фр. accise из лат. accidere – кесу) – көбінесе көпшілік тұтынатын заттарға (арақ, шарап, темекіге және зергерлік бұйымдарға, балықтың бағалы түрлерінен жасалған жеңсік өнімдерге, фарфор мен хрустальдан жасалған жоғары сапалы бұйымдарға, кілемдерге және кілем бұйымдарына т.б.) саналатын, тауар бағасына кіретін және сатып алушы төлейтін жанама салық түрі. Мемлекеттік бюджет кірісінің маңызды көзі.

Акция (лат. action – бағалы қағаз) – акционерлік қоғамдар, кәсіпорындар, ұйымдар, банкілер, кооперативтер шығаратын осы қоғамдарды және т.б. дамыту мақсатымен акция иесінің қаржы қосқандығын растайтын және оған пайданың бір бөлігін дивиденд түрінде алуға құқық беретін бағалы қағаздың түрі. Бұл өзінің акция - бірдей бөліктерден тұратын жарғылық қор көлеміне сәйкес келетін АҚ шығарған құнды қағазы.

Акциялардың бақылау пакеті – АҚ шығарған акциялар санындағы белгілі бір акционерден басқа акционерлердің акциялар санымен салыстырғандағы үлкен үлесі (50%-тен көп).

Ашық экономика – ол әлемдік шаруашылық байланысы жоғары деңгейдегі мемлекеттер экономикасы.

Аралас экономика - негізгі экономикалық проблемаларды шешуіне мемлекет те, жеке сектор да қатысаты.

Амортизация (лат. amortisatio – өтеу) – негізгі қорлардың (ғимараттардың, машиналардың, жабдықтың) тозуы себепті оның құндылығының бірте-бірте төмендеуі, сондай-ақ негізгі қорларды жаңарту үшін қаражатты қорландыру мақсатымен осы қорлар құнының өндірілетін өнімге бірте-бірте көшуі. Физикалық (материалдық тозу және табиғи ескіру) және моральдық (жаңа еңбек құралдарымен салыстырғанда құнның түсуі) тозуына байланысты негізгі қорлардың құнының дайын өнімге бірте-бірте аударылуы.

Айналым капитал (қор) – құнын өнімге бір ауыспалы айналымда өткізетін құрал жабдықтардың бөлігі.

Айналыс уақыты - құрал жабдықтарды сатып алуға кеткен уақытпен дайын өнімді өткізу (сату) уақытынан тұрады.

Айналыс құралдары - айналым қорына салынған ақша және айналдыру қоры.

Айқын (сыртқы, бухгалтерлік) шығындар – басқа жақтан алынған ресурстар үшін ақшалай төлем (жалдамалы жұмысшылардың жалақысы, шикізат жеткізілімдеріне, материалдарға және көліктік, қаржылық, заңдық және басқа да қызметтерге төлем).

Айқын емес (ішкі) шығындар – бұл фирманың өзінің меншікті (ішкі) ресурстарын пайдалануға байланысты шығындар.

Аукцион (лат. *auction, auctionis* – қоғамдық сауда) – тауар және басқа құндылықтарды сатуды ұйымдастырудың көпшілік алдында сауда-саттық өткізуге негізделген нысаны. Аукциондық сауда сатып алушылардың бәйгелестігі принципіне негізделген. Аукционға қатысушының ең жоғары баға ұсынғаны сатып алу құқығына ие болады.

Ауыспалы шығындар (VC) – өндірілетін өнім көлеміне байланысты, яғни шикізатқа кететін шығындардан, материалдар мен жұмысшылардың жалақысына кететін шығындардан жинақталады.

Ауыспалы фактордың орта өнімі - жиынтық өнімнің (У) зерттелетін фактор көлеміне қатынасымен анықталады және осы факторды пайдаланудың тиімділігін және қайтарымдылығын сипаттайды.

Баланстық құн – компанияның бухгалтерлік кітаптарындағы активтердің құны (әдетте өтелім жарнасы (амортизация) шегеріліп тасталады). Нақты нарықтық құн басқаша болуы мүмкін.

Баланс теңгерім (фр. *balance* – таразы) – бухгалтерлік есептің негізгі кешенді құжаты, ол кәсіпорын қаражатының құрамы мен құндық бағасы (актив) және оның өтелу кездері (пассив) туралы ақпараттан тұрады.

Банк (итал. *banca* – ақшалай қаржаттар операциялары жасалған үстел) – ақшалай қаражат пен қорлануды шоғырландыратын, кредит (қарыз, несие) беретін, мемлекеттер, кәсіпорындар (фирмалар), мекемелер және жеке адамдар арасындағы өзара төлемдер мен есеп айырысуда делдалықты жүзеге асыратын, ақша мен бағалы қағаздары шығаратын, алтынмен, шетелдік валютамен операцияларды және басқа міндеттерді жүзеге асыратын мекеме.

Банкроттық – кәсіпкердің, фирманың қаражат болмауы себепті өзінің қарыз міндеттемелерін төлеуден бас тартуы; қаржы жөнінен күйреуі, құлдырауы; дәрменсіздік, қаржының күйреуі, күйзеліс, сәтсіздікке ұшырауы, жоспарларың қирауы.

Баға – тауар құнының ақшалай түрі.

Баға бойынша сұраныс икемділігі – сұраныс көлеміне әсер ететін басқа факторлар өзгермеген жағдайда, бағаның 1% қысқаруына байланысты сұраныс көлемінің өсуі.

Бағалардың жалпы деңгейі – бағалардың тауарлар мен қызметтердің кең тобы бойынша орташа деңгейі, ол келесі көрсеткіштер арқылы анықталады:

Балансталған инфляция - әртүрлі тауарлардың бағасы біреуі басқасына қатысты үнемі пропорцияда ауысып отырады.

Балансталмаған инфляция - әртүрлі тауарлардың баға қарқыны әртүрлі болады.

Банк – кәсіпорындардың, ұйымдардың және тұрғындардың бос ақша құралдарын тарту және жинақтау операцияларын жүргізетін, төлемдерге делдалдық жасайтын, ақша, бағалы қағаздар эмиссиясын жасайтын, қайтарымды, төлемдік және мерзімді шарт арқылы несие беретін несие-қаржылық мекеме.

Банктік мультипликатор, немесе ақша ұсынысының мультипликаторы - банктердің жаңа ақша шығару арқылы ақша массасын қаншалықты үлкейткендігін бағалауға мүмкіндік береді.

Банктік несие – несие-қаржылық мекемелердің (банктердің, қорлардың, ассоциациялардың) кез-келген шаруашылық субъектісіне ақшалай несие беруі.

Баспа-бас айырбас (бартер) – валютасыз, бірақ құны бойынша бағаланған және теңдестірілген, өзара шартпен хатталған тауар айырбасы операциясы.

Бәсеке – капиталды салу жағдайындағы ең жоғары пайда алу үшін кәсіпкерлер арасындағы күрес.

Биметаллизм - ақша ролін екі металл атқарды: алтын және күміс. Ол биметализм кезеңі деп аталады.

Брокер, делдал – қор және тауар биржаларында, валюта нарықтарында тауарларында тауарларды, бағалы қағаздарды, валюталар мен басқа да құндылықтарды сатып алушы мен сатушы арасында мәміле жасау кезінде арада жүретін ресми делдал.

Бәсеке – нарықтық механизм элементі, капиталдардың жақсы, экономикалық жағынан тиімді жұмсалуды үшін, өнім өндіру мен өткізудің өндірістің неғұрлым тиімді жағдайы үшін тауар өндірушілер арасындағы бақталастықтың (күрестің) құрамдас бөлігі.

Бюджеттік саясат – бюджеттік процесстерді реттеу (бюджеттік тепе-теңдікке жету).

Валюта – тауарлар құнының шамасын өлшеу үшін пайдаланылатын ақша өлшемі, шетел мемлекеттерінің ақша белгілері.

Госсен заңы - тауар неғұрлым көп болса, сонша оның тұтынушыны толық қанағаттандыру деңгейі жоғары болады да, олардың соншалықты нақты пайдалылығы мен құндылығы төмен болады. Тауар көлемі азайған сайын оның пайдалылығы және құндылығы өседі.

Дағдарысқа қарсы немесе циклға қарсы мемлекеттік саясат - экономикалық циклды тегістеуге және конъюнктураны жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсынысты реттеу жолымен тұрақтандыруға бағытталған.

Дивиденд (лат. dividendus – салыққа салынатын) – акционерлік қоғамның есепті бір кезеңде алған және акционерлердің иелігіндегі акциялардың саны (сомасы) мен түріне сәйкес олардың өз арасында бөліске түсуге тиіс пайдасының бір бөлігі. Дивиденд - акцияға келетін табыс.

Дәстүрлі жүйе - технологиясы ескі: көбінесе кол еңбегі, көп укладты экономика, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр, артта қалған мемлекеттерде кең тараған.

Деноминация – мемлекеттің ақша бірлігінің іріленуі және көрсеткен қатынастағы ескі ақша бірлігінің жаңа ақша белгісіне айырбасталуы.

Девальвация – шетел валютасына немесе халықаралық ақша бірлігіне қатысты ұлттық валюта бағамының төмендеуі.

Депозиттер – жинақтаудан басқа, банк клиенттерінің мерзімдік және мерзімсіз салымдары.

Дикрециондық саясат – экономикалық конъюнктураны тегістеу мақсатында мемлекетпен салықтарды және шығындарды өзгерту (мысалы, салық ставкасын, жәрдемақы мөлшерін).

Дилер (ағыл. dealer – саудаласу) – бағалы қағаздарды, валюталарды сатып алумен және сатумен айналысатын қор биржасының мүшелері (жеке адамдар мен фирмалар) және банкілер. Өз аттарынан және өз есебінен іс-қимыл жасайды. Дилерлер бір-бірімен, брокерлермен, сондай-ақ қызметті пайдаланушылармен тікелей мәміле жасаса алады. Дилердің пайдасы сатушы мен сатып алушы курстарындағы айырма есебінен, валюталар мен бағалы қағаздар курстарының өзгеруі есебінен құралады. Дилерлер брокерлік (делдалдық) мәміле жасаса алады.

Дистрибьютор (ағыл. distributor – орналастыру) - өндіруші ірі өнеркәсіп фирмаларынан дайын өнімді көтере сатып алу негізінде өнім өткізетін фирма. Ол меншікті қоймалары бар және өнеркәсіпшілермен іскерлік өзара шарт қатынастарын орнататын біршама ірі фирмалар.

Еңбек құралдары – бұл қажетті игіліктерді өндіруге пайдаланатын құралдар.

Еңбек заттары – бұл неден жасалатын заттар, яғни шикізат, материалдар және т.б.

Еңбек (жұмыс күші) – материалдық игілік пен қызметті өндіру процессінде адамның мақсатты қызметі, адамдардың барлық физикалық және ақыл қабілеттілігінің жиынтығы.

Еңбек өнімділігі - өнім көлемінің еңбек шығынына ара қатынасы.

Еңбек ақы – бұл еңбекшіге, оның еңбек күшің – табиғи және интеллектуалдық қабілеттерін - қолданған үшін төленетін төлем.

Еңбекті аккордты төлем – орындалған жұмыс сапасын мен мерзіміне, көлеміне сәйкес жалпы еңбек ақыны келісім негізінде бекітіп төлем жүргізу (мысалы, әртүрлі ғимарат салу үшін).

Жабық экономика – ол сыртқы әлеммен экономикалық байланыс төмен немесе мүлдем жоқ мемлекеттер экономикасы.

Жалпы пайда (валовый доход) – кәсіпорын ызметінің жалпы қаржы нәтижесі, ол кәсіпорынның жиынтық кірістері мен шығыстары арасындағы айырмаға сәйкес келеді.

Жал, жалгерлік (лат. arrendare – жалға беру) – мүлікті жалдау, жалға беруші жалгерлерге мүлікті белгілі бір сыйақы жалгерлік ақы үшін уақытша пайдалануға беретін шарт.

Жарғы қоры – бірлескен кәсіпорын қызметінің басталуы үшін қажетті және бірлескен кәсіпорынның құрылтайшы әріптестерінің жарналары есебінен құралатын қаражат мөлшері.

Жалпы инвестиция – арнайы кәсіпорынға салынатын барлық ақша құралдары.

Жалпы шығындар - тұрақты және ауыспалы шығындар жиынтығы.

Жиынтық (жалпы) өнім бұл – өндірістің басқа факторлардың өзгермеген жағдайында зерттелетін фактордың анықталған мөлшерінде өндірілетін өнім көлемі.

Жинақтау - бұл тұтынбайтын, тек қана жиналатын табыстың бөлігі. Ол - табыс пен тұтынудың айырмашылығы.

Жер өндіріс факторы ретінде – өндіріске тартылған барлық табиғи ресурстар: жер қойнауы, орман, ауа, су.

Жекешелендіру – заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік меншікті мемлекеттен сатып немесе тегін алу

Жеке кәсіпкерлік – бұл бір адамның иелігіндегі іс.

Жүйе - бұл ұйымдасқан бір тұтастықты құратын өзара байланысты элементтер мен бөліктердің жиынтығы, немесе комбинациясы.

ЖҰӨ – бұл қай жерде орналасқанына тәуелсіз белгілі бір елдің азаматтарына тиісті өндіріс факторлары арқылы өндірген барлық тауарлары мен қызметтердің жылдық нарықтық құны.

ЖІӨ – бұл иелігіне байланыссыз ұлттық экономика шекарасында орналасқан барлық өндіріс факторлары арқылы өндірілген жиынтық өнім көлемі.

ЖҰӨ дефляторы – номиналды ЖҰӨ-нің нақты ЖҰӨ-ге қатынасы.

Жұмыс күші - жұмыспен қамтылған халық пен жұмыссыз халықтың қосындысына тең.

Жұмыссыздық – жұмыс істегісі келген еңбекке жарамды халықтың өндірісте жұмыспен қамтылмауы. Өздеріне байланыссыз себептерімен табысы (еңбек кірісі) жоқ, мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінде жұмыс істемейтін, еңбек етуге қабілетті және дайын, өздеріне қызмет лайықты жұмыс ұсынбаған адамдар ретінде тіркелген азаматтар жұмыссыздар деп есептеледі. Нарықтық экономика жағдайында жұмыссыздық жағдайында жұмыссыздық жұмыс күшіне сұраным мен ұсынымы арасындағы өзара әсер етудің нәтижесі ретінде көрінеді.

Жұмыссыздық мөлшері - пайыз бойынша көрсетілген жалпы жұмыссыздардың еңбек күші санына қатынасына тең.

Жиынтық сұраныс – бұл тұтынушылар кез келген мүмкін болатын бағамен сатып алуға даяр ұлттық өндірістің нақты көлеміне тең экономикалық агрегат.

Жиынтық ұсыныс – әрбір бағаның мүмкін болатын деңгейінде өндірістің нақты, яғни қолдағы бар көлеміне тең экономикалық агрегат.

Заң – елдің жоғары заң шығарушы органы қабылдаған және барлық жеке адамдар мен заңды ұйымдардың орындауы үшін міндетті болып табылатын нормативтік-заңдық актілер.

Заттың шекті пайдалылығы - бұл әр бір тұтынушы субъективті қоятын, қорда бар атаулы заттың соңғы біреуінің шекті, яғни ең төмен пайдалылығы.

Инвестициялар – капиталдың ел ішіндегі және шетелдегі экономикаға ұзақ мерзімді жұмсалымы. Инвестициялар - жаңа технологияларды, материалдарды және басқа да еңбек құралдары мен заттарды енгізуге байланысты өндірісті кеңейту және жаңарту мақсатында жасалатын шығындар.

Инвестициялар - жаңа технологияларды, материалдарды және басқа да еңбек құралдары мен заттарды енгізуге байланысты өндірісті кеңейту және жаңарту мақсатында жасалатын шығындар.

Инвестор – салымшы; пайда табу мақсатымен ел ішінде немесе шетелде белгілі бір кәсіпорынға инвестиция жасаушы, күрделі қаржы жұмсаушы адам.

Инфрақұрылым – өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық өндірісіне, сондай-ақ халыққа қызмет көрсететін шаруашылық салаларының кешені. Бұл кешенде транспорт, байланыс, сауда, материалдық-техникалық жабдықтау, ғылым, білім, денсаулық сақтау, т.б. қамтылады.

Икемділік – проценттік өзгерудің қатынасымен көрсетілген бір экономикалық ауқымдылықтың екіншісінің өзгеруіне әсерлестік деңгейі.

Интенсивті тип - жетілген өндіріс факторлары есебімен жүреді.

Инфляция деңгейі – пайызбен көрсетілген ағымдағы жылдағы баға мен өткен жылдағы баға айырмасының өткен жылдағы бағаға қатынасы. **Инфляция** – ақша айналымының заңының бұзылу. Ол қоғамдық ұдайы өндіріс үрдісінің диспропорциясынан және ақшаның құнсыздауына және ақша массасының айналымдағы нақты қажеттіліктен артық болуына әкелетін экономикалық саясаттың жетіспеушілігінен туындайды. Бірқалыпты немесе жылжымалы инфляция – әдетте ол жылына 10%-дан артылмайды. Шоқырақ инфляция – жылына 200%-ға дейін. Гиперинфляция – жылына 200%-дан жоғары.

Интеральді теориялар - экономикалық циклды экономикалық жүйенің ішкі факторларымен түсіндіреді.

Ипотекалық несие - қозғалмайтын мүлікті кепілдікке ала отырып, ұзақ мерзімді қарыз түрінде беріледі.

Калькуляция - өнім өндіруге және өткізуге, жұмысты орындауға, қызметтер көрсетуге жұмсалатын шығынды ақшаға шағып көрсету.

Капитал өндіріс факторы ретінде - өндіріс құрал жабдықтары, еңбек құралы мен еңбек заттарының бірігуі.

Капитал айналымы - тұрақты қайталанатын капиталдың ауыспалы айналымы.

Капиталдың (қордың) ауыспалы айналымы - алғашқы құнды жоғарлату мақсатымен барлық айналым мен өндірісті қамтитын сфералар арқылы өндіріс құралдарының қозғалысының толық циклін білдіреді.

Қарапайым ұдайы өндіріс – өзгермейтін масштабта жылдан жылға өндірістің қалпында қалуы.

Қаржы – елдегі орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша құралдарының қорын тұрғызудағы және қолданудағы барлық экономикалық қатынастар жиынтығы.

Қаржы жүйесі – бұл барлық өзара байланыстағы қаржылық құрылымдық элементтердің жиынтығы.

Кәсіпкерлік – бұл, пайда алуға бағытталған және тәуекелділікпен байланысты шаруашылық қызмет.

Кәсіпкерлік қабілеттілік – адамның кез келген бизнесті бастауы, сонымен байланысты шығын, тәуекел, жеуапкершілікке бас тігу.

Кәсіпорынның жалпы табысы - бұл кәсіпорының белгілі бір уақыт ішінде өндірілген өнімді сатудан алынатын табыс.

Келісімді-сыйақылы жалақы – өзгермейтін бағалау бойынша төленетін төлемдермен қоса нақты еңбек көрсеткіштері бойынша жеткен жетістіктері үшін төленетін сыйақылы төлемдер.

Келісімді-прогрессивті – орындау нормасы ішінде жалақы негізгі және өзгермейтін даналық төлем бойынша төленеді, ал мөлшерден тыс жоғары өнім өндіру – жоғарғы бағалаумен төленеді.

Келісімді жалақы - жұмысшының өндірген өнімінің көлеміне байланысты белгіленеді.

Коммерциялық несие – шаруашылық субъекттерінің өз ара бір біріне қарыз төлемің кейінге қалдыру жолымен тауарлық нысында беріледі.

Контокоррент – бұл клиентпен банктің барлық операциялары есептелетін біртұтас шот.

Құрылымдық жұмыссыздық - жұмыс күшіне сұраныстың құрылымдық өзгеруін туғызатын өндірістегі технологиялық өзгерістерге байланысты

Күтілген инфляция - белгілі бір уақыт аралығына болжауға болады, немесе ол үкімет тарапынан «жоспарланады».

Күрделі жүйе – өзара әсер етуші элементтерден, түрлі жүйелердің бірігуінен құралған көп деңгейлі құрылым.

Командалық экономикалық жүйе - өндіріс, бөлу, тұтыну сұрақтарында мемлекеттің шешім қабылдауы.

Құн заңы - тауарды өндіру мен айырбастауы қоғамдық қажетті еңбек шығыны негізінде жүзеге асады.

Қондырма - саяси, идеологиялық, мәдени және басқа институттардың жиынтығы.

Қор қайтарымы – негізгі өндіріс қорларын пайдалану деңгейін көрсетеді және өнімді қор соммасына бөлумен анықталады.

Кепіл – шарттық міндеттеменің орындалуын мүлік өткізіп қамтамасыз ету әдісі, несиені қамтамасыз ету. Қарыз берген кісінің қолында кепілдікке қалдырылған зат.

Консалтинг – ынтымақтастық нысаны, бұл ынтымақтастықта продуценттерге (тауар өндірушілерге), сатушылаоға және сатып алушыларға кәсіпорындардың, фирмалардың, ұйымдардың экономикалық қызметі мәселелерінің кең ауқымы бойынша, оның ішінде сыртқы экономикалық салада кеңес беріледі.

Консорциум – заемдарды бірлесіп тарату үшін, үлкен ауқымдағы қаржы және коммерциялық операцияларды жүргізу үшін бірнеше банкілердің немесе өнеркәсіп орындарының арасындағы уақытша келісім.

Концерн – көп салалы монополистік өнеркәсіп бірлестігінің қазіргі экономикалық жағынан үстем нысаны. Өндірісті әртараптандыруға сүйене отырып, концерндер өзінің құрамында ондаған, жүздеген әр түрлі кәсіпорындарды, ғылыми зерттеу мекемелерін, оқу орталықтарын және орасан зор экономикалық кешеннің қызметін қамтамасыз ететін басқа да көптеген буындарды біріктіреді.

Қосылған құнға салық (ҚҚС) – жанама салық түрі; түпкілікті тұтынушы тауарлар мен қызметтерді сатып алу кезінде, сондай-ақ, тауарларды өндіру мен өткізудің түрлі салаларында төлейді.

Лизинг – жабдықты, машиналарды, өндірістік мақсаттағы ғимараттарды ұзақ мерзімді жалға алу.

Маржа – белгілі бір екі көрсеткіш (мысалы, сатушының бағасы мен аларманың бағасы) арасындағы айырманы көрсететін шама.

Материал қайтарымы - өнімнің еңбек шығынына ара қатынасы.

Материал сиымдылығы – материал қайтарымына кері көрсеткіш, бір өнімге кеткен материал шығынының деңгейін көрсетеді.

Меншік – белгілі бір материалдық игілікті иелігіне алу үшін адамдар арасындағы қатынас.

Меншіктің экономикалық мазмұны - өндіріс қатынастары жиынтығы, яғни өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну арқылы көрінеді.

Меншіктің құқықтық мазмұны - меншік иесінің табыс пен қауісіздікті иелену, пайдалану, басқару және басқа құқығы.

Меншік субъектісі – меншік қатынастарының активті жағы, яғни меншік объектісін иелену құқығы.

Меншік объектісі - меншік қатынастарының пассивті жағы, яғни табиғат, заттар, энергия, мүліктер, ақпараттар т.б.

Мемлекет иелігінен алу – мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық басқару қызметтерін толығымен шаруашылық субъектісіне берілуі.

Мемлекеттік бюджет – мемлекеттің барлық ақша құралдарын (табыстарды) және оларды бөлуді (шығындарды) бейнелейтін мемлекет қызметінің қаржылық бағдарламасы.

Мемлекеттік несие – мемлекет қарыз алушы, ал тұрғындар мен жеке бизнес – ақша құралдарды қарызға беруші ретінде шығатын несие қатынастар жүйесін бейнелейді.

Монометаллизм кезеңінде - ақша ролінің бір металл атқарды – алтын

Мультипликатор - инвестиция өзгерісінен табыстар өзгерісінің тәуелділігін көрсететін коэффициент. Мультипликатор - инвестиция көлемі ұлғайғандағы ЖҰӨ-ның өсу шамасын көрсететін сандық коэффициенті. Ол ЖҰӨ өсімшесінің инвестиция өсімшесіне қатынасы арқылы анықталады.

Мерзімді жалақы - жұмыс жасалған уақытқа байланысты анықталады.

Мерзімді қарапайым жалақы – сағат мөлшерлемесі және нақты жұмыс жасалған уақыт есебінен еңбек ақыны төлеу.

Мерзімді-сыйақылы жалақы – сағат бойынша төлемдерге нақты сандық және сапалық көрсеткіштер бойынша жетістіктер үшін қосымша сыйақылар қосылып қарастырылады.

Монополияға қарсы қолданылатын заңдар – нарықтық экономиканы басшылыққа алатын кәсіпкерлер қызметінің түрлі салаларында бәсекелестік ортаны қолдауға, монополизмге және арам ниетті бәсекеге қарсы әрекет жасауға бағытталған құқықтық актілер кешені.

Мүлік – шаруашылық айналымында мәні бар біреудің қарамағындағы заттар мен түрлі құнды мүліктердің жиынтығы. Біреудің меншікті заттары.

Нарық – тауарларды өндіру, айналысқа жіберу, бөлу, сондай-ақ, субъектілердің сатып алушылар мен сатушыларды таңдаудағы, бағаны белгілеудегі, ресурстар көздерін қалыптастырып, пайдаланудағы еркіндігі тән сипат болып табылатын ақша қаражатының қозғалысы қалыптасатын экономикалық қатынастар жүйесі.

Нарықтық экономика - шаруашылық сұрақтарын әрбір экономикалық агент өзі шешетін жүйе. Ол еркін кәсіпкерлік, бәсекелестік және жеке меншікке негізделген.

Натуралды шаруашылық (өндіріс) - материалдық игіліктер өндірушінің өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өндіріледі, және еңбек өнімдері ішкі шаруашылықта тұтынуға арналған.

Нақты ЖҰӨ - бұл өзгермейтін бағалармен көрсетілген тауарлар мен қызметтердің өндіру көлемі.

Негізгі капитал (негізгі қорлар) – бұл өзінің құнын шығарылатын өнімге толық бір айналымда емес, бірнеше айналымда бөлшектеп аударатын өндіріс құралдарының бөліктері.

Несие – белгілі бір мерзімге пайыздық төлем түріндегі қайтарым жағдайындағы қарызға берілетін ақша капиталының қозғалысы.

Несие жүйесі - экономиканың дамуын реттеу мақсатында мемлекетпен белсенді қолданатын валюталық-қаржылық мекемелер кешенін білдіреді.

Номиналды ЖҰӨ - бұл ағымды бағамен көрсетілген тауарлар мен қызмет өндірісінің көлемі.

Негізгі қаражат – еңбек құралдарына жататын материалдық-заттай құндылықтардың жиынтығына жұмсалған қаражаттар.

Нормативті экономика - субъективті негізделген, жеке бағалау әсерін ұсынады. Ол болашақта болуы керек құбылыстармен жұмыс істейді.

Орташа тұрақты шығындар - тұрақты шығындардың өндірілген өнім көлеміне қатынасымен анықталады.

Орташа ауыспалы шығындар - ауыспалы шығындардың өндірілген өнім көлеміне қатынасымен анықталады.

Орташа табыс – өнімнің бір бірлігіне жататын табыс, ол жалпы табыстың сатылған өнім көлеміне қатынасы. және игіліктің нарықтық бағасына тең.

Оукен заңы - жұмыссыздық пен экономикалық белсенділіктің сандық өзара байланыстылығын сипаттайды. Осы заңға сәйкес ЖҰӨ-нің жыл сайынғы өсімі 2,7 %-ға тең болса, жұмыссыздық деңгейі бір қалпында қалады. ЖҰӨ-нің қосымша 2 %-ға өсімі жұмыссыздықтар үлесің 1%-ға төмендетеді. Дәл сол сияқты, әрбір ЖҰӨ өсімінің 2% төмендеуі жұмыссыздық деңгейің 1% көбейтеді.

Өндірістің орташа шығындары (АС) жалпы шығындардың өндірілген өнім көлеміне қатынасымен анықталады да, өнімнің бір данасын шығаруға кеткен жалпы шығындарды көрсетеді.

Өндірістік функция – максималды өнім шығару және өндіріс факторларының жиынтық шығындарының арасындағы өзара байланысты анықтайтын техникалық ара қатынас.

Өндіріс факторлары - бұл өндіріске қосылған экономикалық ресурстар.

Өндіріс – қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған адамдардың мақсатты қызметі.

Өндіргіш күштер - өндіріс құрал жабдықтары және еңбек күші.

Өндірістік қатынастар - материалдық игіліктер мен қызметті өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну процесінде пайда болатын адамдар арасындағы қатынастар.

Өндіріс шығындары – тауар өндіруге кеткен шығындар

Өнімнің қор сиымдылығы – қор қайтарымына кері көрсеткіш, бір өнімге қор шығынының деңгейін көрсетеді.

Өнімнің еңбек сиымдылығы – еңбек өнімділігіне кері көрсеткіш.

Өндіріс уақыты – белгілі бір кәсіпорында еңбек құралдары мен заттарының өндіріс саласына түсуінен бастап, өнім өндіруді аяқтап, олардың сатуға жіберілуіне дейінгі уақытын қамтиды.

Үлестік жарна – ортақ іске жеке қатысушы осы іске қосқан үлес (ақшалай жарна).

Пайда – фирманың жалпы табысы мен шығындары арасындағы айырма, мұнда жалпы табыс шығыннан асып түседі.

Пайда балансы - өндірістік қызметтің барлық түрлері бойынша пайданың баланста көрсетілген жалпы сомасы.

Пайдалылық - өндірістік қызметтің белгілі бір уақыт кезеңі ішіндегі пайдалылығын (залалдығын) сипаттайтын кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерінің бірі, шығындар қайтарымының деңгейі және өнім өндіру мен өткізу процесінде қаражаттың пайдаланылу дәрежесі.

Пайыз - қызмет етуші капиталистің капиталды қолданғаны үшін ақша иесіне төлейтін төлемі.

Пайда – ол капиталға алынатын табыс.

Потенциалды ЖҰӨ - барлық қолдағы өндіріс факторларды максималды пайдаланған кезде өндіруге мүмкін өнім көлемін көрсетеді.

Пайдаға салынатын салық – заңды ұйымдардың табысына салынатын салық; негізгі жалпы мемлекеттік салықтардың бірі.

Позитивті, немесе дискриптивті экономика - экономиканың қызмет етуінің объективті немесе ғылыми жағынан түсіндіруге тырысады. Ол қазіргі уақытта бар немесе болуы керек құбылыстармен жұмыс істейді.

Ревальвация – шетел валютасына қарағанда ұлттық валюта бағамының көтерілуі.

Рента – капиталдан, мүліктен немесе жер учаскесінен түскен белгілі бір табыс, ол өзінің алушыларынан кәсіпкерлік қызметті талап етпейді.

Рынок (нарық)– бұл тауар айналымының сферасы, тауарды сату және сатып алумен байланысты экономикалық қатынастар жиынтығы.

Рынок (нарық) инфрақұрылымы – рынокқа қызмет ететін түрлі ұйымдар, мемлекеттік және коммерциялық кәсіпорындар жиынтығы.

Рынок (нарық) тепе-теңдігі - анықталған бағамен сатушы сатқысы келетін тауар көлемі мен сатып алушы алғысы келетін тауар көлемі сәйкес болғанда қалыптасады.

Салық – жеке адамдар мен заңды ұйымдар заң шығарушылық жолмен белгіленген салық мөлшерлемесіне сәйкес мемлекеттік (жергілікті) өкімет органдарының бюджетіне төлейтін тіркелген аударым жарналары.

Салық мағлұмдамасы – салық төлеушінің өткен кезеңде алған табыстары және оларға қолданылатын салық шегермелері мен жеңілдіктері туралы ресми мәлімдемесі.

Салық мөлшерлемесі – салық салынатын бір объектідегі салық үлесі (процент түрінде көрсетілген мөлшер).

Серіктестік - кәсіпорынның екі немесе бірнеше иеленушілердің болуы.

Сұраныс инфляциясы - жиынтық сұраныстың өзгеруінен пайда болады. Ол жиынтық сұраныстың әр жылдық даму қарқынының өнім шығару қарқынынан асып кеткен жағдайда туындайды.

Сұраныс - белгілі бір уақытта және белгілі бір жерде сатып алушылар сатып алу мүмкіндігі болатын және сатып алғысы келетін тауарлар мен қызметтің санын байқатады.

Сұраныс заңы - сұранысқа әсер ететін барлық басқа факторлар тұрақты болған кезінде, тауар бағасы төмендеген сайын, тауар саны өседі.

Табыс – кәсіпорындар, фирмалар мен басқа да ұйымдар жұмысының аса маңызды экономикалық көрсеткіші, табыс олардың қызметінің барлық түрлерінен түскен қаржы түсімдерін көрсетеді.

Тауарлы өндіріс – өнім жеке бір бірінен бөлінген өндірушілермен өндірілетін, олар анықталған бір өнім өндіруге бағытталады, қоғамдық қажеттіліктер рынокта сатып алу-сату арқылы қанағаттанатын ерекшеліктері бар өндіріс.

Тауар - сатып алу-сату жолымен айырбасқа арналған еңбек өнімі.

Тұтыну құны - заттың пайдалылығы, оның адамның кез-келген қажеттілігін қанағаттандыра алуы.

Тауар құны - оны өндіруге кеткен қоғамдық еңбекпен анықталады.

Табыс бойынша сұраныстың икемділігі - табыстың 1 пайызға өсуімен келген тауарға сұраныс деңгейінің пайыздық өзгерістерін көрсетеді.

Таза инвестиция - жалпы инвестициядан өтелімді (амортизацияны) алу.

Талап еткенге дейінгі салымдар – бұл ағымды шоттардағы қаржы. Олар кез келген уақытта талап етілуі мүмкін.

Тұтынушылық несие - жеке тұлғаларға ұзақ мерзімді тұтынушылық тауарлар алғанда нақты мерзімге беріледі.

Тұрақты шығындар (FC) – шығарылатын өнім көлеміне байланыссыз шығындар, нольдік өндіріс көлемінде де болады.

Тікелей келісімді жалақы – мөлшерлі орындау дәрежесінен тәуелсіз, өзгермейтін даналық бағалау бойынша нақты өндірілген өнімге төлеу.

Туынды инвестициялар - іскерлік әрекеттің жандануы, жұмысбастылықтың өсуі түрлі кәсіпкерлер топтарының инвестиция жасауларына алып келеді. Бұл инвестициялар туынды деп аталады.

Тұтыну - адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерің қанағаттандыруға пайдаланатын анықталған игіліктер мен қызметтерді сатып алуға жұмсалатын ақша сомасы.

Тұтынуға шекті бейімділік – бұл тұтынудың (С) өсу мөлшеріне себеп болатын табыстың (У) өсу үлесі.

Ұдайы өндіріс - өндіріс процессінің үздіксіз жаңаруы.

«Ұқыптылық парадоксы» - егер экономика толық емес жұмысбастылық күйінде болса, онда жинақтауға ұмтылыс міндетті түрде нарықта тұтыну бейімділікті төмендетеді. Ал тұтынушылық сұраныстың төмендеуі өз кезегінде тауар өндірушілердің өз өнімдерін сатуға мүмкіндіктерің азайтады.

Ұлттық табыс - барлық факторлық табыстардың сомасын көрсетеді (еңбек ақы, пайыз, рента, пайда).

Ұлттық шоттар жүйесі (ҰШЖ) - ұлттық табыс пен соңғы өнімді өндіру, бөлу, қайта бөлу және пайдалануды сипаттайтын өзара байланыстағы көрсеткіштерді білдіреді.

Ұсыныс инфляциясы - өндіріс шығындарының өсу салдарынан пайда болған баға өсуіне тәуелді (жалақы, шикізат, материалдардың және т.б).

Ұлғаймалы ұдайы өндіріс – өндірістің жыл сайын өсуі.

Ұсыныс белгілі бір кезеңдегі нақты бір баға бойынша рынокта сатуға жіберілген өнім немесе тауар саның көрсетеді.

Ұсыныс заңы - тауар бағасы мен нарықтағы ұсыныс көлемі арасындағы тәуелділікті көрсетеді. Баға мен ұсынылып отырған өнім арасында тура байланыс бар: баға өскенде, ұсыныс көлемі де өседі, немесе керісінше.

Ұлттық шаруашылық – бұл әр түрлі экономикалық байланыстармен біртұтас бүтінділікке біріккен барлық салалар мен мемлекет аймақтарының жиынтығы

Ұлттық байлық – бұл мемлекеттегі еңбек күшімен жасалған және жинақталған материалдық игіліктердің бірігуі.

Ұсыныс икемділігі – ұсыныс көлеміне әсер ететін басқа факторлар өзгермеген жағдайда, бағаның 1 пайызға өскендегі ұсыныс көлемінің өсуі.

Фактылық ЖҰӨ - бұл анықталған уақыт кезеңінде шынында өндірілген өнім көлемі.

Фискалдық саясат – экономиканы табыстар мен шығыстар арқылы реттеу.

Фирма – заңды ұйым құқықтарын пайдаланатын шаруашылық, өнеркәсіптік немесе сауда кәсіпорындары.

Фрикциондық жұмыссыздық - жұмысшылардың аймақтық, кәсіптік және жасына байланысты ауысуымен байланысты (жаңа мекен-жайға көшуі, жаңа мамандық игеру, оқу, балаларға күтім жасау және т.б. байланысты).

Халықаралық несие - халықаралық экономикалық қатынастардағы қарыз капиталының қозғалысын бейнелейді. Несие алушы және несие беруші ретінде банктер, жеке фирмалар, мемлекеттер, халықаралық және аймақтық ұйымдар шығады.

Циклдық жұмыссыздық - дағдарысқа байланысты жұмысшы саны жұмыс орындардан едәуір көп болғанда қалыптасады.

Шекті шығын - жалпы шығындардың өзгеруінің өнім көлемінің өзгеруі қатынасына тең және ол өнімнің қосымша данасын шығарғанға кететін қосымша шығындарды көрсетеді.

Шекті табыс – әрбір қосымша өнім бірлігінің өндірумен байланысты табыстың ұлғаюы.

Шекті өнім – бұл қосымша өнім, яғни өндірістің басқа факторлары тұрақты болған жағдайда қандай болса да өндіріс фактордың қосымша бірлігімен өндіріліктің өнім көлемі.

Экономикалық ресурстар – ол тауар және қызмет өндірісінде пайдаланылатын барлық табиғи, адамдық және адаммен өндірілген ресурстар.

Экономикалық шығындар - айқын (бухгалтерлік) және айқын емес (жүктелетін) өндіріс шығындардың жиынтығы.

Экономикалық жүйе – қоғамдағы ұйымдастырылған формасы мен қалыптасқан мүлктік қатынастар негізінде іске асатын, экономикалық процесстердің жиынтығы.

Экстенсивті тип - өндірістегі еңбек және материалдық ресурстардың сандық өсуіне негізделген.

Экономикалық цикл - өндірістің нақты көлемінің оның потенциалдық шамасының төңірегіндегі тербелістері экономикалық тербелістер.

Экономикалық рента – көлемі шектелген жер және басқа табиғи ресурстарды пайдаланған үшін төленетін төлем.

Экстеральді теориялар - экономикалық циклды сыртқы факторлармен анықтайды.

Эмитент – ақша (акция) шығаратын ұйым немесе кәсіпорын.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

А. Құқықтық-нормативтік құжаттар

1. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 846 қаулысы.

2.«Инновациялық қызмет туралы». Қазақстан Республикасының 2002 ж. 3 шілдедегі № 333-ІІ Заңы (2004.20.12. № 13-ІІІ ҚР Заңымен енгізілген өзгерістерімен).

3.«Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы».Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы». Үкімет бюллетені №3,Астана 2003.

4.«Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы». Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы //ПҮАЖ.-2003.-№ 30.

5.«Қазақстан инвестициялық қоры туралы». Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі N 575 Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 16, 89-құжат; "Егемен Қазақстан" 2004 жылғы 16 шілде N 177-178.

6.«Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы». Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 23 наурыздағы N 135 Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 5-6, (2011.05.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

7.«Қазақстан Республикасында инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1308 Қаулысы.

8.«Технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар беру қағидаларын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 тамыздағы № 1037 Қаулысы.

9.«Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы». Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 ж. 17 мамырдағы № 1096 Жарлығы.

10.«Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы.

11.«Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 сәуірдегі N 387 Қаулысы.

12. «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы». Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 534-IV Заңы.
13. «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2003.01.08. N 373 Заңы.
14. «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының 2003-жылдың 8-қаңтарындағы Заңы.
15. «Шетел инвестициялары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 1994 жыл 27 желтоқсан.
16. «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 1997 жыл 28 ақпан.
17. «Инвестициялық қорлар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2004 жыл.
18. Закон РК от 23 марта 2006 года №135 «О государственной поддержке инновационной деятельности»//«Казахстанская правда» от 30.03.2006г.№71-72.
19. Закон РК от 09.07.2001 №225-2 «О науке»// «Казахстанская правда от 19.07.2001г.
20. О некоторых вопросах реализации Закона Республики Казахстан «Об инвестициях». Постановление Правительства Республики Казахстан от 08.05.2003, № 436.
21. «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
22. О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам инвестиций: закон РК от 08.01.03 № 375 // Казахстанская правда. - 2003. - 11 янв. - С. 3.
23. О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты прав миноритарных инвесторов: Закон Республики Казахстан от 19.02.07, № 230-III ЗРК // Казахстанская правда. - 2007. - 6 марта, № 36. - С. 11-12.
24. Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2006-2007 жылдары арналған бағдарламасы// Юрист – ақпараттық-құқықтық жүйесі. 2007, 39-бет.
25. «Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді жасау мен дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 633 Қаулысы.
26. «Индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды (арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, технопарктер, бизнес-инкубаторлар) қалыптастыру және дамыту тұжырымдамасы туралы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 1294 Қаулысы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 Қаулысы.
27. 2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму Стратегиясы мен оны жүзеге асырудың бірінші кезектегі шаралары». Астана, 1997 жыл, 10 қазан.

Б. Монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары, мақалалар, конференция материалдары

- 1.Абалкин. Л. Качественные изменения структуры финансового рынка и бегство капитала из России // Вопросы экономики № 2 / 2004 г.
- 2.Абзалбек Г. А. Проблемы инвестирования в экономику Казахстана // Каржы-каражат. - 2007. - № 2. - С. 41-43.
- 3.Абрамов С. И. Инвестирование. - М.: Центр экономики и маркетинга, 2000. - 440 с.
- 4.Абросимова И. Система действий по управлению инвестициями в регионе: на примере Ярославской области // Проблемы теории и практики управления. - М., 2004. - № 2. - С. 72-73.
- 5.Абулгазин Д. Регулирование инвестиционной деятельности в экономике Казахстана // Транзитная экономика. - 2004. - № 5. - С. 83-88.
- 6.Абыкаев Н.А., Бочаров В.В. Инвестиционный потенциал и экономический рост (методологические аспекты) // Экономист, №6, 2000.
- 7.Авсянников Н.М. Инновационный менеджмент: Учебник. – М.: ИНФРА-М, 2002. – 295 с.
- 8.Агайдаров А. Системы эффективного управления рисками инвестиционных проектов // Нарық ценных бумаг Казахстана. - 2005. - № 9. - С. 11-13.
- 8.Агалов В.К. Регулирование инвестиционной деятельности в депрессивных регионах.–СПб.; Издательство Санкт-Петербургского государственного университета экономики и финансов. 2000, с.62.
- 9.Алдашов Б.А., Ткач Е.В. «Инновационная инфраструктура: понятие, основные элементы и направления развития»//НПЖ «Транзитная экономика» №2-2007,С.110-114.
- 10.Алинов, М.Ш. Инновационный менеджмент: Учеб. пособие/ Алматы: Экономика, 2010.
11. Алшанов Р., Әшімбаева Ә. Жаһандық экономика және Қазақстан // Егемен Қазақстан, 2007 жыл 3 наурыз
- 12.Амринова А. Устойчивое развитие реального сектора в условиях глобализации // Саясат. - 2005. - № 7. - С. 24-28.
- 13.Андреев С.А. Экономическое содержание инвестиционного процесса в рыночной экономике. - СПб.; Издательство СПб госуниверситета экономики и финансов. 2000.
- 14.Анискин Ю.П., Бударов А.Ю., Попов А.Н., Привалов В.В. Управление инвестиционной активностью. –М.; Омега-Л, 2000. -272 с.
- 15.Аньшин В.Н. Менеджмент инвестиций в малом венчурном бизнесе М.: 2003. – 264с.
16. Аристанбаева А. А. Анализ эффективности привлечения иностранных инвестиций в РК // Банки Казахстана. - 2005. - № 9. - С. 27-31.
17. Арыстанбеков К. Экономическая политика Казахстана в условиях высокого уровня иностранных инвестиций // Вопросы экономики. - М., 2004. - № 8. - С. 110-119.

18. Арыстанов А.К. Экономика будущего – это инновационная экономика // Альпари. -2010.-№4.
19. Ахмедов Т., Касымов Р. Финансирование регионального развития. // «Нарық, деньги и кредит», N7, 2001.
20. Ашимбаев Т.А. Экономика Казахстана. Алматы, 2003.
21. Әжігереева Г. Омеганың инновациялық жобалары // Экономика. – 2011. – 36(208).
22. Әмірбекұлы Е. Ұлттық инновациялық инфрақұрылым шеңберіндегі элементтердің белсенділігін арттыру тетіктері // Альпари. -2008. – №4.
23. Байнаков Р. Механизмы составления инвестиционных проектов и их квалификация // Транзитная экономика. - 2005. - № 3. - С. 101-106.
24. Балабанов И.Т. Основы финансового менеджмента. Как управлять капиталом? – М.: Финансы и статистика, 2002. – 348 с.: ил.
25. Бездудный Ф.Ф., Смирнова Г.А., Нечаева О.Д. Сущность понятия инновация и его классификация // Инновации. – 1998. - №2.-3. – С. 3-13.
26. Бердашкевич А.П. «Об основах инновационной политики и деятельности в США» // Инновации. 2002. №4.
27. Берзон Н. Формирование инвестиционного климата в экономике // Вопросы экономики. - 2001. - № 7. - с. 104-114.
28. Бобров В.А. Сущность инновационной деятельности // Интеллектуальная собственность: правовые, экономические и социальные проблемы. – М., 2002. – Ч. 3. – С. 10 – 11.
29. Богатырев А. Г. Инвестиционное право // М. Рос. Право.- 1992.-271 с.
30. Боди З. Принципы инвестиций: Пер. с англ./ З. Боди, А. Кейн, А. Маркус. - 4-е изд. - М.: Изд. дом "Вильямс", 2002.- 984 с
31. Бочаров М.А. Управление инновационной деятельностью в : научно-технологической сфере: Автореф. дис. ... канд. экон. наук. – М., 2004. – 29 с.
32. Бромберг Г.В. Научно-техническое развитие: стратегия управления – М., 2004. – 46 с.
33. Брукинг Э. Интеллектуальный капитал / Пер с англ. под ред. Л.Н. Ковалик. – СПб: Питер, 2001. – 288 с.
34. Wheelwright S.C., Clark K.B. Revolutionizing product development: Quantum leaps in speed, efficiency and quality. – NY: The Free Press, 1992.
35. Ван Хорн Дж.К. Основы управления финансами. М.: Финансы и статистика, 1996.
36. Варшавский Л.Е. Исследование инвестиционных стратегии фирм на рынках капиталонаучноёмкой продукции. –М.; ЦЭМИ РАН, 2003.
37. Васильева Л. Методы управления инновационной деятельностью. – М., 2005г. - 320с.
38. Вознесенская Н.Н. Иностранные инвестиции: Россия и мировой опыт // М.: ИНФРА-М, 2001 г.
39. Вознесенская Н. Н. Правовое регулирование и защита иностранных инвестиций в России: монография. - М.: Волтерс Клувер, 2011.- 312 с.

40. Волгина Н.А. . Прямые иностранные инвестиции: особенности 90-х годов // Вестник РУДН, серия Экономика №1(5) / 2002.
41. Волков А.И. Особенности управления инвестированием регионов в условиях структурных преобразований экономики России. - СПб.; Издательство СПб государственного университета экономики и финансов. 2000.
42. Волосов И. Иностранные инвестиции и реформирование экономики // Деловой мир /26.05.1994.
- 43.Волынкина М.В. Правовая сущность термина «инновация» // Инновации. – 2006. - №1. – С. 5-18.
- 44.Гаврилова М.Н. Единство инновационного и инвестиционного в структурной ориентации экономики России: Автореф. дис. ...канд. экон. наук. – Томск, 2004. – 22 с.
- 45.Гайфутдинова О.С. Управление инновационной конкурентоспособностью промышленных предприятий. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук. Пермь, 2006, 27 с.
46. Гитман Л.Дж. Основы инвестирования: Учебник: Пер.с англ./ Л.Дж.Гитман, М.Д.Джонк. - М.: Дело, 1997. - 1008 с
47. Годиков Н.И. Как привлекать иностранные инвестиции. Опыт стран Центральной и Восточной Европы и Китая // ЭКО. - 2003. - № 9. - С. 132-143.
- 48.Гольдштейн Г.Я. Инновационный менеджмент. Учебник М., 2001. – 390с.
- 49.Cooper R.G. Winning at new products. Accelerating the process from idea to launch. –Cambridge (MA): Perseus Publishing, 2001.
- 50.Гохберг Л., Кузнецова И. Инновационные процессы: тенденции и проблемы. Экономист, № 2, с.50-59, 2002.
51. Губаев Ш. Об инвестиционном климате в Республике Татарстан // Российский экономический журнал. №2 / 2002 г.
52. Давыдкина О.В. « Инновации и производство: зарубежный опыт и российская практика» // « Пищевая промышленность». 2002, №10.
- 53.Дауранов И. Государственная поддержке малого и среднего бизнеса в современных условиях //Вестник предпринимателя, 2009, № 2-3, 20с.
- 54.Джумабекова М.М. Отдельные вопросы в области инвестиционного механизма. // Аль Пари №3 (55), 2008г.
- 55.Друкер П. Нарык: как выйти в лидеры. Практика и принципы. -М.1992.
56. Дюкарева Инвестиционный климат в Казахстане // АльПари. - 2005. - № 4. - С. 76-78.
- 57.Егоров С.С. Управление инновационными проектами в высокотехнологичном секторе экономики. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук. Санкт-Петербург – 2007, 20 с.
- 58.Егудкин Б.А. Развитие организационных методов управления инновационной деятельностью организаций. Автореферат диссертации на

соискание ученой степени кандидата экономических наук. Санкт-Петербург, 2007, 20

59.Ермасов С.В. Финансовое стимулирование инновационной деятельности – СПЭА, 2002. – 189с.

60.Есентугелов А. Трансформации экономики Казахстана-рыночная экономика, реформы, экономическая политика (в 3-х томах). Алматы.: 2002 г.

61.Есентугелов А. Стратегия процветания страны в условиях меняющегося мира. Уроки мирового кризиса и модернизации казахстанской экономики. – Алматы : ТОО «Полиграфкомбинат», 2011. – 400 с.

62.Есимов А.С. Стратегическое развитие экономики Казахстана // Саясат-Политика, 1998, №3.

63.Журавлев А.Е. Государственное регулирование развития инноваций в условиях рыночной экономики. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук. Москва 2007, 24 с.

64.Жаркынбаева А.С. Привлечение иностранных инвестиций в экономику Казахстана: современное состояние и перспективы. // Аль Пари №3-4 (47-48), 2006г. // Аль Пари №3-4,2007.

65.Зелтынь А.С. Государственное стимулирование инвестиций в США и Юго-Восточной Азии.// ЭКО, N5, 1997.

66. Иванов А. П. Финансовые инвестиции на рынке ценных бумаг/ А. Иванова. - М.: Изд.- торговая корпорация «Дашков и К», 2004. - 444 с.

67. Игликов Е., «Инвестиционный потенциал финансовых институтов Республики Казахстан: состояние и перспективы», Нарық ценных бумаг Казахстана, 2005, №2

68.Игошина Л. Л. Инвестиции: Учеб./ Под ред. В. А. Слепова. - М.: Юристъ, 2002. - 480 с.

69.Игошин Н. В. Инвестиции. Организация управления и финансирование: Учебник для вузов/ М.: Финансы; ЮНИТИ, 2000. - 413 с

70.Ильенкова С.Д. Инновационный менеджмент. – М.: Банки и биржи, ЮНИТИ, 2004. – 312с.

71. Инвестиции в Казахстане: Материалы науч.-практической конф./ Под ред.Н.К.Мамырова. - Алматы: Экономика, 1997. - 162 с.

72. Инвестиционные фонды и развивающиеся рынки //КОРИНФ. - М., 2003. - № 48. - С. 7-9.

73.Инновации в Казахстане: Дует ли ветер во все паруса? // Международный деловой журнал KAZAKHSTAN.- 2008. - №2.

74.Инновационный менеджмент: Учебник / Под ред. проф. В.А. Швандара, проф. В.Я. Горфинкеля. – М.: Вузовский учебник, 2005. – 382 с.

75.Инновационный менеджмент: Учебник для вузов / С.Д. Ильенкова, Л.М. Гохберг, С.Ю. Ягудин и др.; Под. ред. проф. С.Д. Ильенковой. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – 343 с.

76.Исабеков Б.Н. «Индустриялық-инновациялық қызмет негізінде кәсіпкерлікті құру мен дамытудың проблемалары:э.ғ.д. дис... авторефераты, Түркістан, 2006.

77.Исаев К.Т. Көлік кәсіпорындарында инновациялық қызметті басқарудың ерекшеліктері және жетілдіру жолдары (Қызылорда облысының мәліметтері негізінде). Экономика және бизнес магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмыстың рефераты. Қызылорда, 2012, 20 б

78.Исахметов Т.И. «Инновационная деятельность в Республике Казахстан: состояние и перспективы»//ҚазҰУ хабаршысы-Экономика сериясы.№1(53).2006.

79.Казахстан: анализ торговой и инвестиционной политики: Хрестоматия работ проекта ТАСИС в Казахстане (EDKZ 9902) с коммент. группы местных консультантов/ Под науч. ред. С. Байзакова . - Астана; Алматы: Аркаим, 2002. - 480 с

80.Қазыбаев А.К. Формирование стратегии инновационного менеджмента в малом предпринимательстве: автореферат дис... к.э.н.,Астана 2006,С. 16-17.

81. Кайгородцев А. Инновационный климат в Республике Казахстан // Альпари. – 2002.- №2-3.

82.Кажмухаметова А.А. Теоретические аспекты анализа инвестиционных проектов // Банки Казахстана. - 2004. - №7. - С. 33-36.

83.Какимжанов З. Поддержка малого бизнеса – приоритетная сфера государственной политики //Малый и средний бизнес Казахстана, 2002, № 1, 22с.

84.Қалдыбаев О., Темирбаев А. Экономика предприятия. Учебное пособие. Алматы, Санат, 1997. -208 с.

85.Каленова С.А. Об инвестициях в Республике Казахстан. // Аль Пари №3-4 (47-48), 2006г.

86.Қалықұлов Қ.М. Әлеуметтік салаларды реттеудің қаржылық тетіктері. Шымкент, 2007. – 106 б.

87.Караваев В. П. Промышленные инвестиционные проекты: теория и практика инжиниринга/ М.: МИСИС, 2001. - 299 с

88.Каренов Р.С. Қазақстан экономикасы дамуының нарыққа көшу мәселелері. Қарағанды, ҚарМУ. 2004. -360 б.

89.Каренов Р.С. Экономическое прогнозирование. Учеб.пособие, Карағанды, Изд. КарГУ, 2003. -377 с.

90.Катков Д.Н.Формирование системы управления инновационными процессами в сельском хозяйстве (на материалах Московской области). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук. Москва, 2007, 23 с.

91.Кейнс Дж.М. Общая теория занятости, процента и денег Антология экономической классики. -М., 1992 .Т2. -485с

92.Кемел М. Стратегия және бәсекеге қабілеттілік // Егемен Қазақстан, 2008, №21 (24993), 18 қаңтар

93.Кириин А. В. Регулирование иностранных инвестиций в экономически развитых странах/ А. В. Кириин, Д. В. Бакатин, А. В. Хорошилова. - М.: Изд-во МГГУ, 2001. - 72 с

94. Kline S.J., Rosenberg N. An overview of innovation // The positive sum strategy: Harnessing technology for economic growth / edited by Landau R. & Rosenberg N. – Washington: National Academy Press, 1986.

95. Князева Е.Н. Природа инноваций и некоторые проблемы и инновационного управления / Управление: социально-философские проблемы методологии и практики. - СПб.: Изд-во "Книжный дом", 2005.

96. Ковалев Г.Д. Основы инновационного менеджмента. — М., 2005. – 348с.

97. Kodama F. Emerging patterns of innovation sources of Japan's technological edge. – Harvard Business School, 1995.

98. Кокурин Д.И. Инновационная деятельность. – М.: Экзамен, 2001. – 576 с.

99. Кондратьев Н.Д. Избранные сочинения. – М.: Экономика, 1993. – 526 с.

100. Котлер Ф. Маркетинг менеджмент. – СПб.: Питер Ком, 1998.

101. Кривошеин А. Инвестиционная программа как взаимосвязанная система подходов и приоритетов // Нарық ценных бумаг № 16 / 2004.

102. Кулагин А.С. Немного о термине «инновация» // Инновации, 2004. - №7. – С. 56-59.

103. Кулагин М.И. Избранные труды по акционерному и торговому праву // М.: Статут.-2004-. 363 с.

104. Кулбаева М.А. Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін жетілдірудің нарықтық механизмдері. Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Түркістан, 2009, 31 б.

105. Куликова Г.Е. Совершенствование управления инвестиционной деятельностью в регионе. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук. Москва, 2003 г.

106. Кучукова Н., «Стимулирование инвестиций и повышение конкурентоспособности казахстанской экономики», Қаржы-қаражат – Финансы Казахстана, 2004, №1

107. Қазақстан экономикасының инновациялық дамуының стратегиялық бағыттары: III Халықаралық экономикалық Конгрестің материалдары 17-18 наурыз/ Отв. ред.: А.Д. Дюсембаев. Ассоциация Экономистов Казахстана. - Қарағанды, 2006. - 339 с

108. Лапшина О.В. Курс лекций по дисциплине «Инновационный менеджмент». – М.: МГУИЭ, 2004. – 154с.

109. Леонтьев Б.Б. Цена интеллекта: Интеллектуальный капитал в российском бизнесе. - М.: Изд. Центр «Акционер», 2002. – 200 с.

110. Лишанский М.Л., Маслова И.Б. Финансы в сельском хозяйстве: Учеб. Пособие для вузов. – М.: Финансы, ЮНИТИ, 2002. – 430 с.

111. Макконел К., Брю С. Экономикс: принципы, проблемы и политика в двух томах. -Таллин, 1995. Т 1.-538с.

112. Максимова Т. Региональная инвестиционная политика: оценка

- потенциала и использование резервов. // Нарық ценных бумаг, N13, 1999.
113. Марголин А.М. Методы государственного регулирования процесса преодоления инвестиционного кризиса в реальном секторе. –М.; Дело, 1998.
114. Масленников И.Б. Институционализм инвестиционной привлекательности // ЭКО. - 2002. - № 8. - С. 30-37.
115. Массе П. Критерии и методы оптимального определения капиталовложений. М.: 1971, 505 с.
116. Мауленов К. Сравнительный анализ законодательства стран СНГ об иностранных инвестициях/ К. Мауленов // Правовая реформа в Казахстане. - 2002. - № 2. - С. 65-71.
117. Менеджмент: Учебник / Под ред. В.В. Томилова. – М.: Юрайт – Издат, 2003. – 591 с.
118. Минниханов Р.Н., Алексеев В.В., Файзрахманов Д.И. Сагдиев М.А. Инновационный менеджмент в АПК. – М.: Изд-во МСХА, 2003. – 432 с.
119. Морозов Ю.П., Гаврилов А.И., Городнов А.Г. Инновационный менеджмент: Учеб. пособие для вузов. – 2-е изд. перераб. и доп. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – 471 с.
120. Муртазина Л.Р. Инновационное предпринимательство как особый вид развития экономики страны // Молодежь и экономическая наука: Ст. и тез. докл. межвуз. науч. конф. молодых ученых и студентов. – Казань, 2004. – С. 22 – 24.
121. Мустафина Л.Е. Развитие инноваций как основа конкурентоспособности национальной экономики Казахстана в условиях глобализации // Транзитная экономика. – 2010. - №3.
122. Мухаметдинова. Н. Инвестиционная политика: диалектика федерального и регионального уровней // Российский экономический журнал № 1 / 2004 г.
123. Мырзалиев Б.С. Формирование рыночного механизма и организация финансово-кредитных отношений в сельском хозяйстве. Монография. Алматы «Ғылым», 2002, 132 с.
124. Мырзалиев Б.С. Рыночные механизмы функционирования и активизации привлечения инвестиции в реальной экономике. Монография. Туркестан, 2004, 165 с.
125. Мырзалиев Б.С. Аграрная реформа и механизм финансовой стабилизации сельскохозяйственных предприятий. Монография. Изд-во МКТУ им.Х.А.Ясави, Туркестан, 2005, 129 с. (8,7 печ.л.).
126. Мырзалиев Б.С. Проблемы повышения эффективности использования трудовых ресурсов. Монография. Шымкент, 2005, 146 с. (9,25 печ.л.).
127. Мырзалиев Б.С., Сатыбалдин А.А. Государственное регулирование сельского хозяйства: проблемы и приоритеты. Монография. Туркестан, “Тұран”, 2007, 608 с.
128. Мырзалиев Б.С. Государственное регулирование экономики. Учебник. Алматы, «Нұр-Пресс», 2007, 522 с.

129. Мырзалиев Б.С., Ранов Ж.Б. Формирование и совершенствование механизма государственного регулирования инвестиционной деятельности в сельском хозяйстве. Монография. Шымкент, 2009, 144 с.
130. Мырзалиев Б.С., Абдушукуров Р.С. Управление инвестиционными процессами в строительстве. Монография. Шымкент, 2009, 160 с. (9,8 п.л.).
131. Мырзалиев Б.С., Отаров Ә.К. Нарық жағдайында жоспарлау және болжамдау механизмдерін жетілдіру. Оқу құралы. Алматы, 2009, 140 бет.
132. Мырзалиев Б.С., Отаров Ә.К., Таласов М.Ж., Алибекова Ж.Д. Экономиканы мемлекеттік реттеу. Оқу құралы. Алматы, 2010, 140 бет.
133. Мырзалиев Б.С., Юнусов М.Б., Отаров Ә.К., Құрманбаев С.Қ. Экономикалық теория негіздері. Оқу құралы. Шымкент, 2012, 150 бет.
134. Мырзалиев Б.С., Мантаев Ж.Ж. Еңбек ресурстарын басқару. Алматы, 2012, 204 б.
135. Мырзалиев Б.С., Баймұратов С.Ж. Кәсіпорынның инвестициялық қызметі. Оқу құралы.-Алматы, 2013,-194 б.
136. Мырзалиев Б.С., Шеденов Ө.Қ., Дандаева Б.М., Ерманкулова Р.И. Мемлекеттік қаржылық басқару. Оқу құралы. Түркістан, «Тұран», 2013, 320 бет.
137. Мырзалиев Б.С. Социально-экономическое развитие малых и монопрофильных городов. Монография.- Алматы, 2013.- 235 с.
138. Мырзалиев Б.С., Шеденов У.К. Государственное регулирование национальной экономики. Учебник. Изд.второе, дополненное и переработанное. Шымкент, Издательство «Әлем», 2013, 512 с.
139. Мырзалиев Б.С., Анетова Б.А. Қазақстанда жер нарығын қалыптастыру және оны дамытуды басқару. Монография.-Алматы, 2013.-164 б.
140. Мырзалиев Б.С., Ыдырыс С.С., Мейрбеков А.Т., Турысбекова Г.К. Кластеры как новая форма конкурентных отношений в современной экономике. Монография. -Алматы, 2013.- 272 с.
141. Мырзалиев Б.С., Құралбаев А.А. Қазақстан экономикасының индустриалдық-инновациялық дамуында инвестицияның әлеуетін бағалау. Оқу құралы. Алматы, 2014.-236 бет.
142. Мырзалиев Б.С. Кәсіпорынның инновациялық қызметі. Оқу құралы. Алматы, 2014.-332 бет.
143. Мырзалиев Б.С., Шеденов Ө.Қ., Жүнісов Б.А., Тұрғанбаев М.Ә. Экономиканы мемлекеттік реттеу. Оқулық. Алматы. «NURHRESS», 2014.-272 бет.
144. Мырзалиев Б.С., Дандаева Б.М. Қазақстанда шағын және орта бизнесті басқару жүйесін жетілдіру. Монография. Түркістан, 2015.-123 б.
145. Мырзалиев Б.С., Дандаева Б.М. Экономиканы мемлекеттік реттеу. Оқулық. Түркістан, 2015.-185 бет.
146. Мырзалиев Б.С., Умбиталиев А.Д. Государственное регулирование национальной экономики. Учебник, 3-изд., доп., перераб., 1 том.-Алматы: Изд-во «Нұрлы Бейне», 2016.-308 с..

147. Мырзалиев Б.С., Умбиталиев А.Д. Государственное регулирование национальной экономики. Учебник, 3-изд., доп., перераб., 2 том. - Алматы: Изд-во «Нұрлы Бейне», 2016. - 308 с.
148. Мырзалиев Б.С., Кемел М., Әбіл Е., Шамшиева Н. Экономиканы мемлекеттік реттеу. Оқулық. Астана, 2016. - 440 бет.
149. Мырзалиев Б.С., Утаров К.А. Мемлекеттің қаржы саясатын тиімді жүргізуді ұйымдастыру. Оқу құралы. - Алматы, 2016. - 208 бет.
150. Мырзалиев Б.С., Сидоров В.А., Ядгаров Я.С. Феномен рыночного хозяйства: эволюция концептуальных императивов и приоритетов. - Алматы: Изд-во «Нұрлы бейне», 2016, 468 с.
151. Мырзалиев Б.С., Сидоров В.А., Ядгаров Я.С. Феномен рыночного хозяйства: от истоков до наших дней. Монография. Раздел 18.2-Проблемы и перспективы развития кластеров в агропромышленном комплексе Казахстана. - Москва-Краснодар, 2016. - 497 с.
152. Мырзалиев Б.С., Феномен рыночного хозяйства: эволюция концептуальных императивов и приоритетов. - Алматы: Изд-во «Нұрлы бейне», 2016, 468 с.
153. Мырзалиев Б.С., Сидоров В.А., Ядгаров Я.С. Феномен рыночного хозяйства: векторы и тренды эволюции аграрной сферы в странах постсоветского пространства. Монография. - Астана, 2018. - 308 с.
154. Мырзалиев Б.С., Феномен рыночного хозяйства: проблема трансформации. Историко-экономический анализ бизнеса инноваций: монография / под ред. д-ра экон. наук, профессора Сидорова В.А., д-ра экон. наук, профессора Ядгарова Я.С., канд. экон. наук, доцента Чапли В.В.; Академия гуманитарных наук. – Майкоп, Издательство ЭЛИТ – 2018. – 554 с.
155. Мырзалиев Б.С., Аманиязова Г.Д., Омарова А.И. Формирование и перспективы развития инновационных кластеров в Казахстане. Монография. - Алматы, 2018. - 264 с.
156. Мырзалиев Б.С., Тайжанов Л.Т. Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық даму тұрақтылығы стратегиясын қамтамасыз ету тетіктері. Монография. - Алматы, 2018. - 228 бет.
157. Мырзалиев Б.С., Азретбергенова Г.Ж. Шағын және бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы. Монография. - Алматы, 2019, 204 бет.
158. Мярин А.Н. Особенности развития инновационной инфраструктуры промышленного комплекса Республики Саха (Якутия). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук Якутск 2006, 25 с.
159. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. Алматы 1998.
160. Непомнящий Е. Г. Инвестиционное проектирование: учебное пособие / Е. Г. Непомнящий. - Таганрог: Изд-во ТРТУ, 2003. - 262 с
161. Никитина Е. А. Проблемы государственного регулирования инвестиционной деятельности / Е. А. Никитина, А. П. Домнина // Финансы. - М.,

2004. - № 9. - С. 19-21.

162. Нурлихина Г.Б. Региональная экономика под призмой национальной безопасности //Саясат-Policy. -2011.- №3.

163. Основы инновационного менеджмента. Теория и практика: Учебник / Л.С. Барютин и др.; под ред. А.К. Казанцева, Л.Э. Миндели. 2-е изд. перераб. и доп. – М.: ЗАО «Изд-во «Экономика», 2004. – 518 с.

164. Пантелеев А.А. Финансово-экономические аспекты управления инноваций. - М., 2004. – 288 с.

165. Победаш Д. И. Политический реализм Георга Шварценбергера // Учебное пособие.-Екатеринбург.-Издательство Уральского университета, 2010, 112 с. <http://scipeople.com/publication/66372/>

166. Портер М. Международная конкуренция, 1993 г.

167. Приходько Н. Инвестиции: весна надежды нашей // Экономика и жизнь № 11 / 2004 г.

168. Райзберг Б. А. Государственное управление экономическими и социальными процессами: Учеб. пособие для студ. экон. вузов / Б.А. Райзберг. - М. : ИНФРА-М, 2010. - 384 с. - (Высшее образование).

169. Ревинский И. А. Инвестиционный бизнес: мировой опыт: Учебное пособие/ И. А. Ревинский. - Новосибирск: Изд-во Новосибирского ун-та, 2000. - 437 с.

170. Регулирование инвестиционной деятельности в Республики Казахстан / ANALITICS // Внешнеэкономическая деятельность. - 2003. - № 15. - С. 9-11.

171. Ресурсы инновации / под ред. И.П. Николаева. М., 2003, С. 56.

172. Ротбард М. Власть и рынок: государство и экономика. (Австрийская школа ; вып. 22) / Челябинск : Социум, 2010. - 418 с. -

173. Rothwell R. Towards the fifth-generation innovation process // International Marketing Review. – 1994. – Vol.11. – No.1. – p.7-31.

174. Санто Б. Инновация как средство экономического развития / Пер. с венгер. – М.: Прогресс, 1990. – 376 с.

175. Сабден О.С., Акбердин Р.З., Васильева Е.С. Рыночная экономика // Алматы: НИЦ «Ғылым», 2002. - 752 с.

176. Сапарбаев Б. Обзор макроэкономической ситуации в Казахстане и перспективы дальнейшего развития экономики страны // Рынок ценных бумаг Казахстана. - 2007. - № 4. - С. 23-26.

177. Саурукова А.К. Теоретические основы формирования национальной инновационной системы // Транзитная экономика. – 2010. - №3.

178. Сейткадиева А. М., «Инвестиционная деятельность предприятия», Алматы – 2006.

179. Сембеков Е., «Об отдельных вопросах совершенствования инвестиционного проектирования в Казахстане», Қаржы-қаражат – Финансы Казахстана, 2004, №2

180. Ситенко Д.А. Проблемы инновационной инфраструктуры Казахстана: институты и механизмы взаимодействия // Альпари. -2010.- №3.

- 181.Сман Б. У. Правовые аспекты деятельности Совета иностранных инвесторов в Казахстане // Экономика и право Казахстана. - 2007. - № 1. - С. 47-50.
- 182.Старик Д. Э. Оценка эффективности инвестиционных проектов // Финансы. - М., 2006. - № 10. - С. 70-72.
- 183.Степаненко Д.М. Классификация инноваций и ее стандартизация // Инновации, 2004. - №7. – С. 77-79.
- 184.Сулейменов Е.З., Васильева Н.В. «Инновационная деятельность в РК»:аналитический обзор.- НЦ НТИ РК-Алматы 2006, С 7-53.
- 185.ТагинцевН.Ф.Формирование инновационного механизма развития аграрной сферы регионального АПК. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук Орел. – 2007,23 с.
186. Теплухин А. Инвестиционные перспективы республики в развитии мировой экономики// Нарық Ценных бумаг Казахстана. - Алматы, 2007. - № 2. - С. 30-32.
- 187.Твисс Б. Управление научно-техническими нововведениями. – М.: Экономика, 1989.
- 188.Ткачева С.В., Науменко Е.О. Модели управления инновационным процессом:эволюционный подход // Новая экономика и российские реалии: межвуз. сб. науч.тр. / Перм. гос. ун-т. – Пермь, 2005. – с.106-115.
- 189.Тумасянц С. Заимствования и инвестиции – единая система // Нарык ценных бумаг № 16 / 2004.
- 190.Тургулова А. Методы стоимостной оценки эффективности инвестиционных проектов // Финансы Казахстана. - 2005. - № 3. - С. 8-17.
- 191.Тургулова А.К., «Проблемы и перспективы обеспечения финансовыми ресурсами предприятий реального сектора экономики», Банки Казахстана, 2005, №3
- 192.Унтура Г.А., Канева М.А. Инвестиции в инновации. – Новосибирск, 2004. – 64 с.
193. Управление инвестиционной активностью/ Ю. П. Анискин, А. Ю. Бударов, А. Н. Попов, В. В. Привалов; Под ред. Ю. П. Анискина. - М.: ИКФ "Омега-Л", 2002. - 272 с
- 194.Уткин Э.А., Морозова Н.И., Морозова Г.И. Инновационный менеджмент. – М.: АКАЛИС, 1996. – 208 с.
- 195.Ушачев И.Г. Проблемы формирования систем управления инновационной деятельностью в АПК // Материалы международной научно-практической конференции «Инновационная деятельность в АПК: опыт и проблемы». – М., 2005. – С. 3-8.
- 196.Үмбеталиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік. –Алматы, 2006
- 197.Фатхутдинов Р.А. Инновационный менеджмент: Учебник для вузов. 5-е изд. – СПб.: Питер, 2005. – 448 с.

198. Хабазина, Л.Н. Роль инноваций в обеспечении конкурентоспособности предприятия // Сборник научных статей докторантов, аспирантов и соискателей. – М., 2007. – С. 471-474.
199. Хамитов А. Ж. Вопросы юридической техники в инвестиционном законодательстве Республики Казахстан // Экономика и право Казахстана. - 2007. - № 7. - С. 53-55.
200. Хуснутдинова М. О законодательном урегулировании защиты прав инвесторов / М. Хуснутдинова, И. Аль-Кейси // Нарық ценных бумаг Казахстана. - 2005. - № 8. - С. 22-25.
201. Чайковская Н.В. Дисциплина инновационного рынка: формирование и эффективность. – М. Луч, 2001. – 241 с.
202. Шарп У., Александер Г., Бэйли Дж. Инвестиции: пер с англ. ИНФРА-М, 1999. - 1028 с.
203. Шатерникова А. Несмотря на создание ряда механизмов по формированию инновационной инфраструктуры, Казахстану предстоит сложная работа по развитию венчурного бизнеса, коммерциализации производства и реабилитации науки // Панорама. - 2007. - 27 апр., № 15. - С. 14.
204. Шахназаров А. Ройзман И. Инвестиционная привлекательность регионов. // Инвестиции в России, №9, 1996.
205. Шевцова В. Н. Оценка и прогнозирование инвестиционной привлекательности отрасли // Пищевая промышленность. - М., 2005. - № 5. - С. 74-75.
206. Шилов А. Инновационная экономика: наука, государство, бизнес // М.: 2007.
207. Шпрыгин В. Без инвестиций нет обновления. Экономика и жизнь № 11, 2003.
208. Шумилов В.М. Международное публичное экономическое право // Учебное пособие. Издание 2-е, исправленное и дополненное. - М.: Издательство «НИМП», 2001.
209. Шумпетер Й. Теория экономического развития. – М.: Прогресс, 1982. – 454 с.
210. Эклунд Клас. Эффективная экономика: Шведская модель: Экономика для начинающих и не только для них: Пер.с швед./М.: Экономика, 1991. - 349 с.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	6
1.1 Инновацияның экономикалық мәні, түрлері, инфрақұрылымы.....	6
1.2 Инновациялық инфрақұрылымның экономикалық маңызы.....	19
1.3 Қазақстан Республикасында инновациялық қызметті дамыту ерекшеліктері.....	38
1.4 Инновациялық экономика – Қазақстан дамуының стратегиялық бағыты.....	47
2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	57
2.1 Қазақстан Республикасында инновациялық үрдістердің даму тенденциясы.....	57
2.2 Инновациялық экономиканың ғылыми–технологиялық әлеуеті.....	63
2.3 Қазақстан экономикасының нақты секторына инвестицияны тарту механизмі мен мемлекеттік реттеу.....	80
3. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКА ҚЫЗМЕТІНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ.....	90
3.1 Қазақстан Республикасына шетел инвестицияларын тартудың мәні.....	90
3.2 Шетел капиталын тарту – ұлттық экономикадағы инвестициялық нарықты қалыптастырудың негізгі көзі.....	109
3.3 Экономиканы модернизациялауға тікелей шетелдік инвестицияларды пайдалану.....	119
3.4 Қазақстан Республикасының индустриалды–инновациялық дамуы: экономикалық өсу мәселелері мен шетел инвестициясын тарту.....	128
4. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ ДАМУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	136
4.1 Инновациялық қызметтің шетелдік озық тәжірибелері.....	136
4.2 Қазақстандағы инновациялық белсенділікті арттыру жолдары.....	143
5. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ.....	150
5.1. Инновациялық қызметті қаржыландыруды қамтамасыз етудің әдістемелік негіздері.....	150
5.2. Отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметіне қарыз қаражатын тарту.....	160
5.3 Инновациялық қызметті жетілдіруде қаржы нарығын дамыту және бәсекелестікті қорғау.....	167

6 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	177
6.1 Қазақстанда ұлттық инновациялық инфрақұрылымды дамытудың негізгі бағыттары.....	177
6.2 Инновациялық кәсіпорынның кластерлік экономикада бәсекелестікті жоғарылату стратегиясы.....	201
6.3 Кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін дамыту және жетілдірудің негізгі бағыттары.....	215
6.4 Қазақстандағы ұлттық инновациялық жүйенің қызметіндегі даму институттарының іс-әрекеті.....	246
ҚОРЫТЫНДЫ.....	251
ГЛОССАРИЙ.....	254
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	268

Авторлар туралы мәліметтер

1. **Мырзалиев Б.С.** –экономика ғылымдарының докторы, профессор
Халықаралық Қазақ - Түрік университеті
2. **Дюсегалиев М.Ж.** – ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы,
қауымдастырылған профессор
3. **Дюсегалиева Б.М.** –экономика ғылымдарының магистрі,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті